

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Д.Т.Кенжетаев
Ә.Ә.Сайлыбаев
Ө.О.Тұяқбаев

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Негізгі орта білім беру деңгейінің
9-сыныбына арналған оқулық

9
СЫНЫП



УДК 373. 167.1
ББК 94(574)
К 30

К 30 Кенжетаев Д.Т. ж.б.
Зайырлылық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық. Д.Т.Кенжетаев, Ә.Ә.Сайлыбаев, Ө.О.Тұяқбаев. – Астана: «Arman-PV baspasy», 2023. – 240 бет.

ISBN 978-601-201-094-7

Оқулыққа зайырлылық, дін, діннің мәні, тарихы, дін мен мемлекет қатынасы, дін құбылысының адам және қоғам өмірінде алатын орны туралы ғылыми танымдық мағлұматтар енді. Сонымен қатар Қазақстандағы діни ахуал талаптарына сай отандық діни тәжірибе мен тарихына қатысты материалдар да барынша толық қамтылған. Сондай-ақ оқулықта дін саласы бойынша оқушылар білуге тиісті қарапайым түсініктер, ұғымдар мен анықтамалар берілген.

УДК 373. 167.1
ББК 94(574)

ISBN 978-601-201-094-7

© Кенжетаев Д.Т.,
Сайлыбаев Ә.Ә.,
Тұяқбаев Ө.О., 2023
© «Arman-PV baspasy», 2023

Авторлар тарапынан ұсынылған ақпаратқа баспа жауап бермейді.
Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Шартты белгілер

	Дінтану әліппесінен	Діни терминдердің түсініктемесі.
	Аңыз-шежіре	Тақырыпқа байланысты таралған аңыздар.
	Аудиоматериалдар	Смартфондағы «Play Market» (OC Android базасында) немесе «Apple App Store» (OC iOS базасында) дүкенінен «Сканер QR» қосымшасын тегін жүктеп алу керек. Оқулықтағы QR-код арқылы берілген тапсырмаларды орындау үшін жүктелген қосымшаны ашып, QR-кодқа бағыттау керек. <i>Ескерту:</i> кейбір смартфондардың камералары еш қосымшасыз бірден QR-кодты аша алады.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру тапсырмалары



Білу



Талдау



Түсіну



Жинақтау



Қолдану



Бағалау

МАЗМҰНЫ

§1. Кіріспе. «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мәні	6
I ТАРАУ. ДІН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ. ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ	9
§2. Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні, сипаты. Зайырлы мемлекет және дін.....	10
§3. Зайырлы этика негіздері. Білім жүйесіндегі зайырлылық қағидаттар	15
II ТАРАУ. ДІН – РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ФЕНОМЕНІ	19
§4. Діннің қалыптасуы мен мәні, әлеуметтік маңызы мен жіктелуі. Діннің құрылымы және функциялары.....	20
§5. Дінтану ғылымының қалыптасуы мен дамуы. Негізгі діни ұғымдар. Политеизм. Монотеизм. Дін – рухани мәдениет феномені	25
III ТАРАУ. ДІННІҢ БАСТАУЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ТҮРЛЕРІ	29
§6. Көне наным-сенім жүйелері, ұлттық және дәстүрлі діндер. Ежелгі Мысыр, Грекия, Рим діни түсініктері	30
§7. Шығыс елдерінің діни дүниетаным жүйелері. Зәрдүштік діни ілім жүйесі	41
§8. Тәңірлік дүниетаным	53
§9. «Кітап түсірілген» ежелгі діни қауымдар тарихы. Мұса пайғамбар және Тәурат, Забур.....	57
IV ТАРАУ. ӘЛЕМДІК ДІНДЕР	65
§10. Буддизм діни ілімнің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу аймақтары. Буддизмнің аясындағы діни ағым тармақтары	66
§11. Христиан діни ілімі негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері	72
§12. Иса мәсіх және Інжіл	75
§13. Христиан дінінің негізгі бағыттары. Қазіргі заманғы христиан діни	79
§14. Ислам діни ілімнің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері	88
§15. Мұхаммед пайғамбар және Құран Кәрім.....	95
§16. Ислам діни аясындағы қалыптасқан діни бағыттар мен ағымдар. Мұсылман құқығының негізгі мектептері (мазхабтар). Ханафи құқықтық мектебінің ерекшеліктері мен маңызы	100
§17. Матуриди мектебінің ерекшеліктері мен тарихи рөлі. Сопылық танымдық мектебі.....	104
§18. Ислам, ғылым және мәдениет	109
V ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ДІНДЕР	115
§19. Қазақстан аумағындағы ислам. Қарлұқ-Қарахан мемлекетіндегі исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуы. Қожа Ахмет Иасауидің хикметі	116

§20. Алтын Ордадағы исламның тарихы. Қазақ хандығы тұсындағы исламның рөлі.....	123
§21. Қазақ жырауларының мұрасындағы исламдық діни таным. Қазақ хандығы тұсындағы зайырлылық бастаулары	130
§22. XX ғасырдағы Қазақстандағы атеизм саясаты.....	134
§23. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы ислам діні. Ханафи құқықтық нормаларының Қазақстанда таралуы.....	139
§24. Қазақ жеріне христиан дін өкілдерінің келуі. Қазақстан Республикасы аумағындағы православиелік діни ұйымдар қызметі.....	143
§25. Қазақстан Республикасы аумағындағы католиктік және протестанттық діни ұйымдар қызметі	154
§26. Ислам мәдениеті. Ислам мәдениетінің жазба ескерткіштері. Исламдық сәулет өнері.....	158
§27. Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, А. Иүгінеки, Х. Сығнақи діни мұралары.....	170
§28. Бұқар жырау, Бекет ата, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Бекасыл Биболатұлы, Ғұмар Қараштың діни мұралары	177
VI ТАРАУ. ЖАЛҒАН ДІНИ ҰЙЫМДАР МЕН АҒЫМДАР	187
§29. Жалған діни ұйымдар мен ағымдар туралы түсінік. Дін атын жамылған теріс пиғылды ағымдар, олардың белгілері және зардабы.....	188
§30. Тыйым салынған діни ұйымдар	193
§31. Терроршылық – дінге жат ұғым. Діни экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке қатері.....	198
VII ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН – УНИТАРЛЫ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ	203
§32. Қазақ халқы – діни тұтастығын сақтаған ұлт. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы.....	204
§33. Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің негізі, ұлттық қауіпсіздіктің кепілі. Діни сенім еркіндігі туралы түсінік	210
§34. Қазақ халқы – Қазақстандағы діни және этникалық тұрақтылықтың кепілі. Тұңғыш Президент Н.А. Назарбаевтың халықаралық қауымдастықта жүргізген саясаты	215
§35. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тұжырымдамасы.....	219
§36. Қазақ Елінің тұрақтылығы, ынтымақтастығы және дін мәселесіндегі сабақтастық ұстанымы.....	224
Курсты қорытындылау	230
Терминдердің қысқаша сөздігі	232
Пайдаланылған әдебиеттер.....	236

§1. Кіріспе. «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мәні

Қымбатты оқушылар! Сендер «Зайырлылық және дінтану негіздері» оқулығын қолдарыңа алып отырсыңдар. Бұл қандай оқулық?

Өздерің күнделікті өмірлеріңде адамдардың діни сенімдеріне байланысты атқарылатын әртүрлі рәсімдер мен салт-дәстүрлерге куә болып жүрсіңдер. Бірақ әлемдегі діни сенімдер түрліше, олардың пайда болу жолдары да алуан түрлі. Қазіргі кезде қоғамда дін атын жамылған ұйымдар көбейіп бара жатқандықтан, діннің не екенін білгендерің жөн.

Діннің пайда болу тарихы біздің заманымыздан бұрын басталған. Барлық діндер дерлік адамзаттың игілігіне, адамгершілік қағидаттарына бағытталған. Жалпы дін – сүйіспеншілік пен ізгілік, түрлі адами құндылықтар, жақсы адам болу үшін өзін қалай ұстау керектігі туралы ілім. Басқа діни сенімдегі жандарға құрметпен қарау – қазіргі зайырлы қоғам талабы. Бұл талап зайырлылық ұстанымына өкеледі.

Зайырлылық және дінтану негіздері пәні

Қазақстан – демократиялық, құқықтық және зайырлы ел. Міне, Қазақстан Республикасы демократиялық ел болғандықтан, *діни сенім бостандығы адам құқығы ретінде мойындалып отыр*. Сондықтан Қазақстанның әр азаматы өзі қалаған дінді таңдай алады.

Бүгінгі жасөспірім, ертеңгі азамат, сендер дін туралы білім алуға, тануға құқылысыңдар. Еліміздің тарихы мен мәдениетін және діни таным негіздерін саралап, өзіндік пікір қалыптастыра алғанда, басқа адамдардың діни ұстанымдарын сыйлап, еліңнің заңнамасын құрметтеп, орындағанда ғана Отанын сүйетін, ұлтжанды, қоғамға пайдалы азамат бола аласыңдар. Өздеріңе ұсынылып отырған оқулықтың да көздеген ізгі мақсаты – туған еліміз туралы білімдеріңді одан әрі дамыту және діни танымдарыңды кеңейту негізінде төзімділік мәдениетіне жол сілтеу.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мәні және маңызы оның қазіргі қоғам қажеттілігі мен тұрақтылығының ғылыми тұғырнамасы ретіндегі өзектілігінен, қоғам тарихы, мәдениеті мен рухани құндылығын анықтайтын бастаулардан тұрады. «Зайырлылық және дінтану негіздері» – жалпы орта білім жүйесіндегі әлеуметтік-гуманитарлық және қоғамтанулық білім алудың құрамдас бөлігі.

Қазіргі кездегі дүниежүзінде болып жатқан оқиғалар бір оқулықтың көлеміне сыймайды. Сол себепті пәндегі тақырыптарды тереңірек білу үшін оқулықпен қатар, ресми БАҚ материалдарын қадағалап, ондағы

болып жатқан жаңалықтар мен құбылыстарды мұғалімдеріңмен бірге талқылап, талдап, сараптап отырсаңдар, зайырлы, демократиялы Қазақстанның белсенді азаматы болып қалыптасасыңдар.

Біздің мемлекетіміздің зайырлылық сипаты – оның негізгі ерекше белгілерінің бірі. Сондықтан осы оқулықта зайырлылық ұғымына толықтай түсінік беріледі.

Зайырлылық ұстанымы – әрбір адамның ар-ұжданы, моральдық болмысының еркіндігіне мүмкіндік беретін, мемлекет азаматтарының арасындағы қарым-қатынасты тек құқықтық негізде шешуді қамтамасыз ететін мемлекеттік басқару жүйесінің ең басты тетігі. Алайда зайырлылық дегеніміз – дінсіздік емес, олай болса, дін дегеніміз не? Осы екі ұғым оқулықта барынша жан-жақты қарастырылады.

Оқулықтағы «Дінтану әліпшесі» деп аталатын айдарда діни терминдер мен ұғымдарға түсінік берілді, ал «Аңыз-шежіре» айдарында тарихта болған елеулі оқиғаларға байланысты айтылып жүрген қызықты аңыздардың кейбірін ұсынып отырмыз. Сондай-ақ оқулықтың соңында діни терминдердің қысқаша сөздігі берілген. Мұнда оқулықта кездесетін, сондай-ақ ұсынылған әдебиеттерде кездесуі мүмкін деген терминдер ұсынылды. Осы оқулықтан алған мәліметтерің сендердің рухани білімдеріңді байытып, діни танымдық түсініктеріңді дұрыс қалыптастыруға септігін тигізетін болады.

Әрбір параграфтан кейін «Білу», «Түсіну», «Қолдану», «Талдау», «Жинақтау», «Бағалау» тапсырмалар тобын жеке, жұппен және топпен орындау барысында жаңа тақырыпты жеңілдірек меңгересіңдер.

«Білу» қадамының тапсырмалары «Кім?», «Не?», «Қашан?», «Қайда?», «Қалай» және т.с.с. басқа да ақпаратты іріктеуге арналған сұрақтар арқылы қарастырылған.

«Түсіну» қадамының тапсырмалар шартында жоғарыда іріктелген ақпараттың себеп-салдарын анықтауға бағытталған «Неге?», «Не үшін?», «Оның себебі неде?», «Түсіндір, дәлелде» дегендей сұрақтар мен сөз тіркестері қамтылған.

«Талдауда» – «Тақырыптың басты идеясы неде?», «Салыстырылатын ұғымдардың ұқсастығы мен ерекшеліктері қандай?», «Ұғымдарды «Венн диаграммасы» арқылы талдап көрсет»;

«Жинақтауда» – «Қорытынды шығар», «Анықтама бер», «Жүйеле», «Кестені толтыр», «Менталды кластерді толтыр», «Тірек-сызба құр» және т.б. сол сияқты тапсырмалар;

«Бағалау» тапсырмалары алған білім мен біліктіліктеріңді күнделікті өмірдегі проблемалық жағдайларда шешуге арналған. Олар: «Не білдім?», «Нені үйрендім?», «Сабақта алған білім мен дағдыларды өмірдегі қандай жағдайларда қолдануға болады?».

Әрбір тақырыптағы сұрақтарға жауап іздей отырып, дінтанушылық білімдерің артып, азаматтық көзқарастарың қалыптасады. Нәтижесінде,

тапсырмаларды біртіндеп орындау барысында сендер зерттеушілік жұмыс жүргізіп, тақырыпты толық меңгеретін боласындар.

Расынды, дін – сүйіспеншілік пен ізгілік, түрлі адами құндылықтар, жақсы адам болу үшін өзін қалай ұстау керектігі туралы ілім. Алайда кез келген дінге фанат болып, соқыр сеніммен қарап, табыну дұрыс емес. Өйткені қазіргі кезде дінді желеу етіп, көздеген теріс мақсаттарын орындауға ұмтылатындар баршылық. Олар көп жағдайда өзінің де, өзгелердің де өмірлеріне қауіп туғызады. Осы пән сендердің дінтанушылық қабілеттеріңді дамытады. Барлық жайтқа сыни тұрғыдан қарап, алған білімдеріңмен салыстырғандарың, яғни діни сауатты болғандарың абзал. Біреуге қиянат жасайтын немесе мәжбүрлейтін ұйымнан не адамнан аулақ болғандарың жөн.

Пәнді оқу барысында негізгі діни ұғымдарды, зайырлылық пен дін арақатынасын, діндер тарихы мен сенім ерекшеліктерін, жалған діни ағымдардың белгілерін, экстремизм мен терроризмнің қауіп-қатерін, қазақ халқының сан ғасырлық мұсылмандық таным-түсінігін, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын, Республикадағы діни ұйымдар, мемлекет және мәдениет арасындағы өзара қатынасын толық меңгересіңдер.

Осы сабақты «Құқық негіздері» пәнімен (елімізде азаматтардың Конституциялық құқықтары туралы заңнамалық мәліметтерді, дінге байланысты зайырлы мемлекетіміздің ұстанған саясатының мәні мен мақсатының құқықтық негізін зерттеу), «Дүниежүзі тарихымен» (діннің пайда болу, даму және таралу барысының тарихи деректері), «Қазақстан тарихымен» (қазақ халқының діні мен дәстүрі, мұсылман дінінің мәдениеттің дамуына әсері туралы білім беру, қазақтардың дәстүрлі құқығы, Қазақстанға христиандық, ислам, иудейлік және т.б. діндердің келу тарихы), «Қазақ әдебиетімен» (діни әдебиет үлгілері мен көркем әдебиет туындыларын, дін ғұламаларының әдеби шығармаларын қосымша дерек көзі ретінде қолдану), «Абайтану» курсымен, «Этносаралық қатынастардың қалыптасу тарихы» курсымен (Қазақстанның көпэтносты және көпконфессиялы қоғам ретінде қалыптасу тарихы) байланыста оқып отырсаңдар, алған білімдерің берік әрі терең болады.

Авторлар ұжымы сендерге білім жолында тек сәттілік тілейді!

I ТАРАУ

ДІН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ. ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ

Досым, сен осы тарауда:

- зайырлылық және зайырлы мемлекет ұғымын, мәнін, сипатын білесің;
- зайырлы мемлекет және діннің не екенін түсінесің;
- зайырлылық ұстанымды мемлекеттіліктің негізі ретінде танысың;
- ұлт тәуелсіздігінің құндылығын түсіндіру бағытындағы біліміңді қалыптастырасың;
- зайырлы этика негіздерін талдайсың;
- білім жүйесіндегі зайырлылық қағидаттарын жүйелеп, зайырлылық пен дін арақатынасын ажыратып, тарау бойынша алған біліміңді қорытындылайсың.

§2. Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні, сипаты. Зайырлы мемлекет және дін

Зайырлылық дегеніміз не?

Зайырлылық және зайырлы мемлекет: ұғымы, мәні, сипаты. Ең алдымен «зайырлылық» сөзі қандай мағынаны білдіреді? Бұл терминнің басқа тілдегі мағыналарына көз жүгіртер болсақ, «зайырлы» (светский) ұғымы орыс түсіндірме сөздігінде «шіркеуге тән емес», яғни «азаматтық» немесе «тәрбиелі» деген мағыналарды қамтиды. *Зайырлылық* ұғымы «лаицизм» – грек тіліндегі «лаикос» – *халықтық, бұқаралық* деген мағынаны білдірсе, француз тілінде «лаисите» – *діни емес*, яғни «лаику» – *зайырлы* дегенді білдіреді.

Қазақстанның қазіргі саясаты елімізде ұлт, этникалық топтар мен мәдениет арасындағы өзара сыйластық құру, өзара татулықты орнату, рухани, адамгершілік құндылықтарға негізделген қоғамдық жүйе құруға бағытталған. Екінші ұстаз – әл-Фараби «Қайырымды ел көзқарастарының төркіні», «Азаматтық қоғам» және «Дін кітабы» деп аталатын еңбектерінде мемлекеттік институттың діни емес негізде басқарылуын құптаған. Қазіргі қазақ тіліндегі «зайырлылық» ұғымы – «дінсіздік» немесе «дінді жоққа шығару» емес, керісінше, адамның ар-ұждан бостандығын, діни сенім еркіндігіне кепілдік ету деген түсінікті қамтиды.

Тілдік қорымыздағы «зайырлы», «зайырлылық» сөзі – «заһир», «анық», «ашық» деген мағыналарды білдіретін араб тілінен енген сөз. Бұл сөзді алғаш рет өткен ғасырда Алаш қайраткерлері «Алаш мемлекетін» құруда өз заңнамаларында қолданған.

Олар бұл сөзді:

- 1) ашық, нақтылық;
- 2) адами, адамдық, өркениеттік;
- 3) азаматтық деген мағыналарда қабылдады.

Қазақстан Республикасы егемендігін жариялай сала, сол «зайырлылық» терминін қолданып, демократиялық, құқықтық, зайырлы ел сипаты ретінде Ата Заңмен бекітіп берді. Сонымен, зайырлылық ұғымы «ар-ұждан бостандығы» және «төзімділік» сынды ұғым және түсініктермен тығыз байланысты. Зайырлылық ұғымы мемлекеттің дінге деген қатынасының демократиялық сипатта екендігін танытады.

Енді бұл қандай ұстаным екендігіне тоқталайық. «Зайырлылық» ұстанымы – қоғамның кез келген мүшесіне, оның діні, тегі, нәсіліне

қарамайтын, әр адамның қандай да бір дінге сену, сенбеу мәселесіне бейтарап қарайтын ұстаным.

Мақсаты – азаматтарының ары, намысы, жаны, мүлкінің қауіпсіздігіне, т.б. құқықтарына кепілдік беру. Мемлекет осы мақсаттың орындалуына да зайырлылық ұстанымын шарт деп біледі.

Сонымен, зайырлы мемлекет деп – діни нормалар арқылы емес, азаматтық нормалар негізінде басқарылатын, мемлекеттік органдардың шешімдерінде діни негіздер орын алмайтын мемлекетті айтамыз. Алайда бұл зайырлы мемлекеттің заң, құқықтық нормаларында діни құндылықтар орын алмайды дегенді білдірмейді.

Өркениеттік құндылықтар ретінде діни нормалар адамгершілік тұғырлардың кені болғандықтан да зайырлылық ұстанымымен үндесіп жатады. Себебі қоғамдық пайда, адамдық ізгілік – зайырлылық ұстаным мен діни құндылықтардың үндесер тұғыры. Дін осы тұрғыдан қарағанда мәдениет, өркениет және моральдық рухани қабаттардан бөлінбейді.

Зайырлы мемлекет пен діннің арақатынасы қандай?

Зайырлы мемлекет және дін. Мемлекеттің зайырлы немесе зайырлы емес екендігін анықтайтын бірінші белгі оның құқықтық жүйесіне қатысты. Зайырлы мемлекеттің заңында азаматтық, зайырлы, демократиялық және құқықтық ұстанымдар нақты көрсетіледі. Онда азаматтың ар-ұждан бостандығын мойындайтындығы, діни нормалар емес, азаматтық құқықтық нормалардың үстемдігі, діннің мемлекеттік институттардың ісіне араласпайтындығы, мемлекеттің де қандай да бір діннің сенімдік тұғырларын басшылыққа алмайтындығы және дін істеріне араласпайтындығы, діндердің болмыстық тұрғыдан теңдігі (бірақ тарихилығы тұрғысынан дәстүрлісі мен дәстүрлі емесі белгіленеді), дін және діни бірлестіктердің қызмет аясының нақтылығы, жалпы дін мен мемлекеттің өзара дербестігі жалпыға бірдей түсінікті мемлекеттік тілмен анық сипатталады.

Қазақстан Республикасы Конституциясында зайырлылық анықтамасы мен ерекшеліктері ашық көрініс тапқан. Конституцияның бірінші бабында-ақ еліміз «зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде» анық көрсетілген.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер» туралы заңында «Азаматтардың дінге көзқарасына байланысты олардың азаматтық құқықтарының бұзылуына, діни қызметіне заңсыз кедергі келтіруге немесе олардың діни сезімдерін мазақ етуге, қандай да бір дінді ұстанушылар қадір тұтатын заттарды, құрылыстар мен орындарды қорлауға жол берілмейді» деп нақты айтылған.



1-сурет. Бейбітшілік пен келісім сарайы – ұлт-аралық және дінаралық келісім орталығы

Зайырлы мемлекетте биліктің басқару ұстанымдары дінге қарай емес, қоғамның талап-сұраныстарының ақыл-ой таразысы мен ғылыми тұрғыдан бағалануына қарай айқындалады. Дегенмен зайырлы мемлекетте діни таным мен ғылыми таным өзара үндестікте болады.

Зайырлылық және зайырлы мемлекет: түсінігі және мағынасы. «Зайырлылық» термині – қазіргі Қазақстандағы қоғамдық-саяси және мемлекеттік өмірдегі жаңа түсінік.

Қазіргі мағынасында «зайырлылық» ұғымы:

- мемлекеттің кез келген дінге қатысты бейтараптық қатынасы;
- мемлекеттің кез келген діннен тәуелсіздігі, сол сияқты діннің мемлекеттен тәуелсіздігі;
- ар-ұждан және сенім бостандығы, дінді зерттеу және дінге сын айту еркіндігі;
- мемлекетте қандай да бір ресми діннің болмауы, осыған байланысты әрбір жеке адам өз таңдауы бойынша кез келген дінді ұстануына немесе ұстанбауына құқығы бар;
- кез келген діннен, конфессиядан мемлекеттік мектептердің еркіндік сипатын білдіреді.



Дінтану әліппесінен

Конфессия (лат. – «мойындау, жолын ұстану») – дінге сенушілердің бір діннің аясындағы бірлестігі. Бұл бірлестік өзіндік сенім ілімімен, ғұрыптары және ұйымдасу құрылымымен ерекшеленеді. Мысалы, христиан конфессияларына православие, католицизм, протестантизм жатады.

1054 жылы православ және католик болып бөлінген, 1529 жылдары католиктерден протестанттар бөлініп шықты, оның ішінде протестанттың өзі бірнеше бағытқа бөлініп кетеді, әрқайсысы жеке конфессия. Исламда сунниттік және шииттік конфессия.

«Конфессия» термині батыста реформация дәуірінде кеңінен таралды, протестанттық қауымдар өзіндік сенім негіздерін (confessiones) қалыптастырды.

Зайырлы мемлекет – дінді биліктен бөлетін, діни емес, азаматтық нормалар негізінде реттелетін құрылғысы бар мемлекет; мемлекеттік органдардың шешімдерінің діни негізі болуы мүмкін емес.

Зайырлылық тетігі де үш принциптік қабаттардан тұрады: бейтараптық (мемлекет пен мектептер); тәуелсіздік (мемлекеттің діннен және діннің мемлекеттен); еркіндік (ар-ұждан және діни сенім).

Зайырлылық діндарлыққа қайшы емес. Зайырлылық діннің мемлекетті өзіне бағындырып алуына рұқсат бермейді, сонымен бірге өмірдің барлық салаларында зайырлылық қағидасын саналы түрде ұстану ол мемлекеттің дінді өзіне бағындырып алуына да рұқсат бермейді. Сонымен қатар зайырлы мемлекет дін атауын жамылғандардың ел азаматтарын алдап, арбауына, қорлауына жол бермейді. Қазақстанда азаматтарға діни мәселелер бойынша сұрақтарға жауап беретін онлайн-кеңес беретін «Қауырт желі 114» жұмыс істейді.

Білу

1. Зайырлылық деген не?
2. Зайырлылық қандай принциптерден тұрады?
3. Конфессия деген не?

Түсіну

1. Неліктен мемлекеттердің көбі зайырлылық ұстанымын таңдайды?
2. Неліктен зайырлылық барлық дінге бейтарап қарайды?
3. «Зайырлылық» ұғымы қандай ұғыммен үйлесімдік таппайды? Неліктен?

Қолдану

QR-code арқылы берілген мәліметті тыңдаңдар. Мәтін мазмұнын тақырыппен байланыстырып, «Кейс-стади» тәсілі арқылы сұраққа жауап беріңдер.



Қазақ халқының толеранттылығына қандай мысал келтіресіңдер?

Талдау

«Зайырлылық» сөзіне антоним сөздерді тауып, «Қарама-қарсы элементтер» тәсілі бойынша талдап, кестеге толтырыңдар.

«Зайырлылық» сөзі	Антонимдер

Жинақтау

1. «Зайырлылық» ұғымы туралы түсінгендеріңді «Кластер» тәсілімен түйіндендер.



2. Топтық жұмыс. «Пирамидалық талқылау» тәсілімен топ мүшелері «Зайырлылық және дін» тақырыбы бойынша өз пікірлерін жеке жазады. Әр пікірді топта талқылап, ортақ пікір қалыптастырады. Содан соң әрбір топ таратылған флипчарт қағазына тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жинақталған пікірді түйіндеп, қағаз ортасына жазып, оқиды, талқылайды.
3. Зайырлылық пен дін арақатынасы туралы ойларыңды түйіндеп, 5–6 сөйлем жазыңдар.

Бағалау

«Зайырлылық – әрбір адамға қолайлы ұстаным» дегенге қандай баға бересіңдер?

§3. Зайырлы этика негіздері. Білім жүйесіндегі зайырлылық қағидаттар

Зайырлы этика негіздері. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасы өзін зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратындығы айтылған. Осы конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұстанымы мемлекеттің барлық салаларында айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететіндігін, дін мен мемлекет өзара саяси және құқықтық тұрғыдан бөлек екендігін білдіреді.

Зайырлылық – толерантты, ашық, демократиялық және құқықтық мемлекеттің сипаты. Зайырлы мемлекетте дін мемлекеттен бөлінгенімен, қоғамдық негізде, халықтың тұрмыс-тіршілігі мәдениетімен біртұтас болады.

Зайырлы этика – қоғамдағы адамгершілік нормалар мен ережелердің жүйесі. Осы этика қағидалары бойынша кез келген адам және дін өкілі бір-бірімен тең. Ешқандай кемсітушілікке жол берілмейді. Сондықтан кез келген дін өкілі өзара тең.

Қазақстан Республикасы – әрбір адамның діни сенім бостандығын құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекет. Қазақстан азаматтары діни сеніміне қарамастан, тең құқылы. Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін діндердің мәдени және тарихи құндылығын және конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтейді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының азаматтары дінге деген көзқарасына қарамастан, заң алдында бірдей жауапты. Заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің де өз діни сенімдерін себеп етіп азаматтық міндеттерін атқарудан бас тартуға құқы жоқ. Қазақстан Республикасының атқарушы өкімет органдары, прокуратура және басқа да құқық қорғау органдары заңдарда белгіленген өз құзыретіне сәйкес діни сенім бостандығының сақталуын бақылайды. Сол себепті осы ережені өздерің де үнемі естеріңде ұстағандарың жөн, яғни күнделікті өмірде кез келген бір дін өкілімен кездескен кезде өздеріңді бейтарап жағдайда ұстаңдар. Ешкімнің сендерді күштеп дінге тартуға құқығы жоқ.

Білім беру жүйесіндегі зайырлылықтың алатын орны қандай?

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңында көрсетілгендей, діни білім беру ұйымдарын қоспағанда,

зайырлылық ұстанымы бойынша, білім беру мен тәрбие жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған «Білім туралы заңында» діни білім беруге қатысты қағидасының мазмұны былайша ашылған: «...білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен денсаулығының жеке адамның еркін дамуының басымдығы». Сондай-ақ осы заңға сәйкес, білім беру ұйымдарында төмендегідей іс-әрекеттерге тыйым салынған:

- саяси партиялар мен діни ұйымдардың (бірлестіктердің) ұйымдық құрылымдарын құруға және олардың қызметтеріне;
- білім беру ұйымдарында нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен артықшалықты насихаттауға, соғыс және халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға ортақ танылған ұстанымдарына қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға;
- педагог қызметкерлердің білім беру үдерісін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу пиғылымен пайдалануға.

Бұл заңдағы қағидалардың барлығы білім алушылардың ар-ұждан бостандықтары мен құқықтарын, қауіпсіздігін және заң аясында әрекет етуін қамтамасыз ету мақсатында қойылған.

Зайырлылық ұстанымы бойынша діни білім беруге тыйым салынбайды. Керісінше, діни білім берудің ұстанымдары мен идеялары, зайырлылық ұстанымы аясында қызмет ететін болады. Мысалы, дін ұлттық дүниетанымның қалыптасуында мәдениет пен тарихи санадан орын алады. Осы құндылықтардың көзі болып табылатын дін туралы ғылыми теориялар мен танымдар, діндердің тарихы мен тәжірибесі, әсіресе, Қазақстан Республикасы тарихына қатысты діндер туралы мағлұматтар, жалпы діннің қоғамдағы алатын орны мен маңызы жалпыға бірдей білім беру мекемелерінің барлық деңгейінде қоғамдық пәндер қатарында оқытылады.

Мұндағы мақсат – білім алушыларға діннің мәні, маңызы, тарихы мен тәжірибесі Қазақстан тарихына қатысты екшелеп беру. Жаһандану үдерісі кезіндегі еліміздегі негізгі тарихи діндер, олардың басты ерекшеліктері, мерекелері, кітаптары, құндылықтары, ислам және христиан діндерінің қазақ жеріне таралу тарихы, ханафи құқықтық мектебі мен матуриди діни танымдық мазхабының қазақ мәдениетіндегі орны, қазақ ғұламаларының рухани мұрасы танымдық сипатта жүйелі педагогикалық талаптар шеңберінде оқытылады.

Еліміздегі белгіленген заңнама шарттары негізінде ресми тіркелген діни бірлестіктер жанынан ашылған діни сауат ашу курстары, медресе, қари орталықтары, православиелік оқу орталықтары, семинариялары жұмыс істейді.

Мектептен тыс уақыттарда білім алушы үшін осындай курстарға барып бастауыш діни сауатын арттыруға мүмкіндіктер қарастырылған. Бірақ көмелеттік жасқа толмаған балалар үшін мұндай курсқа қатысу тек ата-анасының келісімі арқылы жүзеге асады. Ал арнайы діни білім алу құқығы мен мүмкіндіктері осы орталықтар арқылы, білім беру стандарттары негізінде жүргізіледі.

Зайырлылық – Қазақстан қоғамының рухани даму кепілі дегенді қалай түсінесіңдер?

Қазақстанның қазіргі саясаты елімізде ұлт, этникалық топтар мен мәдениет арасындағы өзара сыйластық құру, өзара татулықты орнату, рухани, адамгершілік құндылықтарға негізделген қоғамдық жүйе құруға бағытталған.

Зайырлылық ұстанымы ұлттық, мәдени құндылықтарды дамытуға бағытталады.

Зайырлылық ұстанымы қоғамда білім берудің тұтастығын қамтамасыз етеді. Жоғарыда айтып өткендей, мемлекет пен діннің арақатынасы реттелген кез келген мемлекеттерде білім беру – мемлекеттің құзырындағы іс. Білім берудің кез келген түрі: діни, саяси, кәсіптік, техникалық және т.б. мемлекеттің бақылауында болады.

Зайырлылық ұстанымы мемлекетіміз бен егемендігіміздің ішкі және сыртқы тепе-теңдіктерін орнықтыратын бірден-бір құнды тетік болып отыр. Әр мемлекеттің өзінің тарихи тәжірибесі мен мәдени болмысына байланысты қоғам талаптарын қанағаттандыратын құқықтық нормалары бар. Бұл – табиғи құбылыс. Бірақ бұл нормалар уақыт пен кеңістікке қатысты, ішкі құқық негіздері болады, ал халықаралық құқық стандарттарымен: сыртқы құқық негіздерімен үйлесімділікте болып, өзара тепе-теңдікті сақтап отырады. Мәселен, Қазақстан – жабық қоғам емес. Сол сияқты әрбір мемлекет үшін зайырлылық туралы жеке түсіндірмелері болады. Қорыта айтқанда зайырлылық ұстанымы – бүгінгі қоғамымыздың және мемлекетіміздің тұрақты дамуындағы ең басты ұстаным.



Білу

1. Зайырлы этика деген не?
2. Зайырлы елде діни білім беруге бола ма?



Түсіну

1. Неліктен Қазақстан зайырлылық ұстанымын таңдады?

2. Не себепті Қазақстан азаматтары діни сеніміне қарамастан заң алдында бірдей жауап береді?
3. Неліктен мемлекеттің діндерге бейтарап қарауы зайырлылық ұстанымдарының негізін құрайды?
4. Неліктен еліміздегі білім беру мен тәрбие жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген?

Қолдану

Мәтінді түсініп оқи отырып, негізгі ой түйіндерін анықтаңдар.

Талдау

1. Зайырлы этика мен өздеріңнің мектептеріңдегі ережелердің айырмашылығы бар ма? Пікірлеріңді дәлелдендер.
2. Тақырыптағы көтерілген мәселені анықтап, ұлттық мүдде тұрғысынан талдаңдар.

Жинақтау

1. Бүгінгі тақырыптан білгендеріңді «Түртіп алу» кестесіне толтырыңдар.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырады»

2. Егер біреулер сендерді күштеп діни ұйымдарға тартса, қайтер едіңдер? Топтарыңда талқылап, қорытындысын шығарыңдар.

Бағалау

Зайырлы мемлекетте ұлт тәуелсіздігі қандай деңгейде болады?

II ТАРАУ

ДІН – РУХАНИ МӘДЕНИЕТ ФЕНОМЕНИ

Досым, сен осы тарауда:

- діннің қалыптасуы мен мәнін, әлеуметтік маңызын, жіктелуі мен түрлерін білесің;
- діннің құрылымы және функцияларын түсініп, ажырата аласың;
- діни сенім, діни таным, діни сана мен діни тәжірибе ара-жігін ажырату қабілетіне ие боласың;
- қоғам тіршілігіндегі діннің, сенімнің дүниетанымдық және танымдық миссиясын түсінесің;
- дінтану ғылымының қалыптасуы мен дамуын талдайсың;
- ақпараттарды сыни тұрғыда сараптау мәдениеті мен қабілеттерді және негізгі діни ұғымдарды меңгересің.

§4. Діннің қалыптасуы мен мәні, әлеуметтік маңызы мен жіктелуі. Діннің құрылымы және функциялары

Дін деген не? Ол қашан пайда болды?

Діннің қалыптасуы. Дін (*лат.* – қасиетті, құдайшыл, тақуа) – адамның тылсымға, құдайға деген сенімінің кемеліне жеткен түрінде қалыптасқан, оның түсінігінде, қылығында, іс-әрекетінде көрініс табатын дүниетанымы.

Адамның бойындағы ерекше қасиеттерінің бірі – таным және сенім. Таным кез келген заттың, құбылыстың мәнін, сипатын, ерекшелігін білу және сезіну арқылы қалыптасады. Сондықтан адамзат қоғамы тарихындағы дін құбылысының тегі мен тарихы – жаратушыға деген сенімге негізделеді. Сенім негізінде адамның дүниетанымы қалыптасты. Жаратушыға деген сенімі қалыптасқаннан кейін адамдар одан қажетін сұраған, тілеген, құлшылық еткен, дәріптеген, соған сай тілекті береді деп түсінген. Сол сенім, іс-әрекеттерді, құлшылықтарындағы жөн-жоралғылар мен салттарды, ережелер мен қағидаларды бір атаумен жинақтап, «дін» деп атады.



2-сурет. Адамдардың табиғат құбылысынан қорқуы

М.Мюллердің пікірі бойынша, дін адамның табиғаттың дүлей құбылыстарынан қорқуынан шыққан. Бұл көзқарас «натурализм» деп аталады. Натурализм – адамның қоршаған ортаға табынуы немесе табиғат құбылыстарын құдай ретінде санауы деген сөз. Осы көзқарасты қолдаған М.Мюллер үнді дінінің киелі кітаптары – 4 Веданы дәлел ретінде келтіреді. Бұл кітаптардағы құдай есімдері «агни» – от, «диаус» – аспан сияқты табиғат құбылыстарының аттарына ұқсас келеді. Демек, М.Мюллердің пікірі бойынша, алғашқы қауымдық құрылыста адамдар табиғат құбылыстарынан қорыққан, сөйтіп оған табына бастаған.

Діннің пайда болуы жайында жоғарыда баяндалған көзқарастарға қарсы алғашқы қауымдық монотеизм теориясы да бар. Бұл теорияға қарағанда адамзаттың ең ескі діні – біртәңірлік дін.

Жалпы тарихқа көз жүгіртер болсақ, діннің, яғни рухани фактордың адам өмірінде маңызды рөл атқаратындығын ешкім жоққа шығара алмайды. Мысалы, соңғы христиан діні мен ислам дінінің дүниеге келуі адамзат тарихына зор өзгерістер әкелді. Аталған діндердің адамзат қоғамына әкелген өзгерістеріне қарап, діннің аса қуатты күш екенін байқаймыз. Әлемдегі барша халық немесе мемлекет болсын, өз тарихын зерттегенде діни, рухани үдерістерді негізге алады. Адамзат баласын өзге тіршілік иесінен ажырата отырып, өзінің саналы жан ретінде әлем алдында жауапты екендігін сезіндіретін күш те – дін. Бұл кез келген халықтың тарихи тағдырында діннің маңызды рөл атқаратындығын, оның рухани, мәдени өркендеуінің көрсеткішін айқындайтын негізгі фактор екендігін көрсетеді.

Дінді қалай танимыз?

Діннің мәні. Діндер өте көп, сондықтан пішіні, мазмұны мен таралу ерекшеліктеріне қарай олар сан алуан. Осылардың барлығына ортақ, жалпы анықтама беру – логикалық күрделі әрекет. Дегенмен ғылымда дін туралы анықтамалар бар.

Дін туралы әрбір анықтама, негізінен, діннің ішкі және сыртқы табиғатының ерекшеліктеріне негізделіп жасалады. Сондай-ақ бұл анықтамалар діннің адам үшін маңызды екендігіне назар аудартады. Мысалы, «дін – адамды туралық пен көркемдікке жетелейтін жол», «дін – адамды өз жаратылысына сай жетілдіретін ілім», «дін – адам өмірін реттейтін жүйе», «дін – адамды шындыққа жеткізетін жарық», «дін – адамды дүние мен ақиретте бақытты болу жолдарын көрсететін ережелер мен қағидалар жинағы», «дін – құдайлық ережелер мен соларға сүйенген өдеттердің жиынтығы», т.с.с. жалғастыра беруге болады.

Діндер қалай жіктеледі?

Діннің жіктелуі. Діндерді тегі, даму тарихы, таралу ерекшеліктеріне қарай *алғашқы қауымдық, ұлттық және әлемдік діндер* деп жіктеуге де болады.

Қазіргі кездегі дін зерттеушілері – этнолог, теологтар, әлеуметтанушы және дін тарихшылары әлемдегі діндерді, географиялық аймақтары бойынша, діндердің халықтар арасына таралу барысын және діндердің сенімі мен құрылысын негізге ала отырып көптеген топтарға жіктейді. Мәселен, дін әлеуметтанушысы **Ж. Ваше де Лапуж** діндерді негізін салушылары бар (буддизм, джайнизм, конфуций ілімі, т.б.) және дәстүрге негізделген (үнді діні, синто ілімі, төңірлік ілімі) діндер деп бөлсе, **А.Шиммель** алғашқы қауымдық (тайпалық) діндер (га, маори, аину, инка), ұлттық діндер (иудейлік, үнді діні, джайнизм, конфуций ілімі, т.б.) және әлемдік діндер (буддизм, христиандық және ислам) деп жіктейді.

Діндерді халықтың этникалық орналасуына байланысты былай топтастырады: **Орта Шығыс немесе семит діндері:** иудейлік, христиандық және ислам; **үнді діндері:** индуизм, буддизм, джайнизм, сикх ілімі; **қытай-жапон діндері:** конфуцийлік, даосизм, синто ілімі.

Орта Шығыс (семит) діндері	Үнді діндері	Қытай-жапон діндері
Иудейлік	Индуизм	Конфуцийлік
Христиандық	Буддизм	Даосизм
Ислам	Джайнизм	Синто ілімі
	Сикх ілімі	

Діннің адамзат өміріндегі маңызы қандай?

Діннің әлеуметтік маңызы. Дін – адамды ауыр қылмыстар мен күнәлі істерден сақтайтын ықпалды құбылыстың бірі. Өйткені кез келген дін жеке адамға, қоғамға зиян тигізетін әрекеттерге тыйым салады.

Дін кейде үрей, қорқыныш, қайғы, үмітсіздік сияқты адамды торығуға әкелетін қиыншылықтарды жеңуге көмек береді. Адам осындай қиын жағдайларда өз сенімі, үміті, жалбарынуы, тәубеге келуі арқылы көңілін орнына түсіреді, жан дүниесі тыныштық табады. Сонымен бірге дін қоғамның тұрақтылығына, адамның тәртіпті, бақытты болуына үлкен әсер етеді. Өйткені шынайы діндар адам жаманшылыққа бармайды, сол себепті қоғамда да қылмыстар мен күнәлі істер азаяды. Ал қылмыс, күнә көбейген қоғамда тұрақсыздық пен үрей орнайды. Өйткені қоғамда діннің әлсіреуі – адамдардың азғындауына, бір-біріне деген

мейірімділігінің азаюына, әділдіктің жоғалуына әкелетін себептердің бірі. Адамгершілік пен әділдік жоғалған қоғамда тәртіп те, құқық та бұзылады. Тәртіпсіз қоғамды жөнге келтіру өте қиын. Тәртіп пен құқық адамның жүріс-тұрысын, іс-әрекетін реттесе, дін адамның ішкі жан дүниесін реттейді, осылайша қоғамда тепе-теңдік орнайды.



Білу

1. Адам бойындағы ең басты жақсы қасиеттер қандай?
2. Діннің мәні неде?
3. Діннің анықтамасы қандай?



Түсіну

1. Не себепті дін қоғамда идеологиялық, реттеуші қызмет атқарады?
2. Неліктен дінді аса қуатты күш деп атайды? QR-code арқылы берілген мәліметті тыңдаңдар. Діннің қоғам тұрақтылығындағы орнын және тақырыптың идеясын «ПОПС формуласы» тәсілімен анықтаңдар.



Бірінші сөйлем: «Менің ойымша,»

Екінші сөйлем: «Себебі мен оны былай түсіндіремін:»

Үшінші сөйлем: «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын... .»

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім:»



Қолдану

Қосымша ақпарат көздеріне сүйеніп, әлем елдерінің діни құрамының сызбасын жасап, талқылаңдар.



Талдау

1. Адам өмірінде дін қандай рөл атқарады? Тақырыпта бұл қалай берілген? «Талдап білу» тәсілі бойынша талқылаңдар.

Талқылаушы	Тақырыпта көтерілген мәселе туралы айтады.
Белгілеуші	Материал мазмұны бойынша сұрақ дайындайды.
Байланыстырушы	Тақырыптағы мәтінді өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Тақырып мазмұнына сәйкес қанатты сөздер, мақал-мәтелдерді айтады.
Қорытындылаушы	Тақырыптың құндылығын айтып, баға береді.

2. Қалайша діни фанатизмнің алдын алуға болады? «Желпуіш» тәсілімен қағазды желпуіш пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне тақырыпқа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады. Содан соң жұптар рөлдерімен алмасады. Соңынан қорытындысын шығарады.

Жинақтау

1. Берілген сұраққа жауап беру барысында үш дәлел келтіріңдер. «Дін – адамдарды тек игілікке, жақсылыққа бағыттайтын қағида ретіндегі іс-әрекеттер жиынтығы» дегенді қалай түсіндірер едіңдер?
 - 1-дәлел...
 - 2-дәлел...
 - 3-дәлел...
2. Діннің әдепке қатысты құндылықтарының маңызын қорытындылап, оны түсіндіріңдер.

Бағалау

Бүгінгі тақырыптағы мәселеге қандай баға бересіңдер?

§5. Дінтану ғылымының қалыптасуы мен дамуы. Негізгі діни ұғымдар. Политеизм. Монотеизм. Дін – рухани мәдениет феномені

Дінтану ғылымы деген не? Ол нені зерттейді?

Діннің тарихын, шығу себептерін, ілімінің қалыптасу жолын дінтану ғылымы зерттейді. Дінтану ғылымы XIX ғасырдағы Батыстық позитивистік үдерістердің қарқынды дамуымен бірге қалыптасты. Дінтану ғылымы теологияға қарама-қарсы ұстанымдармен, яғни құдайлық бастауларға емес, адамның санасы мен тәжірибесінің рухани қажеттіліктеріне негізделген ұстанымды қуаттады.

Дінді теология ғылымымен қатар діни философия пәні де зерттеді. Теология мен діни философияның дінді зерттеудегі өздеріне тән саласы мен үлкен айырмашылығы болды. **Философия** діннің адам мен қоғам өміріндегі рөлін, әсерін зерттеді, оған ғылыми тұрғыда баға берді. Сонымен қатар XVII–XVIII ғасырларда **дін философиясы** деген жаңа пән қалыптасты. Бұл пәннің философиядан айырмашылығы – діндерді діни көзқараспен зерттеп, солардың танымымен бағалауында.

Діндердің тарих және тіл білімі (филология) әдістерін қолдана отырып, қалыптасуы мен дамуын және ғибадатын зерттейтін пән – **діндер тарихы**. Бұл ғылым барлық діндерді зерттейді. Діндер тарихы, діни ұйымдардың пайда болу себептерін, тарихтағы және түрлі қоғамдағы көріністерін, діни тәжірибенің қабылдануы және қолдану түрлерін мүмкіндігінше ғылыми таным әдісімен қарастырады.

Діндер сенім негіздеріне байланысты екіге бөлінеді: біртәңірлік табынушылық – **монотеистік** және көптәңірлік – **политеистік** діндер.

Политеизм дегеніміз – грек тілінен аударғанда «көпқұдайшылдық», яғни көп құдайдың барлығына негізделетін діни жүйе. Политеистік діни жүйелерде адам бейнелі (**антропоморфты**) құдайлар бірінші орынға шығады. Түрлі табиғи құбылыстарға жан беру, өруақтар мен жын-перілерге сену, кейбір ғажайып құдайлық тылсымға ие заттарға сену және ардақтау сияқты құбылыстар көне политеистік діндерге тән.

Политеистік діни жүйелерде құдайлардың өз пантеондары (ежелгі құдайлардың сарайы) болады. Мұнда күрделі иерархиялық жүйе бар. Демек, олардың да ең біріншісі немесе басқарушысы бар

деген сөз. Политеизмде әрбір құдайдың өзіндік бір бейнесі, сипаты, эпитеті болады. Бұл сипаттар антикалық мифтерде мәңгі өмір сүретін ер мен әйел кейіпінде бейнеленген. Құдайды адам бейнесінде суреттеуді **антропоморфизм** деп атайды.

Әрбір құдайды басқа құдайлардан ажыратушы белгісі олардың қызметі бойынша ерекшеленеді. Мысалы, Ежелгі Грекияда Артемида – аң аулау құдайы, Афродита – махаббат құдайы, Гефест – теміршілер құдайы және т.б. Пантеон басында әдетте жоғарғы құдай орын алады. Мысалы, Ежелгі Грекия пантеонында найзағай құдайы **Зевс** тұрды. Политеизмде адамдар өзге тайпаның құдайларына да мойынсұна береді.

Политеизм діни жүйесіндегі адамның құлшылық элементтері құдайлық күшпен қарым-қатынас орнатуға бағытталған. Қарым-қатынастың басты өлшемдерінің бірі – құдайларына құрбан шалу. Оның мақсаты – адам құдайға құрбандық шалу арқылы өз мұқтажын өтеуі.

Политеизм діни жүйесінің ежелгі заман діндеріне тән формалары болғанымен, қазірге дейін тіршілігін сақтап келеді. Мысалы, индуизм, синтоизм, даосизм сияқты діндерді политеистік діндер қатарына жатқызуға болады. Бүгінгі антропологиялық зерттеулерде политеизмнің кейбір африкалық және аустралиялық тайпаларда, Солтүстік және Оңтүстік Америка тұрғындандарының тылсым күшке табыну салттарында әлі күнге сақталып отырғандығы айтылады. Олардың діни жүйесі мифтік танымға тікелей байланысты.

Монотеизм грек тілінен аударғанда «бірқұдайшылдық» деген мағынаны береді. Монотеистік діни сенім жүйелерінің барлығында «барлық әлемнің жаратушысы мен барлық нәрсенің бастауы абсолютті бір Құдай» деген сенімдік ұстаным жатыр.

Монотеизм – әлемдегі барлық құбылыстың бірлігі идеясының көрінісі. Тек Тәңір – адамдарды, жануарларды және жансыз заттарды жаратушы, тұтастандырушы құдірет иесі. Бұл құдайға сенетіндер оған абсолюттік сипат береді. Ол – абсолютті жақсылық иесі, абсолютті білім иесі, абсолютті сұлулық иесі. Құдай – жоғарғы идеал иесі. Осылайша Бір құдай идеясы арқылы адамдар ғаламның бірлігіне ұмтылады.

Ғылыми зерттеулер көрсеткеніндей, монотеизмнің тарихы тым тереңде жатыр. Тарихта иудейлер арасында жүйелі түрдегі бір құдайға табынушылық б.з.б. I ғасырда қалыптасты. Әр дәуірдегі әртүрлі өркениеттерде түрлі діни сиынуларда бір төңірге сиыну дәстүрі болды. Көне Мысырда құдайлар пантеондарының көптігіне қарамастан, күн құдайы **Амон-Раның** рөлі ерекше еді. Б.з.б. XIV ғасырда атақты фараон **Аменхотеп IV** көптеген жергілікті және тайпалық құдайларға табынуды тоқтатқызып, күн құдайы **Атонға** сиынуды енгізді. Көне

Месопотамияда Вавилонның қорғаушысы **Мардук** ерекше орынға ие болды.

Монотеизм қалыптаса келе түрлі діндерде көптеген құдайлар арасынан басты құдіретті құдайды бөліп қарастырады. Мысалы, индуизм дінінде **Вишну, Шива** сияқты құдайлар т.б.

Дін – рухани мәдениет феномені. Жалпы дін адамзат тарихында жаңа дүниетаным, сенім, моральдық құндылықтардың шығу тегі болып саналады. Діннің дүниетанымдық, мәдени-өркениеттік және гуманистік мәні ерекше. Діни наным-сенімдер бірте-бірте өнердің, мәдениеттің, ғылымның дамуына әкелді. Ғылымдардан математика, геометрия, астрономия, медицина өркендеді. Математиканың негізгі қолдану саласы астрономия, дәлірек айтқанда, күнтізбеге байланысты есептеулер еді. Күнтізбе діни мерекелердің күндерін анықтау және Ніл өзенінің жыл сайынғы су тасқынын болжау үшін пайдаланылды. Алайда Ежелгі Египеттегі астрономияның даму деңгейі оның Вавилондағы даму деңгейінен әлдеқайда төмен еді. Ғасырлар бойы медицина мен дін бір-бірімен тығыз байланысты болды. Көптеген діни қызметтер мен дәстүрлер адамдарға қамқорлық ретінде ұсынылған. Мысалы, оларда негізгі қағидалардың бірі тазалық пен гигиена ережелері болып табылады және т.б.

Дін осылайша халықтың, қоғамның игілігіне қызмет етеді. Алайда дінді өзінің жеке мүддесіне пайдаланушылар немесе діни сауаты төмен фанаттардың көзсіз табынушылығы өлемдік мәселеге айналып бара жатыр. Сондықтан діннің рөлі туралы мәліметтерді өз деңгейінде меңгерген жөн. Кейінгі тақырыптарда әрбір діннің адамзатқа рухани пайдасы туралы білетін боласындар.



Білу

1. Дінтану нені зерттейді?
2. Біртәңірлік дін деген не?
3. Политеизм нені білдіреді?



Түсіну

1. Дінтану ғылымы қалай қалыптасты?
2. Не себепті адамдар құдайға құрбандық шалады?



Қолдану

Дін мен өнер қазіргі кезде байланыста ма? «Ресми дебат» тәсілімен дебат ұйымдастырындар.

Дебаттағы рөлдер: қазылар; жақтаушы тарап (топтың үш мүшесі); даттаушы тарап (топтың үш мүшесі). Қазылар дебатты қорытады. Олар пікірталасты тыңдап, әр спикерге олардың сөйлегеніне (дәлелдеріне) қалай сөйлегеніне (ұсынылуы) және басқа топтың дәлелдеріне қаншалықты дұрыс жауап бергендеріне (теріске шығару) қарай баға береді.

Жақтаушы тарап: «Дін мен өнер тығыз байланысты».


Даттаушы тарап: «Дін мен өнер – екеуі екі бөлек сала. Қазіргі кезде мүлде байланыста жоқ».

Талдау

Политеистік діндер мен монотеистік діндерді Венн диаграммасында салыстырып, талдау жасаңдар.

Политеистік діндер

Монотеистік діндер



Жинақтау

1. Діннің әдебиетке тигізген әсерін мысалдармен дәлелдеңдер.
2. Графикалық органайзерді пайдаланып, діндердің ерекшелігін айқындап, негізгі идеясын түйіндеп жазыңдар.
 - мәселеге пікір білдіріңдер;
 - пікірлеріңе дәлел келтіріңдер;
 - пікірлеріңе мысал келтіріңдер;
 - пікірлеріңді қайта ұсыныңдар.

Бағалау

Діннің адамзат өркениетіне тигізген пайдасына баға беріңдер.

III ТАРАУ

ДІННІҢ БАСТАУЛАРЫ МЕН ТАРИХИ ТҮРЛЕРІ

Досым, сен осы тарауда:

- діннің бастаулары мен тарихи түрлерін білесің;
- діндер тарихы мен сенім ерекшеліктерін;
- көне наным-сенім нысандарын және ұлттық діндерді салыстырып талдай аласың;
- Ежелгі Мысыр, Грекия, Римдегі діни түсініктерді меңгересің;
- Шығыс елдерінің діни дүниетаным жүйелерін ажыратасың;
- ежелгі түркі дүниетанымындағы тәңірліктің орнын түсініп, талдай аласың;
- «кітап түсірілген» ежелгі діни қауымдар тарихын біліп, оның діндер тарихындағы маңызын қорытындылай аласың.

§6. Көне наным-сенім жүйелері, ұлттық және дәстүрлі діндер. Ежелгі Мысыр, Грекия, Римдегі діни түсініктер

Адамдардың діни нанымдарында жан-жануарлар мен өсімдіктердің қандай маңызы болды?

Ежелде әр тайпаның өздерінің тегін тарататын белгілі бір жануарлары не өсімдіктері болған. Олар өздері киелі санайтын сол аңдарды, өсімдіктерді қызғыштай қорғайтын.

Адамның немесе жеке тайпаның жануарлар мен өсімдіктер арасында туыстық байланысы бар дейтін алғашқы қауымдық түсінікті ғылым тілінде тотем деп атады. «Тотем» термині XVIII ғасырдың басында ғылыми қолданысқа еніп, XIX–XX ғасырларда ағылшын этнографы Дж.Фрэзер (1854–1941) оны толық бекітті. Тотем солтүстік америкалық үнді тайпаларының тілінде «оның туысы» деген мағынаны білдіреді.

Әлемде жалпы саны елуден астам тотемдік түсініктер бар. Тотемдік сенімде жануарлар мен өсімдіктер рудың немесе тайпаның тұрған жеріне және шаруашылығы мен кәсібіне байланысты болды. Әр тайпа арғы тегін таратқан жануарлар туралы аңыздар шығарған. Ол аңыздарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, осы жануарларды қастерлеген. Тотемдік жануарлардың бірі қасиетті деп есептеліп, тұрмысқа пайдалануға, етін жеуге тыйым салынса (табу), енді бірі керісінше, құрбандыққа шалынып, ет-сүйегі діни рәсімдерге пайдаланылған.

Тотемнің жеке адамның қай тайпаға жататынын, ал тайпаның қандай одаққа кіретінін білдіру немесе мүшесі екенін көрсету сияқты әлеуметтік функциялары да болған. Тотемдік сенімнің некелік қатынастарды реттеуде де орны болған. Бір тотемдік аңды киелі санаған ру-тайпалар бір-бірімен некелік қатынасқа түсуге тыйым салған, бірақ бір тайпа ішіндегі түрлі тотемдік рулар арасында рұқсат етілген. Сондай-ақ аумақты бөлу, жерді игеру, шаруашылықты жүргізу сияқты экономикалық функцияны да атқарған.



Дінтану әліппесінен

Тотемизм – ру, тайпаның шығу тегін жануарларға, өсімдіктерге не табиғат құбылыстарына байланыстыру негізінде қалыптасқан наным-сенім.

Табу – ежелгі қауым діндерінде адамның ұстануына немесе қажетіне пайдалануына тыйым салынған нәрселер.

Тотемизм рулық қоғамдағы адамдар тобының шығу тегін жануарларға, өсімдіктерге немесе табиғат құбылыстарына байланыстыру негізінде қалыптасқан сенімдер мен әдет-ғұрып, салт-сананың күрделі жүйесін көрсетті. Тотемизм өнердің дамуына да ықпал етті. Тотем өртүрлі заттарда, тіпті адам денесінде де кескінделді.

Түркі халықтарында тотемдік жануар – Көкбөрі. Көне түркі халықтарының аңыздарында арғы аталарын Көкбөрі асырап өсіргендігі баяндалады.



Аңыз-шежіре

Баяғыда жаулар бір түркі тайпасын қалың батпаққа қамап, қырып салады. Аман қалған жас баланың қол-аяғын кесіп тастап кетеді. Қансырап жылап жатқан бейшара балаға Көк төңірі бөлтіріктері өлген Көкбөріні жолықтырады. Көкбөрі баланың қанын тілімен жалап, тоқтатып, емізіп, ержеткізеді. Сол бала Көкбөрі атанады. Шыққан тайпасын «бөрі тайпасы» дейді. Кейін ол Көкбөрі қаған болады. Қазақтың ата-бабалары өздерін осы Көкбөрінің ұрпағымыз деп есептеген. Көкбөрінің немерелері жаугершілікте Ақ қазға айналып, бірі Енисей өзені жаққа, екіншісі Шу өзені және Алтай жағына ұшып кетеді де, содан түркілердің ата-бабасы тараған екен деген аңыз бар.

Анимизмнің шығу себептері қандай?

Анимизм. Анимизм латынның «анима» – «жан» деген сөзінен шыққан. Анимизм – табиғат күштерінің, жан-жануарлардың, өсімдіктер мен жансыз заттардың рухы, жаны бар деп сену. Анимистік сенімдерді алғаш рет Э.Тайлор (1832–1917) терең зерттеп, «Алғашқы қауымдық мәдениет» атты еңбегінде оның теориясын жасады. Э.Тайлордың ойынша, анимизмнің шығуына ежелгі адамдардың екі мәселе жайлы ойлануы себеп болды. Олар: «тірі және өлі дененің айырмасы неде?», «түс көру, ояу болу себептері не?».

Зерттеушінің ойына жүгінсек, «алдымен жеке жан жайлы түсінік шықты. Жан – нәзік, заттық емес. Ол адам бейнесі, бу, ауа немесе көлеңке сияқты болды. Бірақ жан көрінбейді, басқа денелерге кіре алады. Адамның бірнеше жаны болады. Олардың әрқайсысы белгілі бір қызмет атқарады: біреуі – өмірлік қызмет, екіншісі – ойлану, ал үшіншісі адамның тұлғалық бейнесін көрсетеді, т.б. Адам өлген соң оның жаны жеке өмір сүре алады. Өлген адам жаны өзінің денеден тыс екенін сезеді, оны


сырттай көреді. Жан басқа рухани денеге кіргенін, яғни физикалық денесін тастап кеткенін біледі, нәтижесінде жан мына дүниеге, ондағы үдерістерге араласады».

Кейін анимизмнің дамуы барысында таудың, судың, жердің, үйдің, жан-жануардың иесі бар деген сенім пайда болды. Мысалы, су перісі, таудың иесі, үйдің иесі, жануарлардың иесі, т.б. анимистік сенімдер болды. Тіпті, көне гректер мен римдіктерде адам сезімдерінің де иесі бар деп олардың рухына табыну сияқты анимистік сенім түрлері шықты.

Алғашқы дәуірдегі адамдар зияны тимесін, қолдап, жебеп жүрсін деген мақсатта оларға арнап салтанатты рәсімдерді орындады. Мысалы, орман ішінен бітімі бөлек ағашты таңдап алып, оған шүберек байлап белгі қою сияқты рәсімдер. Дәл осылай тау иесінің құрметіне арнап, белгілі бір жерді таңдап алып, тау-тастарды үйіп, құрбандық шалу, би билеу, т.с.с. рәсімдерді жасаған.



3-сурет. Көне фетиш



4-сурет. Пұт жасау

Қандай нәрселер фетишке жатады?

Фетишизм. Ежелгі діни наным-сенімдердің бірі – фетишизм. Бұл французша «фетиш» – «тұмар» және португалша «сиқырлы зат» деген мағынадағы сөздерден шыққан, яғни тылсым, көзге көрінбейтін күш дегенді білдіреді. Фетишизм – жансыз заттардың тылсым, сиқырлы күші бар деп санап, оларға табыну. Фетиштік нанымды алғаш рет португал теңізшілері Батыс Африкада кездестірген. Бұл термин ғылыми айналымға XVIII ғасырдың аяғында енді. Алғашқыда француз ғалымы Ш.Деброс, кейінірек О.Конт (XIX ғ.) кеңінен қолданды.

Сонымен, фетишизм сенімінің негізі – кейбір заттарда адамға тән сезімдер, эмоция, т.б. қасиеттер бар деп қабылдау (*3-сурет*).

Адамды таңғалдырған кез келген зат фетиш бола алады. Бір сөзбен айтқанда, керемет әсер ететін қасиеттері бар деп саналатын жансыз заттарға табыну. Мысалы, жануар тісі, зергерлік бұйым, әдемі оюланған көркем зат, үкі

қауырсыны, ерекше пішіндегі тас, ағаш кесіндісі, т.б. Осы заттарға ерекше қасиеттер (емдеу қасиеті, аңшылықта көмектесу, жаулардан қорғау) таңылады. Егер фетиштік заты бар адам өзінің өмір тіршілігінде табысқа жетсе, онда ол маған фетиш көмектесті деп затты қастерлеп, өзінде қалдырған. Ал, адам сөтсіздіктерге ұшыраса, онда фетишті жарамсыз деп санап, оны басқа затпен алмастырған. Ежелгі адамдар фетишке арнайы орын дайындап, оған сиынған. Кейінгі дәуірлерде адамдар фетиштерді жануар және адам кескінінде жасап, оларға тылсым күдірет күші ретінде сиынатын болған. Осылайша алғашқы дәуірлерде қарапайым фетиштіктің жаңа түрі *пұтқа табынушылық* қалыптасты. Енді құдайларды, рухтарды өз ойларында кескіндеп, бейнелеп, соларға табына бастады. Бұл – пұтқа табынушылықтың көрінісі (*4-сурет*). Фетиштің элементтері бүгінгі күнгі көптеген діндерде кездеседі, бірақ олардың мазмұны әртүрлі.

Магияның қандай түрлері бар?

Магия (сиқыр). Магия – грекше «сиқыр» деген сөз. Тылсым, құпия күштерге және олардың көмегімен айналадағы шындыққа әсер ету мүмкіндігіне сенуге байланысты салт-жоралар және әрекеттер жиынтығы.

Магия – анимизм және тотемдікпен қатар пайда болған құбылыс. Оның негізінде рух өлмейді деген сенім жатыр. Магияның пайда болуы, оның мәні және дінмен арақатынасы туралы мәселелерде ғылымда әлі қарама-қайшы тұжырымдар бар.

Магияның (сиқырдың) дінмен арақатынасы қандай? Магиядан дін шыққан ба, әлде діннен магия шыққан ба деген сұраққа ғалымдар әртүрлі жауап берген. Дж.Фрэзердің пікірінше, магия мен діннің бірібірімен тектік бірлігі жоқ. Оның үш себебі бар. Біріншіден, магияның негізінде табиғат құбылыстары бірыңғай заңдылықтарға бағынады деген сенім жатыр, ал дін заттардың табиғи құрылымы мен үдерісіне жоғарғы тылсым күдірет араласады деп сенеді. Екіншіден, дін – өзіндік болмысы бар құбылысқа сену, ал магия – жансыз немесе кескінісіз күштермен әрекет ету. Үшіншіден, дінде жалбарынады, ал магия күштейді.

Сондай-ақ діндердің барлығы дерлік магияға тыйым салады. Сиқыр діндерде адамның дәрменсіз, шамасы келмеген кезде тылсым бір күш арқылы армандаған нәрсесіне ұмтылуы деп бағаланады. Ал дін нақты, саналы іс-әрекетке сүйенеді.

Жалпы, магияны ақ және қара магия деп бөледі. Зиянды магия – тамақ, киім, т.б. заттар арқылы әсер етеді деген түсінік болды. Магияның емге, махаббатқа, ауа райына, тіпті кәсіпке де әсері болатын күшіне сену әлі де кездеседі.

Ғалымдар көне діни сенім түрлерінде төмендегідей ерекшеліктердің болғанын анықтаған:

1. Құдіретті жаратушы, әлемді басқарушы «Құдай» деген сенімнің жоқтығы. Жаратушының орнына материалды заттар, табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер ерекше тылсым қасиетке ие.
2. Тіршілік пен ғұрыптың араласып кетуі (ажырамауы): ежелгі адамдардың өмірі тек діни ғұрыппен өткен десе болады. Олардың әрбір іс-әрекеті, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері рәсімдер мен қағидаларға сәйкес.
3. Діни құлшылықтың ру-тайпалық сипатта болуы. Әрбір тайпаның өзінің табынатын пұты болған: біреулері белгілі бір аңға, басқалары өлген адамның рухына, сиқырдың керемет күшіне, т.с.с. табынған.

Аңшылық, балық аулау сияқты кәсіппен айналысатын Африка, Аустралия, Тынық мұхит аралдары мен Бразилияда өмір сүретін кейбір тайпалардың әлі де өз діндері бар. Ол діндерді ғалымдар «тайпалық діндер» немесе алғашқы қауымдық қоғамнан қалған «алғашқы қауымдық діндер» деп те атайды. Бүгінде алғашқы қауымдық діндерді ұстанатын халық әлемнің 5%-ын құрайды. Мәселен, динка діні (Оңтүстік Суданда), аину діні (Солтүстік Жапон аралдарында), маори діні (Оңтүстік Тынық мұхиты аралдарында), га діні, намба діні (Оңтүстік-батыс Тынық мұхитындағы Малекула аралдарында) сияқты діндер осы түрге жатады.

Ежелгі Мысыр дінінде қандай сенімдер басым?

Ежелгі Мысыр діні. Ежелгі Мысыр діні жайлы мәліметтер пирамида, құлпытастар мен табыттардың жазбаларында кездеседі. Бұл ескерткіштерден анимизм, натурализм және тотемизм сенімдерін көруге болады.

Ежелгі Мысыр дінінің өлілерді құрметтеу, өлгеннен кейін о дүниенің бар екеніне сену және өлілерге жасалатын рәсімдер, жануарларды құрметтеу және жануарларға жасалатын рәсімдерден тұрғаны байқалады. Құдайлар маймыл, қошқар, қолтырауын (крокодил), сиыр, т.б. жануар кейпінде бейнеленген және ежелгі мысырлықтар сол жануарларға табынған. Ежелгі мысырлықтар өлгендердің рухтары өз араларында жүретініне, біршама уақыттан кейін денесіне қайта оралатынына сенгендіктен, олардың денелерін шірітпей, мумиялап сақтаған. Перғауындар денелері пирамидаларда қойылған.

Пирамида ежелгі Мысыр перғауындарының қабіріне ескерткіш белгі ретінде (Гизадағы Хеопс пирамидасы және тағы да басқалары) тұрғызылғанымен, кейбір пирамидалар ғибадатхана, қазына қоймасы рөлін де атқарды (*5-сурет*).

Ежелгі Мысыр дінінде тотемизм, анимизм сенімімен қоса натурализм сенімі де кездеседі. Оған олардағы «Ра» немесе «Амон-Ра» – күн құдайы,

түнек құдайы – «Апоп», аспан құдайы – «Нут», құйын, дауыл және жел құдайы – «Сет» дәлел болады.



Аңыз-шежіре

Аңыз бойынша, әр құдайдың өз сүйікті жануары болған. Мысалы, Амон-Раның Апис атты өгізі арнайы храмда бағылған. Ал Раның қоңызы болған. Осындай «қасиетті» жануарлар мен жәндіктер өлгеннен кейін олардың денелерін мумияға айналдырып, үлкен құрметпен жерлейтін болған.

Ежелгі грек дінінің ерекшелігі қандай?

Ежелгі грек діні. Ежелгі гректер үндіеуропа тобына жататындықтан, олардың діні ежелгі үнді діндеріне жақын келеді. Ежелгі грек діні политеистік дін және натурализм, анимизм сенімдерімен ерекшеленеді.

Кейбір дін зерттеушілері ежелгі грек дінін құдайларға құрбандық шалу сияқты жалпы грек халқы орындайтын халық діні және ежелгі грек ақыны Орфей құрған мистикалық дін деп екіге бөледі. Бірақ бұл дінді гректің беделді адамдары ғана ұстанған. Ежелгі грек сеніміне сәйкес мистикалық дін арқылы адамдар құдайларға тән сипатты өз бойына жинақтайтын болған. Олар осы жол арқылы құдайлар дәрежесіне жетуге болады деп сенген.

Ежелгі гректер құдайларын адам кейпінде елестеткен және құдайлар аспанның ең биігінде отырады немесе аспанмен таласқан Олимп тауының ұшар басын мекендейді деп сенген.



5-сурет. Абу Симбел гибадатханасы. Мысыр



6-сурет. Афина бейнесі

Оларда ең үлкен құдай – Зевс, адамзаттың, құдайлардың құдайы әрі күн тәңірісі. Одан басқа Зевстің ұлы Аполлон – мейірімділік құдайы, Зевстің әйелі Гера – отбасы мен әйелдердің құдайы, Зевстің қарындасы Деметра – егін шаруашылығы құдайы. Зевстің қызы Афина – Афина қаласын қорғаушы (6-сурет), Посейдон – теңіз құдайы, Зевстің ұлы Гермес – береке құдайы, Артемида – аңшылық құдайы, Афродита – сұлулық құдайы, Элена ғашықтық құдайы болған.

Ежелгі грек дінінде Посейдон, Зевс және Аид (өлілер құдайы) атты үштік құдай сенімі де кездеседі.

Ежелгі гректер құдайларын адам кейпінде түсінгендіктен, олар үйленіп, бала-шағалы болатынына, тіпті олардың түрлі қылмыс жасайтындығына сенген. Сондықтан ежелгі грек құдайлары арасында ұры, қанішер, өтірікші, залым құдайлар да кездеседі.

Ежелгі грек дінінде құдайлардың өздеріне тән мүсіндері болған, тіпті оларға арнап храмдар да салған.



Аңыз-шежіре

Грек аңызында Деметраның жас әрі сұлу қызы Персефонаны Аид құдай көріп, ғашық болып қалып, ұрлап кеткендігі айтылады. Қайғыдан жаны құлазыған Деметра қарапайым әйелдің бейнесіне айналып, қызын іздеуге шығады. Өсімдік біткеннің бәрі қурап, жердегі тіршілік құриды. Адамдар Зевске мұңдарын шағады. Зевс адамдарға жаны ашып, Персефонаның жазда анасымен, қыста күйеуімен бірге болуын бұйырады. Персефона анасына келеді. Жердің бетіне тіршілік қайта оралып, гүлдеп қоя береді. Күзде ол күйеуіне қайтқанда табиғат қайтадан сола бастайды.

Ежелгі Рим діні қандай сенімдер негізінде құрылған?

Ежелгі Рим діні. Ежелгі Рим дінінде анимизм сенімі басым. Олар өлі рухтардың адам тіршілігіне әсер ететініне, тіпті адамның тағдырын басқаратынына сенген. Сондықтан ежелгі римдіктер жылына екі мәрте өлілерге арнап діни рәсімдерін өткізген және зираттарға барып, өлі рухтарға бағыштап әртүрлі құрбандықтар шалып отырған. Римдіктерде

о дүниелік өмір жайлы түсінік айтарлықтай бірізді емес. Дегенмен өлген адамның жаны жерленген жерге оралады деген түсінік болған.

Ата-баба рухына тағзым ету римдіктерде ұрпаққа аманат етілген. Егер аруақтар ескерусіз қалса, қатыгез әрі кекшіл күш – *гламурларға* айналады деген ұғым болған. Римдіктер құдайлармен қатар отбасы рухтарына да ерекше мән берген, олардан жәрдем сұрайтын болған. Оларда әр отбасының кие тұтқан қорғаушы құдайлары мен оларға құлшылық жасау рәсімдері болды. Отбасылық рәсімдерді отағасы ошақтың алдында жасайтын. Мысалы, отағасы жаңа туған нәрестені ошақ басына әкеліп, өзінің баласы екенін ресми жариялап қабылдайтын рәсім болған. Отағасы қабылдаған құдайды барлық отбасы мүшелері де отбасы «қорғаушысы», «жәрдемшісі» ретінде қабылдаған. Шешелердің де өз құдайын қабылдауға құқығы болған. Үйге жас келін түсіретін, әйелдердің бала тууына жәрдемдесетін Юнон Құдайы мен үйді қорғайтын есік құдайы Янус ерекше құрметтелген.

Ежелгі римдіктер құдайларының мүсінін жасамаған, бірақ кейінгі заманда (гректердің ықпалы болуы мүмкін) құдайларының мүсінін жасау етек алған. Тіпті құдай аттары да грек құдайларының аттарымен ұқсас. Олар жайлы аңыздар да грек аңыздарының желісінде айтылған. Мәселен, гректердің Гераклын римдіктер Геркулес деп атап, өз аңыздарына қосқан. Ежелгі Рим дінінің басты құдайлары: аспан құдайы – Юпитер, Юпитердің әйелі – Юнона құдай, ақыл құдайы – Минерва. Бұлар гректердің Зевс, Гера, Афина құдай түсініктеріне жақын болып келеді. Жарық пен музыка құдайы – Аполлон, соғыс құдайы – Марс, егіншілік құдайы – Сатурн, сондай-ақ Меркурий, Венус, Оптимус, Церера, Либер, Диана, т.б. құдайлар жатады. Бұл құдайлардың көпшілігінің құрметіне храмдар (*мысалы, 7-сурет*) тұрғызылған.

Юпитердің құрметіне жылда римдік ойындар өткізіліп отыратын, Марстың құрметіне Римдегі Жаңа жыл наурыз айынан басталатын. Сатурнның құрметіне желтоқсанның аяғында көңілді мереке ұйымдастырылып, адамдар әртүрлі киініп, балаларға тартулар мен тәттілер үлестіретін. Кейінірек Египеттік Исида, Осирис, Кибел құдайларының ғұрыптарын да қабылдай бастады. Сондай-ақ иран діні митраизмдегі Митра атты құдай римдіктерде Күн құдайы болып есептеледі. Тіпті олар ошаққа, отқа табынған және Римде балгерлік, сиқырлық кең тараған.



*7-сурет. Сатурн
ғибадатханасы. Рим*

Ежелгі римдіктер құдайларға мал шалу немесе жеміс-жидектен құрбандық беру кезінде арнайы дұғалар оқып, рәсімдер орындаған. Оларда құрбандық шалу кезінде құдайға жасалған дұғаның магиялық күші бар деген сенім болған.

Ежелгі Месопотамия діндеріне қандай діндер жатады? Олар қалай, қашан пайда болды?

Ежелгі Месопотамия діндері. Ежелгі Месопотамия аймағында жасалған археологиялық қазбалардың нәтижесінде мұнда түрлі діндердің болғанын байқауға болады. Қазба жұмыстарынан табылған заттарға қарағанда онда *политеистік сенім* басым болғаны аңғарылады. Сонымен қатар *монотеистік діндер* де кездеседі.

Атақты шумеролог С.Крамердің «Жазу Шумерден басталады» деген еңбегінде: «... олардың б.з.б. 4 мыңыншы жылдары Орта Азиядан Месопотамияға, қазіргі Оңтүстік Ирак жеріне қоныс аударған түркілермен туыс қауым деген болжам бар. Себебі шумер мәдениеті мен Орта Азиядағы түркі мәдениеті арасында жақындық көп. Оған бір ғана ежелгі шумер құдайының аты «Дингир» мен қазақ тіліндегі «Тәңір» сөзінің айтылуы мен мағына ұқсастығы дәлел бола алады», – деп жазылған.

Шумерлер алғашында түркілер сияқты бір тәңірге табынған қауым болғанымен, кейін оларда семит тайпаларымен араласуына байланысты тотемизм, анимизм және натурализм сенімдері пайда болған. Шумер сенімі бойынша, ең ұлы құдай адамзатты өзіне табындыру үшін топырақтан жаратқан делінеді. Олардың ескі саз балшық жазбалары жер бетінде топан су қаптағаны туралы мәлімет береді.

Шумерлерде арыстан, бүркіт төрізді жануарлар мен құстар қасиетті саналған. Қоршаған ортадағы заттардың рухтары болады деп есептеген. Сонымен қатар әр қаланың жеке өз құдайлары болып, олар «Ана құдай» деп аталатын ортақ бір құдайдың бөлшегі екендігіне сенген.

Шумерлердің әйгілі «Гильгамыш» дастанында патшалар құдайдың ұлы деп есептелген, тіпті патшаларға құдай сияқты табынған. Шумерлерде ғибадатханалар (зиккураттар) жоғарыға қарай баспалдақ пішінінде тұрғызылатын (пирамида төріздес) болған және ғибадатханалар аспандағы құдайдың үйі болып есептелген. Дінбасылары ғибадатханаларда діни рәсімдер жасаған. Зиккурат Вавилон Ассирия өркениетіндегі басты храм болып саналады. Зиккурат (sigguratu) көне вавилон тілінде «биік», «шың» деген мағына береді. Сатылы биік храмдар Евфрат пен Тигр өзендерінің аралығында б.з.б. IV мың жылдықтың соңында салына бастады. Месопотамия зиккураттары көне тарих барысында құлшылық орны болуымен қатар, патшалардың салтанаты болған.

Ассириялық пантеондарда көне тайпалық құдай Ашшур басты құдай (құдайлар патшасы) саналды. Ол құс қауырсынымен мүсінделіп, көне тотем – көгершінмен байланыстырылды.

Б.з.б. III ғасырда Месопотамиядағы билік шумерлерден кейін семит тектес ассириялықтарға өткен. Ассириялықтардың діні шумер дініне ұқсас келеді. Шумер діні сияқты ассириялықтардың әр қаласында жеке құдайлары болған. Сонымен бірге күн құдайы – «Шамаш», ай құдайы – «Син», жұлдыз құдайы – «Иштар» деген шумер құдайлары ассирия ілімінде де жалғасын тапқан. Ассириялықтарда балгерлік кең етек алады. Олар жауынгер халық болғандықтан, соғыс кезінде немесе соғысар алдында құдайларына құрбандық шалып отырған және құрбандық шалу өте маңызды рәсім болып есептелген.



Аңыз-шежіре

Аңыз бойынша, адамдар құдайларға бағынбай, оларды ашуландырған. Сол себепті құдай адамдарды алапат су тасқынымен жойып жібергісі келеді. Тек жалғыз адам – Утнапиштим ғана құдай жолымен жүрген. Сондықтан су құдайы Энки оны аяп, су тасқыны болатынын хабарлайды. Утнапиштим кеме жасап, оған отбасын отырғызып, мал-мүлкін тиейді. Алты күн, алты түн оның кемесі бұрқанған толқында ойыншық қайықтай қалтылдап жүрді. Жетінші күні дауыл басылды. Ашық теңіздің ортасында қалған Утнапиштим қарғаны босатып, қоя береді. Қарға қайтып оралмайды. Жақын маңда жер бар екенін түсінген ол көп ұзамай сол жерге келіп тоқтап, құдайларға құрбандық шалады. Құдайлар адамдарды кешіреді.



Білу

1. Тотемизм деген не?
2. Анимизм қалай қалыптасты?
3. Қандай зат фетиш бола алады?



Түсіну

1. Тотемизм өнердің дамуына қалай ықпал етті?
2. Неліктен діндердің барлығы дерлік магияға тыйым салады? Діннің дүниетанымдық, мәдени-өркениеттік және гуманистік мәнін түсіндіріңдер.



Қолдану

1. «Жасырын сурет» тәсілімен бір оқушы көне діни сенімдерге (тотемизм, фетишизм, анимизм, магия) байланысты салынған

суретті жұбына көрсетпей қарап шығады. Содан соң жұбына осы суретті сипаттайды. Тыңдап отырған оқушы алдымен суреттің қай діни сенімге қатысты екенін айтады. Суретті өз түсінігімен салып шығады. Жұптар алмасып жұмыс істейді. Ең соңында салған суреттерін түпнұсқамен салыстырады.

2. QR-code арқылы берілген мәліметті тыңдап, бүгінгі тақырыппен байланысты талқылаңдар.



Талдау

1. Дін мен магияның айырмашылықтарын талдап, кестені толтырыңдар.

Дін мен магияның айырмашылықтары	
Дін	Магия

2. Қазақ халқында қандай тотемизм, анимизм, фетишизм элементтері болған? Талдау жасаңдар.

Жинақтау

1. Ежелгі діни нанымдар жайлы не білесіңдер? Діндер тарихы мен сенім ерекшеліктері неде? Тарих пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, оқулықтағы мәліметті толықтыра отырып, тақырыпты қорытындылаңдар.
2. Аскеттік өмір салты деген не?
 - А) Фетишизм
 - В) Анимизм
 - С) Пұтқа табыну
 - Д) Адамдарға тән тілектерден бас тарту

Бағалау

Қалай ойлайсыңдар, дінге соқыр сеніммен табыну (фанатизм) неге әкелуі мүмкін? Ойларыңды мысалмен дәйектендер.

§7. Шығыс елдерінің діни дүниетаным жүйелері. Зәрдүштік діни ілім жүйесі

Ведалық кезеңнің ерекшелігі неде?

Ежелгі үнділердің діни танымы. Көне замандарда (Ведалық кезең) Үнді жеріне солтүстік жақтан көшпенді *арий тайпалары* келген. Олар аспан, жер, от, жел, су, т.с.с. табиғатты «басқарып» тұрған көп құдайларға табынған. Оларға құрбандық шалып, от жаққан. Құрбандық шалу кезінде құдайларға мақтау өлеңдер айтып, би билеген. Кейін сол мадақ өлеңдердің мәтіні жазылып, ол Веда деп аталған. Веда – көне үнділердің діни танымының (индуизм) көзі. Төрт Веда сақталып қалған: «Ригведа», «Самаведа», «Яджурведа» және «Атхарваведа». Ежелгі Үнді дінінің сол кезеңі (б.з.б. II–I мыңжылдық) Ведалық кезең деп аталды. Арийлер бұл кезеңде жергілікті үнді халықтарымен араласып, діндері жаңаша дами бастаған. Бұрынғы құдайлардың қатарына **өмір, махаббат** құдайы сияқты жаңа құдайлар қосылды. Құрбандыққа шалынған малдардың орнын күріш, өсімдік майы, жеміс-жидектер ауыстырды. Діни рәсімдер орындау кезінде **брахмандар** басты рөл атқарған.

Касталық ұғым қалай пайда болды?

Веда кітаптарын оқи алатын сол кезеңдегі ең сауатты адамдар брахмандар (дін қызметкерлері) еді. Брахмандар көне үнділер қоғамында өте жоғары беделге ие болды. Олардың мүлкіне тиісуге, сөздерін өтірікке шығаруға болмайтын еді. Ведалық әдет-ғұрыптар уақыт өткен сайын қиындай берді. Брахмандар оларды жаңа заманға лайықтап, қажеттілігін ұғындыруға тырысты. Олар ежелгі гимндерді жатқа айтып, Веда кітаптарын түсіндіріп, діни ұғымдарды қалыптастырып отырды. Брахмандар «*Ригведа*» кітабы бойынша әр адам туғанынан белгілі бір кастаға (сынып, топ) жатады деп түсіндірді. Ондағы жазбада Пуруша деген құдайдың мың басы, мың аяғы бар. Оның аузынан – діни адамдар (*брахмандар*), қолынан – әскери адамдар (*кшатрилер*), денесінен – саудагерлер, қолөнершілер, диқандар (*вайшилар*), табанынан – төменгі тап құлдар, кедейлер (*шудралар*) шыққан. Басынан – аспан, ойынан – ай, көзінен – күн пайда болған. Брахмандар адамның белгілі бір кастада тууына оның бұрынғы өмірі, істеген күнәсі (карма) әсер етеді деп түсіндірді. Осы

төрт топ **варналар** (санскрит тілінде «түс») деп аталады. Өр адам өз кастасындағы адамдармен араласып және өз кастасына қатысты шаруамен айналысуы керек болған. Олардың сенімі бойынша, егер адамдар осы өмірде өз касталарының қағидаларын сақтаса, келесі өмірде олар жоғары *кастада* туылады.



Аңыз-шежіре

Діни-мифологиялық екі үлкен дастан – «Махабхарата» және «Рамаяна» Үндістанның ежелгі өміріне арналып жазылған. «Махабхарата» патшалар арасындағы соғыс туралы болса, «Рамаяна» поэмасы Рама патшаның күйеулер сайысы – садақ тартудан озып шығып, сұлу қыз Ситаға үйленгені туралы. Алайда зұлым құбыжық Равана Ситаны Ланку аралына алып қашып кетеді. Рамаға маймылдар патшасы Хануман көмектеседі. Рама мен Хануман бастаған жауынгерлер Равана әскерімен жан аямай шайқасады. Ақыры Рама жеңіске жетеді. Үндістанда бұл оқиғаларды дәстүрлі түрде сахналандырып, мереке ұйымдастырады.

Йога қалай пайда болды?

Брахмандық кезең. Ежелгі Үнді дінінің б.з.б. X–VII ғасырлар аралығы *брахмандық кезең* деп аталады. «Брахман» сөзі *дін қызметшісі, жаратушы құдай, мақтау дұғасы* деген бірнеше мағына береді.

Брахмандар қоғамдағы адам өмірі мен өлімінің мәнін ашуға тырысты. Брахмандардың сенімі упанишад ілімі негізінде дамыды. Ол бойынша брахмандарға *аскеттік өмір салтын кешу*, тән азабын тарту міндеттелді. Брахмандар адамның рухын лас тәннен өлмей тұрып бөліп алуға болады деп сенген. Осылайша брахмандықта йога – дене тәрбиесі дүниеге келген. Йога арнайы жаттығу тәсілдері арқылы олар рухын игеруге, ақыл-сезімдерін бағындыруға тырысты. Олардың танымында Рух бір денеден екінші денеге көшіп жүретін, өлмейтін зат болып саналады.

Брахмандар тылсым әлем және «брахма» ұғымы жайлы «Араньяки» деп аталған діни кітап жазған. Онда бұрынғы көпқұдайлық ұғымы бір брахман ұғымына жинақталған. Брахманның бойынан барлық жасампаздық сипаттар табылады. Ол – жалғыз, ешқашан өзгермейтін мәңгі жасаушы, бәрін басқарып тұрушы. Сонымен қатар ол табиғаттың бес элементін: *от, су, топырақ, ауа және эфирді* жасайды. Жұлдызды тудырады, тауларды көтереді, теңіздерді толтырады. Дегенмен брахмандардың бұл ілімі үнді халқының көпқұдайлық түсінігін, өртүрлі діни сенімдерін бір арнаға біріктіре алмады.



Дінтану әліппесінен

Аскеттік (дегдарлық) өмір салты – адамға тән тілектер мен сезімдерден бас тарту.

Йога ертеде б.з. IV–II ғасырларда пайда болған. «Йога» сөзі «байланыс», «бірлік» деген мағына береді, оның негізін қалаушы – кемеңгер Патанджали. Оның йога жүйесі ақылмен басқару ретінде әйгілі болды. Йоганың мақсаты – денсаулықты жақсарту не уайым-қайғыдан ада болу.

Үнді дінінің ерекшелігі неде?

Үнді діні (индуизм). Қазіргі Үндістандағы басты діндердің бірі болып есептелетін, үнді халқының ежелден қалыптасып келе жатқан дәстүрі мен ұлттық сеніміне негізделген дін. Үнді халқы өздерінің ұлттық діндерін «санатана-дхарма» деп атаса, еуропалықтар «индуизм» деп атап кеткен. Үнді дінінің нақты сенім жүйесін дөп басып айту қиын. Себебі бұл дінде құдай түсінігі әртүрлі болып, бірнеше пішінде суреттеледі. Әр адам, әрбір үнді тайпасы өз көзқарасына сай құдайға сипат бере алады. Содан болар үнділер қазіргі кездегі әлемдегі діндердің құдай туралы түсініктерін теріске шығармай, түрлі бейнеде, сан қилы түсінікте қабылдай береді. Бүгінгі Үндістанда әртүрлі пішіндегі 3333 құдай мүсінін кездестіруге болады екен (8-сурет).

Индуизм – *монотеистік, политеистік, пантеистік*: үштік құдай сенімін жатсынбай, бәрін бірдей қабылдай беретін дін. Ригведада: «Жаратушы біреу, бірақ даналар оны түрлі есіммен атайды», – дегендей, бұл дін монотеистік дін болып көрінгенімен, *үштік құдай (тримурти) сенімі*: *Брахма – әлемді жаратушы, Вишну – әлемді қорғаушы, Шива – әлемді бұзушы және қалпына келтіруші* деген сенім де кездеседі. Осы діндегі сенім бойынша, құдай әрдайым адамдармен бірге. Сондықтан осы діндегілер Вишну құдайдың адам кейпінде жер бетіне келіп (аватара), әлемге әділдік орнататынына сенеді. Осы сенімге орай үнді аңыздарындағы Рама, Кришна, Гита адам кейпінде жерге түскен Вишну құдай саналады.



8-сурет. Үнді гибадатханасы



9-сурет. Қоладан
құйылған Шива мүсіні

Индуистер ақирет туралы түсінігі бойынша, адам жаны ешқашан өлмейді және басқа өмірге кетпейді де, жан тек бір денеден келесі денеге орын ауыстырады (реинкарнация). Осылай жан тек тән ауыстыра отырып, мәңгілікке жалғасады.

Сонымен қатар осы діндегілер «карма» сенімі арқылы дүниенің әділдігі сақталатынына сенеді. Карма сенімі бойынша, адам істеген жақсылығы мен жамандығының нәтижесін келесі дүниеге барғанда көреді. Бұрын өмір сүрген кезінде жақсылық істесең, кейінгі өміріңде де жақсылықпен ғұмыр кешесің. Ал жамандық істесең, алдыңнан тек жамандық күтеді. Осылай әділеттік жүзеге асады.

Индуизмнің ғибадат негіздері: өлілерге құрбандық шалу; күнді құрметтеу; үйде от жағу; әр жағдайда дұға оқу; құлшылық жасау; Кришнаның туылған күні мен Шива (9-сурет) кеші сияқты қасиетті күндерді атап өту; киелі кітаптарды оқу.

Джайнизмге қандай сенім тән?

Джайнизм – үнді дінінің касталық жүйесі негізінде қалыптасқан (б.з.б. VI ғ.) ағымдардың бірі. Оның құрушысы Вардхамана деп саналады (б.з.б. 599–527). Вардхамана 30-ға жақындағанда дүниеден безіп, аскеттік өмірге түседі. Ол ұзақ уақыт рухани шынығумен, өзін-өзі қинаумен өткізеді. Ол бұдан соң азапты өмірден құтылу жолы жер бетіндегі тірі табиғатқа зиян келтірмеу (ахимс қағидасы) деп түсінеді.

Сондықтан джайнистер Вардхаманаға «Махавира» немесе «Джина» (жеңімпаз) деген атақ берген. Осыған орай оның құрған діни ағымы «джайнизм» деп аталады.

Ежелгі джайнизмде жаратушы құдай сенімі кездеспейді. Себебі Вардхамана құдай туралы ешқандай пікір айтпаған. Джайнистер осы ілімді уағыздаушыларға табынады. Махавираның өлімінен кейін оның аскеттік өмірі жайлы ілімі негізінде джайнизм монахтығы қалыптаса бастады. Бұрын джайнизм монахтары кезбелікпен өмір сүрсе, кейінгі монахтар монастырларда оқшауланып, бір орында тапжылмай отырып құлшылық жасайды. Джайнизмнің моральдық ұстанымдарында адам-

ның ешбір жәндікті өлтірмеуі, өтірік айтпауы, барлық тіршілік иесіне құрметпен қарауы, байлықтан бас тартуы, ұрлық жасамауы тиіс.

Джайнизмнің «Агама» («Сиддханта») атты 12 қасиетті кітабы бар.



Дінтану әліппесінен

Джайнизм дініндегі тақуалар ет тағамдарын жемейді, ұсақ жәндіктер ауыздарына кіріп кетпес үшін ауыздарын байлап алады. Жартылай жалаңаш, аш жүреді. Тек жер бетінде өсіп тұрған жемістер мен көкөністерді ғана жейді. Жәндіктерді басып өлтірмеу үшін қолдарына сыпырғы ұстап жүреді.

Конфуцийдің ілімі неліктен кең таралды?

Конфуцийлік діннің шығуы мен дамуы. Конфуцийлік – Қытай тарихында халықты бір дүниетанымға жұмылдыру үшін ойластырылған философиялық-дүниетанымдық мектеп. Оның негізін қытай ойшылы Кун Фу-Цзы (Конфуций) *қыт.* Кун – ұстаз) қалады (*10-сурет*). Ол қазіргі Шаньдун аймағында (Батыс Қытай) шамамен б.з.б. 566 жылы дүниеге келіп, 479 жылы қайтыс болған.

Конфуций ауқатты отбасында дүниеге келсе де, 3 жасында әкесі қатыгездікпен өлтіріліп, кедейлік тауқыметін көріп өседі. Жасынан өнерге, білімге құмар болып өскен ол адамдардың қарым-қатынасына, олардың мүмкіндігіне, қоғамның тұрмыс-тіршілігіне терең үңіледі. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі ілімді, дүниетанымды меңгереді. Конфуций ойшылдығымен, ілімімен кең танылып, 20-дан асқан шағында «Аспан асты ұстазы» атанады. Жастай мемлекеттік істерге араласып, ең жауапты қызмет – Лу патшалығының сот істерін басқарады. Елдегі өз алдына билік құрғысы келген таққұмар, сатқын, қу шенеуніктерді, солардың кесірінен ел билеген патшалардың құлағанын көреді. Билік жүйесінің құлдырағанына, аса киелі саналған патша тағы сұрқия саясаттың ойынына айналғанына куә болады. Кун Фу-Цзы елді бұндай бейберекет жағдайдан шығару жолдарын іздестіреді. Ол осы мақсатта шәкірттерімен әр аймақтағы жеке патшалықтарға өз ілімін тарату үшін Қытайды түгел аралап шығады. Ізіне ерген 3000 шәкіртіне Конфуций қоғамға, еліне пайдалы, адамдарға мейірімді болуды өсиет етеді.



10-сурет. Конфуций

Конфуций ілімінің өміршеңдігі неде?

Конфуцийлік ілім. Конфуцийдің өлімінен кейін шәкірттері оның өсиеттеріне сүйене отырып, бес мінез-құлық ережесін қалыптастырған:

1. Патша мен халық арасындағы құрмет пен сүйіспеншілік.
2. Әке-шеше мен бала арасындағы құрмет пен сүйіспеншілік.
3. Ерлі-зайыптылар арасындағы құрмет пен сүйіспеншілік.
4. Достар арасындағы құрмет пен сүйіспеншілік.
5. Үлкендер мен кішілер немесе бүкіл адамдар арасындағы құрмет пен сүйіспеншілік.

Конфуцийлік ілімде патша, ерлер, үлкендер – әділ басқарушы, ал халық, жұмысшы, әйелдер мен кішілер оларға бағынушы болуы керек. Өзара туралықты талап ету және бір-біріне құрмет көрсету басты қағида болып табылады. Қоғамдағы ұстаз бен шәкірт, әке мен бала, басшы мен қызметші, ер мен әйел, үлкен мен кіші арасындағы байланыстарда жоғарыда аталған қағидалар сақталуы керек. Сондай-ақ Конфуцийдің: «Өздерің ұнатпаған нәрсені басқаларға істемендер», – деген сөзіне сай, адамдар, әсіресе патшалар жақсылыққа бейім болуы тиіс.

Конфуций көзі тірісінде қандай да бір нақты құлшылық рәсімін қалыптастырмаған. Бірақ Конфуцийдің өлімінен кейін оның зиратының басына құрбандық шалынып, ғибадатханалар тұрғызыла бастаған. Император Лудың жарлығымен Конфуцийдің өз үйі құрбандық шалу орнына айналды. Билікке келген әрбір император құрбандық шалу дәстүрін салтанатты шараға айналдырып отырды. Хань дәуірінен бастап бұл дәстүр мемлекеттік маңызға ие болды.

Конфуцийді құрметтеу қазірге дейін жалғасып келеді. 1984 жылдан бастап Конфуцийдің отаны Цюйфу қаласында конфуций мәдениетінің халықаралық фестивалі өткізіліп тұрады.

Конфуций қандай еңбектер қалдырды?

«Алтын ғасыр» ілімі. Мемлекет және ел билігі мәселесінде Конфуций Қытайды үлкен бір отбасы ретінде қарастырады. Оның ең жоғарғы билеушісінен бастап, ең төменгі қызметшісіне дейін өзіне жүктелген істі мұқият орындауға, тиісті тәртіпті сақтауға міндетті болды. Ел билеушісі қол астындағыларға өз балаларындай қарау керек, ал қол астындағылар билеушіге адал, берілген болуы керек. Кун Фу-Цзы алғашқы императорлар кезінде қаншама тәртіп, салт болған болса, соны толық қалпына келтірген жән деп білді. Бұл ілім қытайлар арасында «Алтын ғасыр туралы ілім» деп аталды.

Конфуций өмірінің соңғы жылдарын ізбасарларын жақсы істерге баулып, тәлімге толы «Ши цзин» («Өлең кітабы»), «И цзин» («Өзгеріс кітабы»), т.б. кітаптарды жүйелеуге арнады. Ғұламаның шәкірттері оның

ілімдері мен әңгімелеріне сүйеніп, «Лун юй» («Әңгімелер мен пайымдаулар») деген кітапты құрастырды.

Конфуцийден кейін Цзы Чжан, Цзы-сы, Ци Дяо, Чжун-лян, Мэн Цзы, Сюнь Цзы, Юэ Чжан, т.б. шәкірттері өзара қарама-қайшылыққа толы бірнеше конфуций мектептерін қалыптастырды. Олар конфуцийлікті біздің заманымыздың I–II ғасырында бүкілқытайлық дін дәрежесіне дейін көтерді.

Бірнеше патшалыққа бөлінген Қытай б.з.б. II ғасырда Хань әулетінің басшылығымен біртұтас мемлекетке айналып, Конфуций ілімі ресми идеология болып қабылданады. Ал Конфуций Қытай рухани тарихындағы ең үлкен тұлға болып қалады. Оның ілімі ұлттық діни дүниетаным ретінде дамып, Қытай мәдениетінің негізгі бағытын айқындаушы ілім болды. Конфуций ілімін қазіргі күнге дейін қытайлықтар үлгі-өнеге тұтады.



Дінтану әліппесінен

Ауқатты қытайлықтар отбасында өзін-өзі ұстау мәдениетіне бала күнінен дағдыланады. Балалар ата-аналарын тындап, оларды құрметтеуге тиісті болды. Мәдениетті қытайлық үйге кірер алдында аяқ киімін шешеді. Отырғанда өкшесіне сүйеніп, тік отырады. Тамақты екі ұзын таяқшамен жеген. Осы әдет қазір де бар.

Дао ілімінің негізгі ұстанымы қандай еді?

Дао ілімі. Дао – б.з.б. VI–V ғасырларда конфуцийлік сияқты Қытайда қалыптасқан діни-философиялық ілім. Дао ілімі тұтас бір діни ілім ретінде «Дао дә цзин», яғни «жол мен құт қағидасы» деген философиялық топтама жазылғаннан кейін қалыптасты. Бұл ілімнің негізінде «дао» мен «дә» түсінігі жатыр. Дао – тура жол: әрі құдай әрі сөз. Оның не түрі, не түсі, не заты жоқ, бірақ ол мәңгілік тұрақты. Барлық қозғалыстың, өзгерістің себебі. Дао ілімі бойынша, әлемдегі жаратылыстың бәрі, адам, табиғат, жыл мезгілі, уақыт, бір жолмен қозғалып, сол жолдың бойында өзгеріп, құбылып тұрады. Өзгермейтін еш нәрсе жоқ. Тұрақты қалпында қалатын жалғыз дао ғана. «Адам жерге, жер аспанға, аспан даоға, ал дао өзіне-өзі тәуелді», – дейді дао ілімінің негізін салушы қытай ойшылдарының бірі – **Лао Цзы** (шамамен б.з.б. 580–500). Дао ілімінің негізін алғашқы қалаушылар – **Чжуан-цзы** (шамамен б.з.б. 399–328), **Ле-цзы** (шамамен б.з.б. 430–349), **Ян Чжу** (шамамен б.з.б. 440–380), т.б. Бірі даоны оймен тану, сөзбен ұқтыру мүмкін емес десе, енді бірі даоны тануға, сөзбен ұқтыруға, рәмізбен көрсетуге болады деп тұжырымдайды. Алайда даоның *бір, мәңгі, аспан мен жердегі қозғалыстың басы, әр жерде жүруші* деген сипаттарына бірдей сенеді. Сондай-ақ даоның айналу, қайта оралу заңдылығын бірауыздан мойындайды.

Ал «құт» (дэ) «Дао дә цзин» трактатында дао тудырған заттың қозғалысқа түсіп, қалыптасуы және қайта жоғалуы деп түсіндіріледі.



Дінтану әліппесінен

Дао ілімі адамның әр жасаған жамандығы оның ғұмырын қысқартады деп үйретеді. Мысалы, зұлымдық жасаған адамның жасы он екі жылға, кішкентай қателік істеген адамның өмірі жүз күнге азаяды.

Дао ілімінің конфуцийлік ілімге ұқсастығы бар ма?

Дао ілімінің маңызы. Дао ілімінде мораль үш құнды ұстанымға негізделеді: ұстамды болу; қарапайым өмір сүру; кішіпейіл болу. Бұл сенімде тыныш, ұяң, қарапайым адамдар ең жақсы адамдар саналады.

Даосизмде құлшылыққа аса мән берілмейді. Ғибадат – адамның табиғат заңдылығымен байланысын бұзатын нәрсе, сондықтан құлшылық жасау – жолдан адасу мен әурешіліктен басқа еш нәрсе емес, құлшылық адамның надандығынан туындаған деп қарастырылады.

Алайда кейінірек будда дінінің Қытайға таралуына байланысты дао іліміне будда ілімінің кейбір рәсімдері әсер етіп, олар буддистер сияқты ғибадатханалар тұрғыза бастаған, монахтар тобын қалыптастырған. Олар да будда монахтары сияқты үйленуге тыйым салды деген мәліметтер де бар. Буддизмнің әсерінен дао ілімінде түрлі құдайларға, тіпті Лао Цзыға табыну дәстүрі қалыптасқан. Бүгінгі дао ғибадатханаларында Лао Цзының суреті мен мүсіні орналасқан.

Кейінгі даосизм діни ілімі Қытайда буддизмнің дамуына негіз болды.

Қытайда дао іліміне 1927 жылдан бастап тыйым салынды. Дін басылары елден қуылып, орталықтары қиратылды. Әсіресе, «Мәдени революция» жарияланған 1960 жылдары дао іліміне қатты шүйліккі. Қазір бұл діннің өз отанында кейбір элементтері ғана сақталған.

Синто ілімі қалай пайда болды?

Жапонияның Синто ілімі. Синто (жапондықтар *каминомити* деп те атайды) – жапон халқының діни танымы мен сенімдерінің жиынтығы. «Синто» сөзі «Құдайлар жолы» деген мағына береді және бұл термин б.з. VI–VII ғасырларда пайда болды. Син немесе ками – ертедегі жапондықтардың түсінігіндегі құдай. Ол адамдарды қоршап тұрған аспан, жер, тау, өзен, мұхиттарда, ағаштарда мекен етеді. Сондай-ақ жан-жануарлар, өсімдіктер, тау-тастар оның көрінісі болуы мүмкін. Ежелгі жапондықтар көбіне оны «синтай», яғни ерекше ағаш не тас ретінде көрді және соған

табынды. Олардың түсінігінде бір құдай барша әлемді жаратушы деген таным болған жоқ.

Ежелгі жапондықтардың пікірінше, әлем алғашында ретсіз күйдегі пішінсіз нәрселерден тұрды. Уақыт өте келе қоршаған орта реттеліп, Такама-но хара (Кең аспанның жазығы) және Акицусима (Инелік аралы) құралды. Осы кезде алғашқы құдайлар, одан соң табиғат құбылыстарын білдіретін құдайлар жұптарымен пайда бола бастады. Осындай жұптың бірі – Идзанаки – өке (аспан), ал Идзанами – шеше (жер) еді. Олар некеге тұрып, Онногоро аралын жасады. Осы некеден жапон аралдары мен көптеген ками пайда болды. Күн құдайы – Аматаэрасу, түн құдайы – Цукуеми осы құдайлардан тарайды. Одан басқа, әр заттан ками бейнесін көру дүниетанымынан Синто пантеондарында (ғибадатханаларында) мыңға жуық кіші құдайлар (мысалы, күріш құдайы – Инари, теңіз құдайы – Сува, т.с.с.), киелі рухтар қалыптасқан. Кей заттар киелі рух немесе құдай бейнесін бермесе де, жамандық пен жақсылықтың, қуаныш пен қайғының нышанына айналды.



Дінтану әліппесінен

Синто ілімі бойынша, қылыш – даналықтың, айна – шындықтың, яшма ілгіштері – қайғының, егеуқұйрық – молшылықтың нышаны.

Синто ілімі дін ретінде сақталды ма?

Синто ілімінің дамуы және қазіргі жағдайы. Дін зерттеушілері синто ілімінің Жапонияда өмір сүруін үш кезеңге бөледі.

1. Мифтік дәуірден бастап, буддизмнің Жапонияға таралуына дейінгі кезең (552 жылға дейін).
2. Жапонияға буддизм дінінің таралу кезеңі (IX ғасырға дейін).
3. Буддизмнің Жапонияға орналасуымен, синтоизм мен буддизмнің қатар өмір сүру кезеңі.

Синто ілімі бастапқы кезеңінде негізін салушы жоқтығымен, нақты ілімі, діни танымы қалыптаспағандығымен ерекшеленді. Буддистік, конфуцийлік, т.б. ілімдер синтоизмнің сыртқы көрінісін, ішкі жүйесін, ғибадатханалары мен ондағы салт-рәсімдерді өзгеріске ұшыратты. Синто ілімінің *храмдық* және *сектанттық* деп аталатын екі ағымы қалыптасты. 1945 жылы *неосинтоистік* деген жаңа топ бөлініп шықты. Олар бірнеше «киелі» кітап жазып, өздерінің догмалық ілімдерін қоғамға сай жаңа идеялармен толықтыруда. Неосинтоистер Жапонияда 1868–1946 жылдары мемлекеттік дін болған синто ілімін қайта көтеруге тырысады. Екінші дүниежүзілік соғыстан (1939–1945) кейін синтоистік

мекемелер мемлекеттен бөлініп, оның кейбір шовинистік қағидаларына тыйым салынған болатын.

Жапонияда әлі күнге дейін императорды таққа отырғызу, үйлендіру сияқты рәсімдері синтоизм ережелеріне сай ұйымдастырылады. Императорлардың бірі – Акихито да 1989 жылы сол діннің рәсімімен таққа отырған болатын.

Бүгінгі жапондықтардың басым көпшілігі синто ілімінің діни рәсімдерін дәстүр ретінде ғана қабылдайды. Ал діни мерекелердегі құлшылықтарды ойын-сауықпен алмастырып жатады. Көне наным-сенімдеріне негізделген дәстүр мен мәдениетті қазіргі заман үлгілерімен үйлестіре білді.

Зөрдүштік (Зороастризм) ілімінің пайда болуы. Зороастризм – б.з.б. X–VII ғғ. Көне Иранда пайда болған дін. Оның негізін салушы – Заратуштра данышпан. Дін атауы осыған байланысты шыққан. Сонымен қатар бұл дінді басқаша да: маздаизм (жоғарғы құдай Ахура Мазда); Авеста діні (қасиетті кітабының аты); магизм (абыздар маг тайпасынан шыққандықтан); отқа табынушылар (от қасиетті саналып, оған табынғандықтан); митраизм (күн және ай құдайы Митра); парсизм (көне ирандықтардың аты); гебрлар (Ирандағы зөрдүштерді мұсылмандардың айтуы) деп те атала береді. Қазіргі уақытта әлемде шамамен 100–200 мыңдай осы діннің өкілдері бар.

Дін өз бастауларын көне үнді иран тайпаларының көптөңірлік сенімінен алады. Жаңа діннің негізін салушы Заратуштраның тарихи немесе аңыздық тұлға екендігі әлі айқын емес. Ол бір деректерде б.з.б. 1500–1200 жж. аралығында, басқа мәліметтерде б.з.б. VII ғ. соңы VI ғ. басында өмір сүрген деп көрсетіледі. Діни жазбаларда Заратуштраның қарапайым, белгісіз әулеттен шыққандығы, жастайынан абыздық өнерді үйренгені айтылады. Аңыздарға қарағанда ол тақуалық жолға түсіп, бірнеше жыл ел кезіп, ақиқатты іздейді. Оған отыз жасында Ахура Мазда құдайдан аян келеді. Өсиеттеріне өз жұртын сендіре алмаған Заратуштра елінен безіп, басқа елге: Бактрия мемлекетіне барады. Онда жаңа дінді уағыздап, ол елдің өміршісі Виштаспа оның ілімін қабылдайды.

Дін сол елде қанат жайып, кітабы жазылады. Б.з.б. VI ғ. Парсы патшасы Кирдің жаңа дінді қабылдауымен, зороастризм Иранда таралып, кейін мемлекеттік дінге айналды. Мұсылмандар (VII ғ.) келгенге дейін зороастризм Иранның негізгі діні болды.

Зороастризмнің қасиетті кітабы – «Авеста», оның түсініктемелері «Зенд», екеуі қосылып, «Зендавеста» деп аталды. Авеста мәтіні *Ясна*, *Яшта* және *Видевдата* кітаптарынан тұрады. Ясна (құдайға құлшылық) 72 тарудан тұрып, оның 17-ін Гаталар құрайды. Гата-Заратуштраның өзінің өсиеттері. Авеста мәтіндері шамамен, б.з.б. VI ғ. жазылған.

Зороастризм – дуалистік сенімге негізделген дін, ізгілік құдайы – Ахура Мазда және оның көмекшілері (күн құдайы Митра және т.б.), ал зұлымдық құдайы – Анхрамайню және оны қолдайтын дэвтер (рухтар). Ахура Мазда

мен Анхра Майнюдің күресі мәңгілік, сондықтан әрбір адам екеуінің бірін таңдауы тиіс. Заратуштра адамның ізгілікті таңдағанын насихаттайды, өйткені адамның іс-әрекеті оның бұл және о дүниедегі тағдырын анықтайды. Ол адам ізгілік құдайына сеніп, оған сиыну тиіс дейді. Бұл сенім дұрыс ой, сөз және іс-әрекет төрізді моралдық ұстанымдарға негізделеді.

Заратуштра адамның ойы, сөзі мен ісіне ешқандай құдайлар араласпайды деп үйретеді. Өмірде адам төні мен рухының саулығына мұқият болуы керек. Төн және жан тазалығына аса күшті мән беріледі. Осы сенімдердің негізінде зороастризмнің ғұрыптары мен рәсімдері қалыптасып дамыды.

Діни ғұрыптары. Еңбек ғұрпы. Жер өңдеу және жермен жұмыс істеу ерекше дәріптеліп, ізгілік деп қабылданған. Сенімдері негізінде қоршаған ортаға айрықша қатынас қалыптасып, нәтижесінде тазалық ғұрпы пайда болды. Суды ыдысқа қолды жуып барып құю, жауын кезінде жер мен суды ластамау үшін үйден шығуға тыйым салынған. От қасиетті және таза, сондықтан оған сиынған, храмдарында үнемі от жанып тұрады. Қазіргі мәңгілік алау осы діннің өсерінен болуы мүмкін. Жалпы зороастризм барлық нәрсеге таза және лас деп екіге бөліп қараған. Таза нәрселерге адам, ит, сиыр, қой, ағаш, өсімдіктер, жеміс пен бақша өнімдері және төрт элемент: от, су, жер және ауа жатады. Ал лас нәрселер – адам мәйіті, тамақ қалдықтары, күл-қоқыс, ауру және т.с.с.

Адамнан кейінгі ең қастерлісі – ит, оған дұрыс күтім жасамағаны үшін иесін жазаға тартқан, өз кезегінде итті де адамға зиян келтірсе, жазалаған (алдымен оң құлағын кескен, тағы қайталанса, сол құлағын).

Жерлеу рәсімдері. Адам мәйіті лас (таза емес) саналып, оны ұстауға тыйым салынады. Мәйітті көметін арнайы адамдар болған, оларға ешкім жақындамайды. Мәйітті биік тау бастарына апарып қояды, кейін арнайы мұнаралар салып сонда орналастырған, етін ит-құс жеп, сүйектерін құдыққа тастаған, онда олар ақырет күнін күтеді, сот күні жауапқа тартылады деген сенім болған. Өлік шыққан үй арнайы тазаланады, оны еске алу рәсімдері өткізіледі (10, 30, 360 күндіктері). Мұның бәрі өлген адам денесі лас, сондықтан зұлым рухтар тіріге зиян тигізуі мүмкін деген сенімнен шыққан. Жерге көмбеген себептері, өйткені жер таза, оны ластауға болмайды деп сенген.

Діни құлшылық. Зороастрлер күніне бес уақыт құлшылық (намаз) жасаған. Ахура Мазданы дәріптеп, арнайы дұға айтқан.

Діни мейрамдары. Жылына жеті рет мейрамдар өткізілген. Оның ішінде ең маңыздысы жаңа жыл мейрамы – наурыз немесе от мейрамы. Арнайы от жағылып, жеті түрлі нәрседен тағам өзірленген, дастарқанға су, гүл және жаңа піскен нан қойылады.

Діни құлшылық орындары – храмдар, онда абыз діни рәсімдерді атқарған, от қасиетті, сондықтан храмда үнемі жанып тұрады. Отқа арнайы дайындалған өсімдік шырынын және майын өкелу рәсімі болған.

Білу

1. Арий тайпаларының діни нанымдарын сипаттаңдар.
2. Төрт варнаның ішіндегі құқығы ең төмені кімдер?
3. Джайнизмнің ұстанымы қандай?
4. Даосизмнің ірі өкілдерін атаңдар және олардың нені үйрететінін айтыңдар.
5. Синто ілімінің мемлекеттік дін болып қалыптасуына не әсер етті?
6. Зәрдүштік қай кезде, қай жерде пайда болды?

Түсіну

1. Конфуцийлік ілімі неліктен үлкен маңызға ие? «Құнды ой» стратегиясы бойынша ілімінің маңыздылығы туралы ойларыңды 7 сөйлеммен жеткізіңдер.
2. Синто ілімі неліктен өзгеріске ұшырады?
3. «Авеста» кітабы неліктен маңызға ие болды?

Қолдану

Ежелгі Азия діндерінің ерекшеліктерін анықтап, кестені толтырыңдар.

Ежелгі Азия діндері	Ерекшеліктері

Талдау

Қалай ойлайсыңдар, қазіргі қолданыста жүрген йоганың пайда болған кездегіден айырмашылығы бар ма?

Жинақтау

Топтарға бөлініп, тақырыпта берілген діндердің қазіргі жағдайы туралы презентация жасаңдар.

Бағалау

Зәрдүштік ілім жүйесінің Қазақстан аумағында таралуы туралы жоба жасап, бүгінгі күн тұрғысынан оған баға беріңдер.

§8. Тәңірлік дүниетаным

Ежелгі түркілердің діни сенімдері қандай болған?

Ежелгі түркілердің көне діни сенімі. Түркілерде тәңірлік сенім жүйесі болған. Орхон-Енисей сияқты көне түркі жазба деректерінен ежелгі түркі тайпаларының бір құдайға сенгенін білеміз. Құдайларын «Тәңір» немесе «Көк тәңірі» деп атаған. Бұған Орхон тас жазбаларындағы «Тәңір», «Түркі тәңірісі» есімдері дәлел бола алады. «Жоғарыда көк аспан, төменде қара жер, арасында адам баласы жаратылғанда», – деп басталатын Орхон тас жазба ескерткіштеріне қарағанда, ежелгі түркілер тәңірлеріне көкте, әуелгісі мен соңы шексіз, теңі мен ұқсасы жоқ, өмір беруші, жаратушы, өлтіруші, жәрдемдесуші, қамқоршы, жол көрсетуші, т.б. сипаттар бергені көрінеді. Сондай-ақ түркі қағандарын таққа отырғызған, оны жорықта-рында қолдаған, ал қаһарланса, тақтан тайдырған Көк тәңірі деп білген.

Тәңірлік сенімнің негізі «Күлтегін» жазуында (11-сурет) және басқа да жазба деректерде жазылған. Тәңірі, Көк тәңірі түркілердің түсінігінде: жарылқаушы, өз сыры өзінде, адам түсінігінен тыс, ақылға сыймайтын құдірет иесі, тылсым нәрсе. Ол – барша жаратылыстың тағдырын айқындаушы.

Түркілер тағдырды жазатын жердің де, көктің де иесі «Көк тәңірі» деп білген. Құрбандықтарын «Көк тәңіріне» атап шалып, ел басына күн туған алмағайып заманда Көк тәңірге: «Қуат бере гөр!» – деп сиынған.

Ежелгі түркілерде ақирет сенімі болған. Олар тәңірдің белгілеген күні адам төнінен жаны шыбын немесе құс кейпінде ұшып шығатынына, о дүниеде мәңгі өмір кешетініне сенген. Сондықтан мәйіттің жанына о дүниеде пайдаланады деген сеніммен тіршілігінде қолданған киім-кешегін, құрал-жабдықтарын, атын бірге көмген.



11-сурет. «Күлтегін» жазуы

Түркілер төңірге, аруақтарға, жер-су киелеріне құрбандық екі түрлі жолмен берілген. Бірі – мал шалу арқылы жасалатын тірі құрбандық болса, екіншісі – заттай аталатын құрбандық. Көне заман түркілері аспан мен жерді жаратқан Ұлы Көк төңірі деп дәріптеген.

Түркілер от пен суда кие бар деп ұққан. От отыннан, отын судан бастау алады. Сондықтан су – береке, тоқшылық, тазалықтың нышаны, ал от тазалықтың белгісі деп білген. Осы наным бойынша, ежелгі түркілер бүкіл мал-жанын екі оттың ортасынан өткізіп аластаған. Төңірлік сенім жүйесінің арнайы діни ғұрыптары болған. Алайда түркілер ол үшін арнайы ғибадатханалар салмаған.

Ежелгі түркілерде қаған, батыр, би өлсе, артында қалған елі бір жыл аза тұтатын болған. Б.з. VI ғасырдың басында, Түркі қағанаты құрылған тұста, түркілерде текті, атақты адамдарды жерлеу, олардың рухын қадірлеу, басына мазар тұрғызу сияқты дәстүрлердің нақты тарихи іздерін көреміз. Ол дәстүр сонау сақ, үйсін заманынан бастау алуы ықтимал. Сонымен бірге олар өлген «адамды жерлеу», «жоқтау», «аза тұту», «еске алу», «ас беру» рәсімдері нақты көрініс береді (12-сурет). Бұл құбылыстар түркілердің діни нанымдарындағы адам жанының мәңгілігі мен эсхатологиялық тіршілікті де қатар қойғандығынан, мына дүниемен байланысында да құрбандыққа жылқы, түйе, қой сойып, ас бергендігінен көрінеді.



12-сурет. Көне түркілердің жоқтау салты. Тамгалы



Дінтану әліппесінен

Эсхатология (грек. *eschatos* – соңғы және *logos* – ілім, сөз) – дүниенің, адам өмірінің баянсыздығы туралы, ақырзаман мен о дүние туралы діни ілім.

Ежелгі түркілерде «құт» түсінігі болған. Құт Төңірден беріледі және адамның өмірі, тағдыры, күші құтпен байланысты деп түсінген. Егер

адамнан құт кетсе, өмірі аяқталады деп білді. Тәңір жерге құт береді, егер құт бермесе, жерде бақытсыздық орнайды, ауру, індет жайлайды. Малға, өсімдікке құт жер-су иесінен бітеді деген ұғым болған.

Түркі жазуларында көшпелілердің барлық жеңістері Көк тәңірімен байланыстырылған. Аспанды және оның шырақтарын қадірлеу – түркі өркениетіне жататын барлық халықтардың эстетикалық дүниетанымының маңызды белгісі. Мысалы, «Оғызнама» эпосында Оғыз қаған өз балаларының аттарын Көк, Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп қойғаны белгілі.

Тәңірлік сенім жүйесінде жер мен әлемді бір тәңірі жаратты дегенмен қатар, таудың, жердің, бұлақтың, өзеннің, талдың, т.б. иелері бар деп сенген. Сондай жерлерді, әсіресе тауларды (Хан Тәңірі, Алтын тау) қасиетті, киелі деп есептеген. Олар биік шыңдардың басына шығып, тәңірге жақындадық деген сеніммен оған бағыштап, құрбандық шалып отырған.

Бақсылық (шамандық). Ежелгі түркі сенімі бойынша, тылсым әлеммен байланыс орнататын бақсылар (*көне түркі тілінде «қам»*) болған, яғни, қара күштерге қарсы тұратын, ауруды жеңетін киесі бар адамдарды *бақсылар* деп атаған. Көктегі және жердегі рухтармен байланысқа түсетін бақсылар емшілік, көріпкелдік сияқты қызметтер атқарған. Солардың көмегінің арқасында адамдар арасына тараған аурулар мен ел ішінде орын алатын індеттерден айығатын болған. Бақытсыздық жағдайларға душар болу сияқты оқиғалардың барлығы Тәңірдің жер бетіне жіберген жазасынан болған жайттар деп түсінген.

Тәңірлік сенім жүйесінде әлем үш қабаттан тұрады. Олар: жоғарғы әлем, яғни көк аспан, ортаншы әлем – жерүсті және төменгі әлем – жерасты дүниесі. Бұл әлемдер адамды метафизикалық сырға бағыттайтын отбасылық, қоғамдық, саяси, моральдік қызмет қабаттарын айқындайтын танымдық рөл атқарған. Бұл сенімдер *Ұмай ана, Идүк Йер, Жерұйық, Ие* мен *кие* түсініктерінен көрінеді.



Білу

1. Түркілердің сенімі қандай болған?
2. Тәңірлік сенім жүйесінде қандай нәрселер киелі саналған?
3. Тәңірлік сенімде әлем неше қабаттан тұрады?



Түсіну

1. Түркілер неліктен Көк тәңірге сиынған?
2. Не себепті қайтыс болған кісіні заттарымен бірге жерлеген?

Қолдану

Орхон-Енисей жазбаларының тарихи, әдеби және географиялық жағынан қандай маңызы бар? Кестені толтырыңдар.

Орхон-Енисей жазбалары	Тарихи маңызы	Әдеби маңызы	Географиялық маңызы

Талдау

Неліктен төңірлік сенімде от пен суда кие бар деп санаған? «Атаулар туралы үш сұрақ» тәсілімен сұраққа жауап беріңдер. *Қайда?* Бұл терминді қайда және қандай мағынада кездестіріңдер?

Қалай? Өз тәжірибелеріңнен осы атаудың қалай қолданылғанына мысал келтіре аласыңдар ма?

Қандай? Осы сабақта бұл сөз қандай мағынада қолданылды деп ойлайсыңдар?

Сонымен, ғибадатханалар неліктен салынбаған?

Жинақтау

1. Қазіргі кезде біздің өмірімізде төңірлік сенім жүйесіне тән қандай салт-дәстүрлер кездеседі? Осы көріністі көпқұдайшылдыққа жатқызуға бола ма?

Ойларыңды «ПОПС формуласы» тәсілімен талқылаңдар.

Менің ойымша,

... себебі мен оны былай түсінемін:

Оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын:

Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім:

2. Діни таным мен діни тәжірибе ара-жігін ажырата отырып, тақырыпты түйіндеңдер.

Бағалау

QR-code арқылы өлеңді тыңдап және қазақ әдебиеті, қазақ тілі пәндерінен алған білімдеріңе сүйеніп, Күлтегін жазуының маңыздылығына баға беріңдер.



§9. «Кітап түсірілген» ежелгі діни қауымдар тарихы. Мұса пайғамбар және Таурат, Забур

Иудейлік дін қашан пайда болды?

Иудейліктің шығу тарихы. Иудаизм немесе иудейлік діннің атауы ежелгі еврей тайпаларының атасы, Жақыптың ұлы Иуданың (Йехуда) атынан шыққан. Ең көне діндердің бірі саналатын иудейлік – еврей халқының ұлттық діні. Иудаизмнің негізі монотеизмде жатыр. Бұл дін туралы еврейлердің қасиетті кітаптары Таурат пен Забурда баяндалады.

Алғашқы еврей б.з.б. XVIII ғасырда өмір сүрген Ибраһим болып есептеледі. Елді аштық жайлағандықтан, оның ұрпақтары Мысырға қоныс аударуға мәжбүр болып, ол жақта 200 жылдай өмір сүрді. Осылайша олар Мысыр билеушілерінің құлдығына түсті. Ақырында құдайдың өмірімен Мұса (Моисей) пайғамбар өз халқын Мысырдан алып шығу арқылы құлдықтан азат етті.

Мысырдан шыққан еврейлер Жаратушының уәде еткен елі – Израильге бет алды. Олардың жолы шөлдегі Синай тауының үстінен өтетін еді. Осы Синай тауында б.з.б. 1313 ж. Мұса арқылы еврей халқы Құдайдан иудейлердің басты кітабы – Тауратты алды. Таурат олардың өмірлерінің барлық саласындағы нұсқаушысы болды.

Еврейлер Израильде өз мемлекетін құрды. Алғашқы патшалар Давид пен Соломон Иерусалимде Жалғыз Құдайдың Храмын тұрғызды. Б.з.б. 586 ж. Иудей патшалығы құлдырап, вавилондық патша Навуходоносор храмды қиратып, халықтың басым бөлігін тұтқынға алды. 70 жылдан соң парсы патшасы Кир Вавилонды басып алып, еврейлерге Израильге қайтып, храмды жөндеуге рұқсат етті.

Б.з.б. I ғасырда иудей патшасы Ирод Екінші храмды күрделі жөндеуден өткізіп, безендірді. Бұл сол кезеңдегі ең әдемі ғимарат болатын. Забурда: «Кімде-кім Иродтың храмын көрмесе, сұлулықтың не екенін білмес еді», – деп жазылған. Б.з. 70-жылдары Рим басқыншылары храмды қиратып, өртеп жіберді. Храм орналасқан айбынды тау жалаңаш қалған еді. Осынау зәулім құрылыстан тек бір ғана қабырға қалды. Ол храмнан қалған жалғыз белгі болғандықтан, иудейліктер үшін өте қасиетті болып саналады. Қасиетті Храмын жоқтауға келген еврейлерді көрген арабтар қабырғаға «Көз жасы Қабырғасы» атауын берді.

«Көз жасы (Жылау) Қабырғасы» туралы тұңғыш рет XI ғасырда Ахимац бен Палтилей айтқан. Ал еврейлердің өздері оны «Батыс қабырға»

деп атайды. Себебі ол Храмның батыс жағының қабырғасы болатын. Иудейлердің қасиетті жазбасында осы жер құдайдың киесіне ие делінген. Құдайға мінажат ету үшін еврейлер қазір де сан ғасыр бұрынғыдай «Көз жасы (Жылау) Қабырғасына» ағылып келіп жатады.



Дінтану әліппесінен

Синагога (13-сурет) – иудейлердің туғаннан бастап, дүниеден өткенге дейінгі барлық мәселелерін шешетін орны. Синагогада шиыршықталған Таурат – Мысырдан шыққаннан кейін Құдайдан Мұса пайғамбар арқылы түскен еврейлердің тарихы мен сенімін баяндайтын мәтіндер сақталып, оқылады. Оңаша кез келген жерде мінажат етуге болады, алайда қауымдасып дұға ету әдетте, синагогада атқарылады. Себебі қауымдасып оқу күштірек ері тиімдірек деп есептеледі.



13-сурет. Синагога. Астана

Иудейліктің басты кітабы не?

Таурат оқу. Еврейлер үшін ең маңызды нәрсе – Тауратты оқып, ондағы өсиеттерді орындау. Тауратты барлық еврейлер: байы да, кедейі де, шендісі де, қарапайым халық та үнемі оқуға міндетті. Ең аз дегенде күніне екі рет: таңертең және кешке оқылады. Өз баласына Тауратты оқыту – әр әкенің міндеті. Егер өте маңызды себептермен өзі оқыта

алмаса, онда баласына оқу үшін жағдай жасауға міндетті, осылайша ғана өсиет орындалған болып есептеледі. Тауратты оқу, негізінен, еркектерге жүктеледі, дегенмен әйелдер де өмірге қажетті бөлімдерін оқып, соларға сүйеніп отыруға тиіс.

Иудейлердің сенімі қандай?

Иудейліктегі адам және жан туралы түсініктер. Иудейлер құдай адамды өзіне ұқсатып жаратқан, сондықтан құдай мен адам арасында делдал болмауы керек деп сенеді.

Құдай алдында барлық адам тең. Иудейлік пұтқа табынуға тыйым салады, әрбір иудей адамгершілік қасиетке ие болып, өз туыстары мен қоршаған ортаға қамқорлық жасауға тиіс. Адамның жақсылық не жамандық жасауды таңдау еркі бар, алайда өз ісіне құдайдың алдында жауап береді. Егер адам өз кінәсі үшін шынымен өкінсе, келешекте ондайды қайталамауға уәде берсе, онда ол кешіріледі. Қайырымды ісі үшін бұл дүниеде ғана емес, о дүниеде де жақсылыққа кенеледі. Құдайға есеппен құлшылық жасауға болмайды.

Иудейлер өлімнен кейін өмірдің барына, тозақ пен жұмақтың барына сенеді және жан мәңгілік, ол өмірге бірнеше рет келеді деп санайды. Құлшылық жасау – иудейлікте міндетті іс. Иудейлер күніне үш рет мінажат жасап, Тауратты оқиды (*14, 15-суреттер*). Иудейлер Өлемді жаратушы Жалғыз құдайдың барына сенеді. Иудейлер – құдайдың таңдаулы халқы, Моисей арқылы түскен жазбада осылай делінген. Бұл таңдаулылық халықтың алдындағы жауапкершілікті күшейтеді. Сондай-ақ иудейлер өлемді құтқарушы Мессияның (мәсіхтің) келетініне сенеді.



14-сурет. Иудейлердің Таурат кітабын оқуы



15-сурет. Таурат

Иудейліктегі өсиеттер мен діни мерекелердің қандай маңызы бар?

Өсиеттер – иудейліктің негізі. Иудей философы Рабби Моше бен Маймон (1135–1204) былай қарастырған:

«Құдай – барлық нәрсенің жаратушысы. Ол – өткен және қазіргі кездегі, болашақтағы барлық құбылыстардың жалғыз негізі;

Құдай жалғыз, дүниеде басқа жаратушы жоқ. Құдайдың бейнесі, денесі жоқ;

Құдай – барлық нәрсенің басы мен аяғы;

Құдайға ғана дұға жасап, оған жалбарыну керек;

Пайғамбарлардың айтқаны – шындық. Мұса пайғамбар екені – шындық, ол – пайғамбарлардың ұлысы. Таурат бүтіндей Құдайдан Мұса арқылы «түсірілген»;

Таурат өзгермейді, басқасы болмайды;

Құдай адамдардың барлық әрекеттері мен ойларын біледі;

Оның өсиеттерін орындағандар сыйға бөленеді, ал орындамағандар жазаланады;

Құтқарушы Мессия (мәсіх) дер кезінде жетеді;

Құдайдан әмір болғанда өлгендер тіріледі».

Иудейлердің өмірінің негізі 10 өсиет болып табылады. Бұл өсиеттерді Мұса пайғамбарға Синай тауында құдайдың өзі берген:

«Мен сені Мысыр өлкесіндегі тұтқыннан босатқан Жаратушы құдайыңмын;

Сенде басқа құдай жоқ;

Мен сенің Жаратушың болғандықтан, қолдан пұт жасап, жердің үстіндегіге де, жердің астындағыға да, судың ішіндегіге де табынба.

Жаратушының есімін кез келген жерде атама, өйткені бостан бос Жаратушыны аузына алғандар жазасыз қалмайды...

Сенбі күнінің қасиетті екені әрдайым есінде болсын. Аптада алты күнінде жұмыс істеп, сенбі күнді Жаратушыға арна, өйткені Жаратушы алты күн бойы осы әлемді жаратты, ал сенбі күні демалып, оны қасиетті күн жасады.

Жаратушы берген өмірің ұзақ әрі жақсы болу үшін әке-шешенді құрметте.

Адам өлтірме.

Зинақорлық жасама.

Ұрлық қылма.

Ешкімге жалған куә болма.

Ешкімнің үйіне, затына, мүлкіне, малына, жарына, құлына, күңіне қызықпа».

Бұдан ертеректе әлемді топан судан құтқарған Ной (Нұх) пайғамбарға бұдан былай адамдардың игілігі үшін 7 өсиет («Нұх пайғамбардың ұлдарының жеті өсиеті») жіберілген.



16-сурет. Жеті өсиет

Иудейлікте мерекелер үлкен рөл атқарады, олардың әрқайсысы құдайдың даңқын шығару үшін тойланады:

- Шабат (сенбі) – кез келген еңбекке тыйым салынған демалыс күні.
- Рош Ашана (Сот күні) – б.з.б. 3760 жылы әлемнің және алғашқы адамның жаратылған күні құрметіне арналған;
- жаңа жылды білдіреді;
- Йом Кипур (Күнәлардан арылу күні) – бір күндік ораза, арылу (тәубаға келу);

- Песах – б.з.б. 1313 жылы мысырлықтардың құлдығынан азат болу мерекесі, көктемде тойланады;
- Шавуот – мысырлықтардан азат болғаннан соң, елуінші күні Синай тауында Таураттың тарту етілуіне арналған мереке;
- Суккот – шөл далада қырық жыл тентіреп жүрген кезде күннен қорғаған керемет бұлттарды еске түсіретін мейрам. Егін жиналған соң, күзде тойланады;
- Симхат Таурат – Тауратты біржылдық оқуды аяқтауға байланысты мереке;
- Пурим – б.з.б. V ғасырдағы еврейлердің Парсы империясының аумағындағы қырғын соғыстан құдайдың құдіретімен құтылу құрметіне арналған мереке.
- Ханука – грек басқыншылары Храмды бүлдіргеннен кейін ғибадат етуді қалпына келтіру құрметіне б.з.б. II ғасырда белгіленген мереке. Осы сегіз күндік мерекеде арнайы майшамдар мен шырақтар жағылады. Қыста тойланады.

Иудейлік дін Қазақстан аумағына қашан келді?

Иудейліктің Қазақстан аумағына келуі. Иудаизм немесе иудейлік дін Қазақстан аумағына Хазар қағанаты кезінде енген. Қағанаттың ресми ісқағаздары көне еврей жазуларымен жазылған.

XIV ғасырда еврейлердің бір тобы Ираннан Бұқараға, Бұқарадан Түркістанға қоныс аударды.

Еврей халқының келесі көш легі Ресей империясының отаршылдық көпші-қон саясаты негізінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында орын алды. Кеңес дәуірінде олар қоныстанушылардың жаңа толқынымен толықты.

Екінші Дүниежүзілік соғыстың басталуына орай украиналық еврейлер 1941–1945 жылдары Қазақстан аумағына көшірілді. Олардың басым бөлігі Алматы қаласына қоныстанды. 1989 жылы Алматы қаласында «Шалом» еврей мәдениет орталығы құрылып, келесі жылы осындай атаумен газет те жарық көре бастады.

1990–2000 жылдары Қазақстанның көптеген еврейлері Израильге, АҚШ, Канада, Аустралияға және басқа елдерге кетті.

1995 жылы Талдықорған қаласында «АВИВ» еврей мәдени-қайырымдылық орталығы қоғамдық бірлестігі құрылды. Аталмыш орталық Қазақстан Республикасының «Мицва» қауымдастығымен, Алматы қаласының «Римон» Еврей Қауымдастық орталығымен, Алматы қаласының «Хэсэд Полина – Қамқорлық орталығы» республикалық еврей қайырымдылық қоғамдық бірлестігімен тығыз ынтымақтастықта жұмыс істейді.

1997 жылы Еврей қауым үйі жұмысын бастады. Мұнда синагога және кітапхана бар. Осы синагогаға 1939 жылы Қазақстанға жер аударылған ребе Леви Ицхактың есімі берілді. Леви Ицхак (Лейви Ицхок Шнеерсон) – иудейлік ілім туралы еңбектің авторы, ребе. 1909–1939 жылдар аралығында Украинада раввин (дін жетекшісі) болған. 1939 жылы Қазақстандағы Шиелі кентіне (Қызылорда облысы) жер аударылды. Кеңес үкіметінің қуғындағанына қарамастан, ол иудаизм қағидаларынан бас тартпады әрі өзге еврейлерді де салт-дәстүрді сақтауға шақырды. Өмірінің соңғы кездерінде Алматы қаласына көшуге рұқсат алды. Соңына хасидизм туралы бірнеше кітап қалдырған ребе 1944 жылы қайтыс болды.



Дінтану әліппесінен

Хабад – иудаизмдегі классикалық тармақ. Ол Таураттағы өсиеттерді эмоциялық түрде орындауды ғана емес, ең алдымен, саналы түрде түсіну қажеттігін білдіреді.

Ребе – иудейліктегі ұстаздың атауы.

Қазақстандық қауым Хабад ғұрыптарын ұстанады. Қазақстанда Хабадтың алты орталығы бар. Олар Астана, Алматы, Шымкент, Қарағанды, Өскемен, Павлодар қалаларында орналасқан. Әр Хабадтың өз раввині бар. Олар иудейлік заң бойынша Хабадтың басқа мүшелерімен тең. Ешқандай артықшылыққа ие емес.



Білу

1. Иудейлік дін қай жерде және қашан пайда болды?
2. Иудаизмнің қанша киелі кітабы бар?



Түсіну

1. Неліктен еврей халқы Мысырда өмір сүрді?
2. Неліктен иудейлік рәсімдерді синагогада көпшілікпен бірге орындау тиімдірек деп есептеледі?



Қолдану

QR-code арқылы мәліметті тыңдап, иудаизмнің қазақ жеріне таралуы туралы пікірлесіңдер.



Талдау

Не себепті Забур мен Талмудты оқу әр иудейдің парызы болып есептелетінін, оның маңызын «DEAL» тәсілімен талдаңдар.

D – Describe – кітаптардағы маңызды жайтты сипаттау.

E – Explain – осы жайт бойынша не білетінін түсіндіру.

A – Analyse – ақпаратты талдау.

L – Links – өзінде бар біліммен байланыстырып, қорытынды жасау.

Жинақтау

Қосымша ақпарат көздерінен Иерусалимдегі әйгілі «Көз жасы (Жылау) Қабырғасы» туралы мәліметтермен толығырақ танысып, презентация жасаңдар.



Бағалау

Мұса пайғамбардың он өсиетінің қандай маңызы бар? сұрағына қатысты 3–5 минуттық TED talks (Technology, Entertainment, Design) тәсілімен, яғни «Таратуға болатын идеялар» ұсынып, баға беріңдер.

IV ТАРАУ

ӘЛЕМДІК ДІНДЕР

Досым, сен осы тарауда:

- буддизм: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесін және таралу аймақтарын, буддизм аясындағы діни ағым тармақтарын ажырата аласың;
- христиан діні: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері туралы түсінесің;
- Иса мәсіх және Інжіл туралы білесің;
- христиан дінінің бағыттарын салыстырып, олардың ерекшеліктерін талдай аласың;
- ислам: діни ілімінің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері туралы білімді меңгересің;
- Мұхаммед пайғамбар және Құран Кәрім туралы білесің;
- ислам діні аясындағы қалыптасқан діни бағыттар мен ағымдарды ажырата аласың;
- ислам, ғылым және мәдениет туралы білімді игересің.

§10. Буддизм діни ілімнің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу аймақтары. Буддизмнің аясындағы діни ағым тармақтары

Буддизм неліктен пайда болды?

Будда діні. Будда дінінің шығу тарихы б.з.б. VI–V ғасырлардан басталады. Ертедегі үнді елінде пайда болған бұл діннің негізін салушы Сиддхартһа Гаутама (17-сурет). Ол аңыз бойынша, солтүстік-шығыс Үндістандағы Шуддходан патшаның баласы болыпты.

Әкесі Гаутама дүниеге келгенде баласын жұлдызшыларға көрсетіпті. Жұлдызшылар баланың 32 белгісінен ойшыл не патша болатынын айтты. Патша баласының дін жолына түсуінен қорқып, көппен араластырмай оқшау тәрбиелепті. Қайғы-уайымсыз өскен Гаутама үйленіп, ұлды болып, 29 жасқа дейін туған қаласы Капилавастанда тұрады. Сол жасында ол бірінші рет ауру, кәрі, қаза болған адамдарды көріп, адам тұрмысы ауыр халден тұрады екен деген ойға қалады. Аурудан, кәрілік пен өлімнен ешкімнің айналып өте алмайтынын көріп, одан құтылудың жолын іздейді. Сол үшін үй-жайын, хан сарайын тастап, ел кезіп кетеді. 29 жасар Гаутама 7 жылға жуық дүниені кезіп, азаптан құтылу жолын іздейді. Бірнеше дәруіш ұстаздардың уағызын тыңдап, тақуа болады. Бірақ құтылудың жолын таба алмайды. Шектен тыс тақуалықтың да пайдасы жоқ деген тұжырымға келіп, ол өмір заңдылығы, табиғат жаратылысы жайлы терең ойға шомады. Сиддхартһа Гаутама 35 жасында будда болады (будда көне санскрит тілінен сөзбе-сөз аударғанда «күнөдан арылған», «көзі ашық») деген мағына береді). Гаутама 80 жасында Кушинагар деген жерде, шамамен б.з.б. 544 жылы дүниеден өтеді.



17-сурет. Кушингардағы Будда мүсіні

Будда өзінің ілімінде жалған догмалардан, діни тәжірибеден аулақ болуға тырысады. *Өмірдің соңы не, өлім деген не, мәңгі өмір бар ма?* деген сияқты сұрақтарға жауап беруден бас тартқан. Бұлар шындыққа жауап бере алмайтын бос сұрақтар деп түсінді. Ол шындыққа адам өз тәжірибесі арқылы жетеді деген ой түйеді. Шәкірттеріне: «Бұны Будда айтты деп менің айтқаным сене бермеңдер, оны өз тәжірибелеріңмен сынаңдар. Өздеріңе өздерің жол ашыңдар», – деп насихат айтқан. Будда азапты өмірдің негізгі себебі – қайғы деп білген. Адам қалаған нәрсесіне (байлық, атақ, денсаулық) жете алмай, қайғыға түседі. Оған жеткендер барымыздан айырылып қаламыз деп тағы уайымдайды. Көпшілік өмір үнемі өзгеріп, құбылып тұратынын және бақытты, төтті өмірдің бір күні өтетінін біліп қайғырады. Адамның қайғы-қасіретке түсуінің екінші себебі – алдамшы үміт пен тоқтаусыз құмарлыққа салынуы деді. Ол уайым-қайғыдан арылуға болатын жол – **нирвана** деп білді. Кейін Гаутама қалыптастырған ілім заман мен қоғам ыңғайына қарай көп өзгерістерге түсті де, будда діні бастапқы ілімінен көп ауытқып кетті.




Дінтану әліппесінен

Нирвана – қайғыдан арылуға бастайтын жол. Іштей рухани тыныштыққа бөленген адамның ерекше күйін білдіреді.

Будда дінінің идеялық негізі – көне үнді діни ілімінен шыққан. Әсіресе карма туралы ілім көп әсер етті. Бірақ буддадағы карманың басқа діндердегіден айырмашылығы болды. Мысалы, карма брахманизм мен джайнизмде құдайлардың құзырындағы құбылыс болса, буддада адамның өзіне байланысты құбылыс саналады. Карма ілімі бойынша, адам өлгеннен кейін жаны (дхармалары) ыдырайды. Кейіннен ол біртіндеп қайта жинақталып қосылады. Дхарманың (жанның) жаңадан жинақталуы кармамен анықталады. Адамның алдыңғы өмірі неғұрлым дұрыс өткен болса, жаңа дхарманың жинақталуы және адам денесіне енуі соғұрлым жақсы болады.

Дхарма будда бойынша екі негізден тұрады: жан және төн. Адамның жаны, сезімі, төні – біріккен дхарма. Сондықтан будда дінінде адам уақытша өмір сүретін масыл денесін ойламай, мәңгі өмір сүретін жанын ойлау керек. Оны азаптан құтқарудың қамын жасаған дұрыс делінеді.

Б.з.б. III ғасырда Маур династиясының патшасы Ашока будда дінін мемлекеттік дін деп жариялады. Ашока патша бұл дінді көпке тарату үшін елдің түкпір-түкпіріне будда монахтарын жіберіп отырды. Будда діні үнді елінде кең таралып, б.з.б. II–I ғасырларда алғашқы буддалық монастырлар салына бастады. Монастырлар салынғаннан кейін діннің өртүрлі ағымдары мен Буддаға табынудың бірнеше ғұрышы пайда болды (*18-сурет*).



18-сурет. Будда дініндегі сиыну рәсімі

Будда кейіннен нағыз шындыққа жетудің және нирванаға жақындаудың сегіз сатылы жолын атап өтеді:

1. Шынайы сенім. Дүние қайғы-қасіретке толы, оны тоқтату үшін ой мен бойдағы құмарлықты басу керек деген Будда сөзіне сену.
2. Тура, әділ болу. Өз құмарлығың мен қызбалықты шектейтін ақиқатты жолды біржолата айқындау.
3. Шыншыл сөз. Айтпақ сөзіңді мұқият қадағала, ол зұлымдыққа емес, керісінше ізгілікке бастайтын болсын.
4. Дұрыс істер. Теріс ниетті, бұрыс амал-әрекеттен сақтану, игі іске бейім болу.
5. Дұрыс өмір. Тірі жанға зиян келтірмейтін, құрметтеуге тұрарлық өмір сүру.
6. Дұрыс ой. Ойыңның бағытын саралай отырып, одан, күдікті, күмәнді нәрседен арылып, жағымдыны жалғастыру.
7. Ақ ниеттер. Зұлымдықты ойыңа алма.
8. Тура, дұрыс пайымдау. Өзіңді үнемі төзімділікке жаттықтыру, шындыққа жетпек талпынысты өзіңе шоғырландыру, оны тереңдету қабілетін шыңдау.

Будда діні қалай дамыды?

Будда дінінің негізгі тармақтары. Адамдарды азап шегуден құтқаруды мақсат еткен будда дінінің даму тарихын жалпы екі кезеңге бөліп қарастырады: ертедегі будда діні және кейінгі будда діні.

Ертедегі будда діні *Үндістанның оңтүстігінде* дамыды және оны *хинаяна* (азаптан құтылудың тар жолы) деп атады. Б.з.б. I ғасырда елдің *солтүстік-батыс бөлігінде* будда дінінің кейінгі түрі – *махаяна* пайда болды. Махаяна уағыздары мен табыну ғұрыптарында адамды нирванаға жеткізуге көмектесетін жәрдемші құдайларға орын берілді. Ол құдайлар адам бейнесінде ауық-ауық аспаннан түсіп, адамдарға азаптан құтылуға көмектеседі. Кейінгі будда дінінде нирвана ілімімен қатар, басқа діндерде көп айтылатын – *тозақ пен жұмақ* туралы түсінік уағыздалды.

Будда діні ішіндегі қарама-қайшылық Будда төңірегінде өрбіді. Хинаяна ілімі бойынша, Будда – азапты өмірдің бұғауын үзген, сол үшін құрбан болған қайраткер. Ал махаянада Будда – табиғаттың барлығымен байланысы бар құдіреттің орталығы. Ол – өлгеннен кейін де басқа түрде тіршілік ете беретін, ешқашан өзін жоймайтын күш. Хинаяна ілімінде нирванаға адам жеке өзі жете алады, ал махаянада нирванаға монахтың басшылығымен ғана жетеді.

Б.з. I ғасырдың соңында екі ағымның арасындағы қарама-қайшылықтар шиеленісе түсіп, хинаяна мен махаяна арасы біржола ажырады.

Махаяна екі тармаққа: *ламаизм* және *дзэн-буддизмге* бөлінді. Ламаизмге құдайларға табыну тән болса, дзэн-буддизмде әулие монахтар маңызды. Сондай-ақ өз алдына дамыған будда дінінің *тхеравада* деген ағымы да болды. Тхеравада ағымы бойынша: Будда – ұстаз, құдай емес, дхарма – Будда үйреткен шындық, нирвана – адамның өз күш-жігеріне бағынатын жанның күйі.

Будда дінінің бұл ағымы үнді саудагерлері арқылы Цейлон, Непал, Бирма, Лаос, Тайланд, Камбоджа, Индонезия елдеріне тарады. Ал Қытайда, Тибет, Жапония, Моңғолияда және Ресейдегі бурят, қалмақ, тува халықтарының арасында будда дінінің махаяна ілімі таралған.

Будда діні Қазақстан аумағына қашан келді?

Буддизмнің Қазақстан аумағына келуі. Ғалымдардың зерттеуінше, б.з.б. I ғ. бастап Пәкістан және Ауғанстан аумағы арқылы Үндістаннан Орталық Азияға буддизм енген. Ал II–III ғғ. аралығында буддизм ілімі миссионерлер арқылы белсенді түрде таралған.

Ежелгі Жібек жолы (Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Қырғызстан аумағы) бойында будда мәдениетінің көптеген ескерткіштері табылған. Оның ішінде ең танымалдары – Термездегі II–III ғғ. Қаратөбе монастыры, Смугдадағы Санзара алқабында табылған ғибадат үйі, Марадағы ескерткіштер кешені, Тоқарыстандағы VII–VIII ғғ. Ажына-тепе будда монастыры, Кувадағы (Ферғана) будда храмы, Жетісудағы Ақ-Бешім және Қызыл теңіз храмдары болды. Шу алқабында орналасқан Ақ-Бешім (ежелгі Суяб) қалашығындағы екі ірі будда храмдарының

қазбалары. Храмдарда Будданың мүсіндері, буддизм пантеоны кейіпкерлері бейнеленген.

VI ғ. бастап буддизм іздері біздің топырақта да кездеседі. Бұған Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағында табылған буддизм дінінің кейіпкерлері мен оқиғалары бейнеленген храмдар, монастырлар, сондай-ақ мүсіндер айғақ. Осындай ескерткіштер қазіргі Шымкент қаласына жақын жерде Талас өзенінің бойында, сонымен қатар Жамбыл облысында – Тектұрмас пен Баласағұнда да кездесті. Атақты ортағасырлық шаһар Исфиджаб (Сайрам) қаласының үйінділеріне жақын маңда жерасты будда монастыры табылған.

Орталық Азияда ерте тибеттік буддизмнің таралуына қытайлардың әсері болды. VIII ғ. Шығыс Түркістан мен Қырғызстанның бір бөлігін қоса алғанда, көптеген көрші жерлер Тибет бақылауында болған.

X ғ. ислам діні Қарахан мемлекетінің ресми діні болып жарияланғаннан кейін буддизмнің ықпалы әлсірей бастады. Дегенмен кейін де буддизм діні түбегейлі жойылған жоқ. XVI–XVIII ғғ. жоңғарлардың қоныс аударуы мен шапқыншылықтарының нәтижесінде буддизм Қазақстанда да тарала бастады. Жоңғар хандығы кезеңіне тән монастырлар Жетісу мен Орталық Қазақстанның далалық алқаптарында табылды. Сондай-ақ XIX ғ. басында Медеу шатқалында ағаштан буддалық монастыр салынған.

Алматы маңындағы Тамғалы-Тас шатқалында бірнеше будда бейнелері мен буддалық мәтіндер де кездесіп отыр. Бейнелердің жасалған уақыты XII ғасырдан бастап XVII–XVIII ғасырлар аралығы деп есептеледі.

Қазір республикада екі будда діни орталығы тіркелген. Алматы қаласындағы вон-буддизм – махаяна буддизмі мен Батыс Қазақстан облысындағы тибеттік ламаизм.



Аңыз-шежіре

Аңыз бойынша X ғасырда Жетісу жеріне беттеген будда миссионері Іле өзенінің бойына аялдайды. Кенеттен жер сілкініп, жартастың үлкен бөлігі опырылып миссионердің жанына құлайды. Сынған жартаста Будданың бейнесі болады. Миссионер бұл құбылысты тылсым күштің ескертуі деп ұғып, Үндістанға қайтып кетеді.

Білу

1. Будда дінінің негізін салушы кім?
2. Будда дініндегі нирвана дегеніміз не? Түсінік беріңдер.
3. Монахтар қандай істерді күнә санап, оларға тыйым салған?

Түсіну

Неліктен Гаутама хан сарайын тастап, ел кезіп кетеді? «Тыңдайтын үшбұрыштар» тәсілімен үш адамнан (спикер, сұхбат алушы, хатшы) тұратын шағын топтарда жұмыс істеді. Спикер мұғалімнің нұсқаулығы бойынша буддизмнің тарихи және рухани құндылығы туралы өз ойымен бөліседі. Сұхбат алушы мұқият тыңдайды және егжей-тегжейін анықтау үшін сұрақтар қояды. Хатшы оларды бақылайды және спикерге де, сұхбат алушыға да кері байланыс береді.

Қолдану

1. Будда діні қанша тармаққа бөлінеді? Сызбасын жасаңдар.
2. Қосымша әдебиеттер мен ғаламтор желісіне сүйеніп, будда дінінің қазіргі жағдайын зерттеңдер.

Талдау

Будда азапты өмірдің себебі қайғы деп түсінген. Оның пікірімен келісесіңдер ме? Бұл ілімнің жақсы жақтары қандай? «Дербес пікір айту» тәсілі бойынша осы сұрақтарды талдап, ойларыңды ортаға салыңдар.

- 1) Өзіндік пікір (ой, идея. 1 сөйлем).
- 2) Дәлел (2 сөйлем).
- 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал (2 сөйлем).
- 4) Өз пікіріне қарсы пікір (1 сөйлем).
- 5) Қарсы пікірді жоққа шығаратын мысал (2 сөйлем).
- 6) Қорытынды (2 сөйлем).

Жинақтау

1. Қалай ойлайсыңдар, неліктен бүгінде буддизм кең таралған әлемдік діндердің бірі?
2. Буддизм арқылы қоғам тіршілігіндегі діннің, сенімнің дүниетанымдық және танымдық миссиясын түсіндіріңдер.

Бағалау

Рухани күйзелістен арылудың жолы қандай деп ойлайсыңдар? Қандай маманмен кеңесу керек? Не себепті?

§11. Христиан діни ілімі негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері

Иудейлік дін бар өлкеде неліктен жаңа дін – христиан діні пайда болды?

Христиан дінінің пайда болуы. Өткен тақырыптарда айтылған Иудей патшалығын б.з.б. 63 жылы Рим қолбасшысы Гней Помпей әскерлері жаулап алады. Иудей патшалығы Рим мемлекетінің бір бөлігіне айналады. Билік толығымен Рим тағайындаған билеушінің қолына көшеді. Оған дейін (б.з.б. 140 жылдан бастап) тәуелсіз Иудеяны маккавей (хас мо ней) әулетінің діндар патшалары билейтін. Бас абыз басқарған Иудей патшалығында жоғарғы орган, абыздар мен ақсүйек өкілдерінен тұрған кеңес – Синедрионның құқығы шектеліп, ол римдіктердің толық бақылауына өтеді. Жергілікті халық саяси биліктен айырылғандығын түсініп, римдіктерге наразы болды. Саяси тәуелсіздіктен айырылуды халық үлкен қасірет ретінде қабылдады. Сол кезде әкейлер өсиетін, діни рәсімдер мен тыйымдарды бұзғаны үшін «Құдай қараһы келді» деген абыздардың пікірлері халық арасына кеңінен таралды. Бұл еврейлердің діни-ұлттық топтары – хасидейлер мен фарисейлер ұстанымдарының нығаюына көп ықпал етті. Фарисейлер иудаизмнің тазалығы үшін, жат жерліктердің ықпалына қарсы күресіп, дәстүрлі діни нормаларын сақтауға шақырды. Палестинада көп кешікпей құтқарушының, Мессияның (мәсіх), «Құдай белгісі бардың» келетінін және оның иудей халқын құтқарып, иудей патшасы болатындығын айтқан уағыздаушылар саны көбейіп еді. Сол тұста дүниеге келген, христиандықтың негізін салған Иса (Иисус, қазақ тілінде Айса, Ғайса деп те айтылады) шын мәнінде құлдық тәртіпті айыптап, қарапайым халықтың мүдделерін қорғады.



Дінтану әліппесінен

«Христиан» сөзінің төркіні – «Христос» көне грек тілінен аударғанда «құтқарушы» деген мағынада. Киелі жазбада (Евангелие) Иса мәсіх болашақта Израиль жеріне келіп, ол жердегі халықты қиыншылықтан құтқаратын, әділеттілікті орнататын пайғамбар ретінде сипатталады.

Христиандықтың таралуына және дамуына кімдер түрткі болды?

Христиандық қауымның құрамы. Бастапқы христиандық қауымның құрамы, негізінен, қоғамның төменгі таптары – құлдар, қайыршылар, кедейлер және тағы басқалардан тұрды. Б.з. II–III ғасырларда христиан дініне ресми билігі және әскери атағы бар адамдар да тартылды. Христиан дініне ақсүйектер мен білімді адамдардың кіруі оның әлеуметтік мазмұнын өзгертіп, христиандар қатарының көбеюіне себеп болды. Жоғары тап өкілдері қауымда жетекші орындарға ие болып, көне христиандық епископтық шіркеулерде басшылық етті. Олар теңсіздікті жою, елде қалыптасқан тәртіпке қарсы шығу идеяларын христиандықтан ығыстыруға тырысты.

Христиандық қауымның әлеуметтік құрамының өзгеруі, діндарлардың шашырай таралуы діннің қарқынды дамуына, жаңаша бағыт алуына себеп болды. Шіркеу мен қауым басшылары императорлық билікпен жақындасуға ұмтылды. Ал императорлық билік өз тарапынан империяны бір дін аясында топтастыруға мүдделі еді. Империяға шалғайда жатқан аймақтардың халқын ортақ мүддеге, бір идеологияға жұмылдыру қажет болды. Рим императорлары ұлттық діндерді халықты топтастыра алатын дін дәрежесіне көтеруге тырысты. Бірақ ондай саясат ойлағанындай сәтті бола бермеді. Осындай жағдайда император Константин 312 жылы жарқын болашақты, теңдікті насихаттаған христиан дінінің мемлекеттік дінге айналуын қолға алды. Ол Рим мемлекетінің аумағында христиандықтың шектеусіз таралуын және басқа діндермен тең құқылы болуын қамтамасыз етті. Ал император Феодосий (Theodosius) 380 жылы христиан дінін Рим мемлекетінің ресми діні деп жариялады.

Білу

1. Христиан діні қай ғасырда пайда болды?
2. Христиан ілімі арасындағы қарама-қайшылықтар қандай сипатта орын алды?

Түсіну

1. Не себепті жоғары тап өкілдері христиан дініне назар аудара бастады?
2. Бастапқы христиандық қауымның құрамы не себепті өзгерді?

Қолдану

Неліктен христиан діні Рим империясының ресми діні деп жарияланды? Графикалық органайзерді пайдаланып, тақырыптың негізгі идеясын түйіндеп жазыңдар:

- қойылған сұраққа пікір білдіріңдер;
- пікірлеріңе дәлел келтіріңдер;
- пікірлеріңе мысал келтіріп, қайта ұсыныңдар.

Талдау

Христиандық қауымның өлеуметтік құрамы неліктен өзгерді? «Талдап білу» тәсілі бойынша талдаңдар.

Талқылаушы	Тақырыптың маңызын, идеясын айтады
Белгілеуші	Тақырып бойынша сурет дайындайды
Байланыстырушы	Тақырыпты өмірмен байланыстырады
Топ шешені	Тақырыпқа сәйкес қанатты сөздерді айтады
Қорытындылаушы	Тақырыпты қорытындылайды

Жинақтау

Қосымша ақпарат көздерінен христиандықтың Қазақстанда таралу тарихын жинақтап, Scratch программасында ұсыныңдар.

Бағалау

Христиан дінінің таралуы мен тәжірибесіне баға беріңдер.

§12. Иса мәсіх және Інжіл

Иса мәсіх кім?

Иса мәсіх: «Құдайды тану арқылы әрбір адам бостандыққа жете алады», – деп жариялады. Ол жаратушы алдында **барлық адамның құқығы** тең деп, адам төзгісіз қоғамдық қатынастарға қарсы шығып, адамгершілік құндылықтарды насихаттады. Пұттарға құрбандық шалу, қан төгу сияқты құлшылықтарға тыйым салды. Исаның маңына сенушілер тобы жиналып, христиан діні тез арада үлкен идеялық күшке айналды. Иса Палестинада дін уағыздап жүрген кезінде неше түрлі ғажайып кереметтер көрсетеді. Оның 12 шәкірті (апостол) үнемі қасында жүреді. Інжілдегі мәсіх өмірі сол шәкірттерінің естелігімен Иса аспанға көтерілгеннен соң бірнеше ғасырдан кейін жазылады. Онда Иса рақымды, кешірімшіл, ұяң, жұпыны киінетін жұмсақ мінезді адам деп суреттеледі. Исаның халық арасындағы жоғары беделін патшалар мен дін басшылары ұнатпай, айқышқа (крест) керіп өлтіруге сот үкімін шығарады. Інжілдегі мәліметтерде Иса мәсіх айқышқа керіліп өлтірілді делінген. Иса мен оның он екі шәкіртінің белсенділігінің нәтижесінде қалыптасқан христиан діні Еуропа мен Таяу Шығыс халықтарының қолдауына ие болады. Осылайша христиандық біздің дәуіріміздің I ғасырында Рим мемлекетінің оңтүстігінде, қазіргі Палестина жерінде дүниеге келді.



Аңыз-шежіре

Иса мәсіх – христиан діни түсінігінде құдайдың ұлы, исламда – құдайдың елшісі (Иса пайғамбар). Исаның өмір жолы, қызметі жайлы Киелі жазба мен Құран мол дерек береді. Құрандағы мәлімет бойынша, Иса пайғамбар күнәдан пәк Мариям анадан құдайдың «Бол!» деген әмірімен әкесіз туған. Христиандар Исаның Вифлеемде (Палестина) дүниеге келгеніне нық сенеді. Құрандағы хикаяда Иса пайғамбар бесікте жатқанда-ақ тілі шығып, үш жасында елге дінді насихаттаған делінеді. Бес жасында шешендігімен, ақылдылығымен танылып, дау-дамайларда әділ төрелік айтқан. Исаға пайғамбарлық отыз жасында келеді. Христиандар арасында жиі айтылатын аңызда Иса пайғамбар Иоанн шоқындырушы қолынан Иордан өзенінде шомылып, батасын алады. Сол кезде аспан қақ айырылып, кептер бейнесінде Киелі Рух Исаның үстіне келіп қонады. Аспаннан: «Сен менің ұлымсың, мен саған ризамын», – деген үн шығады.

Киелі жазба қалай, қашан пайда болды?

Христиандардың қасиетті кітабы. Христиандық ұзақ уақыт бойы аңыз-әңгімелер, «Игі хабарлар» тыңдау сияқты ауызша дәстүрге негізделген уағыздар арқылы тарады. Христиан діні ілімінің негізі болған Киелі жазбалар да алғашқы ғасырларда пайда болды. Сол уақыттарда белгілі болған жазулар: Петр, Андрей, Варфоломей, Лука, Иоанн Інжілдері, Матфейден келген Киелі жазбалардың әртүрлі нұсқалары. Сонымен қатар назориттер, эбиониттер, еврейлер сияқты әртүрлі топтардың атауымен аталып кеткен Киелі жазбалар да кездесті. Петрдің «Апокалипсисі», Павелдің лаодикейліктерге, александриялықтарға арнаған хабарлары, оның Сенекаға жазған хаттары, Петрдің уағыздары, 12 апостол ілімі, Герма «Пасторы» сияқты кітаптар да жазылды. Бұл кітаптарда Иса ілімін жеткізуде бірізділік болмады. Нәтижесінде христиандықта әртүрлі діни көзқарас, ілім қалыптасты.

Император Константин христиандар арасындағы әртүрлі көзқарастың себебін түсінгісі келіп, бөріне ортақ қасиетті кітаптар тізімін жасауды талап етті. Сөйтіп ол бір орталықтан басқарылатын, империя мүддесіне сәйкес келетін ілім негізінде шіркеулерді біріктіруді ұсынды. Константин қайтыс болғаннан кейін, 363 жылы Лаодикей Соборы заңдастырылған христиандық шығармалардың тізімін белгіледі.

Жаңа Әсиет құрамына енген кітаптар тізімі 429 жылы Карфаген Соборында бекітілді. Жаңа Әсиет құрамына 4 Киелі жазба, апостолдардың 21 Әсиеті және Иоанның «Апокалипсисі» кірді. Бұлардың барлығы христиандар үшін аса киелі кітаптар болып саналады. Ал қалғандарын шіркеулік дәстүр апокрифтік (жалған) шығармалар қатарына жатқызды.

Көне Әсиет пен Жаңа Әсиет біріктірілген кітап «Інжіл» деп аталды. Інжіл – христиандардың басты киелі кітабы. «Інжіл» атауы гректің «кішкентай кітаптар» деген сөзінен алынады. Ол діншілдердің сенімі бойынша, құдайдың ерекше қалауы түскен пайғамбарлар мен апостолдар арқылы келген, Қасиетті Рухтың аяндары негізінде жазылған кітаптардың жинағы деп есептелді.

Көне Әсиетке христиандыққа дейінгі кездерде көне еврей тілінде жазылған және иудейлер мен христиандар қатар құрметтейтін кітаптар жатады. Киелі жазба Інжілдің құрамына, дәлірек айтқанда, Жаңа Әсиетке кіреді. Матфей Киелі жазбасы иврит тілінде, басқалары грек тілінде жазылды.

Жаңа Әсиет мазмұны бойынша тарихи, ұстаздық, пайғамбарлық және заңдық қағидаларға бөлінеді. Жаңа Әсиетке енген 4 Киелі жазба осы жанрдағы көп кітаптардың ішінен неғұрлым шынайы, құдай рухымен шабыттанып жазылған кітаптар ретінде тандап алынған.

Аңыз бойынша, Матфей мен Иоанн – Исаның шәкірттері, ал Лука мен Марк – оның шәкірттерінің жақтастары. Жаңа өсиеттің авторлары – апостолдар мен евангелистер. Мұнда Исаның өмірі, оның ілімі баяндалады.

Шіркеу Киелі жазбаны алғаш Матфей (42 ж.) жазған десе, ғалымдар Киелі жазбаның ең көнесі Марктікі деп есептейді. Апостол жазбалары 60-жылдары «түсірілген» деп саналады. Жаңа Өсиеттің II ғасырда Иоанн Богослов жазған соңғы шығармасы пайғамбарлық болып есептеледі.



Білу

1. Інжіл қанша бөлімнен тұрады?
2. Киелі жазбалар қай тілде, қашан жазылды?
3. Христиандық ілімнің ұстанымдары қандай?



Түсіну

1. Не себепті Исаны айқышқа керіп өлтіруге үкім шығарылады?
2. Неліктен христиан діні аз уақыттың ішінде үлкен идеялық күшке айналды?



Қолдану

«Борт журналы» тәсілі арқылы кестені толтырыңдар. Өз жауаптарыңды салыстырыңдар.

Берілген тақырып бойынша маған не белгілі?	Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?




Талдау

Қосымша ақпарат көздерінен «Забур жырларын» оқыңдар. Жырдағы идеяны сол кездегі тарихи оқиғаларымен байланыстыра салыстырыңдар. «Аяқталмаған сөйлем» тәсілі арқылы шығармадан дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, жырдың маңызы туралы тұжырымды ойларыңды айтып талдаңдар.

Жинақтау

1. Інжіл туралы түсініктерді жинақтап, кластер жасаңдар.



2. «Христиан дінінің қоғамдағы маңызы қандай?» деген сауалды «Үлкен шеңбер» тәсілімен топтарыңда талқылап көріңдер.
 - 1) Шеңберде отырған әрбір оқушы осы сұраққа жауап жазады.
 - 2) Оқушылар кезекпен өз жауаптарын оқиды. Топ бұл жауаптарды сынамай тыңдайды. Бірақ әңгіме бойынша тақтаға жазылып тұратын ортақ шешімге қосу, қоспауды дауысқа салады.
 - 3) Ең соңында барлық жауаптар тыңдалып болған соң қорытынды шығарылады. Оқушылар қорытындыға қарап, христиан ілімін жан-жақты зерделейді.

Бағалау

Діннің тәрбиелік мәні неде? Қоғамда әлдебір ұйымдардың дінді теріс мақсатқа қолданғысы келетінін қалай түсіндірер едіңдер? Осы жайлы пікір таластырыңдар.

§13. Христиан дінінің негізгі бағыттары. Қазіргі заманғы христиан діні

Христиан шіркеуінде қандай өзгерістер орын алды?


Христиандықтың бөлінуі. Христиан діні Рим мемлекетінің көптеген аймақтарына таралу барысында әр елдің жағдайына, қалыптасқан әлеуметтік қатынастары мен жергілікті дәстүрлеріне бейімделді. Христиандықтың діни ілім дәстүрлерінің көптеген түрлері қалыптасқан. Бұған Рим мемлекеті халқының мәдени сан алуандығы әсер етті. Көптеген аймақтарды мекен еткен христиандар діни нанымдарын түрлі тілде атқарған, мысалы, Палестина мен Сирияда грек және армян тілдері, Мысырда грек пен копт, Кіші Азия мен Балканда грек тілі, ал христиан әлемінің батыс аудандарында латын тілі қолданылған. Тілдің, мәдениеттің айырмашылығы шығыс пен батыстық христиан шіркеулерінің арасында діни оқытуларда догмалық және ғұрыптық айырмашылықтардың пайда болуына әкелді. Содан барып 1054 жылы христиандықта екі шіркеу пайда болды: **православиелік және католиктік**. Бұл бөліну бірнеше ғасыр бойы қалыптасты.

Православие мен католицизмнің бір-бірінен айырмашылығы қандай?

Православие. Православие Византия аумағында қалыптасты. Римнің шығыс бөлігі – Византиялық миссионерлер арқылы христиандықты қабылдаған елдер, сондай-ақ Соборларда бекітілген діни ілімді сақтайтын барлық шіркеулер **Православие** әлемі деп аталды. Православие (грекше «дұрыс ойлау», «дұрыс ілім») шіркеуінің басшысы Константинополь Патриархы деп ресми түрде жарияланғанды. Алайда ол нақты билік құрған жоқ. Әр шіркеудің өз билігі өзінде болды. Константинополь, Александрия, Антиохий, Иерусалим, Болгар, Эллада, т.с.с. тәуелсіз бірнеше шіркеу болды. Олардың саны үнемі өзгеріп тұрды. Сондай дербес шіркеу құрған Көне Русь (бүгінгі Ресей, Украина, Беларусь) Константинополь патриархатынан шоқынуды ресми түрде 988 жылы қабылдады. Ресейдің православиелік шіркеуінің (Мәскеу Патриархы) дербестігі қазіргі кезге дейін сақталып отыр.

Иса уағызында: «Кімде-кім менің артымнан ергісі келсе, бұрынғы өз болмысынан бас тартып, өз айқышын алып, соңымнан жүрсін», – де-

ген еді (19-сурет). Апостолдар «Еру» сөзінің мағынасын біреуге ұқсау деп түсінген. Иса сияқты азап шегу, қиындық көру көне христиандардың күнделікті өмір салтына айналды. Монахтық – рухани ізденіс, дін оқуы және оқыту деген қағида қалыптасты. Б.з. IV ғасырда Аммон Нитрийский, Макарий Египетский, Макарий Александрийский, Пахомий сияқты көптеген аскеттік салтты дәріптеген дін басшылардың аты мәшһүр болды. Сол ғасырда тақуалық, жартылай тақуалық (келиоттық, скит) және жалпы тұрғындық деген өзіндік формалары бар монахтық өмір қалыптасты. Православие шіркеуі осы монахтық дәстүрді сақтап, әрі қарай жалғастырды. Ережелерді орнықтыра отырып, монахтардың өмірі туралы жарғылар жазды. Монахтық әкейлер күнәмен күресудің ерекше жүйесін жасап, жалпы православиелік мәдениетті қалыптастырды. Православие ілімі үштік құдай, Исаның құдайға қосылуы, адамдардың күнәсін кешуі, Исаның қайта тіріліп, аспанға көтерілуі төңірегінде дамыған. Бұл ілімдер өзгеріске, қайта талқылауға жатпайтын тұрақты ілім болып саналады.



19-сурет. Иса мәсіх

Православиеледе ғұрыптық ғибадат үлкен орын алады. Оның басты элементтері – жеті құпия деп есептеледі. Олар:

1. Шоқындыру – белгілі дұғаларды айта отырып, үш қайтара суға түсіріп, христиандықты қабылдау;

2. Май (миро) жағу – шоқынұшы адамның денесіне «миро» аталатын хош иісті май жағу арқылы оны Қасиетті Рухтың шапағатына ортақтастыру;
3. Күнөдан арылу – дін қызметшісіне өзінің күнөларын тізіп айтып, сол арқылы құдайдан кешірім сұрау;
4. Евхаристия – шіркеудегі Исаның төні мен қаны деп қабылданатын шарап пен ашытылған нан жегізу рәсімі;
5. Неке – құдай алдындағы антпен жұбайласу (некелесу);
6. Қасиетті мәртебе беру – шіркеу дьяконы, қасиетті уағызшы немесе епископ мәртебелерін діни ағарту ісіне қарай беру;
7. Елеймен дәріптеу – науқас адамды бірнеше дін қызметшісінің қатысуымен қасиетті саналатын маймен сылау.

Православие шіркеуі Грекия, Румыния, Босния мен Герцеговина, Сербия, Черногория, Болгария, Венгрия, Молдова, Латвия, Беларусь, Украина, Ресей елдерінде мойындалған. Бүгінгі православие шіркеуі – 9 патриархаттан (Константинопольдік, Александриялық, Антиохтық, Иерусалимдік, Румындық, Болгарлық, Мәскеулік немесе Ресейлік, Грузиндік, Сербтік), 3 автокефальді (дербес) архиепископтан (Кипрлік, Албандық, Элландық) және 3 митрополидан (Кипрлік, Чех және Словакиялық, Американдық) құралған христиандықтың негізгі орталықтары.



Дінтану әліппесінен

Православие шіркеу қызметкерлері «ақ киімді» және «қара киімді» болып бөлінеді. «Ақ киімді» приход қызметкерлерінің үйленуге, отбасын құруға құқылары бар, ал «қара киімді» монахтар үйленбейді, жалғызбасты өмір сүреді, өзге адамдардай дүние тіршілігімен айналыспайды. Епископ қызметкерлерінің басым бөлігін осы «қара киімді» шіркеу қызметкерлері құрайды.

«Католик» сөзі қандай мағынаны білдіреді?

«Католик» ұғымы грекшеден аударғанда «жалпыға ортақ» деген мағынаны білдіреді. Католиктіктің ең алғашқы епископы Петр апостол болып саналады. Христиандықтан католиктіктің бөлінуі III–V ғасырларда Рим мемлекетінің Батыс және Шығыс аймақтарында басталды.

Католиктердің православтардан айырмашылығы: православтар адам жер бетінде мұқтаждық көріп, құдайдың өсиеттерін орындай білсе, о дүниеде үлкен бақытқа жетеді деп сенсе, ал католиктер бұған керісінше, бұл дүние мен о дүниелік жаза үйлесімді деп санады. Католиктер құдай мен адам қатынасын заңдық тараптан қарастырады; христиан жазадан құтылу үшін жақсы амалдар жасау керек. Адам өзінің күнәсінен

тазаланудан гөрі одан құтылу жолының құралын ойлағаны дұрыс деп білді. Католиктікте күнөдан арылу идеясы айқыш (крест) жорығына қатысу, белгілі уақыттарда құрбандық шалу, құлшылық жасау, қасиетті жерлерге зиярат жасау формасында болады. Орта ғасырларда Рим Папасының бекітуімен сатылған индульгенция да күнөдан арылу жолы болып есептелді. Католиктік шіркеуде Исамен қатар Мариямды құдай ана ретінде дәріптеуге көп мән беріледі. Мариям ана да аспанға көтерілді деп сенеді.

Рим католиктік ілімі қалай дамыды?

Рим католиктік шіркеуі – Рим Папасының басқаруындағы күрделі иерархиялық институт. Католик шіркеуінің басшысы – Рим Папасы. Оны 150-ге жуық кардинал бас қосатын діни жиналыс – конклав сайлайды. Папа – Петр апостолдың мұрагері, Исаның жер бетіндегі өкілі саналады. Рим Папасының басты қасиеттерін білу католиктік доктринасының негізгі өзегі есептеледі.

Католиктер қатаң тәртіптегі шіркеу ұйымын орта ғасырда құрды. Онда наным бостандығына жол берілмеді. Салт-жоралғы қатаң сақталып, клерикализм және шіркеу иерархиясының үстемдігі басым болды. Католиктік бірте-бірте ақсүйектік мемлекетке ұқсай бастады. Оның ішкі монархиялық құрылымы шіркеудің өзін нақты адамға бағытталған бюрократиялық тетікке айналдырды.



20-сурет. Ортағасырлық католик монахи

Католиктік шіркеу құрылымы жағынан православиелік шіркеуге ұқсас келеді. Жоғарыда айтылған жеті құпия католик шіркеулерінде де атқарылады. Онда митрополиттер, архиепископ және епископтар, монахтар бар. Олар үйленбеуге ант (целибат) қабылдап, өмірін тек діни қызмет атқаруға арнайды. Бір орталыққа бағынатын католиктер монахтығы бірнеше *орденге (топ, ұйым)* бөлінеді. Алғашқы монах ордені б.з. IV ғасырында құрылды. Әсіресе, айқыш жорығы жарияланған орта ғасырларда жиһанкез, жауынгер монахтар көптеген ордендер қалыптастырды (*20-сурет*). Кейінірек, XIII ғасырдан бастап «қайыршылық күн кешуші» монахтар ордені пайда болды. **Франциск Ассизскийдің** есімімен аталған францискандар, **Доминиктің** аты-

мен доминикандықтар ордені, реформация қозғалысына қарсы күрескен иезуиттер, белгілі августиндік, иоанниттік ордені бүгінде танымал.

Батыс еуропалық діндарлар мен схоластар қалыптастырған ілім католик шіркеуінің ресми көзқарасына айналды. Католик ілімін дамытып, қалыптастырған ортағасырлық ойшыл – **Фома Аквинский (1225–1274)**. Ф.Аквинскийдің аян жайындағы ілімін бірінші Ватикан Соборында католиктік шіркеу ресми түрде қабылдады. Аян және сенім діндарлықтың басы ретінде былай деп түсіндіріледі: «Құдай – жаратушы, өз сөзін қорғаушы, құдай – барлық нәрсенің бастауы мен соңы, ол адам санасында жаратылған қуаттар арқылы нұрлана алады. Аян құдайдың Исаға «айтқан» сөздерінде көрінеді. Ондағы сенімді қабылдау және орындау адам баласына берілген сый».

Католицизм ілімінің басты ерекшелігі:

- Қасиетті Рух Әке Құдайдан ғана емес, Құдай ұлынан да шығады;
- Жаннатқа кіргенге дейін адам тозақта тазарады;
- Рим Папасын шіркеу басшысы ретінде мойындау;
- Мариям ананың да аспанға көтерілгеніне сену;
- Католиктердің дін басшысы болу үшін үйленбеуі;
- Пайғамбарға «түскен» барлық үкімді бірдей қабылдамау және т.б.

Католик шіркеуінде қандай өзгерістер орнады?

Католиктік шіркеудегі өзгерістер. Католиктік шіркеуде екінші Ватикан Соборынан соң (1962–1965) көп өзгерістер болды. Көне латын тілінде жасалатын құлшылық пен діни рәсімдер енді әр ұлттың өз тілінде жасалады. 1996 жылы Папа Иоанн Павел II қол қойған құжаттар бойынша триадология қасиетті рух туралы оқумен қатар көне шығыс әкейлерінің ілімдеріне сәйкес түсіндірілуі керек болды.

Қазіргі православие шіркеуі мен католицизмнің арасында догматтарының дұрыстығы, литургиясының толықтығы, құлшылықтардың шынайылығы өзара мойындалады.

Христиан дінінде жоғарыдағы шіркеулерден басқа ұлттық шіркеулер деп аталатын шіркеулер де бар. Олар – Сирия шіркеуі, Армян шіркеуі, Мысыр шіркеуі, Эфиопия шіркеуі, Нестурия шіркеуі, Маронит шіркеуі, т.б.

Католик шіркеуі Италия, Испания, Португалия, Франция, Бельгия, Аустрия және Латын Америкасы елдерінде кең таралған.

Протестанттық ағымның ерекшелігі неде?

Протестанттық ағым. Христиандықта протестанттық ағымның бөлінуі XVI ғасырда болды. Ол Інжілді неміс тіліне аударған, христиан ді-



21-сурет. Мартин Лютер

нінің білгірі **Мартин Лютердің** атымен байланысты (21-сурет). М.Лютер алдымен шіркеуді өз ішінен реформалауға ұмтылды. Ол шіркеулер I ғасырда пайда болған апостолдық білімге, діни оқуға, дін тазалығына қайтып келуі тиіс және сол ілім арқылы қайта дамуы керек дегенді айтты. Ол Киелі Жазбаның тікелей және терең мағынасына назар аударылуы қажет деп білді. Киелі Жазбаларды әркім өзі түсініп, өзі талдай алады деді. Бұл ілім протестантизмді Інжілдің әлемнің көптеген тілдеріне аударылып және сол тілдерде діни рәсімдер атқарылуына бірден-бір ықпал еткен христиандық бағыт етті.

Протестанттық ағым католиктік шіркеудің мына догматтарына қарсы болды:

- католиктік шіркеудің сатқан индульгенциясына;
- шіркеу басшыларының адамдар күнәсін кешірудегі рөліне;
- діни рәсімдердің көбеюіне және оны атқарудағы шіркеудің үстемдігіне;
- шіркеу қызметкерлерінің монахтық өмір салтына;
- монахтардың целибат анын (үйленбеу) қабылдауына.

М.Лютер идеясы Германияда, одан кейін Скандинавия елдерінде үлкен қолдау тапты. Оның бірінші себебі – католик шіркеуінің сатқан индульгенциясынан жалпы халық үлкен қиындық көруі. Екінші себебі – рим католиктері неміс князьдарының әр ісіне араласуы. Елдің экономикалық, саяси, рухани өміріне католик шіркеуінің үстемдік етуі неміс князьдарының наразылығын тудырды. М.Лютердің реформаторлық идеяларын Швейцария ойшылдары **Ульрих Цвингли** мен **Жан Кальвин** батыл қолдап, одан әрі тереңдетті. Англияда протестанттар қозғалысы толық қолдау таппаса да, белгілі жағдайда әсер етті. Ватикан үстемдігін мойындағысы келмеген король Генрих VIII Ағылшын шіркеуін Рим-католиктік шіркеуінен бөліп алды. Ағылшын шіркеуі католицизм мен протестантизм арасындағы өтпелі көпір іспетті болды.



Дінтану әліппесінен

Индульгенция – (лат. indulgentia – «кешіру» деп аударылады), бойтұмар – орта ғасырларда Рим папасы атынан күнәні кешіру және сол арқылы католик шіркеуінің ықпалын нығайту, сондай-ақ дінге сенушілерден ақша жинау үшін қолданылған амалдардың бірі.

Миссионерлер қандай мақсатты көздейді?

Қазіргі заманғы протестандық. Протестантизм лютерандық, кальвиндік, англикандық ерекшеліктермен дамыды. М.Лютер мен Ж.Кальвин ілімі негізінде пайда болған, бірақ даму барысында өз ілімдері мен ғұрыптарын қалыптастырған шіркеулер саны көбейді. Протестанттық шіркеулердің ерекшелігі – миссионерлік іске, яғни өз діндерін таратуға ұмтылуында. Миссионерлікпен арнайы дайындықтан өткен адамдармен бірге, қатардағы қарапайым діншілдер де айналыса алады. XIX–XX ғасырларда протестантизм шіркеулерінің шеңберінде көптеген христиандық діни ағымдар пайда болды. Протестанттық бағыттың бірнеше ерте (англикандық, кальвинизм, лютеранство, меннонизм, социнианство, унитариянство, цвинглианство) және жаңа (адвентизм, Құтқару армиясы, квакерство, мормонство, пятидесятничество, Иегова куәгерлері, Христиан ғылымы және т.б.) ағымдары бар.

Қазіргі замандағы христиан дінін дүниежүзі бойынша шамамен, 2 млрд-тан астам адам ұстанады.

Христиандық діни мерекелердің тарихи маңызы қандай?

Жексенбілік күн – ежелгі мейрам. Бірінші апостолдық шіркеуде Христостың қайтыс болған күні еске алу ретінде жұма күні болса, қуанышты күн – Христостың тірілген күні жексенбі күні болып есептелген. Осы күні шіркеуге барып, құдайға құлшылық ету қасиетті болып саналады.

Пасха мейрамы 21 наурыздан кейін, айдың толуынан соң тойланады. Бұл мейрамда түрлі түсті жұмыртқалар пісіріледі.



Аңыз-шежіре

Аңыз бойынша Пасха жұмыртқасын қызыл түске бояуды Рим императоры Марк Аврелиймен байланыстырады. Марк Аврелий өмірге келген күні анасының қорасындағы тауықтардың бірі қызыл нүктеге боялған жұмыртқа туады. Бұл құбылыс болашақ императордың өмірге келгенінен хабар беру белгісі деп жорылады. Осыдан кейін, яғни 224 жылдан бері христиандар боялған жұмыртқаны бір-біріне сыйлауды дәстүр ретінде қалыптастырады. Ал христиандар бұл оқиғаны өзгеше жорып, өз дәстүрлеріне айналдырады. Оларда қызыл түс ерекше күш береді, өйткені Пасха жұмыртқасы Христостың қанымен боялған деген ұғым болды.

Рождество. Католиктер Рождество мейрамын IV ғасырдан бері 25 желтоқсан күні тойлап келеді. Христиандардың сенімі бойынша,

Рождество – құдайдың ұлы Иса мәсіхтің туған күні. Протестанттар да Рождествоны тойлайды және олар мейрамға рождестволық шыршаны безендіру тәрізді жаңа өзгерістер әкелді. Православтар бұл мейрамды григориан күнтізбесі бойынша 7 қаңтарда тойлайды.



Дінтану әліппесінен

Католик храмдары «костел» деп аталады. Онда Мариям ана бейнесі бар иконалар мен айқышқа керілген Иса мәсіх бейнесі кескінделген мүсін қойылады. Католиктер құлшылықтарын отырып орындайды. Діни рәсімдер көбіне латын тілінде атқарылып, құлшылық жасау кезінде орган ойналады.

Рим Папасы құдайдың жер бетіндегі өкілі саналады. Ол құлшылық үстінде шіркеудегі «жақсылықтарды» өзгелерге үлестіріп, құдай атынан кешірім жасайды.

Монах ордені – монахтардың қауымы.

Білу

1. Христиандық қашан бөлінді?
2. Христиан діні көп таралған аймақтарды атаңдар.
3. Протестанттық бағыт қалай пайда болды?

Түсіну

1. Неліктен шығыс пен батыстық христиан шіркеулерінің арасында айырмашылық орнады?
2. Не себепті миссионерлер пайда болды?
3. Неліктен қиындық кешу ежелгі христиандардың күнделікті өмір салтына айналды? Сол кезеңде орын алған әлеуметтік мәселелерді түйіндеп, «Сканерлеп оқу» тәсілімен жинақы мәтін жазыңдар.


Қолдану

Төмендегі сызбаны дәптерлеріңе түсіріп, толықтырып сызып шығыңдар. Үш ағымның негізгі ерекшеліктерін жазып, христиандыққа жан-жақты сипаттама беріңдер.



Талдау

Православие және католик ұғымдарына Венн диаграммасын қолдана отырып, талдау жасаңдар:



Жинақтау

Тақырып пен ресми дереккөздерден алынған қосымша ақпараттарға сүйеніп, мәліметтерді жинақтай отырып, христиан дінінің негізгі бағыттары туралы презентация жасаңдар.

Бағалау

Қазіргі христиандықтың бұрынғы христиандықтан айырмашылығына баға беріңдер.

§14. Ислам діни ілімнің негіздері, тарихы, тәжірибесі және таралу өңірлері

Ислам діні қалай пайда болды?

Ислам діні – монотеистік әлемдік діндердің бірі. Ол Араб түбегінде VII ғасырда пайда болды. Ислам ілімінің негізінде құдайды үшке не екіге бөлуге немесе оған серік қосуға болмайды. Сонымен қатар табиғат құбылыстарына, қолдан жасалған мүсіндерге, пұттарға, т.б. табынуға, сиынуға тыйым салынады. Исламда рухтың көшуі (реинкарнация), тұмысынан күнәкар болу, нақты бір тап өкілі болып туу деген сияқты адам ұғымына ауыр сенімдерге жол берілмейді.

Ислам діни ілімінің негіздері.

1. Барлық нәрсенің жаратушысы — Алланың бар екеніне сену.
2. Періштелердің бар екеніне сену. Мұсылмандардың сенімі бойынша, періштелерді Алла нұрдан жаратқан, олар Жаратушының өмірлерін толық орындайды. Жәбірейіл, Мекәйіл, Исрафил, Өзірейіл періштелердің үлкендері саналады.
3. Пайғамбарлар арқылы «түскен» кітаптарға сену. Мұсылмандар Құранды ең соңғы және толық сенімді қасиетті кітап санайды.
4. Пайғамбарларға сену. Құранда Алла жіберген барлық пайғамбарларды: Адам, Ибраһим, Дәуіт, Мұса, Сүлеймен, Иса және басқаларын мойындау деп жазылған.
5. Қиямет күніне сену. Соның ішінде ақырзаманға, құдай алдында сұраларда тірілетініне, тозақ пен жұмаққа сену.
6. Тағдырға сену. Мұсылмандардың сенімі бойынша, барлық жаратылыстың тағдыры Алла тарапынан жазылып қойған, барлық нәрсе құдайдың қалауымен болады.

Мұсылманның бес парызы. Ислам діні бес ұстанымға негізделген.

Олар: иман, намаз, ораза, зекет және қажылық.

Иман – Аллаға, періштелерге, кітаптарына, пайғамбарларға, ақирет күніне, өлгеннен соң қайта тірілуге және тағдыр мен қазаға сену.

Намаз – мұсылманның екінші парызы. Ислам діні бойынша намаз оқу ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған барлық ер, әйел мұсылманға бірдей парыз.

Қажылық – исламның бесінші парызы. Қажылықты ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен, басы азат, оны өтеуге шамасы жететін мұсылманның өмірінде бір рет жасауы парыз саналады. Сондай-ақ мұсыл-

манның жол қиындығын көтеруге денсаулығы болуы, баратын жолы сенімді болуы шарт. Қажылыққа баратын жолда соғыс немесе басқа да қатерлі жағдайлар болса, қажылыққа бару қауіп-қатер сейілмейінше парыз болмайды.

Қажылықтың парыздары: 1. Ихрам; 2. Арафат тауында тұру; 3. Қағбаны тауап ету. Бұл парыздар қажылық кезінде қатаң сақталады. Өйткені олардың бірі орындалмай қалған жағдайда қажылық дұрыс атқарылды деп есептелмейді.

Ислам дінінің негізін салған – Мұхаммед ибн Абдулла ибн Өбді Мүтәліб ибн Хашим (571–632 жж.) Мекке қаласында 20 сәуірде дүниеге келген. Мұхаммед пайғамбар ислам дініне әуелі жақын ағайындарын, жолдас-жоралары мен достарын жасырын түрде шақырады.

Ең бірінші исламды қабылдаған жары Хадиша мен Али сияқты өз туыстары болса, жақын достарынан Әбу Бәкір болды. Ол қауымына абыройлы, дәулетті адам еді. Әбу Бәкірдің ықпалымен кейін көптеген адамдар ислам дінін қабылдады. Арада бірнеше жыл өткеннен кейін Мұхаммед пайғамбар барлық араб тайпаларына ислам дінін қабылдауды жария түрде насихаттады.

Меккеде Мұхаммед пайғамбар көптеген қарсылықтарға ұшырап, қиындықтар көрді. Сол қиын кезеңде исламның орнығып, дамуына серпіліс берген *Мәдина* қаласы (ескіше Иасриб) болды.

Мұсылмандықты бірінші болып қабылдаған Мәдина тұрғындары *ансарлар* Уақаба деген жерде Мұхаммед пайғамбармен кездесіп, дініне жәрдемші болуға қол беріп серттесті. Осы келісім негізінде мұсылмандар 622 жылы Меккеден Мәдинаға жаппай қоныс (хижра) аударады.



Дінтану әліппесінен

Меккеден Мәдинаға жаппай қоныс аудару оқиғасы ислам тарихында «Хижра» (қоныс аудару) деп аталды. Мұхаммед пайғамбармен бірге Меккеден Мәдинаға қоныс аударғандарды «мұхажирун» деп атаған. Ислам дінінің орнығуына зор әсерін тигізген бұл оқиға мұсылмандық жыл санауының басы болды. Хижра мұсылман жыл санауын Мұхаммед пайғамбардың жақын серігі, халифа (дін басшысы) Омар ибн Хаттаб қалыптастырды.


Ансарлар (көмекшілер) – Мұхаммед пайғамбардың Мәдина қаласында дін таратуына жәрдемдескен сахабалар.

Мүшріктер – политеистер, яғни көпқұдайшылдар, пұтқа табынушылар.

Мұхаммед пайғамбар Меккеде 12 жыл, Мәдинада 10 жыл араб халқын ислам дініне үгіттеді. Мекке кезеңіндегі Мұхаммед пайғамбардың өміріндегі ерекше рухани құбылыс Миғраж сапары еді (*Исра*

уал-Миғраж). Арабияны мекендеген жергілікті тайпалар көбіне исламды өз еріктерімен қабылдады.

Мұхаммед пайғамбардың тұсында исламды қабылдап, онымен сұхбат құрған, дінді жаюға жәрдемші, қамқоршы болған серіктерін «сахаба» деп атайды. Мұсылмандар сахабалар дәрежесін, өте жоғары орынға қояды. Сахабаларды көріп, олардан дәріс алған, тәрбие көрген, жақын сұхбаттасқан мұсылмандарды «табиғин», яғни «ізіне ергендер» деп атайды.



22-сурет. Меккедегі қасиетті Қаба

Арабия түбегінде ислам діні орныққанға дейінгі кезеңде көшпенді араб тайпалары арасында өзара бітіспес қастандықтар мен азғындық істер кеңінен жайылған еді. Ол кезең ислам тарихында «надаңдық (жаһилия) кезеңі» деп аталады. Осындай моральдық құлдырау етек алған кезде Алланың елшісі – Мұхаммед бейбітшілік пен татулыққа, келісім мен бірлікке негізделген ислам дінін жайды.

Мәдинада Мұхаммед пайғамбар түйесі шөккен жерді Сәһіл, Суһейл есімді ағайынды жігіттерден сатып алып, мешіт салады. Мәдинада мұсылмандардан басқа иудейлер, көп дінді арабтар мен христиан діні өкілдері де бар еді. Олардың арасындағы бақталастық, жанжалды тоқтату, тәртіпті нығайту үшін құқықтық, қоғамдық тәртіп негіздері жасалды.

Ол ру, дін өкілдері тарапынан мақұлданып, келісімшарт арқылы рәсімделді. Нәтижесінде Мәдинаның жергілікті Аус, Хазраж сияқты рулары арасындағы ұзақ жылдарға созылған қақтығыстар мен жанжалдар толастап, достық, бауырластық қарым-қатынас орнықты. Өртүрлі топ өкілдері бір-бірімен сыйласып, тілегі ортақ, жоғары адамгершілік қасиетке ие орта қалыптастырды.

Ислам дінін тарату жолында қалыптасқан жаңа ережелердің адамзат баласына тигізген әсері қандай болды?

Ислам діні ережелерінің қалыптасуы. Мәдина қаласында алғашқы жылдары мұсылмандарға бес уақыт намаз оқу, рамазан айында ораза ұстау парыз етілді. Алғашқы *айт* намазы оқылып, ораза және құрбан айт мерекелері бекітілді. *Пітір* садақасы міндеттеліп, *зекет* парыз етілді. Мұхаммед пайғамбар жамағатпен алғаш құрбан айт намазын оқып, құрбандық шалудың мән-мағынасын түсіндіріп, құтпа оқыды және құрбандық шалды. Сол жылдары мас қылатын ішімдікке, құмар ойындарға тыйым салатын Құран аяттары «түсті» (*Мауда, 90–91*). Бұл жарлық Мәдина көшелерінде жария етіліп, сол кезеңнен ішімдіктің адамға, қоғамға зияны, одан тыйылу жайлы көптеген пайғамбар хадистері қалды. Осылайша Мәдина қаласында мұсылманның парыздары мен діннің негіздері қалыптасты.

Мұсылмандық бес парыз исламның тұрақты орнығуына себеп болды. Ислам діні қоғамдағы әйелдердің орнын белгілеп, олардың құқығын қалпына келтірді. Әйелдерге ерінен қалған мұрасының жартысы тиесілі болды және өз мүлкіне жеке билік жүргізу құқығы берілді. Неке туралы шариғат заңы әйел адамның ар-намысын таптауға тыйым салды.

Исламның таралуы қалай жүзеге асты?

Ислам дінінің таралуы. Мұхаммед пайғамбар өзінен кейін мемлекетті басқару үшін ешқандай мұрагер қалдырмады. Бұл ислам дінінде мемлекет ісінің ұстанымы зайырлы сипатта екендігін білдіреді. Себебі ислам дінінде теократиялық, мұрагерлік билік түсінігі жоқ. Исламның мәнінде дін және дүние істері бөлек қаралған.

Исламның кең ауқымда таралуы Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әли сияқты төрт парасатты халифаның билігі тұсында жүзеге асты. Мұсылман қауымына басшылыққа Әбу Бәкір сайланғаннан кейін Араб халифаты қалыптасты. Халифа Әбу Бәкір Араб түбегіне түгел билік жүргізіп, ислам дінін таратты. Одан кейін исламның кең таралуы жолында үлкен

қызмет атқарып, өшпес із қалдырған адам – Омар ибн Хаттаб. Оның билігі тұсында ислам діні Солтүстік Африка мен Орта Азия аралығындағы аймақтарға түгел тарады. Мысыр, Сирия, Ирак, Иран, Әзербайжан, Хорасан елдері ислам әлемінің құрамдас бөлігіне айналды.

Омар халифа ұлан-ғайыр аймақты бір орталыққа бағындыру үшін ел басқару ісіне біраз жаңалықтар енгізді:

- мемлекетті басқару үшін кеңес мәжілісін құрды;
- мемлекеттік басқару жүйесін жасап, әкімшілік жаңа жобалар (өмірлерге адалдық антын қабылдатты,
- дүние-мүліктері жайлы мәлімет бергізді, халықтың арыз-шағымдарын қарастыру мерзімін бекіттірді, т.б.) енгізді,
- жер реформасын жасады, салық жүйесін қалыптастырды, ислам діні негізінде сауда-саттық қатынасын реттеді, мемлекет иелігіне (топырағына) қарасты жерлерде мектеп-медреселер ашып, оқу-ағарту ісін бір қалыпқа түсірді.

Бұл реформалар сан алуан дін мен мәдениет, салт пен дүниетаным болуына қарамастан, барлық өңірлерде ислам дінінің орнығуына жағдай жасады.

Омар ибн Хаттаб қайтыс болғаннан кейін оның орнына Осман ибн Аффан отырды. Осман халифаның кезінде мұсылман қоғамында әлеуметтік, экономикалық және саяси өзгерістер болды. Ислам Азия, Африка, Еуропа халықтарының мәдениеті, дүниетанымы таразысына түсті. 633 жылдан басталып, бір ғасырға жуық үздіксіз жүргізілген жорықтар нәтижесінде ислам діні оңтүстікте Солтүстік Африкаға, батысында Францияның Бурбон аймағына дейін, шығысында Синт (Үнді) өзеніне дейінгі жерлерге тарады.

Араб халифаты солтүстікке де ұмтылып, 705 жылы Орта Азия, Мауреннахр жеріне аяқ басты. Атақты араб қолбасшысы Қутайба ибн Муслим 710–712 жылдары Бұхара мен Самарқанды, 714 жылы Шаш (Ташкент) пен Фараб (Отырар) қалаларын ислам дініне кіргізді. Өр жылдары мұсылмандықты қабылдағанға дейін түркілер мен қытайлар арасында соғыс болып тұратын.

751 жылы Талас аңғарында, Таразға жақын Атлах қаласының түбінде арабтар мен қарлұқтар бірлесіп, қытайларға қарсы соғысты. Қытайлар түбегейлі жеңіліс тауып, осы оқиғадан кейін түркілердің исламды қабылдауымен бірге арадағы қырғиқабақ соғыс та үзілді-кесілді тоқтады.

Білу

1. Ислам діні қашан қалыптасты?
2. Ислам діні қай діндер тобына жатады?



Түсіну

1. Не себепті хижра жыл санауының басы болып саналады?
2. Адамдардың Мұхаммед пайғамбарға жүрек қалауымен сенуіне не себеп болды?



Қолдану

1. Тақырып мәтінін топ ішінде «Самаралық төсілмен» кезектесіп оқу арқылы мұқият түсініп алыңдар. Әрбір абзацқа мән беріңдер.
 - 1) Материалды бөлімдер бойынша бөліп оқыңдар.
 - 2) Топ ішінде оқылған бөлімдерді өзара талқылаңдар.
 - 3) Берілген бөлімдердің мазмұнын ашатындай 9–10 түйін сөз жазыңдар.
 - 4) Бөлімдерді қайта оқыңдар.
 - 5) Әрбір топ ішінен біреуің бөлімдерді мазмұндап беріңдер.
2. Бүгінге тақырыпқа байланысты ойларыңды «Түртіп алу» кестесіне жазыңдар.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырады»



Талдау

Ислам дінінің негіздеріне нелер жататынын талдаңдар. Ментальді кластерде жинақтаңдар.



Жинақтау

«Ислам дінінің маңызы қандай?» деген сауалға «Топтық тергеу» тәсілімен жауап беріңдер. Ол үшін бес топқа бөлініп жұмыс істеңдер.

- 1) «Баяндап берушілер» тобы – ислам діні туралы баяндайды.
- 2) «Зерттеушілер» тобы – осы діндегі ұстанымдарды зерттейді.
- 3) «Сұрақ құрастырушылар» тобы – тақырыпқа байланысты сұрақтар дайындайды.
- 4) «Жазушылар» тобы – «Діннің маңызы» тақырыбына шағын эссе жазады. Эссе критерийлері:
 - Көлемі – 100 сөз.
 - Келтірілген пікірдің мағынасын ашу – 1 балл;
 - Эссе жазушының өз позициясын көрсетуі және түсіндіруі – 1 балл;
 - Ойтолғау мен келтірілген аргументтердің дәрежесі мен сипаты – 3 балл;
 Ең жоғары балл – 5.
- 5) «Дәнекершілер» тобы – діндегі адамгершілік ұстанымдарды бүгінгі күнмен байланыстырады. Соңынан барлық топ бірігіп қорытындылайды.

Бағалау

Жалпы жаңа дін неліктен пайда болуы мүмкін? Ол үшін қандай алғышарттар керек? Сұрақтарды талқылап, баға беріңдер.

§15. Мұхаммед пайғамбар және Құран Кәрім

Мұхаммед пайғамбардың ислам дініндегі маңызы қандай?

Мұхаммед пайғамбар және ислам. Мұхаммед пайғамбар дүниеге келуінен екі ай бұрын сапарда жүрген әкесі Абдолла өмірден өткен. Мұхаммед үш жасына дейін сүт анасы Халиманың тәрбиесінде болды.

6 жасында өз анасы *Әмина бинт Уаһб ибн Әбдіманап ибн Заһра* қайтыс болады. Жастай жетім қалған Мұхаммедті атасы Әбдімүтәліб өз тәрбиесіне алады. Алайда көп ұзамай атасы да дүние салып, Мұхаммед немере ағасы Әбу Тәліптің қолында ержетеді. Құрайыш тайпасы саудамен шұғылданғандықтан, ағасы Мұхаммедті сауда ісіне араластырады.



Аңыз-шежіре

Мұхаммедтің балалық шағынан бастап-ақ *пайғамбарлық нышандары* білінген. Мұхаммед Әбу Тәліппен бірге сауда сапарында жүрген кезде Баһира атты христиан монахы Мұхаммедпен әңгімелесіп, пұтқа емес, Аллаға табынатынын біледі. Содан соң оның арқасындағы пайғамбарлық мөріні көреді. Монах Әбу Тәліпке інісін болашақта ұлы істердің күтіп тұрғанын және оны зұлым ниеттегі адамдардан сақтау қажеттігін ескертеді.

Алла елшісі 35 жасқа келгенде Құрайыш тайпалары бірлесіп, Қағбаны жөндейді. Бірақ құрылыс біткеннен кейін бақталастық себебінен қасиетті «Қара тасты» орнына қою мәртебесі жайлы дау шығып, үлкен жанжал болады. Мұхаммед осы даудың әділ шешімін тауып, ер рубасына жабылып көтеруді ұсынып, «Қара тасты» орнына қояды. Бұл шешім оның әділдігі мен парасатын танытып, ел алдында беделін өсіреді.

Мұхаммед 40 жасқа келгенде жан дүниесіндегі ерекше құбылысты сезе бастайды. Мекке маңындағы Хира тауының үңгірінде оқшауланып, Алланы жадына алып, дүниеге ой жүгіртеді. 610 жылы рамазан айында *Жәбірейіл* періште Мұхаммед пайғамбарға «Алақ» сүресінің алғашқы 5 аятын «түсіреді». Уахидың (Алла мен пайғамбарлар арасындағы рухани қатынас) алғашқы әсері жайлы жұбайы Хадипшамен ой бөліседі. Хадипша Уарақа атты ағасынан Мұхаммед пайғамбарға келген уахи (хабар, аян) жайлы сұрайды. Көне діни кітаптардан хабары бар Уарақа аян берген *Жәбірейіл* періште екенін, пайғамбарлық жолдың басталғанын айтады.

Мұхаммед пайғамбардың қалдырған соңғы өсиетінің маңызы неде?

Мұхаммед пайғамбардың соңғы күндері. 632 жылы Мұхаммед пайғамбар соңғы қажылық сапарын атқарды. Арафат тауында Алланың атымен сөз бастап, қоштасу құтпасын оқыды. Ислам тарихында «қоштасу құтпасы» деген атпен белгілі пайғамбардың соңғы өсиеті ғибратқа толы. Адамдарды татулыққа, бауырмалдыққа, бір-бірінің ар-намысына, мал-жанына құрметпен, қиянатсыз ақ пейілмен қарауға, әйелдердің құқығын қорғауға үндейді. Өсімқорлыққа, қан дауына тыйым салады.

Мұхаммед пайғамбар 632 жылы қатты сырқаттан қайтыс болады. Медине қаласында жаназасын оқып, оны дүниеден өткен жеріне арулап қойды. Сахабалар өзара кеңесіп, пайғамбар ісін жалғастыратын халифа болуға Әбу Бәкірді лайық көріп, бәрі бірауыздан соны сайлады.

Құран Кәрім неліктен қасиетті саналады?

Құран Кәрім. Құран – «оқу», «жатқа оқу», «терең ойлау» мағынасындағы араб сөзі. Күллі мұсылман қауымының шарифат заңдылықтарында, діни ғұрыптарында, тіпті, күнделікті тіршілігінде басшылыққа алатын, аса киелі, қасиетті кітабын Құран деп атады. Ол – мұсылмандар ұғымында тура жол көрсетуші, адамзатты ақиқатқа қауыштырушы қасиетті кітап. Сондай-ақ Мұхаммедтің ең үлкен пайғамбарлық кереметі (пайғамбарлық кереметті исламда *муғжиза* дейді).

Құранда 114 сүре бар. Ең қысқа сүре – үш аяттан тұратын «Кәусар» сүресі. Ал ең ұзағы – 286 аяттан тұратын «Бақара» сүресі. Мұхаммед пайғамбарға түскен әуелгі аят «Оқы!» деп басталатын «Алақ» сүресінің алғашқы бес аяты. Құран сүрелері Меккелік, Мединелік болып екіге бөлінеді.

Меккелік сүрелер – Мұхаммед пайғамбар Мекке қаласында тұрғанда «түскен» сүрелер. Онда жалпы иман-сенім, жаннат-жаһаннам, әлем мен адамның жаратылуы, бұрынғы өткен пайғамбарлар туралы тақырыптар баяндалады. Ал пайғамбардың Мединеге көшуіне байланысты, онда «түскен» сүрелер «Мединелік сүрелер» деп аталады. Бұл сүрелерде қоғам өмірі мен адамдар арасындағы қарым-қатынастар, яғни адамның ақыл-ойы, дүниетанымдық, өркениеттік негіздерге жету туралы әмірлер мен тыйымдар, т.б. тақырыптар баяндалады. Құран Алла әмірімен Жәбірейіл періште арқылы Мұхаммед пайғамбарға 23 жыл бойы «түскен» делінеді. «Қадір» сүресінде алғашқы аян 610 жылы рамазан айының Қадір түні Мекке тауының Хира үңгірінде Мұхаммед пайғамбарға «түскенін» баяндайды.

Құран кітабы қалай жинақталды?

Құран аяттарының хатқа түсуі. Мұхаммед пайғамбар оқу-жазу білмейтін кісі болған еді. Ол Алладан аян келгенде хатшыларына сүре аяттарын «түскен» жерде жаздырып отырған. Пайғамбардың сахабалары Құран аяты «түскен» мезетте толық жаттап алып, оны оқудың тәртібін де жете меңгеріп отырған. Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Тәліп, Үбәй ибн Кағб, ибн Масғуд, Заид ибн Сәбит, Әбу Дарда, Муғаз ибн Жәбел, Әбу Зайд және т.б. сахабалар Құранды жатқа білуімен танымал болды. Құранның бөлек-бөлек «түсуі» оның оңай жатталуына мүмкіндік жасады.

Құранның жинақталуы мен көбейтілуі. Мұхаммед пайғамбардың өмірінің соңына дейін аян келуі ықтимал болғандықтан, оның көзі тірісінде Құранды бір кітап етіп жинақтау мүмкін болмады. Ол өмірден өткеннен кейін ғана аян тоқталғаны айқындалып, алғашқы халифа Әбу Бәкір кезінде Құран бір кітап етіп жинақталды. Аң терісіне, құрма ағашына, сүйекке, тегіс тастарға жазылған Құран аяттарын жинақтап, бір кітап ету Заид ибн Сәбитке тапсырылды. Оған хазіреті Омар, Әли, Осман, Үбәй ибн Кағб көмектесті. «Мұсхаф әл-Имам» деп аталған осы кітап алдымен Әбу Бәкірде, ол қайтыс болғаннан кейін Омарда, кейін Омардың қызы – Хафсаның қолында сақталды.


Ислам дінінің Арабия түбегінен шығып, алыс шалғайларға тарап, өртүрлі халықтардың дінді қабылдауы Құранның нұсқаларын көбейту қажеттілігін тудырды. Осман халифа Құран Кәрімнің нұсқаларын жазатын кеңес құрды. Оның құрамына Заид ибн Сәбит, Абдулла ибн Зубайр, Сағд ибн Әби Уаққас, Абдуррахман ибн әл-Харис ибн Ышам сияқты Құранды пайғамбардың өз аузынан жаттаған сахабалар енді. Құранның нұсқасы Мұхаммед пайғамбардың көзі тірісінде «хафиз» атанған сахабаларға оқыту арқылы тексеріліп, кітаптың алғашқы нұсқасымен салыстырылып көбейтілді. Осман халифа Омардың қызы Хафса Уммул-Мүмининде сақталған қолжазбаның негізінде жасалған Құран нұсқалары ислам орталықтары болған Басра, Куфа, Дамаскіге бір-бір нұсқадан жіберілді. Бір-бір нұсқа Мекке мен Мединеде қалдырылды. Бүгінгі Құран кітаптары сол нұсқалармен салыстырылып жазылады (23-сурет).



Дінтану әліппесінен

Хафиз – (араб. «жаттап алушы») Құранды толық жатқа білетін адам.

Мұсылман ғалымдары Құранның басты тақырыбы адамды жоғарғы адамгершілік иесі болуға және адамдардың бейбітшілік пен тыныштықта, бір-бірімен сүйіспеншілік пен қайырымдылықта өмір сүруге шақыру



23-сурет. Құран Кәрім

деп көрсетеді. Олар Құран әртүрлі оқиғалар мен сұрақтарға байланысты 23 жыл бойы түсуі себепті онда адамның өмірлік басты сұрақтарының бәріне жауаптар бар деп түсіндіреді. Сондай-ақ онда бұрынғы кітаптар: Таурат, Забур, Інжілде және жазбаларда (парақтар) қамтылған діни құндылықтар, тарихи оқиғалар, пайғамбарлардың өмірі, ғибратты оқиғалар қамтылған.

Мұсылман мерекелері мен діни жораларының маңызы қандай?

Мұсылман мейрамдары, салт-жоралары. Мұсылман қауымының арасында екі мейрам ерекше ілтипатпен атап өтіледі. Олардың бірі – Ораза айты болса, екіншісі – Құрбан айт мейрамы. «Айт» араб тілінде «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Бұл мейрамдар мұсылмандар арасында татулықты орнату, туыстық, достық қатынасты нығайту үшін белгіленген.

Білу

1. Мұхаммед пайғамбар қашан, қай жерде дүниеге келді?
2. Құран Кәрім деген не?

Түсіну

1. Неліктен сүрелер екіге бөлінеді?
2. Не себепті Құран пайғамбардың көзі тірісінде кітап түрінде жинақталмады?



Қолдану

Мұсылман ғалымдары Құранды қалай сипаттағаны туралы «Дербес пікір айту» тәсілі бойынша ойларыңды ортаға салыңдар.

- 1) Өзіндік пікір (ой, идея).
- 2) Дәлел.
- 3) Өз пікірін айғақтайтын мысал.
- 4) Өз пікіріне қарсы дәлел.
- 5) Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал.
- 6) Қорытынды.



Талдау

Меккелік сүрелер мен меиналық сүрелердің айырмашылықтарын талдап, кестені толтырыңдар.

Меккелік сүрелер	Меиналық сүрелер



Жинақтау

«3–2–1» тәсілі бойынша тақырыпты түйіндеп, кестені толтырыңдар.

Мұхаммед пайғамбар туралы 3 дерек			
Тақырып бойынша 2 сұрақ			
Қызығушылық танытқан 1 нәрсе			



Бағалау

Ислам ғалымдары Құранды қалай сипаттаған? Кітаптың ерекшелігіне баға беріңдер.

§16. Ислам діні аясындағы қалыптасқан діни бағыттар мен ағымдар. Мұсылман құқығының негізгі мектептері (мазхабтар). Ханафи құқықтық мектебінің ерекшеліктері мен маңызы

Ислам дінінің қандай бағыттары бар?

Исламның негізгі бағыттары. Сунниттік бағыт. Мұсылмандар Мұхаммед пайғамбар жолын ұстануды «сүннет» (сунна) деп атайды. Әр істе пайғамбар сүннетін басшылыққа алатын мұсылмандарды сунниттер дейді. Сунниттер ұстанатын құқықтық мектептеріне қарай төрт мектепке (мазхабқа) бөлінеді. Ол мектептер – ханафи, шафиғи, малики және ханбали. Әлем мұсылмандарының 90%-ынан астамы сунниттік бағытты ұстанады.

Шииттік бағыт. Шииттердің сунниттерден басты ерекшелігі – олардың Әли ибн Әбу Тәліптен басқа исламдағы халифаларды мойындамайтындығы. Тіпті араларында Әбу Тәліпті пайғамбар ретінде дәріптейтіндер де кездеседі. Әли әулетінен өрбіген он екі имамды дінбасылары ретінде ерекше құрметтейді. Әли халифалық құрған тұста саяси алауыздық себебінен пайда болған шииттік топ уақыт өте келе өз алдына қағидасы бар бағытқа айналды. Шииттер бүгінде көптеген топтарға бөлінеді. Олар Иран, Ирак, Иордания, Сирия, Ливан, Пәкістан, Өзербайжан елдерінде кездеседі.

Исламдағы мектеп, яғни ағымдардың шығу себебі неде?

Мұсылман құқығының негізгі мектептері. Ислам діні шалғайдағы өлкелерге таралғаннан кейін дін негізі сақталу үшін Араб халифатындағы әлеуметтік заңдар діни этикаға, дін қағидаларына негізделуі керек болды. Сол үшін хадистерді жүйелеу, қоғамдық, әлеуметтік, саяси, сауда-саттық мәселелерді сараптау негізінде ислам шариғаты қалыптасты. **Фих ғылымы** (мұсылмандық құқық ғылымы) VIII–IX ғасырларда толық қалыптасып, өзіндік тілдік, методологиялық жүйеге ие болды. Жекелеген мәселелерге Құран мен хадисте нақты жауап табылмаған жағдайдың өзінде қийас (салыстыру), иджитihad (іздену, зерттеу) тәсілімен құқықтық нормалар қабылданды.

Ислам дініндегі ағымдар мен мектептер белгілі бір нормалар, яғни шариғат негізінде қалыптасқан. **Шариғат** (араб. тура», «дұрыс жол» деген мағынада) – мұсылмандардың иман негіздерін, адамгершілік мұраттары

мен діни ұжданын, олардың мінез-құлқын реттейтін қағидалар жиынтығы. Құран мен сүннеттегі ережелер негізгі мазмұнын құрайтын ислам шарияты үш негізгі бөлімде қамтылады.

1. Бірінші бөлім екіге жіктеледі:
 - а) Ақида, яғни сенім мәселелері. Онда сенімнің шегі, ұстанымы, мұраты анықталады;
 - ә) Амалдық мәселелер. Мұнда мұсылманның негізгі парыздары мен тыйымдары нақтыланады. Намаз, ораза, зекет, қажылық сияқты құлшылық жоралары баяндалады.
2. Ахлақ мәселелері, яғни көркем мінез-құлық, жүріс-тұрыс мәдениеті.
3. Муамалат-құқықтық нормалар. Мемлекет ісі, саясат, экономика, отбасы, сауда және т.б. қарым-қатынас нормалары қарастырылады.



Дінтану әліппесінен

Шарифат (араб. «тура жол») – Құран мен сүннет арқылы мұсылмандардың орындауы міндеттелген ғибадат, жөн-жоралғылар.

Ахлақ (араб. «әдеп») – адамдардың белгілі бір қоғамға тән мінез-құлық, адамгершілік нормалар.

Шарифат, негізінен, екі міндетті жүзеге асырды:

- 1) мұсылмандардың Алла алдындағы парыздарын дұрыс орындауын;
- 2) адамдардың өзара экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық, саяси қарым-қатынастарын реттеуін.

Шарифат ғылымының қалыптасуы кезінде исламда төрт құқықтық мектеп пайда болды. Бұл құқықтық мектептер мазхаб деп аталады.



Дінтану әліппесінен

«Мазхаб» (араб. «бағыт», «жол», «көзқарас») – ислам дінінің әртүрлі сенімдік және құқықтық мектептерінің әдістері мен қағидаларын, ұстанымдары мен көзқарастарын анықтайтын ұғым. Ислам тарихындағы барлық мазхабтар, негізінен, діни танымдық, яғни сенімдік, құқықтық және саяси бағытта пайда болған.

Ханафи мазхабының негізін салған ән-Нұғман ибн Сәбит (699–767). Құран мен хадистің білімдары Әбу Ханифаның қазір ғылымда белгілі 5 еңбегі бар. Солардың ішіндегі ең негізгісі – «әл-Фиқһ әл-Ақбар». Онда Әбу Ханифадан «Ілім соңында жүріп ренжіме», «Өзге діндегілермен де сыпайы қарым-қатынаста бол», «Кісінің қателігін көріп тұрып, сен де

оны қайталама», «Патша алдында көп сөйлемендер және оған шақырғанда ғана кіріңдер», т.б. көптеген нақыл сөздер қалған. Бүгінде Ирак, Мысыр, Сирия, Пәкістан, Ауғанстан, Түркия, Орталық Азия мен Қытайдағы мұсылмандар ханафи мазхабын ұстанады.

Малики мазхабының негізін қалаушы **Мәлік ибн Анас (712–795)**. Ол да сахабалардан діни тәлім алып, құнды еңбектер жазған. Имам Мәліктің фиқһ бойынша жазған әйгілі еңбегі, алғашқы хадис кітабы – «Муатта». Малики мазхабы Медине қаласында қалыптасып, араб елдеріне, Солтүстік Африка мен Таяу Шығыста кеңінен таралған.

Шафиғи мазхабының негізін салушы имам **Мұхаммед ибн Идрис әш-Шафиғи (767–820)**. Ол шарифат жайлы жеті томдық «Китаб әл-умм» хадистер жинағын, дін негізі жайлы «Рисала фи илм әл-усул» еңбектерін жазды. Имам Шафиғи мектебі Құран мен сүннетті шарифаттың біртұтас түпнұсқасы ретінде қарастырады. Қийас пен иджитхад тәсіліне тек қатты қажеттілік туғанда ғана жүгіну керек деп ойлайды. Шафиғи мазхабы барлық араб елдері мен Шығыс Африкаға, Кавказ, Қиыр Шығыс елдеріне және Ява аралдарына таралған.

Ханбали мазхабының негізін салушы **Ахмед бин Ханбал (780–855)**. Имам Ахмад «Китаб әл-зуһд» деген кітап жазған. Бұл еңбекте төн құмарлығын шектеумен айналысатын сопылар мен шарифат білгірі факих (шарифаттың білгірі) ғалымдар арасында ортақ көзқарастардың болғаны баяндалады. Ханбали мазхабы Малики мектебі тараған өңірлерде Мысырда, Солтүстік Африка мен Андалусияда (Испанияда) кең өріс алды.

Білу

1. Исламның қанша бағыты бар?
2. Шарифат деген не?
3. Мұсылман құқығының негізгі мектептері қандай?

Түсіну

1. Неліктен ислам дінінде бағыттар пайда болды?
2. Не себепті мұсылмандарға шарифат заңы міндетті болып есептеледі?

Қолдану

Қосымша ақпарат көздерінен Әбу Ханифа туралы мәліметті және ұстаз бен шәкірт арасындағы сұхбатты оқып, оның тәрбиелік мәнін талдап, «Түртіп алу» кестесіне жазыңдар.

V «Білемін»	? «Мен үшін түсініксіз»	+ «Мен үшін жаңа ақпарат»	! «Мені таңғалдырады»



Талдау

«Кубизм» төсілімен 6 топқа бөлініп, ислам дініндегі бағыттардың пайда болу себептерін талдаңдар.



Жинақтау

1. Мазхаб қалыптастырушы ғұламалардың өмір жолдарына зер сала отырып, олардың қай кезеңде өмір сүргенін, қай аймақтан шыққанын анықтап, ментальді картаны толтырыңдар.



2. Құран, шариғат үкімдерімен қоса жергілікті халықтың әдет-ғұрпын есепке алатын құқықтық мектеп:
 - A) Шафиғи мазхабы
 - B) Ханафи мазхабы
 - C) Малики мазхабы
 - D) Ханбали мазхабы



Бағалау

Біздің елімізде қолданылатын мазхаб түрін анықтап, оның ерекшелігіне баға беріңдер.

§17. Матуриди мектебінің ерекшеліктері мен тарихи рөлі. Сопылық танымдық мектебі

Матуриди мектебінің ерекшелігі неде?

Исламда құқықтық мектептер төртеу болса, сенімге қатысты екі мектеп бар: Матуридия және Ашғария.

Матуриди мектебінің негізін имам **Әбу Мансұр әл-Матуриди** қалады. **Имам Матуриди** (толық аты – Әбу Мансұр ибн Мұхаммед ибн Махмұд әл-Ханафи ас-Самарқанди әл-Матуриди) түркілер арасында кеңінен тараған Матуриди ақида мектебінің негізін қалаған. Ол 862 жылы Самарқанд қаласының маңындағы Матурид қыстағында туылып, 944 жылы Самарқандта дүниеден озған. Есімі Матурид қыстағымен аталған түркі ғұламасының ислам әлемінде «Таухид» және «Тауилат әл-Құран» деген еңбектері танымал.

Имам исламда тұңғыш сенім негіздерін жүйелеп, ғылымға айналдырды. Матуриди – танымға жетудің философиялық және діни жолдарын методологиялық тұрғыдан негіздеген ғалым. Ол еңбектерінде аян, хабар және ақыл үшеуінің тұтастығын дәріптейді, яғни құдайлық таным мен адамдық таным қырларының бірлігін негіздейді. Осылайша ақида (сенім) мәселелерін танып, түсінудің қазақ мұсылмандығындағы діни таным негіздерін анықтаған (IX ғ.) Матуриди мектебі қалыптасқан.

Матуриди мектебінің ислам әлеміндегі орны қандай?

Матуриди өмір сүрген кезеңдегі мұсылмандар арасына жік салуға бағытталған теріс ағымдарға қарсы өзінің терең білімділігінің арқасында аят, хадистерден алынған дәлелдерге сүйеніп, өте маңызды мәселелерді дұрыс шеше білген. Мұсылмандарды теріс пиғылды ағымдардың жетегінен қорғай білгендіктен және ислам негіздерін бір жүйеге түсіргені үшін имам әл-Матуриди «Мұсылмандардың ақидаларын түзетуші» және «Тура жолды білуші» деген атаққа ие болды.

Матуриди діни танымы көріністері. Ислам дінінің гүлдене дамыған кезеңі VIII–XI ғасырлар десек, бұл кезеңде Орта Азияда оқу-ағарту, насихаттау ісінде араб-парсы халықтарының үстем болуы түркі халықтарының мәдени өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Имам Әбу Ханифа құқықтық мектебі мен Матуриди діни танымы түркілердің ислам дінін қабылдауындағы ең басты тұғыр болды. Жергілікті халықтардың салт-

санасына, әдет-ғұрпына, тұрмыс-тіршілігіне, дүниетаным мен ұстанымдарына да араб, парсы мәдениетінің ықпалы айтарлықтай болды. Ал XIII ғасырдағы ірі тарихи оқиғаның бірі – Шыңғыс ханның Орталық Азияға билігін толық орнатуы бұл өңірдегі жағдайды түбегейлі өзгертті.

Сопылық деген не?

Сопылық – исламдағы рухани-кемелдік бағыт. Адамның рухани тәрбиесіне бағытталған, классикалық мұсылман философиясының негізгі бағыттарының бірі.

Сопылық мектептер. X ғасырда бірқатар сопылық мектептер пайда болып, сопылық теориясы мен тәжірибесі белсенді түрде дамыды. Сол кездегі ең ықпалды мектептер **Басри, Бағдад және Хорасан** болды. Бұл мектептердің өкілдері оның мистикалық (хал) және «бекеттер» (мақам) күйлерін егжей-тегжейлі сипаттайды. Басқа мистикалық ілімдердегідей сопыны «дүниелік кірден» тазартып, Аллаға жақындайтын «жол» (тарикат) ретінде қарастырған. «Ниеттер» ілімінде ықылас пен ықылассыздыққа (ықылас) басты назар аударылды. Осыған байланысты сопылар **мұракаба** (өзін-өзі бақыла) және **мухасаба** (өз-өзіне есеп беру) әдістерін жасай бастады. Бағдад сопы әл-Мухасибиді тұжырымдаған ұқсас ілім көптеген жақтастарды жинады, олар **маламатия** деп аталды.

Б.з. VIII ғасырдың орта тұсынан бастап, ислам өлкесінің орталықтары **Басра, Куфа, Бағдат, Шам, Хиджаз, Мысыр** мен Хорасанда сопылық теккелер (мектеп) ашылды.

X–XI ғасырларда *Абдулқадир Жейлани, Зун-Нун әл-Мысри, Ибраһим Өдхам, Халлаж Мансур, Мәулана Руми, Қожа Ахмет Иасауи*, т.б. халық арасында өзінің тақуалығымен, көркем мінезімен үлкен абыройға ие болып, белгілі тұлғалар ретінде есімдері тарихта қалды.


Сопылық жол Иранға, Ираннан Хорасан арқылы Орта Азияға таралды. Хорасанның **Герат, Нишапур, Мерв, Балх** сияқты қалалары VIII–IX ғасырларда сопылар теккелеріне толса, IX–X ғасырларда Орта Азияның **Бұхара, Самарқанд, Ферғана** қалалары сопылық мектептердің негізгі ошақтарына айналды.

Қарахан, Селжұқ мемлекеттері хандарының қолдауымен Бұхара, Самарқанд сияқты үлкен қалаларда сопылық теккелер көптеп ашыла бастады. Кемелдікке жеткен сопылар мен дәруіштер көшпелі түркі тайпаларын ислам дініне тартты. Тіпті түркі тайпалары арасында сопылар мен дәруіштердің халық жүрегінен орын алғаны сонша, оларды өздеріне жақын тартып, «ата», «баба», «дәдә», ал әйел затын анасы ретінде «ана» деп атай бастады. Мәселен, Әулие ата, Хорасан ата, Арыстан баб (баба), Ысқақ баб (баба), Укаш ата, Домалақ ана, Қарашаш ана, Гауһар ана, т.б.

Сопылық мектеп қай жерлерде кеңінен таралды?

Сопылық ілім XII ғасырдың бірінші жартысында Мауреннахр, Түркістан, Ферғана, яғни бүгінгі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Түрікменстан мен Тәжікстан аумақтарына таралды. Түркілік мәдениет негізінде құрылған Нақшбанди, Кубрауи, Чиштиа мектептері Иасауи ілімі негізінде қалыптасты. Бұл кеңістікте *Иасауи ілімі исламның ресми бағыты ретінде қабылданды*. XII–XIV ғасырлар аралығында Орта Азия, Таяу Шығыс, Үндістан жерлеріндегі саяси оқиғаларға байланысты Хорезм, Хорасан, Өзербайжан арқылы Кіші Азия, Анадолы топырақтарына, одан әрі Балқан, Еділ-Оралға дейінгі аймаққа таралды.

Иасауидің сопылық ілімінің Хақты табу, Алламен қауышу сияқты басты ілімдері «*Диуани хикмет*», «*Мират-ул Қулуб*», «*Пақырнама*» атты шығармаларында кең орын алды. Бұл ілім Түркістан, Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Ұасы, Сауран, Сығанақ, Шаш, Сүткент, Жент, Үзкент, т.б. қалалардың теккелерінде, Маңғыстау өңіріндегі жерасты мешіттерінде оқытылды (24-сурет).



24-сурет. Ишан ата жерасты мешіті. Маңғыстау облысы

Білу

1. Матуриди мектебінің негізін салған кім?
2. Ол қандай еңбек жазды? Оның маңызы неде?
3. Сопылық мектептер қашан пайда болды?

Түсіну

1. Неліктен Матуридиді ғалым деп атайды? Ойларыңды «FILA» кестесімен білдіріңдер.
 F – Facts / Дерек/ – ғалым бейнесін ашатын деректер;
 I – Ideas / Пікір/ – ғалым туралы ой-пікірілерің;
 L – Learning issues / Сұрақ/ – ғалым тұлғасын ашатын сұрақтар;
 A – Action / Іс-әрекет/ – ғалымның ізгі іс-әрекеті.
2. Не себепті сопылық бағытта мұракаба және мухасаба әдістері қолданылды? «Кластер» тәсілімен екі топқа бөлініп, жұмыс жасаңдар.

1-топ

2-топ

Мұракаба

Мухасаба


Қолдану

1. «3 минуттық үзіліс» тәсілімен 3 минут ішінде топ бойынша Матуриди ілімінің идеясы, тақырыбы туралы мынадай сөздерді қолдана отырып, пікірлесіңдер:
 Мен ... деген өз пікірімді өзгерттім.
 Мен ... туралы көбірек мағлұмат алдым.
 Мен ... таңғалдым.
 Мен ... сезімде болдым.
2. Сопылық ілім туралы оқыған мәліметті «3–2–1» тәсілімен кестеге толтырыңдар.

Сопылық ілім туралы 3 дерек			
Сопылық ілім бойынша 2 сұрақ			
Қызығушылық танытқан 1 нәрсе			

Талдау

Сопылық ілім неліктен кеңінен таралды? «Шеринг» тәсілі арқылы шеңбер бойымен жүре отырып, жүргізуші бастап, кезекпен сопылық ілімнің идеясын талдап, төмендегі сызбаны толтырыңдар.



Жинақтау

«Сопылық ұстанымын жақтаушылар көп болды. Ол көптеген мемлекеттерге тарады» деген пікірді «4 сөйлем» тәсілі бойынша қорытындылаңдар.

1. Пікір. Сопылық идеясын бір сөйлеммен жеткізіңдер.
2. Дәлел. Сопылық ұстанымнан мысалдар келтіре отырып, өз пікірлеріңді дәлелдеңдер.
3. Өмірмен байланыс. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырыңдар.
4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарып, көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жазыңдар.

Бағалау

Матуриди ілімінің өз кезеңінде халыққа тигізген пайдасына баға беріңдер.

§18. Ислам, ғылым және мәдениет

Ислам діні ғылымға қандай баға береді?

Исламның ғылым мен өркениет тарихындағы орны. Ислам алғаш ғылым мен өркениетті дамытушы дін ретінде адамзат тарихынан орын алды. Бірінші ислами ғылымдар, сосын жаратылыстану ғылымдары мен аудармалар арқылы ислам ғылымы мен өркениеті басталды. Тарихта 750–870 жылдары арасын *ислам ғылымының жаппай өркендеген дәуірі* деп атайды. Бұл уақыт – исламдық Аббасид мемлекеті басында Мансұр, Мамун, Махди, Һарұн ар-Рашид, Муғтасим, Уасық сияқты билеушілердің кезеңі. Мысалы, сол кезеңде түркілер ислам дінін қабылдап, Талас соғысынан кейін осы ислам өркениетінің құрушылары қатарында болды. Самарқандта қағаз өндірісі дамыды. Мамун кезінде Бағдатта «Байт әл-Хикма» даналар үйі ашылды. Ислам философиясы мен ғылымдары жандана түсті. Өлемдік адамзат жетістіктері араб тіліне аударыла бастады. Сонымен қатар бұл орталықтың тарихта жаратылыстану ғылымдары, астрологиялық және аударма жұмыстарымен аты қалды. Бұл кезеңде ислам ғылымына үлес қосқан қазақ жерінің аумағынан шыққан атақты ғұламалар болды. Орта ғасырда математика ғылымының негізін салған әл-Хорезми (783–850) түркі топырағынан шыққан. Философия мен логикада Платон мен Аристотельдің мұраларын ислами рухта тұжырымдап, «екінші ұстаз» атымен әйгілі болған әл-Фараби (870–950) қыпшақ даласынан шыққан дана болатын. Медицина саласында мұра қалдырып, еңбектері әлі күнге дейін «меди сина» ретінде дәріптелген, Фарабиді өзіне ұстаз тұтқан Әбу Әли ибн Сина – түркі ислам өркениетіне өзіндік із қалдырған дана. Түркі ислам мәдениеті тарихындағы ең алғашқы университеттер Самарқанд, Бұхара, Өзкент, Баласағұн, Ұйасы, Фараб, Қашқарда ашылған болатын. Қашқарда Саманидің (1166) «Китаб ал-Ансаб», Жамал Каршидің «Мулкахат ас Сура» еңбектері арқылы ислами ғылымдар: тафсир, хадис, тіл, әдебиет жақсы дамығандығын көреміз.

Махмұд Ғазнауи кезеңінде ашылған алғашқы Ислам академиясынан **Бируни, Утби, Фирдоуси** сияқты ғұламалар шыққан. Бирунидің өзі сол кездегі ислам ғылымының қай деңгейде екендігін көрсетуге жарайтын өлшем десе болады. Мысалы, ол – тарих, діндер тарихы, астрономия, математика, тригонометрия, геология, география, физика, ботаника, медицина сияқты салаларда кітап жазып қалдырған. Утби «Тарихи Ұямини», Гардизи «Зайн әл-ахбар», Хусайт Байхаки де «Тарихи Байхаки» деген

тарихи мұра жазған. Ал Фирдоуси «Шахнама» атты шығармасы арқылы парсы әдебиетіне зор үлес қосты.

Селжұқ билігі кезінде де Махмұд Хорезми, Насируддин Туси, Әбу Мансұр Хазини, Махмұд Ылақи сияқты мұсылман ойшылдары шықты. Ислам діні ғылымдарынан атақты Әбу әл-Маали Жувайни (1085), ханафи құқықтанушысы Паздауи (1089), әйгілі «әл-Мабсуд» авторы Сарахси (1090), діндер тарихын жазып қалдырған Шахристани (1153), Қады Байдауи (1286) каламшы теолог, құқықтанушы, философ каламшы Кутбуддин Ширази (1311), тәфсирші Замахшари (1144), теологияда философ, Фахриддин Рази (1209). Өмір Темір заманындағы Молла Жәми, Әлішер Науаи, Ұлықбек (1394–1449), Хусайн Байқара (1438) сияқты тұлғалардың мұраларынан-ақ ислам діні мен ғылым арасындағы байланыстың бірлігін көруге болады.

Исламдағы құқық мектептері мен негіздері Қарахан мемлекеті дәуірінде қалыптасты. Мысалы, Бұрханиддин Маргинани, Шамсу Аимма Сарахси, Әбу Заид Даббуси, Фахрул Ислам Паздауи, Садрушшахид Кашани, Омар Насафи, Сиражуддин Уши, Хусамиддин Сығнақи және қазақ топырағынан шыққан, әлі мұралары игерілмей жатқан бес жүзден астам ғұламалар ислам ханафи фикһ теориялары мен негіздерін жазып кетті.

Қазақстан мен Орта Азияда VIII–XIII ғасырларда бүкіл дүниежүзіне өздерінің философиялық, ғылыми, діни еңбектерімен танымал болған осыншама ғалымдардың шығуының осы өлкелерде сан ғасырлық ислам, өркениеттік, ғылыми дәстүр мен бай мәдени мұра қалыптасқанын көрсетеді.

Ислам дінінің адамзат тарихындағы орны қандай?

Исламның Батыс мәдениетінің дамуына ықпалы. Ислам Батыс мәдениетінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Көптеген зерттеушілер Еуропада антикалық өркениеттің жетістіктерінің сақталуына мұсылман ойшылдарының еңбектері айтарлықтай әсер еткендігін айтады. Әсіресе 750–1100 жылдары ислам ғалымдары әлемде жетекші орынға ие болып, математика, физика, химия, астрономия, география, медицина сияқты нақты ғылымдармен бірге, гуманитарлық және қоғамдық ғылымдардың дамуына үлес қосқанын атап көрсетеді.

X–XI ғасырларда ислам әдебиетінде адамшылық пен еркін ойлау белгілері анық көрінетін. Батыс әдебиетіне шығыстың лирикалық поэзиясы, әсіресе, ғашықтық және философиялық поэзиясының әсері басым болды. Бір ғана «Калила уа Димна», «Мың бір түн» секілді шығыс ертегісінің Еуропа әдебиетіне қосқан үлесі ұшан-теңіз. Ибн Батутта, ибн Фадлан сияқты жиһанкездер естелігі белгілі бір дәрежеде Батыстағы «Ұлы

географиялық ашылуларға» қозғау салғаны белгілі. Араб тілі батыс тілдерінің лексикасын көптеген жаңа сөздермен байытты. Оларға мысалы, *алгоритм, алгебра, алхимия, цифр* және т.б. ғылыми терминдерді жатқызуға болады.

Құран Кәрімнің әлемдік ғылымның дамуына қозғау салуына, ислам өркениетінің қалыптасуына, адамның рухани кемелденуіне тигізген рөлін орыстың ірі ақыны Пушкин орыс тілінде, Гете неміс тілінде жырға қосты. А.С.Пушкиннің шығармасы орыс әдебиеті өкілдерінің Құранға деген қызығушылықтарын туғызып, П.Я.Чаадаев, Л.Н.Толстой, В.С.Соловьев, шығыс поэзиясының шебер аудармашысы М.Л.Михайловтың назарын аударады. М.Л.Михайлов Құранның бірқатар аяттарын өлең жолдарымен аударады. Әлемге танымал жазушы Л.Н.Толстой да Құран Кәрім ілімімен терең танысып, Мұхаммед пайғамбардың рөлін, ислам дінін жоғары бағалайды.

Ислам және өнер. Өртүрлі елдердің исламға икемделген өнері мен мәдениеті, ұлттық ерекшеліктері мен айырмашылықтарына қарамастан, ислам ортақ заңдық белгілеріне ие болып, өз өнерін түрлендіріп, дамыта түсті. Исламда тірі жандардың суретін салуға тыйым салынады. Алайда бұл жағдай исламдағы сурет, мүсін салу өнерлеріне кедергі болған жоқ. Адам мен жан-жануардың бейнесін көмескі, ұқсас бейнеде салу өзіндік ерекшелікпен дамыды.

Ислам өнерінің ірі жетістігінің бірі – бояуларға бай болып келетін көне кітаптардағы **миниатюра**.

Ою-өрнек өнері. Мұсылмандар суреттің **орнаментализм** өнерін дамыта білді. Олардың ою салу өнерінде бірізділік байқалды. Оюды дамыту кезінде ұсталар асқан шеберлікке қол жеткізіп, нақты математикалық есеп пен жігерлі көркем қиялдарын жүзеге асырды. Қарапайым түрде жапырақты, гүл мен бұтақты сала отырып, өсімдік оюының түрлі және бай элементін тудырды. Күрделі ширатылған геометриялық ою да кең өріс алды. Оюдың соңғы түрі – **эпиграфикалық фриз**, яғни араб әріптерімен жазылған ою дамыды. Өртүрлі геометриялық оюлар мен өсімдік оюларының жазулармен ширатылған стилі қалыптасты. Ою – «көздің музыкасы» демекші, оюмен кез келген бұйымды, мешіттің жақтауы мен порталын, ғимараттың қабырғасын, үйге арналған кілем немесе кітаптың бетін болсын әшекейлеуге болады.

Көркем жазу өнері. Ислам мәдениетінде каллиграфия өнерінің орны ерекше. Каллиграфия дамудың жоғарғы сатысына жеткен толық бір ғылым мен өнер болып қалыптасты. Діни, ресми және күнделікті каллиграфиялық жазулар пергаментте, қағазда, үй бұйымдарында, ғимараттардың қабырғаларында жазылған (*25-сурет*). Каллиграфия сәндік өнермен қосылып, Батыс елдеріне ерекше әсер еткен керемет қайталанбас оюлар туғызды. Ол ислам әлемінде сакралды мағынаға ие


болды. Каллиграфия өз негізінде құдай сөзін графикалық түрде жаңғырту болып келеді. Мешіттердің қабырғаларында Құраннан алынған аяттардың міндетті түрде болуы осымен түсіндіріледі.

Сәулет және қолөнер. Ислам өнері екі салада жоғары дәрежеде дамыды: сәулет және көркем қолөнер. Мұсылман сәулет өнерінің жетістіктері өте маңызды. Шығыстық ғимараттар құрылысында аркалар, бағандар мен күмбездер кең қолданылған. Сарайлар мен қорғандар ою-өрнектермен, мозаикамен әшекейленіп салынды. Кесене, мешіт, медресе құрылыстарының сырты да, іші де түрлі түсті тастармен безендірілді. Шығыстық сәулет өнері (Бағдад, Дамаск, Каир) әлемнің қызығушылығын тудырды.

Музыка өнері. Мұсылмандық музыка өнері көбіне вокалды болып келеді. Әл-Кинди, әл-Исфахани, әл-Фараби, ибн Сина сынды мұсылман ғалымдар музыка заңдылығын, дауыстың шағылысуын, жағымды естілуін жан-жақты зерттеген. Әл-Фарабидің музыка өнері жайлы жазған «әл-Китап әл-Мусықия әл-Кабир» атты трактаты музыканың зерттелуіне түрткі болған құнды еңбек саналады.

«Музыканың ұлы кітабындағы» ең үлкен жаңалық – музыка теориясының жасалуы. Кітап XV ғасырда латын тіліне аударылып, Еуропада музыка ғылымының дамуына үлкен әсер етті. Осы еңбектегі он екі жарты тондық музыкалық жүйе бүгінгі күнге дейін маңызды.

Мұсылмандардың қасиетті кітабы Құран музыкаға жақын келетін рифмалық прозамен жазылған, оның оқылуында (тәжуит) нақты заңдылыққа бағынатын әуен мен ырғақ бар.



25-сурет. Араб көркем жазуы (бисмиллаһир-рахманир-рахим)

Қазіргі кезеңде ислам діні ғылым салаларына көңіл бөле ме?

Қазіргі уақытта ислам әлеміндегі ғылымның дамуы жаңаша сипат алуда. Оған өртүрлі ұйымдар, қоғамдар, оқу орындары т.б. өз үлестерін қосып келеді. Солардың бірі – 1969 жылы 25 қыркүйекте мұсылман мемлекеттерінің бастамасымен құрылған Ислам Конференциясы Ұйымы. Осы ұйым жанынан ашылып, дербес жұмыс істейтін төмендегідей органдар мен құрылымдар бар: Ислам даму банкі, Ислам жаңалықтары агенттігі, Экономика және мәдени мәселелер жөнінде ислам комиссиясы, Иерусалим қоры, Ислам астаналары ұйымы, Ислам ғылыми-техникалық даму қоры және тағы басқалар.

Қазақстан Ислам Конференциясы Ұйымының мүшелігіне 1995 жылы қабылданды. Қазақстан сонымен бірге Халықаралық ислам фиқһ академиясына (International Islamic Fiqh Academy (IFA) да мүше. Аталмыш Академия Сауд Арабиясында 1983 жылы құрылды. IFA дәстүрлі ислам ғылымына сүйене отырып, өнер, мәдениет, медицина және экономика салаларын дамытуды ұстанады. Нақтырақ айтқанда академияның негізгі мақсаты – мұсылман елдеріндегі ғылым, заң, мәдениет, ислам каноны, медицина, экономика, индустрия, технология, ауылшаруашылығы, биология және химия салаларындағы түйткілді мәселелерді зерттеп, оған қатысты бірегей шешімге келу.

2009 жылы Сауд Арабиясында ашылған Ғылым және технология университеті де ғылымның дамуына атсалысуда. Мәселен, университетте 11 бағыт бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізіледі: қолданбалы математика және информатика есептеу ғылымы, биоғылым, химия және биология инженерлігі, химия ғылымы, компьютер ғылымы, Жер ғылымы және инжиниринг, электр инженерлігі, қоршаған орта ғылымы және инженерлік, теңіз ғылымы, материя ғылымы және инженерлік, механика инженерлігі.

2017 жылы Қазақстанның астанасында ғылым және технология бойынша Ислам ынтымақтастық ұйымының бірінші саммиті өтті. Саммитте ғылым мен технологияларды дамыту жолындағы ынтымақтастықты нығайту өзекті мәселелердің бірі болды. Себебі ғылыми-техникалық және инновациялық даму саласындағы жетістіктер – мемлекеттердің болашағы.



Білу

1. Ислам адамзат өркениетінің дамуына қандай үлес қосты?
2. Қандай исламдық мәдениет ошақтарын білесіңдер?

3. Ғылыми бағыттың негізгі зерттеу нысаны не болды?
4. Шығыста қандай өнер түрлері дамыды?

Түсіну

1. Қалайша ислам алғаш ғылым мен өркениетті дамытушы дін ретінде сипатталды?
2. Неліктен 750–870 жылдар арасын ислам ғылымының жаппай өркендеген дәуірі деп атайды?

Қолдану

«Ислам діні және әлем» тақырыбында жұптарыңмен пікір алмасу ұйымдастырыңдар. «Соңғы сөзді мен айтайын» тәсілі бойынша көтерілген мәселені өмірмен байланыстырып отырып, дәлелдеп көрсетіңдер.

Талдау

«Пирамидалық талқылау» тәсілімен топ мүшелері исламның ғылым мен өркениет тарихындағы орны туралы өз пікірлерін жеке жазады.

Әр пікірді топта талқылап, ортақ пікір қалыптастырады. Содан соң әрбір топ таратылған флипчарт қағазға тапсырмаға байланысты жеке өз ойларын жазады. Қағазды бұру арқылы бір-бірінің жауабымен танысады. Жауаптарымен танысып, ортақ пікірді қағаз ортасына жазады, оқиды, талқылайды.

Жинақтау

Қосымша ақпарат көздерінен Л.Толстойдың адамгершілік, рухани құндылық жайлы ой толғаған шығармаларын, сондай-ақ «Абай Толстой – Шәкәрім. Рухани үндестік» мақаласын тауып оқыңдар. Л.Толстой, Абай және Шәкәрімнің көзқарастарын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдай отырып, аргументті эссе жазыңдар.

Бағалау

Қазіргі кезеңде ислам діні ғылым салаларына қаншалықты көңіл бөледі?

V ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ДІНДЕР

Досым, сен осы тарауда:

- Қарлұқ-Қарахан мемлекетіндегі исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуы және Иасауидің хикметі туралы түсінесің;
- Алтын Ордадағы исламның тарихын білесің;
- қазақ халқының сан ғасырлық мұсылмандық таным-түсінігін меңгеріп, қазақ хандығы тұсындағы исламның рөлін талдайсың;
- қазақ жырауларының мұрасындағы исламдық діни таным мен қазақ хандығы тұсындағы зайырлылық бастаулары туралы қорытынды жасайсың;
- XX ғасырдағы Қазақстандағы атеизм саясатын;
- Қазақстандағы христиан дінінің таралуын білесің;
- Әл-Фараби, А.Иасауи, Ж.Баласағұни, М.Қашқари, А.Иүгінеки, Х.Сығнақидің философиялық-ағартушылық және діни көзқарастарын салыстырып, оларды зерделейсің;
- Бұқар жырау, Бекет ата, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Б.Биболатұлы, Ғ.Қараштың діни мұралары туралы терең білім аласың.

§19. Қазақстан аумағындағы ислам. Қарлұқ-Қарахан мемлекетіндегі исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуы. Қожа Ахмет Иасауидің хикметі

Исламның қазақ жеріне таралуының алғышарттары туралы не білесіңдер?

Исламның қазақ жеріне таралуы. Қазақтардың мұсылман дініне кіруіне маңызды тарихи үдерістер негіз болды. Қазақтардың арғы атасы түркілердің исламмен танысып, кей тұстарда қауым-қауым болып ислам дініне кіре бастағандығы тарихтан мәлім. Алғашқыда Аббаси халифаты билігіне қарасты Тұлын (868–905 жж.), Саж (890–929 жж.), Ихшидилер (935–969 жж.) сияқты жартылай тәуелсіз түркі саяси биліктерінің артынан Еділ-Бұлғар хандығы (922 ж. ислам дініне кірген), Қарахан билігі (942–1212 жж.), Ғазнауи (963–1186 жж.), Селжұқтар (1038–1194 жж.) және Хорезмшах (1092–1221 жж.) мемлекеттері сияқты өте маңызды түркі-ислам елдері пайда болды. Сонымен қатар тамыры тарихтың тереңінен келе жатқан дәстүрлі түркілік дүниетанымның исламмен біте қайнасуы нәтижесінде жаңа түркі-ислам мәдениеті мен өркениеті қалыптаса бастаған болатын.

Ислам дінінің қазақ жеріне таралу процесі 642 жылғы Нихавент соғысынан кейін Аһнаф бин Қайс басшылығындағы араб-мұсылман әскері Жейхунды (Әмудария) кешіп өтуімен басталады. Кейіннен бұл процесс 751 жылғы атақты Талас соғысы қарлұқтардың арабтармен тізе қосып, Қытай династиясына соққы беруімен бірге тереңдей түсті. Міне, осы оқиғадан үш жүз жыл өткен соң түркілердің мұсылмандықты қабылдау процесі өз нәтижесін бере бастады.

Кейіннен түркілердің араларынан әл-Фараби (870–950 жж.), Әбу Әли ибн Сина (975–1037 жж.), әл-Бухари, әл-Матуриди (944 ж.) сияқты тағы да басқа ғұламалар шыққан соң, арабтар оларға тек әскери күш ретінде емес, *білім, мәдениет, философия, өнер өкілдері* ретінде де қарай бастады. Сонымен, түркілердің Аббаси халифаты кезінде, негізінен, IX–XI ғасырларда исламға кіру процесі жалғасып, жоғарыда аталған түркі-ислам мемлекеттерінің құрылуында да, ұлттық тарихымызда да, жалпы ислам тарихында да маңызды рөл атқарған.

Ғылыми зерттеулер «Қарахан мемлекеті, Мауреннахр аймағы ислам халифатында көпірлер мен мұсылмандар арасындағы шекаралық аймақ ретінде рөл атқаратын» деген тұжырымды көрсетеді. Бүгін тарихи де-

ректер тек қана X ғасырдағы Орта Азияда ашылған медреселердің исламды танытып, оқытудағы саны мен сапасының ең жоғарғы деңгейге жеткендігін көрсетеді. Сонымен қатар Түркістан аймағындағы есепсіз «сопылық орталықтардың» (теккелердің) исламды жаюдағы орны мен маңызын да айта кету керек.

XI ғасырда «рибат» сөзі медресе, мектеп, теккені білдіретін сопылық діни ұғым ретінде қолданыла бастады. Өйткені осы ғасырда дінді рухани

өлемді жетілдіруді мақсат еткен сопылық ағымның тариқаттар кезеңі (ақиқатқа жетудің жолы) басталған болатын. XI ғасырда Мауреннахрда он мыңнан астам рибаттар мен теккелердің болғандығын ибн Халлиқанның (араб биографы) еңбегі де растайды.

Тарихта түркілер арасында сопылық дүниетанымның жайылуы мен тариқаттар дәуірінің басталу құбылысы Қожа Ахмет Иасауи есімімен тығыз байланысты. Иасауи тариқаты оның ілімінің қалыптасу процесін айқындайтын негізгі көрсеткіш болып табылады.

XI–XII ғасырлардағы Қарахан мемлекетінің (26-сурет) сол кездегі түркілер орналасқан жерлерде, яғни Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Йасы, Сабран (Сауран), Сығанақ, Шаш, Сүткент, Женд, Весиж, Кудур, Шилжи, Отлук, Өзкент сияқты қалалардағы араб миссионерлерінің (даиндерінің) өрекеттері IX ғасырларда саяси сипат алған болса, X ғасырдан бастап түбегейлі исламдық ілімдердің дамуы бағытында тәлім-тәрбиелік ордалардың: медресе, теккелердің орнығуымен бірге қоғамдық, руханияттық, ахлақи принциптерімен бірге экономика мен сауданың дамуына негізделген жаңа мемлекеттік сипаттағы жүйелер қалыптаса бастады. Өрбір қала-қорғандарда, елді мекендерде мешіттер, медреселер мен теккелер бой көтерді. Қоғам исламдық шарифат (заңдық қағидалар жүйесі) негізінде реттеліп, әлеуметтік, этикалық-психологиялық, экономикалық қарым-қатынас орныға бастады.

Қарахан әулетінің билігіне қараған сол кездегі Мауреннахр қалалары мұсылмандар және мұсылман еместерге (ғайри муслимин) бөлінді. Мұсылман еместер жизя (мұсылман еместердің салығы) төлейтін болса, мұсылмандар зекет беру арқылы қоғамдағы адамдардың әлеуметтік әл-ауқаты жағынан тепе-теңдік пен өзара демеуді, бейбіт өмір мен діни



26-сурет. Қарахан кесенесі (X–XIII). Тараз

бауырластықты қалыптастырды. Жер, егін салығы-вакуфтық (фонд-қорлар) жүйелермен реттеліп отырды. 960 жылдары Шаш пен Фараб (Отырар) арасындағы 200-ге жуық ру-тайпа ислам дінін қабылдаса, X ғасырдың бірінші жартысына қарай Қашқар мен Баласағұн аймағы да қабылдаған еді. Исфиджаб пен Йасы (қазақтар Аса, Жаса деген) қалалары да осы кезеңдерде ислам халифаты құрамына кірген болатын.

Түркі-ислам мәдениеті мен өркениеті XI–XII ғасырлардағы Қарахан мемлекеті кезіндегі түркі тілінде жазылған еңбектер арқылы өз болмысын нақты көрсете бастады. Бұл дәуір өздерінің тілін, араб және парсы тілінен төмен санап, менсінбей жүргендер «ғұламаларға» қарсы дәстүрлі түркілік мәдениеті мен дүниетанымның айнасы – түркі тіліне маңыз берген жаңа рух дәуірі болатын.

Қарахан билеушісі Табғаш Буғра Қарахан Қаған Әбу Али Хасан бин Сүлейман Арсланға Жүсіп Хас Хажиб Баласағұнидың тапсырған атақты «Құтадғу білік» атты еңбегі өте маңызды. 6654 бөйіттен тұратын бұл еңбек – әл-Фарабидың исламдық «маша‘иун» (перипатетизм) философиясы негізінде жазылған саясатнама. Жүсіп Баласағұни да әл-Фараби сияқты парасатты мемлекеттік басқару жүйесін төрт кісінің сұхбаттары арқылы беруді мақсат еткен. Бұл дәуірде ғылым тілі арабша және парсыша болғанына қарамастан, еңбектің түркі тілінде жазылуын ислам өркениетіндегі түркілік дүниетаным мен мәдениетінің жаңа белесі әрі тәуелсіз ел болудың алғышарты ретінде бағалауға болады.

Қарахан мемлекеті дәуірінде ибн Синаның шәкірті Жүсіп Баласағұни дәстүрлі түркілік дүниетаным мен мәдениетінің ұстанымдарын исламдық принциптермен қоса өріп, байланыстырып, мұсылман түркілердің әлеуметтік-қоғамдық жүйесін құруға, саяси-қоғамдық мораль философиясын қалыптастыруға қомақты үлес қосты.

Қазақ даласындағы діни тұлғалардың тарихи орны мен рөлі қандай?

Қарахан дәуірі кезінде Махмұт Қашқари да 1077 ж. Аббаси халифасы Муқтади Биллаһқа «Диуани лұғат ат-түрк» атты еңбек жазып тарту етеді. Араб тілі мен парсы тілінің аспандап тұрған кезеңінде түркі тілінің байлығын көрсету әрі арабтарға түркі тілін үйрету үшін жазылуы, сонымен қатар көне түркі тілінен, дүниетанымынан, әдет-ғұрпы мен салт-санасынан, сондай-ақ сол дәуір тарихынан хабар беруі тұрғысынан да өте құнды еңбек болып саналады. Бұл еңбектегі исламға қатысты ұғымдардың басым көпшілігі түркі тіліндегі терминдермен берілген.

Сол дәуірдегі Әдиб Ахмет Йүгінекидің «Атабат-ул-Хақайиқ» (Ақиқат Сыйы) атты еңбегі, Рабғузидың «Қиссас-ул-Әнбийа» сияқты діни-этикалық еңбектерінің маңызы ерекше.

Көне түркі тілінде жазылған «Атабат-ул-Хақайық» түркі-ислам мәдениеті негізінде, діни-мораль саласында **назым** (үгіт-насихат) жанрымен жазылған тәлімдік «насихатнама» ретінде танылады. Бұл еңбекте аят пен хадистер арқылы түркілерге үйретілуі тиісті моральдық, діни тәрбиенің құндылық негіздері берілген. Еңбек сол кезеңде енді ғана теориялық концепциясы қаланып келе жатқан сопылық мораль кітаптарына да негіз болды.

Қарахан мемлекеті тұсында түркі мәдениеті мен ой-санасы, білімі мен ғылымы исламдық рухта дамыды. Қашқар, Баласағұн, Өзкент қалаларындағы медреселер түркілер арасына исламдық ғылымдарды жайып, дінді түсіндірушілер, хадисшілер, исламдық құқықшылар, тарихшылар, тілшілер мен әдебиетшілердің өсіп жетілуіне ықпал етті. Бұл дәуірде алғаш Құран аудармалары мен түсіндірмелері жасалып, әсіресе құқықтану саласында ханафи мектебінің Сарахси, Баздауи, Дабуси мен Маргинани сияқты өкілдері арқасында түркілердің ханафи мазхабынан орын алуына әсер етті.

X ғасыр ортасында Құран түркі тіліне аударылды. Қарахан кезеңінде қазақ топырағынан шыққан тек қана ислам құқы бойынша үш жүзге жуық ғұламалардың болғандығы және олардың үш жүз елуден астам еңбек қалдырғандығы белгілі.

Қожа Ахмет Иасауи хикметі. *Қазақ даласына исламның түпкілікті орнығуы Иасауи атымен тығыз байланысты.* Иасауи хикметтерінде ең басты құндылықтың адам екендігін түсіндіреді. «Нағыз мұсылман адам – ол «бір дастарқан басында отырған кім болса да, ол христиан ба, пұтқа, отқа табынушы ма, жөйт пе, соған көңіл бөлмейтін адам», – дейді. Бұл Иасауи ілімінде «имани гүл» сатысы деп аталады. Ал «имани гүл» – адамға деген құрметі мен махаббатын көрсететін таным. Адамды түсі, түрі, нәсілі, тегі мен дініне қарап емес, Жаратушысына, Оның хикметінің құрметіне махаббатпен қарауға шақырады. Себебі Ұлы жаратушының мына дүниедегі халифасы – адам.



Дінтану әліппесінен

«Диуани хикмет» – «Даналық кітабы» – Қожа Ахмет Иасауидің діни-философиялық мазмұндағы шығармасы. Бұл туынды алғаш рет 1878 жылы жеке кітап болып басылып шығады.

Иасауи ілімінде Құранды да, әлемді де, адамды да хикмет кітаптары деп қарайды. Бұл ілім бойынша, «хикмет» дегеніміз – құдайлық сырлар мен ақиқат туралы таным, болмыстардың жаратылыс мақсатының мәнін ашу, олардың арасындағы байланыстарды танудағы «құдайлық еріктің» сырын ұғу».

Қожа Ахмет Иасауи хикметке «хәл ілімі», «дафтар-и сани» (екінші дәптер), «ғашықтық дәптері» ретінде анықтама береді. Тарихтағы Иасауи хикметі дін ішін тұтастыққа және діндер арасын татулық пен толеранттылыққа шақырады.

Адамзат тарихында өткен ғасырға дейін мемлекеттік жүйе өз болмысын саяси билік пен діннің тұтастығы арқылы жүзеге асырып келгендігі мәлім. Сол сияқты алғашқы қазақ хандары кеңесшілері де Иасауи ізбасарлары болғандығын сол кезеңдегі тарихшылар да растайды.

Иасауи хикметі Ханафи мазхабын, Матуриди ілімін түркі даласына алып келген, исламның мәнін түсіндірген, ең бастысы, қазаққа тұғыр болатын негіздерді сіндірген, адамға адам ретінде (кәпір, пұтперес емес) қарауды үйреткен. Иасауидің мақсаты – хикметтері арқылы дәстүрлі түркілік дүниетаным құндылықтарының мазмұнын исламдық мән арқылы байыту, адамның шынайы рухани еркіндігінің танылуын қамтамасыз ету. Оның пайымында шынайы еркіндіктің негізі – ислам. Даналардың сөзімен айтқанда, барлық дін атаулы адамның еркіндікке қауышу жолдарын көрсететін құдайлық негізге сүйенетін «түбі бір – түгел сөз». Ал ислам дінінің мазмұны саналған сопылық дүниетаным тек адамның ішкі хәлдерін зерттеуді басты мәселе ретінде таниды.

Сонымен, исламның негізгі мәселесі – адам, ал Иасауидің «хәл ілімі» болса, адамның ішкі рухани халдерін, оның рухын қарастырады. Өйткені Иасауи ілімі – исламның өзегі, мазмұны, ішкі мәні. Ахмет Иасауи ілімінің негізгі тақырыбы – адам. Иасауидің «Диуани Хикмет», «Мир‘атул Қулуб» (жинақтаған Суфи Мұхаммед Данишменд) және «Факрнама» сияқты мұраларының мазмұнын былай қойғанда аттарының өзі тікелей адам және оның рухани халдері, еркіндігі мен кемелдігін көрсететін сопылық категориялар.



Қазіргі Қазақстан аумағында сол кезеңде билік еткен ірі мемлекет Алтын Орда мұсылмандыққа Өзбек ханның билігі кезінде толықтай

енді. Алтын Орда хандары дін өкілдерін ерекше құрмет тұтқаны және Өзбек хан сопылық мектеп өкілдері, Зеңгі баба шәкірттері – Садыр ата, Баба Туклас (Баба Түкті Шашты Өзіз), Бөдір ата, Сейіт ата ықпалымен ислам дініне кіргені жөнінде көне жазба шежірелерде мәлімет көп.

Шақпақ ата, Қараман ата, Бекет ата жайлы, оларды Иасауидің сопылық жолымен байланыстыратын аңыз-әңгімелер халық арасында әлі күнге дейін сақталған. Ал халық ауыз әдебиеті, өсіресе, жыр, тарихи дастандар мен аңыз-әңгімелер халықтың тарихи жады екені даусыз.

Маңғыстауда 362 әулиенің жерленуі, Түркістанда түмен бап, Сайрамда сансыз баптың болуы туралы аңыздардың түбінде де белгілі бір дәрежеде ақиқат жатқаны анық. Қошқар ата, Қосай ата, Масат ата, Қаңға баба, Сұлтан епе, Асар сұпы, т.б. сияқты әулие кісілердің есіміне тіркелген «ата», «баба», «әулие», «сұпы» анықтауыштары ислам дінін таратушы, ар ілімін үйретуші қазақ даласының рухани ұстаздары екенін көрсетеді.

Білу

1. Ислам қазақ жеріне қашан таралды?
2. Алғаш рет ислам дінін қазақ топырағына әкелген тұлғалар кімдер еді?

Түсіну

1. Сопылық Қазақстанның қай аймағында таралған? Не себепті? QR-code арқылы мәліметті тыңдап, пікірлесіңдер.
2. Не себепті Иасауи ілімі қазақ топырағында маңызға ие болды?



Қолдану

1. Қосымша ақпарат көздерінен Иасауи заманында орын алған әлеуметтік мәселелерді түйіндеп жазыңдар.
2. Кестені дәптерлеріңе толтырыңдар.

Сөздер	Антоним	Синоним	Өз түсінігің
Қасиет			Қасиет деген...
Кие			
Құрмет			

Талдау

Қ.Иасауидің «Диуани хикмет» еңбегін бүгінгі тақырыппен байланыстыра отырып, әссе жазыңдар. Алдымен еңбекті «Жолаушының қойын дәптері» тәсілі бойынша талдаңдар.

- 1) Еңбектің тақырыбын ашатын мақал-мәтелдерді жинақтаңдар.
 - 2) Осы мақал-мәтелдерді рухани құндылықпен байланыстырып, топ ішінде талдаңдар.
 - 4) Өз пікірлеріңді жазыңдар.
 - 5) Автор орындығында жазған пікірлеріңді оқыңдар.
 - 6) Қорытынды ой толғамдарыңды әссе түрінде жазып шығыңдар.
- Әссе критерийлері:

- Көлемі – 15–16 сөйлем.
- Келтірілген пікірдің мағынасын ашу – 1 балл;
- Әссе жазушының өз позициясын көрсетуі және түсіндіруі – 1 балл;
- Ойтолғау мен келтірілген аргументтердің дәрежесі мен сипаты – 3 балл;

Ең жоғары балл – 5.

Бағалау

QR-code арқылы берілген мәліметті тыңдаңдар. Ғаламтордан «Еңлік-Кебек» жырын тауып оқып, осы жырда кездесетін халықтық діни наным-сенімдерді көрсетіңдер. Тағы қандай фольклорлық шығармаларда осындай жайттар кездеседі?



§20. Алтын Ордадағы исламның тарихы. Қазақ хандығы тұсындағы исламның рөлі

Алтын Орда қалай құрылды?

Алтын Ордадағы ислам. Ортағасырлық әлем тарихында Алтын Орда мемлекеті орасан зор күш-қуатқа ие алып империя болды. Бұл империяны Шыңғыс хан әулетінен тараған билеушілердің ұлысы (әкімшілік, мекен) десе де болады. Солардың бірі – **Жошы ұлысы** Шыңғыс хан құрған Ұлы империя құрамындағы билік болды. Жошы ханнан туған Бату хан 1236–1242 жылдары Шығыс Еуропаға жорық жасап, нәтижесінде Еуразия төсінде **Алтын Орда** атты империяны құрды.

Алтын Орданы құрған халықтардың діни наным-сенімі бір текті болған емес. Олар төңіршілдік пен несториандықты (христиандықтың бір бағыты), православиелік және ислам дінін ұстанатын. Тіпті Кавказды мекендейтін хазарлар иудейлік сенімде еді. Осылайша Бату хан билік құрған тұста Алтын Орда мемлекетінде **конфессияаралық толеранттылық** орнады. Сонымен, Алтын Орда империясы христиан дініндегі славяндық, төңіршілдікке негізделген көшпенді түркілік, Амудария алқабында парсылық, иудейлік сипаттағы хазарлық мәдениеттерді тоғыстырған жаңа саяси-мәдени платформа болды.

Ислам діні Алтын Ордаға қалай енді?

Бату хан Жошы ұлысындағы діни еркіндікті қамтамасыз еткен, Шығыс пен Батыстың өзара бейбіт сұхбатына мүмкіндік жасаған, рухани әрі мәдени құндылықтар мен пікір алмасу негізін қалаған тұлға болатын. Бату ханнан кейін Сартақ және оның өлімі, сондай-ақ Берке ханның билікке келуі тұсында Жошы ұлысында саяси һәм діни жікшілдік орын алды. Оның себебі ретінде тарихи деректерде **Сартақ христиан** дінінде, ал **Берке ислам** дінінде болғандығы айтылады. Сартақ Бату ханның көзі тірісінде-ақ христиандардың ықпалында болып, Еділдің төменгі жағында шіркеу салдырған деген дерек бар.

Берке хан Шыңғыс ұрпақтарының ішінде алғашқылардың бірі болып исламды жақтағандардың қатарында болды. Араб зерттеушісі Әмин әл-Холидің жеткізуіне қарағанда, Берке хан ислам дінін қабылдаған. Берке ханның Шыңғыс ұрпақтарынан саяқ кетіп, дербес саяси әрекет етуіне оның діни көзқарасы әсер етті деуге болады.

1312–1313 жылдары Алтын Орда тағына жас әрі жігерлі Өзбек хан отырды. Өзбек хан ислам дінін Алтын Орданың мемлекеттік діні деп жариялады. Империя құрылымы дін негіздерімен реттеле бастады. Алтын Ордада ресми дін ислам болса, ондағы негізгі мазхаб Орта Азияда, Қазақстанда, Кавказ бен Еділ бойында кең етек жайған ханафи мазхабы болды. Тарихшылар бірауыздан Өзбек хан тұсында Алтын Орда мәдениеті гүлденген, әскери қуаты күшті, халықаралық беделі жоғары алпауыт мемлекет болды деп жазады.

Дешті Қыпшақ көшпенділері арасында ислам дінінің таралуын Иасауи ілімінің қызметімен байланыстырады. Алтын Орда тікелей Қазақ хандығына да қатысты, өйткені Қазақ елі – сол Алтын Орда, Ақ Ордалардың мұрагері. Осылайша ислам діні аймақтағы халықаралық саясатта ажырамас тұғыр болып қалды.

Өзбек ханның ұлы Жәнібектің (1342–1357) тұсында Сарайда ислам әлемінің ғұламалары қызмет етті. Ханафи ғұламасы әл-Баззани, ақида ілімінің теоретигі Имам Тафтазани осы кезде Сарайда болды. Дегенмен Жәнібек ханнан кейін орын алған бұлғақ (бүлік) Алтын Орданың әлсіреуіне әкеп соқты. Одан кейін Шағатай билеушісі Әмір Темір мен Алтын Орда билеушісі Тоқтамыс ханның өзара соғыстары Жошы ұлысының әлемдік геосаясаттағы беделін күрт төмендетті.

Қазақ хандығы тұсында қай дін басым болды?

Қазақ хандығы тұсындағы дін. Қазақ хандығының құрылғанда Иасауи мектебі өте белсенді болды. Бұл мектеп шарифат заңдарын қатар ұстанып, қазақ халқының ұлттық дәстүрлі болмысы мен шарифаттың қағидаларын үйлестіре білді.

Қазақ хандығы құрылған шақта (1465 жылы Керей мен Жәнібек Шу мен Талас аймақтарында негізін салды) бұл мемлекеттің ресми діні – ислам діні болды әрі мұсылмандық құқықтық нормаларға жүгінді. Мұсылман түркі ру-тайпалары Қазақ хандығының құрамында болды.

Қазақ мемлекеттілігі мен ислам арасын ажырата алмаймыз. Ондағы мемлекеттілік философиясы Иасауи салған «заман, мекан, ихуан, рабти сұлтан» ұстанымдарына сүйенді. Бұл кезінде Фараби салған «Қайырымды ел» тұжырымдамасына негізделген. Қазақ хандығында көшпелі – дала, саяси орталық – қала біртұтас болды. Мешіт-медреселері де болды, сонымен қатар кезбе дәруіштері де қатар уағыз жүргізді. Исламдық діни білім беру үдерісі тоқтаған жоқ. Созақтағы «Баб ата», Тараздағы «Әбдіқадыр», Сырымбеттегі «Айғаным» медресесі, Бөкей ордасындағы «Орда», Түркістандағы «Қарнақ», Ташкенттегі «Көкілташ» медреселері жұмыс істеді.

Барлық қазақ хандары Керей мен Жәнібектен бастап ең соңғы қазақ ханы Кенесары (1847 ж. қайтыс болды) өздерінің шарифатқа

жүгінетіндіктерін айтып кеткен. Қасым хан мен Есім хан қабылдаған көшпелі мемлекеттің дала заңдарына шарифаттың үлкен өсері болды. Тәуке ханның (шамамен 1718 ж. қайтыс болды) «Жеті жарғы» заңдар кодексін қабылдауы исламды қоғамдық өмір мен заңдық тәжірибеде қолдануда айтарлықтай үлкен қадам болды. Көшпелілер исламды қабылдағаннан кейін қоғамдық қатынастарды реттеудегі құқықтық жүйесінде де оң өзгерістер орын алды. Мысалы, Едіге бидің «Жасақ», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Өз Тәукенің «Жеті жарғысы» заңнамаларында исламдық атрибуттар көптеп кездеседі. Өсіресе, «Жеті жарғы» заңнамасы әдет-ғұрып пен шарифатты барынша сабақтастыруымен өміршең бола алды.

Аймақтардағы ислам дінінің ықпалының қалыптасуы ескі түсініктердің сақталуы және олармен синтезге түсуі арқылы да жүзеге асып отырды. Діни синкретизм қалыптасты, яғни ислам дінін ұстануда ескі діни нанымдардағы кейбір түсініктер сақталды, өсіресе анимизм, шамандық, ата-баба рухына сиыну элементтері сақталып қалды. Осылайша исламға дейінгі нанымдардың элементтері сақталған дәстүрлі ислам кең жайылды. Діни басшылықтың имам, молда және өзге де ресми құрылымдары қалыптасты.

XVI–XVII ғғ. Қазақстанда исламның таралуына қазақ халқының ортаазиялық халықтар және Еділ татарларымен тығыз экономикалық, мәдени байланыстары да ықпал етті.

Қазақ мемлекетін нығайтуға кімдер үлес қосты?

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы ислам дінінің, соның ішінде Қожа Ахмет Иасауи ілімінің орны ерекше. Иасауи туралы тарихи жазбаларда атақты Өлішер Науаи өзінің «Насаим әл Муххабба» еңбегінде: «Қожа Ахмет Иасауи түркі халықтарының құбыласы іспетті еді», – дейді. Мәшхүр Хәкім ата Сүлеймен Бақырғани болса: «Шайхым Ахмет Иасауи – даналардың данасы», – деп өзінің жырларына қосқан. Міне, сондықтан да қазақ халқында «Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Құл Қожа Ахмет» деген мәтел бар.

Қазақ мемлекеті және рухани құндылықтар. Қазақ мәдениеті мен мемлекеттілігінің қалыптасуында ислам дінінің рөлі өте жоғары болды. Қазақ халқының ұлттық діңгегі болып саналатын салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, адамгершілік ұстанымдары, салт-санасы исламның негізінде қалыптасты.

XV ғасырдың екінші жартысында тарих сахнасына шығып, көп ұзамай Орталық Азиядағы қуатты мемлекеттің біріне айналған Қазақ хандығы жүздік, рулық жүйеден тұрды. Әр жүздің, әр рудың рухани басшысы, биі болды. Қазақ аңыздары мен жыр-қиссаларында ру бастаған би-бектер мен қол бастаған батырлардың діни ұстанымы, діни танымы

туралы мәліметтер мол. Ұлан-байтақ жерде бір тіл, бір дін, бір дәстүрдің қалыптасуына ислам дінінің тигізген әсері жайлы деректер ауыз өдебиетімен қатар, жазба деректерде де расталады.

Қазақтың «кемел адам», «шынайы адам» ұғымдары әл-Фарабидің «Бақытты қала тұрғындары» трактатынан, Жүсіп Баласағұнидың «Құтадғу білік» еңбектерінен бастау алды. Онда да ел билеушінің, рухани көсемнің бойынан табылу керек жақсы мінездер, қасиеттер насихатталды.

Бұл шығармалардағы үгіт-насихат ел билеушілерінің дінге жақын болуына, ислам құндылықтарын терең ұғынуға септігін тигізгені анық. Өйткені мұндай шығармалар тек түркілерде ғана емес, жалпы шығыс әлемінде хандар мен сұлтандарға, билер мен уәзірлерге әдейі арнап жазылатын.

Би-қазылардың діни-құқықтық нормаларды қалыптастырудағы орны. Заң шығару, сот билігі, халықаралық елшілік ісі билер қолында болды. Олардың елдің қоғамдық, әлеуметтік, саяси, т.б. ел өмірінің барлық салаларында белсенділігі артты. Қазақ хандығының әдет-ғұрыптық заң ережелерін бекітуде және ел басқару ісінде хандар үнемі билердің қолдауына иек артты. Өйткені би артында оның билігіне жүгінген дүйім жұрт тұрды. Билер мемлекеттің ішкі, сыртқы саясатына, жарғы мен бұйрықтардың жүзеге асырылуына жәрдемші бола білді. Осылайша қазақ тарихында белгілі «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Тәуке ханның Жеті жарғысы» атты заң жинақтары билер көмегімен жасалып, солардың билігімен жүзеге асты.

Қазақ хандары қазақ халқының этникалық аумағын кеңейту барысында әдет-ғұрыптық заңдарға арқа сүйеді. Ислам діні қазақ қоғамында лайықты орнын алғаннан кейін шарифат пен әдет-ғұрыпқа қатар жүгінген қазылық биліктерге иек арта бастады.

Қасым хан өз заңында Құран талаптарына қайшы келмейтін қазақи ғұрып ерекшеліктерін сақтай отырып, заң жинағын жасады. Мысалы, жеті атаға дейін үйленбеу, өмеңгерлік, құдалық жол-жоралғылар, қазылық билік, т.б. Ол халықтың көкейінен шыққан әрі ежелден келе жатқан билік дәстүр, әдет-ғұрып бұл жарғыны жаңғыртып, күшейте түсті. Бұл заңға енген ережелер:

1. Мүлік заңы (жер дауы, мал-мүлік дауы).
2. Қылмыс заңы (кісі өлтіру, талау, шапқыншылық жасау, ұрлық қылу).
3. Әскери заң (аламан міндеті, қосын жасақтау, қара қазан, ердің құны, тұлпар ат).
4. Елшілік жоралары (майталман шешендік, халықаралық қатынастағы сыпайылық, әдептілік, ибалылық).
5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас, той, мереке, думан үстіндегі ережелер, ат жарыс, бөйге ережелері, жасауыл, бекеуіл, тұтқауыл)

міндеттері). Бұл жарғы халық арасында ілтипатпен «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталып кетті.

Тәуке ханның тұсында 1684 жылы қазақтың белгілі үш биі – Әйтеке би, Төле би, Қазыбек бидің қатысуымен бұл заң жаңа тараулармен толығып, «Жеті жарғы» атанды. «Жеті жарғы» билер сотының беделін арттырды. Түркістан қаласын Қазақ хандығының астанасы етті. Түркістан қаласы жанындағы Битөбеде, Сайрам қаласының маңындағы Мөртөбеде және Күлтөбеде жыл сайын «Билер кеңесі» шақырылды.



Дінтану әліппесінен

Қасым ханның қасқа жолы – қазақ халқының хандық дәуіріндегі әдет-ғұрыптық заң ережелерінің жиынтығы. Қасым хандық құрған кезде (1511–1518) ел басқару ісінде қолданған «Қасқа жолдың» қағидалары өзгерусіз XVII ғасырға дейін жетіп, Есім хандық құрған тұста (1598–1628) «**Есім ханның ескі жолы**» деген жаңа атқа ие болды. Заман өзгерісіне сай Өз Тәуке ханның тұсында (1680–1718) бес тараудан тұратын ежелгі ережелерге тағы да екі тарау қосылып, «**Жеті жарғы**» (Жеті заң) деп аталды.

Тәуке хан (Өз Тәуке Мұхаммед Баһадүр (т.ж.б. – 1718 ж.ө.) – Қазақ хандығының 1680–1718 жылдардағы билеушісі, Жәңгір ханның ұлы. Ол билік еткен кезең Қазақ хандығының «алтын ғасыры» саналады.

Билер: «Жүзге бөлінгендердің жүзі қара. Руға бөлінгендердің құруға асыққаны». «Атаға бөлінгендер адыра қалады», «Көпті қорлаған көмусіз қалады», «Хан азса, халқын сатады. Халық азса, хандыққа таласады», – деп, ұлттық сана мен адамдық қасиетті жоғары қойды. Ал жыраулар өлең жолдарымен ислам релін насихаттады. Олар қисса, дастандар арқылы ислам тарихы мен дін қайраткерлерінің өмірбаянын жырлады. Осылайша халықтың діни танымы мен ұстанымын, мемлекет іргесін бекіткен тұлғалар қалыптасты.



Білу

1. Алтын Орданы құрған кім?
2. Бату хан қандай басшы болды?
3. Жошы ұлысында қандай жағдайлар орын алды?



Түсіну

1. Не себепті уақыт өте келе Алтын Ордада жікшілдік орын алды?

2. Неліктен «кемел адам» сипаты ел арасындағы беделді адамдар тарапынан қолдау тауып жатты?


Жұптық және топтық жұмыс. «Ойлан, бірік, бөліс!» тәсілі арқылы тақырыптан түйген ойларыңды жазыңдар (Ойлан). Одан кейін өз идеяларыңды жұптағы сыныптастарыңмен біріктіріңдер (Бірік) және соңында бүкіл сыныппен идеяларыңды бөлісіңдер (Бөліс).

Қолдану


1. Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына қызмет еткен қайраткерлер кімдер? Ауыз әдебиеті материалдарын пайдаланып, «тура биде туған жоқ» деген қағиданы дәлелдеп шығыңдар.
2. Өздерің білетін бірлік, батырлық, билік жайлы мақал-мәтелдерді айтыңдар. Жыршыға, шешенге қандай мінез тән?

Талдау

1. Өз беттеріңмен «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» заңдарын тауып оқып, үш топқа бөлініп, «DEAL» тәсілі арқылы заңдардың мазмұны негізінде талдау жасап, мысалдармен дәлелдендер.
D – Describe – баяндау (мәтінді сипаттау).
E – Explain – түсіндіру (мәтін бойынша суреттеу).
A – Analyse – талдау, дәлелдеу (мысал келтіріп, дәлелдеу).
L – Links – қазіргі заманмен байланыстыру (қорытынды жасау).
 Заң жинақтарына бүгінгі күн тұрғысынан баға беріңдер.
2. «Қазақтың байырғы заңдарының маңызы» тақырыбында жоба жұмысын дайындап, тезисін «3-2-1» тәсілі арқылы жазыңдар.



1. Қосымша ақпарат көздерінен «кемел адам» қалай болатынын сипаттайтын туындыларды оқып шығып, қорытынды презентация жасаңдар.
2. «Кемел адам» болу үшін не істер едіңдер? Тақырыпты түйіндеп, кемел адам портретін жасап, сызбаны толтырыңдар.



- «Хан азса, халқын сатады.
Халық азса, хандыққа таласады» дегенді қалай түсінесіңдер?
Осы мақалмен келісесіңдер ме?

§21. Қазақ жырауларының мұрасындағы исламдық діни таным. Қазақ хандығы тұсындағы зайырлылық бастаулары

Жыраулардың қазақ даласындағы ықпалы қандай еді?

Қазақ даласындағы мұсылман дін иелері ишандар және қожалар болды. Сондықтан олар қазақ қоғамында жоғарғы топ иерархиясын құраған. Ишандар мен қожалар мұсылман дінінің имандылық-тәрбиелілік қасиеттерін үгіттеп, мешіт салдырып, медреселер ашты. Ишандар туралы В.В.Бартольд өз зерттеуінде: «...олар – суфизм жетекшілері, Түркістан өңірінде бұл атау «шейх, пір, ұстаз (оқытушы)» және оған қарама-қарсы «мүрид» (шәкірт) мағынасында қолданылған», – деп жазады.

«Ишан» – Орта Азиядағы суфизм жетекшілеріне берілетін атақ, ол мұрагерлік ретінде әкесінен баласына өтіп отырды. Солардың басында Қожа Ахмет Иасауи ілімі тұр. Сопылардың хикмет, нақыл, жырлары арқылы қала мен далада бірдей ислами құндылықтар тарай бастады. Осылайша дін уағызшылары исламды халықтың таным-түйсігіне қарай жырларымен, өнерлерімен насихаттады.

Қарахан дәуірінде негізі салынған хикмет ілімі жыраулар дәуіріне ұласып, олардың насихатымен қазақ халқы исламға шын мәнінде мойынсұна бастады. Осы тұрғыда Сыпыра жырау, Асанқайғы, Доспанбет, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар т.б. жыраулар еңбек сіңірді.

XV–XVI ғасырлардағы қазақ елі үшін ең басты мәселе жаңа құрылған мемлекетті күшейту мен қорғау болды. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет сахнасына ақын-жыраулар шықты. Жыраулар мен шешендер өздерінің құдіретті сөзімен де, үлгілі ісімен де Қазақ хандығының қалыптасуына, дамуына, нығаюына үлкен үлес қосты. Жырау – ақын ғана емес, өз заманының ойшыл ғұламасы, ділмар шешені, хан атынан да, халық атынан да билік айта білген рухани көсемі, қатал сыншысы, сарқылмас қазынасы.

Атақты жыраулардың бірі – Шалкиіз Тіленшіұлы жас кезінен киелі сөздің шебері, ақындық қырымен танылған. Ол мұсылманша білім алған. Сондықтан да толғауларында мұсылмандық мұратты басты орынға қойған. Татулықты, адамгершілікті жырлаған. Сөз бен тілге байланысты Шалкиіз жырау былай деген:

Жапалақ ұшпас жасыл тау,
Жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау.
Ойлап тұрсам жаманның,
Жалаңдаған өз басына тілі жау.

Қазақ хандығында қалыптасқан қоғамның құрылымы заңды түрде бекітілді, мұнда жүз бен руға бөлінбейтін өулеттерге басымдық берілді. Олардың қатарына Шыңғыс ұрпағынан таралған төрелер мен қожалар кірді. «Жеті жарғы» заңдар жүйесінде қожалардың әлеуметтік дәрежесі ерекшеленді.

Жаңа құрылған мемлекеттің халқын, жерін қорғау – сол замандағы батырларға төн қасиеттердің бірі. Жыраулар да осы қатардан табылып, елі үшін қан майданға түскен батырлардың ерліктерін жырлай жүріп, бірге соғысты. Көрнекті жырау Доспамбет Қырым, Ноғайлы, Қазан хандықтары арасындағы шайқастарда қолбасшы да болған.

...Бүгін, соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын,
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кешсем, өкінбен!.., –

деп ерлікті насихаттаған. Осындай жырларымен жас жігіттерге жігер берген.

XVII ғасырдың көрнекті жырауы **Жиембет** ақын Есім ханды көтермелеп мадақтаумен бірге, тәубешіл болуға үндеп отырған. Өзі де жырларында бір Тәңірге сиынып, құлшылық пен тіршілікті ұштастыра үйлесімді өмір сүруді уағыздаған. Бұл жағдай ақынның мына бір өлеңінде айқын көрініс тапқан:

...Бастап келген өзге емес,
Жиембет сынды биіңді.
Малын салып алдына,
Өр саладан құйылды,
Он екі ата Байұлы
Бір Тәңірге сиынды.

Қазақ хандығы қашан құрылды? Естеріңе түсіріңдер.

Қазақ хандығы тұсындағы зайырлылық бастаулары. Алтын Орда ыдырап, орнына жеке хандықтар пайда болды. Соның бірі – Қазақ хандығы.

Қазақ хандығы құрылуында Иасауи ілімі мен діни танымын мұрат еткен ойшыл даналар мен ақын, жыраулар маңызды рөл атқарды. Әсіресе Иасауи философиясындағы төрт шарт: «заман – уақыт; мекен – отан; ихуан – бауырластық; рабти султан – мемлекетке адалдық» басты тұғыр болғанға ұқсайды. Бұл да әл-Фарабидің «Қайырымды ел тұрғындарының көзқарастарының төркіні» деген еңбектегі мемлекет теориясы мен философиясы ұстанымдарымен үндесіп жатыр.

Бір дастарқан басында отырғанның дініне емес, оның адам екендігіне көңіл бөлу зайырлылық бастауларына жатады. Дегенмен қазақ хандығында басқа да діни ағымдардың ықпалды болған кезеңдері болған. Сондай бір кезеңде «Жеті жарғы» заңдар жинағы қабылданған. Осы құ-

жаттың кейбір нұсқаларында өз ішінде басқа дінге өткендерді қоғамнан, елден аластау баптары бар. Бұл әрине бірлік-тұтастық тұрғысынан шарт болған сияқты. Қазақ хандығында ислам діні мемлекеттік тұрғыдан қолдау тапты. Діни мектептер мен қағидаларды нұсқаушы қожалардың құқықтық дәрежесі төрелермен теңестірілген.

«Жеті жарғы» заңдар жүйесінде қожалардың әлеуметтік дәрежесін ерекшелеу ислам дінінің жоғары әлеуметтік деңгейін көрсетеді. Бірақ қазақ хандығында дінбасылар ешқашан мемлекет басшысы болмаған. Демек, қазақ хандығы тұсындағы зайырлылық бастауларының болғандығын көрсетеді. Бірақ хан кеңесінде билер, сонымен қатар дінбасылар қатар отырды, пікірлерін білдірді. Хан екі жақты пікірді негізге ала отырып, шешім қабылдаушы рөлін атқарды. Алайда хан-төрелер ешқашан қожа-молдалар ісіне араласпаған. Бұл сол кездегі билік пен дін қатынасының өзіндік зайырлылық ұстанымдарының болғандығын білдіреді. Қазақ хандығында билер институты ықпалды болды. Ол әрине дәстүрдің басымдылық тәртіпті орнатқандығына нұсқаса керек.

Білу

1. Ишандар қандай қызмет атқарды?
2. Қандай жыраулар ислам дінін қолдады?
3. Қазақ хандығында дінбасылар немен айналысты?

Түсіну

1. Не себепті қазақ даласындағы ишандар мен қожалардың беделі жоғары болды?
2. Неліктен жыраулардың есімі құрметпен аталады? Жұптық жұмыс. «Аяқталмаған сөйлем» тәсілі арқылы жұбыңмен жыраулардың шығармаларынан дәлелді үзінді келтіре отырып, сөйлемдерді жалғастырып, тұжырымды ойларыңды жазыңдар.

Қолдану

«Жеті жарғы» заңдар кодексін қабылдануы исламды қоғамдық өмір мен заңдық тәжірибеде қолдануда айтарлықтай үлкен қадам болды деп неге айтамыз? Сұраққа жауап ретінде сыни хабарлама жазыңдар.

Сыни хабарлама жазу – ой қозғай отырып, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, жүйелеп, дәлелдеп, тұжырым жасап, шешім қабылдау.

Кіріспе бөлім. Жарғыдан алған әсерін жеткізеді.

Негізгі бөлім. Жарғы ережелері не туралы ойлануға жетелейді? Талдау жасайды, әсерін сол кездегі адамдар әрекетімен және тарихи кезеңмен байланыстырады, дәлелдейді.

Қорытынды бөлім. Жарғыдағы ережелерден өзіне не алғанын айтып, ойын тұжырымдайды.



Талдау

1. Интернеттен Қазыбек бидің шет мемлекетке маңызды сапары (елшілігі) туралы мәліметпен танысып, бидің маңызды рөл атқарғанын кең тұрғыда талдаңдар.

1-топ осы мәлімет бойынша Қазыбек бидің портретін жасайды.

2-топ осы кездесудің қойылымын жасайды.

3-топ екі топтың жұмысы бойынша Қазыбек бидің тұлғалық қасиеттерін қорытындылап, би тұлғасының ұлттық және тарихи құндылығына баға береді.

2. Қазіргі заманда мемлекет басшыларына кеңесші ретінде би, жыраулар қажет пе? «Серпілген сауал» тәсілімен бір оқушы осы сұрақ туралы өз ойын айтады. Екінші оқушы оны толықтырады. Үшінші оқушы барлық айтылған ойларды бір жауапқа біріктіреді.



Жинақтау

1. Қосымша әдебиеттерге және «Қазақ әдебиеті» пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, «FILA» тәсілімен Кенесары хан туралы зерттеу жұмысын жасап, қазақ хандарының бейнесін жинақтаңдар.

F / Дерек/ – хан бейнесін ашатын деректер;

I / Пікір/ – хан туралы ой-пікірлерің;

L / Сұрақ/ – хан тұлғасын ашатын сұрақтар;

A / Іс-әрекет/ – ханның тақырыпқа сәйкес келетін іс-әрекеті.

Дерек	Пікір	Сұрақ	Іс-әрекет

2. Қазақ халқының сан ғасырлық мұсылмандық таным-түсінігі туралы ойларыңды түйіндеңдер.



Бағалау

Не себепті қазақ хандығы тұсында зайырлылық бастаулары болды деп есептеледі? Ойларыңды дәлелдеңдер.

§22. XX ғасырдағы Қазақстандағы атеизм саясаты

Коммунизм идеологиясы және сол кездегі діни ахуал туралы не білесіңдер?

XX ғасырдағы Қазақстандағы атеизм. КСРО құрылған кезден бастап атеистік саясатты идеологиялық бағдар ретінде қолданып, кез келген діни сенімге қарсы іс-шараларын жүзеге асырды. КСРО-ның бүкіл аумағында «Құдайсыздар қоғамы», «Қоспы», «Қызыл отау» ұйымдары белсенді әрекетке көшті. «Ғылыми атеизм» жоғары оқу орындарында міндетті пәнге айналып, жер-жерде партияның тапсырмасымен осы бағытта үздіксіз дәрістер оқытылды.



Дінтану әліппесінен

Атеизм – Құдайдың болмысын және жанның мәңгі өлмейтіні туралы діни көзқарасты жоққа шығарушы көзқарастар жүйесі.

Атеист – дінге, құдайға сенбейтін адам.

Кеңес өкіметінің дінге қарсы жүргізген репрессиялық шаралары, негізінен, үш бағытта жүзеге асты. Оның біріншісі, барлық діни тұлғаларды, қайраткерлерді, дінбасыларын (молда, священниктер, раввиндер т.б.) т.б. қуғын-сүргінге ұшырату. Екіншісі, діни оқу орындары мен ғұрыптық кешендерді (мешіт, медресе, кесене, мазар, қорым, шіркеу, синагога т.б. ғибадатханаларды) қирату, шаруашылық мақсаттарға пайдалану. Үшіншісі, діни-рухани мәтіндерді, кітаптар мен қолжазбаларды тәркілеу, өртеу. Бұл үш бағытта жүргізілген жұмыстың негізгі мақсаты – халықты рухани-мәдени тамырынан айыру, дәстүрлі салт-сана мен дүниетанымды толықтай терістеп, «құдайсыздандыру» идеясын қоғам өмірінің әр саласына ендіру. Бұл мақсатта 1929 жылдан 1947 жылға дейін «Жауыққан атеизм қоғамы» белсенді қызмет етті. 1947 жылдан бастап 1950 жылдың аяғына дейін «Ғылыми атеизм қоғамы» бұқаралық ерікті ғылыми-ағарту әрекетін жүргізіп, атеизмді ғылыми форматта насихаттауға басымдық берді. Дінге қарсы саясаттың ең ауыр да зардабы мол кезеңі «Жауыққан атеистер қоғамы» қызмет еткен жылдармен сәйкес келеді. Осы кезеңде әртүрлі заңнамалар, қаулылар, бұйрықтар арқылы арнайы «ишандар ісі», «сопылар операциясы» деген науқандар ұйымдастырылды.

Кеңес үкіметі коммунистік биліктің идеологиясына кедергі келтіреді деп барлық діни ұйымдардан қауіптенді. 1923 жылғы РКП (б) XII съезде «Дінге қарсы үгіт-насихат туралы» қаулысында: «Одақ республикаларындағы 30 млн мұсылман халқына назар аударуымыз керек. Оларда орта ғасырдан бері діни қалдықтар мызғымастан әлі күнге дейін сақталып келеді, оның контрреволюциялық мақсатта қолданылу қауіпі бар. Сондықтан өртүрлі ұлттың ерекшелігін ескере отырып, діни қалдықтарды жоюдың түрлері мен әдіс-тәсілдерін жасау қажет», – деп көрсетілді. Мұсылмандардың діни істерін шектеу шараларынан кейін 1924 жылы барлық мешіттер мен медреселер саны күрт қысқарған болатын. Қолдан ұйымдастырылған жалған жаламен ислам қайраткерлері, дін ғұламалары абақтыларға қамалды, жер аударылды. Сондай-ақ 1926 жылы Қаз КСР-дегі мұсылмандар дініне қарсы насихат туралы тезистерде: «...ислам – таптық езушілік құралы, байларға қызмет етеді», – деген теріс айдар тағылды. Осы тектес құжаттардан Кеңес үкіметінің дінге қатаң позиция ұстанғанын көреміз. Негізінен, коммунистік кеңестік идеология атеистік ұстанымның ең шектен шыққан формасын қолданып бақты. Ол кезде жалпы дін атаулыға қарсы идеологиялық күрес жүргізілді.

Неліктен Діни басқарма құру қажеттілігі туындады?

Кеңестік кезеңде дінге бет бұру мәселесі. Кеңес үкіметі Ұлы Отан соғысы кезінде діни істерді реттеуге тырысты. Халықтың патриоттық сезімін оятуда, жеңіске деген сенімін арттыруда діннің атқарар рөлі ерекше екені мойындалды. Осындай саяси қолдаумен Орта Азия мұсылмандарының діни басқармасын құруды дереу қолға алды. Ол кезде дін кадрларын даярлайтын оқу орны Бұхарада ғана болды (27-сурет).

1943 жылы Ташкентте Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының құрылтайы ұйымдастырылды да, Діни басқарма құрылды. Оған бес республикадан мұсылмандардың 160 өкілі қатысты. Құрылтай қаулысымен Орта Азиядағы әрбір республикада қазият құрылды. Қазі Діни басқарманың жергілікті жерлердегі өкілі саналды. Осы құрылтайда Қазақстан қазиятының өкілі болып Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов сайланды. Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов (1884–1952) Қазандағы «Қасимия» медресесінде діни білім алған. Төңкерістен кейін 1920 жылдары Семейде мұғалім болып қызмет істеп жүргенде өзі де, медресе де уақытша Кеңес үкіметінің оқу бөлімінің қарамағына алынады.

Абд әл-Ғаффар 1926 жылға дейін мұғалім болып, екінші жағынан діни қызметші – мухтасиб болып елге қызмет етеді. Екі қызметті бірдей алып жүру ауыр болғандықтан, мұғалімдіктен өз еркімен бас тартып, діни қызметке біржолата ден қояды. 1930 жылы Семейге көшіп келіп, жергілікті 3 мешітке бірдей имам болады. Қоғамдық діни істерге белсене



27-сурет. «Көкілташ» медресесі. Бұхара

араласқан Абд әл-Ғаффар 1942 жылы Орта Азия мұсылмандарының құрылтайына шақыртылып, Қазақстанның қазии әрі өкілі болып сайланады. Абд әл-Ғаффар Құран Кәрімді жатқа білген, көзі ашық, діни сауатты адам болды. Қазақстанның діни істерінің қалыптасуына, жер-жерлерде өкілдігі ашылуына үлкен еңбек сіңірді. Абд әл-Ғаффар 1952 жылы ауыр науқасына байланысты өз орнына Сәдуақас Ғылманиді қазии етіп бекітіреді.

Сәдуақас Ғылмани (1890–1972) ауыл молдаларынан діни сауатын ашып, ұзақ жылдар бала оқытып, медресе ұстайды. 1944 жылы Ташкенттегі діни басқарманың жарлығымен, Ақмола халқының қолдауымен өңірдің Имам хатибы, кейін 1972 жылға дейін Қазақстан қазии болады. Құран мен шарият үкімдерін терең игерген ол бірнеше құнды діни еңбек жазып қалдырады. Кейін оның ісін Жақия қажы Бейсенбаев жалғастырды.

Жақия қажы Бейсенбаев (1932–1997) 1973–1980 жылдар аралығында Қазақстан қазии болды. Ол еліміздегі діни істерді жүйелеуде бірқатар жұмыстар атқарған. Қазият елдегі діни істерді реттегенімен, дін мамандарын даярлап, оларды ресми бекітіп отыру Ташкенттегі Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының құзырында болды. Діни басқармалар жергілікті жерлерге діни білімі бар адамдарды молда, имам етіп тағайындап отырды. Мысалы, 1980 жылы Ташкенттегі

діни басқарма Қазақстан қазилығының Бас имамы етіп шарифат ілімін терең меңгерген, Құран үкімдерінің білгірі Разбек қажы Сыздықбаевты (1902–1996) тағайындайды. Разбек қажы атеизм үстемдік еткен қоғамда да, қазият басқармасына қараған мешіт имамдарына дәріс жүргізіп, олардың елде діни жоралғылар мен рәсімдерді дұрыс әрі батыл атқаруына күш салды.

Білу

1. Патша өкіметі кезіндегі Қазақстандағы діни ахуал қандай болды?
2. Кеңес үкіметі неден қауіптенді?

Түсіну

1. Патша өкіметі не себепті мүфтилік құруды қолдап, Құран кітаптарын тегін таратты?
2. Неліктен қазақ арасынан дін қызметшілерінің шығуына тыйым салынды?

Қолдану

Кеңес үкіметі саясатының дінге әсерін әңгімелеңдер. Қандай тарихи тұлғалар мен қазақ әдебиетінің өкілдерінің және өздерің тұратын елді мекендегі белгілі тұлғалардың қуғын-сүргінге ұшырағанын мысалға келтіріңдер.

Тарихи тұлғалар	Қазақ әдебиетінің өкілдері

Талдау

«Неліктен Кеңес үкіметі дінге бет бұруға мәжбүр болды?» тақырырын талдап, «Ресми дебат» тәсілімен дебат ұйымдастырыңдар.

Дебаттағы рөлдер: қазылар; жақтаушы тарап (топтың үш мүшесі); даттаушы тарап (топтың үш мүшесі).

Қазылар дебатты қорытады. Олар пікірталасты тыңдап, әр спикерге олардың сөйлегеніне (дәлелдеріне) қалай сөйлегеніне

(ұсынылуы) және басқа топтың дәлелдеріне қаншалықты дұрыс жауап бергендеріне (теріске шығару) қарай баға береді.

Жинақтау

1. «6 неліктен» тәсілімен сұрақтарға жауап жазыңдар.
 - 1) Неліктен XIX ғасырда қазақ халқына Ресейдің заңдары таңылды?
 - 2) Неліктен ортаазиялық молдалар қатаң бақылауда болды?
 - 3) Неліктен XX ғасырда Қазақстанда атеистік саясат орнады?
 - 4) Неліктен Кеңес үкіметі дінге бет бұрды?
 - 5) Неліктен Абд әл-Ғаффар мұғалімдіктен бас тартты?
 - 6) Неліктен дін мамандарын даярлап, оларды ресми бекітіп отыру Ташкенттегі Орта Азия және Қазақстан діни басқармасының құзырында болды?
2. Берілген материалдарға және Қазақстанның XX ғасырдағы саяси ахуалы туралы тарих пәнінен алған білімдеріңе сүйеніп, тақырыпты түйіндеңдер.

Бағалау

Қосымша ақпарат көздеріне және оқулықтағы мәліметтерге сүйеніп, дін жетекшілерінің Қазақстандағы атеизм жағдайында атқарған қызметін жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан бағалап, аргументті эссе жазыңдар. Эссе критерийлері:

- Көлемі – 100 сөз.
- Келтірілген пікірдің мағынасын ашу – 1 балл;
- Эссе жазушының өз позициясын көрсетуі және түсіндіруі – 1 балл;
- Ойтолғау мен келтірілген аргументтердің дәрежесі мен сипаты – 3 балл;
- Ең жоғары балл – 5.

§23. Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы ислам діні. Ханафи құқықтық нормаларының Қазақстанда таралуы

Қазақстан мұсылмандары Ташкенттен бөлініп, өз алдына жеке діни басқарма ашуға тек 1990 жылы қол жеткізген. Еліміздегі ислам дінін уағыздаушы азаматтардың діни бірлестігі – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасын (ҚМДБ) Бас мүфти басқаратын болып шешілді.

Дербес ҚМДБ бірінші Бас мүфтиі болып Қазият хатшысы қызметін атқарған Рәтбек қажы Нысанбаев сайланады. Рәтбек қажы өз алдына жеке діни бірлестік болып тіркелген мешіттерді діни басқармаға филиал ретінде тіркеуде бірқатар істер атқарды. Діни сенім бостандығы мен адам құқығы Ата Заңмен қорғалған Қазақстан Республикасында діни бірлестіктердің құрылуына, діни мекемелердің заң аясында еркін жұмыс істеуіне жол ашылды. Мешіттер қайта қалпына келтіріліп, жер-жерде жаңа мешіттер құрылысы жыл санап қарқынды түрде көбейді.

2000 жылы Қазақстан мұсылмандарының кезекті ІІІ құрылтайында ҚМДБ төрағасы, Бас мүфти болып Әбсаттар қажы Дербісәлі сайланды. Әбсаттар қажы Дербісәлі – шығыстанушы және дипломат, белгілі ғалым. Оның әдебиет саласындағы ғылыми-зерттеу еңбектері елімізбен қатар, жақын және алыс шетелдерге де кеңінен танымал болды. Әбсаттар қажы ҚМДБ жұмысының дамуына қомақты үлес қосты. 2000 жылдың екінші жартысында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының құрылымдық жүйесін бүгінгі өркениет талабына орай қайта жасақтады: шарият және пәтуа, діни істер, халықаралық байланыс және хаттама, діни оқу-ағарту, діни уағыз-насихат, мешіт істері, қажылық, діни сараптама, баспасөз қызметі секілді бірнеше бөлімдер мен іс басқармасын ашты. Келесі Ержан Маямеров Малғажыұлы – 2013–2017 жж. аралығында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти болып қызмет етті. 2017–2020 жж. аралығында ҚМДБ төрағасы болып Серікбай Ораз Сатыбалдыұлы, ал 2020 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти болып Наурызбай Тағанұлы Өтпенев сайланды.

Қазақстан Республикасы әлі егемендік алмай тұрып, 1991 жылы елімізде алғаш рет Түркістан қаласында Қожа Ахмет Ясауи атындағы университет жанынан дінтану және араб тілі мамандығы ашылды.

2001 жылы екі елдің дипломатиялық келіссөздері нәтижесінде Алматы қаласында «Нұр-Мұбарак» Египет ислам университеті ашылды. Бұл имамдарды, исламтанушыларды және араб тілі мұғалімдерін

дайындайтын алғашқы исламдық университет болатын. Ал қазір елімізде бірнеше медресе жұмыс істейді.

ҚМДБ-ның діни істердегі белсенділігі жыл сайын артып келеді. Діни басқарманың ұсынысымен 10 мың орындық Өзірет Сұлтан мешіті (28-сурет), күллі түркі халқының рухани астанасы – Түркістанда бауырлас Түркия елінің көмегімен 3 мың орындық мешіт салынды. Сонымен қатар Астана, Орал, Шымкент, т.б. қалаларда аймақтық медреселер ашылды. Алматы қаласында ҚМДБ жанынан Әбу Ханифа атындағы медресе шәкірттерді қабылдап, діни білім беру ісімен айналысуда. Сондай-ақ бір университет пен институт жүйелі түрде жұмыс істеп, жергілікті мешіттерге имамдар дайындайды.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының қызметтерінің бірі – шетелдік діни ұйымдармен, бірлестіктермен және діни оқу орындарымен қарым-қатынас жасау. Діни басқарма басшылығы бұл салада Орта Азия және ТМД елдерінің Ислам дінбасыларымен кездесулер өткізіп, ортақ мәселелер жайында ақылдасады әрі тәжірибе алмасады. Басқарма тарапынан республиканың түкпір-түкпіріне кең тарайтын «Мұнара» («Ислам және өркениет») газеті мен «Иман» журналы жарық көреді.

2015 жылғы 19 ақпанда Астанада Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен «Ислам – бейбітшілік пен келісім діні» тақырыбымен I республикалық Имамдар форумында Қазақстан мұсылмандарының Тұғынамасы қабылданды.



28-сурет. Өзірет Сұлтан мешіті. Астана

Аталған Тұғырнама «Ислам этикасы», «Ислам, зайырлы мемлекет және зайырлы қоғам», «Ислам, Отан және әскери қызмет», «Ислам және ұлт», «Ислам, дінаралық қарым-қатынас және толеранттылық», «Ислам және салт-дәстүр», «Исламның ғылым, білім және тәрбиеге қатысты ұстанымы», «Ислам және медицина», «Ислам және отбасы», «Құмар ойындары, нашақорлық пен ішімдікке қатысты Исламның ұстанымы», «ҚМДБ-ның радикалды, теріс пиғылды және жалған, діни ағымдарға қатысты ұстанымы», «Ислам және жиһад» секілді т.б. қағидаттарды қамтиды және мұсылмандарды осы ұстанымдармен жүріп, Қазақстан аумағында әртүрлі теріс пиғылды діни ағымдардың зиянынан сақ болуға шақырады.

Қазақтар арасында Ханафи құқықтық нормаларының таралуы. Қазақстандағы ислам Әбу Ханифа мазхабына негізделген. Себебі Әбу Ханифа мазхабының ерекшелігі – дін, қоғам мәселелерін шешуде Құран, шариғат үкімдерімен қоса жергілікті халықтың әдет-ғұрпы, салт-дәстүрін де есепке алады. Әбу Ханифа деген лақап атпен танылған Нұғман бин Сәбит бин Фарук (699 жылы Куфада дүниеге келген) ханафи мазхабының негізін қалағанын (§ 16) білесіңдер.

Ұзақ жылдар бойы құқықтық мәселелерді шешкен, үкім шығарған ғұлама Әбу Ханифаның соңынан жеті жүзден астам шәкірт ереді. Оның шәкірттері ұстаздан алған ілімімен әлемнің түкпір-түкпірінде ислам дінін насихаттап, шариғат ғылымын дамытты. Оның қалыптастырған мектебі Ирактан Сирияға, Мысырға, Түркияға, Түркістанға, Дешті Қыпшаққа, Қытай мен Үндістанға тарады. Әбу Юсуф әл-Хамадани, Әбу әл-Муғин ән-Насафи, Шамс әл-Аимма әс-Сарахси, Әбул-Лайс әс-Самарқанди сияқты Әбу Ханифа ізбасарлары Қазақстанда да ханафи мазхабының қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Білу

1. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қашан құрылды?
2. Бас мүфти дін ісінде қандай рөл атқарады?

Түсіну

Неліктен Қазақстан мұсылмандарының Тұғынамасы қабылданды?

Қолдану

Қосымша ақпарат көздерінен, Интернеттен Қазақстан мұсылмандарының Тұғынамасының мазмұнымен танысыңдар. Үш

топқа бөлініп, «Үш түрлі әңгіме» тәсілі арқылы Тұғырнаманың ішіндегі мына тараушалардың мазмұнын талқылаңдар:

- 1) Әңгіме дебат. Ислам, Отан және әскери қызмет туралы бапта не қарастырылған?
- 2) Келісімшілік әңгіме. Исламның ғылым, білім және тәрбиеге қатысты ұстанымы.
- 3) Зерттеушілік әңгіме. Негізгі ойды ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып талдау. Ислам, дінаралық қарым-қатынас және толеранттылық т.б.

Талдау

Не себепті Қазақстан мұсылмандарының Тұғырнамасы маңызды рөл атқарады? «Топтық тергеу» тәсілі бойынша топтарға бөлініп, талдау жұмысын жасаңдар.

- 1) «Баяндап берушілер» тобы – Тұғырнаманың мазмұнын баяндайды.
- 2) «Зерттеушілер» тобы – Тұғырнамадағы негізгі ойды зерттейді.
- 3) «Сұрақ құрастырушылар» тобы – Тұғырнаманың мазмұнын ашатын сұрақтар дайындайды.
- 4) «Жазушылар» тобы – «Ата-баба дәстүрі» тақырыбына шағын эссе жазады.
- 5) «Дәнекершілер» тобы – Тұғырнамада айтылған кісі мінезін бүгінгі күнмен байланыстырады.

Жинақтау

Қазақстан мұсылмандарының Тұғырнамасының мазмұны бойынша негізгі ұғымдарды жинақтап, кластерге толтырыңдар.



Бағалау

Қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы ханафи мазхабының рөлі туралы қорытындылап, ойларыңды түйіндеңдер.

§24. Қазақ жеріне христиан дін өкілдерінің келуі. Қазақстан Республикасы аумағындағы православиелік діни ұйымдар қызметі

Христиан діні Қазақстанға қай кезден бастап таралды?

Қазақ жеріндегі христиандық туралы. Көне деректер VI–XI ғасырлар аралығында Қазақстанның кейбір аймақтарында христиан дінінің несториан тармағының ұстанымдарына сәйкес шіркеулер салынып, кейбір діни, тұрмыстық-ритуалдық әдет-ғұрыптардың болғандығын растайды. 568 жылы Түрік қағаны Иштеми Византия императоры I Юстинианның Земарх бастаған елшілерін қабылдайды. Иранға қарсы әскери одақ құру мен еркін сауда қатынасын орнату мақсатында келген византиялықтар өңірдегі христиан насихатшыларына белгілі бір дәрежеде арқа сүйегенді. XII ғасырда Алтай мен Жетісу өңірін Қидан (қарақытай) мемлекеті билейді. Қидандықтардың басым көпшілігі несториан бағытын ұстанатын және несториан қауымы Қашқар митрополиясына қарайтын еді.

Мәдени мұраларымыздың ішіндегі «Кодекс Куманикус» шығармасы кезінде христиандықты насихаттау үшін жазылған.



Дінтану әліппесінен

«Кодекс Куманикус» Дешті Қыпшақта немесе Қырымда (Солхат қаласында) жинастырылып, бір ізге түсірілген. Осы өңірді қоныстанған қыпшақтарды Батыс Еуропа жұртшылығы «кумандар» деп атаған. 1303 жылы «Кодекс Куманикус» түпнұсқадан Алтын Орда мемлекетінің астанасы Сарай қаласының жанындағы Джан әулиенің ғибадатханасында көшірілген. «Кодекс Куманикус» готикалық көне қарпімен жазылған. Екі бөлімнен тұрады.

Бірінші бөлімі (1–10-б.) – үш бағана етіп жазылған латынша-парсыша-куманша сөздік. Қалған жартысындағы сөздер лексикалық мағыналарына қарай топтастырылған. Мысалы, адамның дене мүшелерінің аттары, егіншілікке байланысты сөздер, т.б.

Екінші бөлімі (111–164-б.) – діни уағыздар. Осы бөлімдегі мәтіндер мен жұмбақтарды көрнекті неміс түркітанушысы А. фон Габен «кумандар әдебиетінің үлгісі» деп таниды. Көптеген қыпшақ сөздері көне неміс тіліне, кейде латын тіліне де аударылып берілген. Жеке сөйлемдер мен сөз тізбектері, жеке сөз тізімдері мен аудармасыз берілген жұмбақтар, қыпшақ

тілінің латынша жазылған қысқаша грамматикалық очеркі де бар. XIII–XV ғғ. Дунай өзенінен Жоңғар қақпасына дейінгі елдің бәрі де қыпшақ тілін түсінген. Батыс Еуропаның Шығысқа жорыққа шыққан адамдары Алдыңғы Азия, Таяу Азия, Кіші Азия, Орта Азияны аралау үшін куман (қыпшақ) тілін халықаралық тіл ретінде пайдалануға болады деп ұққан. Сол кездегі еуропалықтар үшін латын тілі қандай рөл атқарса, бірсыпыра Азия халықтары үшін куман тілі де сондай қызмет атқарған. «Кодекс Куманикус» Венециядағы Марк әулие шіркеуінің кітапханасында сақтаулы.

Христианның несториандық бағытын сүйеніш көріп осы өңірге католик шіркеуінің діндарлары да келе бастады. Бірінші болып католиктер айқыш жорығында моңғолдармен әскери одақ құру үшін Рим дінбасыларының тапсырмасымен жіберілген елшілер (франциск монахтары Джованни дель Плато Карпини – 1245 жылы, Гильом де Рубрук – 1253 жылы, т.б. саяхатшы миссионерлер) келді.

XII ғасырдан бастап Қазақстан аумағында ислам діні тез тарала бастайды. Ал христиандықтың қазақ жерінде қайта таралуы Ресей отаршылдығымен тікелей байланысты. Қазақтарды христиан дініне тарту мақсатымен 1882 жылы Томск епархиясы құрылып, 1895 жылы «қырғыз православие миссиясы» болып, жеке бөлінді. Патша үкіметі жергілікті халыққа христиан дінін күштеп енгізбек болды. Бірақ ол саясат нәтижелі болмады.

Шіркеулер, негізінен, орыс қоныстанушылары мен әскери бекіністер орналасқан жерлерде салынды. Қазақстанның басып алынған аудандарында тек христиандықты ұстанатын адамдар қоныстандырылды. Осылайша Ресей патшалығы христиан дінбасыларының және жергілікті әкімшіліктің көмегімен исламды ұстанатын халықтарды христиан дініне кіргізу саясатын қатар жүргізді.



Дінтану әліппесінен

Епархия – архиерей басқаратын шіркеулі-әкімшілік бірлестік. Ол бірнеше приходтан құралады.

Приход – төменгі шіркеулі-әкімшілік бірлестік. Оған өз аумағындағы шіркеулер мен ғибадатханалар қарайды.

Патшалық Ресей Халық ағарту министрлігі 1870 жылғы 16 наурыздағы ережеге сәйкес оқу-ағарту ісінде **Н.И.Ильминскийдің жүйесі** басшылыққа алынды.

Патша үкіметі 1868 жылы қазақтарды Орынбор мұфтилігінен шығарып тастағанда, болашақта қазақтар христиандықты қабылдайды деген үмітте болды. 1867–1868 жылғы жүргізілген басқару реформаларына сәй-

кес дала облыстары мен Түркістан өлкесіндегі мұсылман дінбасыларына шектеулер қойды. Патша үкіметінің мұсылмандық оқу орындарға деген саясаты оның ішкі саясатта жүргізген басты міндеттерімен, яғни орыс емес халықтарды, соның ішінде қазақ халқын да орыстандыру арқылы патшалық Ресейдің тұтастығы мен үстемдігін нығайта түсуге бағытталған әрекеттерімен тығыз байланыста жүрді. Мұсылмандық оқу жүйесіне патша үкіметі тарапынан жасалған кедергілер мен оның салдарлары тек қазақ халқына ғана емес, патшалық Ресей құрамындағы мұсылман дініндегі түркі және өзге халықтарға да ауыр тиіп, олардың тарих сахнасында өзіндік ұлттық болмысын сақтап қалуына қауіп төндірді.

Православие шіркеулері. Патшалық Ресей Қазақстан аумағын отарлау саясатын Батыс Сібірден оңтүстікке қарай қос қанатпен шекара бойына әскери бекіністер салудан бастады. Ресей патшалығы қазақ жеріндегі әскери бекіністер мен орыстар көптеп қоныстанған елді мекендерге шіркеулер салып, православие ағымын орнықтыруға кірісті. Сонымен қатар арнайы құрылған миссионерлік ұйымдар арқылы жергілікті халықтарды христиан дініне біртіндеп тарту ісін қолға алды.

Қазақстанға православие шіркеуі шартты түрде XVIII ғасырдың алғашқы жартысында ене бастады. Орыс патшалық өкіметі жергілікті халықтың бағыныштылығын қалыптастыратын (немесе қарсылығын жолатын) маңызды идеялық-психологиялық құрал ретінде дін тарату саясатын жүргізді. Басып алынған аудандарға Ресейдің ішкі аймақтарынан православие ағымын ұстанатын орыс шаруаларын қазақ жеріне лек-легімен әкеліп қоныстандыра бастады. Орыс халқы шоғырланған жерлерде жаппай православие шіркеуін тұрғызу басталды (29-сурет).



29-сурет. XIX ғасыр шіркеуі. Батыс Қазақстан облысы

1869 жылы Мәскеуде арнайы ұйым – Миссионерлік қоғам ұйымдастырылып, «түземдік халықтарды христиандық ағарту» міндетін атқарған миссионерлік бекеттер пайда бола бастады. Осындай шаралар және Қазақстанға орыс шаруаларының жаппай қоныс аударуы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында православиенің Қазақстанда кеңінен таралуына ықпал етті.

Алдыңғы тақырыпта сөз болғандай, Қазақстанда христиандықтың үш бағыты: православие, католицизм, протестанттық кездеседі. Алайда елдегі христиандардың басым көпшілігі православие бағытын ұстанады.

Православие бағыты. Православие бағыты патшалық Ресейдің мемлекеттік діні болды және осының негізінде өзге діндермен салыстырғанда елеулі артықшылықтарды пайдаланды. Православие шіркеулері алғаш салынған жылдары халық санасына діннің мейірімділігін, әділеттілігін сіңіруге күш салды. Қазақтардың жетім қалған балаларын қамқорлыққа алып, бірлі-жарым православиені қабылдаған жергілікті халық өкілдеріне барынша жағдай жасау арқылы өзгелерді де тартуға тырысты.

Жергілікті жерлердегі басқару жүйелерінен алынған мәліметтерінен Қазақстанда православиенің таралымына қанағаттанбаған патша үкіметі жаңа шаралар қарастыра бастады. Қазақ өлкесінің ең шұрайлы өңірлеріне XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап тек православиені ұстанатын адамдар қоныстандырылып, казак станицалары, орыс шаруаларының қоныстары пайда болды. Осы отарланған өлкеде әскери, әкімшілік, шаруашылық басқару жүйелерінің дамуымен бірге христиандық православие тамыр жайды. Шағын православиелік шіркеулер, ғибадатханалар салына бастады. Қасиетті Синод жарлығымен және Ресей императорының бекітуімен 1871 жылы Түркістандық және Ташкенттік епархия – шіркеу-әкімшілік округ құрылды. Епархия орталығы **Верный** қаласы болды. 1916 жылы желтоқсанда кафедра Ташкентке көшіріліп, **Верный Жетісу** және **Верный** викторианствосының орталығына айналды. Викторианство 1927 жылы Алматы және Түркістан епархиясы болып жарияланды. Алматы және Түркістан епархиясы Қасиетті Синодтың 1945 жылы 5 шілдедегі шешімімен Алматы және Қазақстан епархиясы болып өзгертілді.

Қазақстандағы православие бағытының бүгінгі ахуалы қандай?

Қазан төңкерісіне дейін қазақ жерінде 60-қа жуық православие шіркеуі жұмыс істеп тұрды. 1917 жылғы Қазан төңкерісімен билікке келген Кеңестік үкіметтің дінге қарсы күрестері Қазақстандағы православиенің дамуын тоқыратты. Мешіт, шіркеулерді жауып, дінбасыларды жаппай қудалау басталды. Бұл қудалау Қазақстан халқына жаппай аштан қырылу апатын әкелген ұжымдастыру кезеңінде ерекше қарқын алды.

Православие шіркеулері жабылып, дін қызметкерлері жер аударылды. Алайда Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес Одағында азаматтардың Отан қорғауда, патриоттық сезімдерін дамытуда діннің алатын орнына мән беріле бастады. Одақтағы діндердің жұмысына еркіндік берілді. Қазақстанда да православие шіркеулерінің жұмыстары қайта жанданды. Республика аумағында шіркеу қызметінің қайта түлеуі 1945 жылы Қасиетті Синодтың жарлығымен Алматылық және Қазақстандық епархияның құрылуымен және оған басқарушы архиерей (1945–1955) архиепископ Николайды (Могилевский) тағайындаумен басталды. Діннің мемлекеттен бөлек жаңаша өмір сүре бастауымен Қазақстандағы православие шіркеулері, ғимараттары қайтадан қалпына келтірілді.

1991 жылы тәуелсіздік алған Қазақстанның Ата Заңы мен ар-ұждан бостандығы, діни ұстанымы, еркіндігі жарияланғаннан кейін Кеңестік дәуірде көз жазып қалған рухани ой-сана қайта оянды. Осы рухани қозғалыс республикада православиенің дамуына мүмкіндік берді. Орыс православие шіркеуіне деген көзқарас түбірімен өзгеріп, ел аумағында жаңа шіркеулер салынып, ескілері жөндеуден өткізілді. Егер осыған дейін православие дін қызметкерлерінің арнайы діни білімі болмаған болса, 1991 жылдан кейін діни қызметке қажетті кадрлар даярлауға жеделдете жағдай жасалды. Алматыда приходтар үшін қажетті пасторлар, дін қызметкерлерін даярлайтын діни училище ашылды. Жыл сайын Қазақстандағы епархиялардың мамандарын Мәскеу діни семинариясына оқуға жіберіп тұрады.

2011 ж. қабылданған ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның преамбуласында православиенің ислам дінімен қатар тарихи-мәдени ерекшелігі аталып өтілді.

2012 ж. аталмыш Заң аясында Қазақстандағы орыс православ шіркеуінің митрополиялық округінде епархиялар мен приходтар өз құқықтық дәрежелерін қайта бекітті.

Қазақстандық дербес епархиялар өздерінің мерзімдік басылымдарын шығарып, түрлі бағдарламаларын радио, теледидар арқылы жүргізеді.

Православиенің христиандықтың басқа бағыттарынан ерекшелігі – оның дәстүршілдігінде. Православтар Византиялық кезеңде (IV–VIII) қалыптасқан діни ғұрыптарды бұлжытпай сақтауға тырысады. Православие шіркеулерінде ғұрыптық ғибадат үлкен орын алады. Оның басты элементтері шіркеулік құпиялар болып есептеледі. Олар: шоқындыру, «миро» деп аталатын хош иісті май жағу, дін қызметшісіне өзінің күнәларын айтып күнәдан арылу, евхаристия, құдай алдындағы антпен некелесу, шіркеуде қызмет ету, қасиетті саналатын елеймен (маймен) науқастарды емдеу.

Литургия немесе обедня – православиедегі басты құлшылық. Ол храмда күн шықпай басталып, түс уақыты болмай аяқталады. Литургияда Көне және Жаңа Әсиеттерден үзінділер оқылып, дұға айтылады,



30-сурет. Пасха мейрамын тойлау сәті

лыс күндері болып жарияланды. Рождестводан басқа Пасха (*30-сурет*), т.б. православиелік мейрамдар жаңғырып келеді. Бұл өз кезегінде республика тұрғындарының діни төзімділік, өзара сыйластық түсініктерін арттыруға септігін тигізері сөзсіз.

Христиан мәдениетінің қандай жәдігерлерін білесіңдер?

Христиан сәулет өнерінің құрылыстары. XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында Жетісу өңірі мен Түркістан өлкесінде шіркеулер салу, приходтар ашу жұмыстары жүйелі жүргізілді. Республика аумағында шіркеу құрылысының жандануы Қасиетті Синод жарлығымен және Ресей императорының бекітуімен, 1871 жылы Түркістандық және Ташкенттік епархияның құрылуымен тығыз байланысты. Қазақстанда сол кездері салынған бірқатар шіркеулер күні бүгінге дейін тарихи ескерткіш ретінде сақтаулы. 1871–1916 жылдар аралығында Верный қаласы (Алматының бұрынғы атауы) Түркістандық және Ташкенттік епархия орталығы болды. Онда 1907 жылы Вознесенский кафедралды соборы бой көтерді (*31-сурет*). Шіркеудің алғашқы тасын 1903 жылы 26 қыркүйекте Түркістан және Ташкент епископы Паисий (Виноградов) қойды. Бұрын Түркістан София кафедралды соборы деп аталған бұл шіркеу белгілі инженер А.П.Зенковтың жобасымен салынды. Бірнеше жер сілкінісіне төтеп берген Вознесенский кафедралды соборы христиан сәулет өнерінің үздік үлгісі болып саналады.


шырақ, шіркеу шамдарын жағу және т.б. рәсімдер орындалады. Жоғарыда айтылған евхаристия құпиялығы тек осы литургия кезінде ғана атқарылады. Православиеліктер құлшылықты тік тұрып орындайды. Храмдағы құлшылықты иерейлер жүргізіп отырады, оларға дьякондар көмектеседі.

Православие шіркеуінің басты мейрамдары: Пасха, Рождество, Крещение, Сретение, Преображение, Воздвижение, Благовещение және Успение.

Қазіргі Қазақстандағы православие елімізде ұстанушылардың саны бойынша, исламнан кейінгі екінші орындағы діни сенім болып саналады.

2005 жылдың аяғында еліміздегі дәстүрлі діндер – ислам мен православиенің діни мейрамдары – Құрбан айттың бірінші күні мен Рождество демалысының бірігіп өтуіне

Қазір де собор Алматы қаласындағы ең көрікті ғимараттардың қатарында. Собордың ішкі құрылысын Мәскеу және Киев шеберлері жүргізді. Ал ондағы иконостас көркем суреттері – танымал суретші Н.Г.Хлудовтың туындысы. Шіркеуге 1976 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жасалды.



31-сурет. Вознесенский кафедралды соборы. Алматы



Дінтану әліппесінен

Синод (грек. «үлкен жиын») – Патриархтың жоғарғы кеңесі.

Собор – қала немесе елді мекендегі архиерей дінбасы атқаратын құлшылық орны, басты шіркеу.

1995 жылдың 18 сәуірінде Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен Алматыдағы Вознесенский кафедралды соборы Орыс православие шіркеуіне қайтарылып берілді. 1927 жылы тоқтап қалған православиелік бағыттағы құлшылық қызмет соборда 1997 жылы қайта жанданды. Алматыдағы сондай тарихи жәдігер ретінде мемлекеттік қорғауға алынған шіркеудің бірі – 1908 жылы архитектор С.К.Тропаревтің жобасымен салынған Свято-Никольский соборы. Собордың бірінші қызметкері Александр Скальский болды. Ол репрессия жылдары (1932) қамауға алынып, 1933 жылы түрмеде қайтыс болады. Көп ұзамай шіркеу де өз қызметін тоқтатады. Шіркеуде құлшылық қызмет 1945 жылы Алматы және Қазақстан епархиясының епископы, ұзақ жыл айдауда

болған Николай (Могилевский) басшылық еткен жылдары қайта жанданды. Свято-Никольский соборы 2000 жылы Орыс православиелік шіркеуінің Архиерей соборына берілді.

Орал қаласында новгород-псковтық стильде тұрғызылған Михайл-Архангельский соборы сақталған. Қазіргі күні ол да толықтай қайта жөндеуден өткізілген, көрнекті сәулет ескерткіші ретінде мемлекет қарауында.

Қызылорда қаласындағы Свято-Казанский шіркеуі де мемлекет қорғауындағы тарихи-мәдени жәдігерлер қатарында. Сары кірпіштен қаланып салынған бұл көне шіркеу 1890 жылы бой көтерді. Халықтың көмегімен салынған шіркеу 1906 жылға дейін әскери ведомствоға қарап, кейін Орыс православиелік шіркеуінің құзырына беріледі. 1930 жылдары шіркеу өз жұмысын тоқтатады да, онда 1989 жылға дейін Қызылорда облыстық өлкетану музейі орналасады. Сол жылы шіркеу қайтадан Орыс православиелік шіркеуіне қайтарылады.

Тарихи-мәдени жәдігерлер қатарындағы бұл шіркеулерден тыс соңғы жылдары жаңа христиандық шіркеулер еліміздің әр облыстарында бой көтеріп келеді. Алматы қаласында Құтқарушы Христос храмы, Қарағандыда Введенский соборы, Павлодарда Благовещенск соборы, Екібастұз қаласында Серафимо-Иверский соборы, Талдықорған қаласында Иоанна-Богословский соборы, Өскеменнің Мирный кентінде Свято-Покровский храмы, Қостанай қаласында Константино-Еленинский храмы және Сәтбаев қаласында Свято-Никольский храмы салынды. Бұл шіркеулерде Рождество Христово, Пасха, Троица мерекелері кезінде халық көп жиналады. Православиелік храмдардың саны тағы бір үлкен ғимаратпен толықты. Ол – Астанада ашылған Успенск кафедралды соборы. Бір мезетте 4 мың адам құлшылық ете алатын бұл Успенск кафедралды соборы – Астанада ғана емес, Қазақстан бойынша ең үлкен орталық.



Дінтану әліппесінен

Христиан әдебінде архиерей дін басшыларына ресми түрде: епископтарға «Ваше Преосвященство», архиепископқа немесе митрополитке – «Ваше Высокопреосвященство» деп, патриархқа «Ваше Святейшество» (кейбір шығыстық патриархтарға – «Ваше Блаженство») деп тіл қатады. Ал архиерейлермен бейресми түрде тіл қатқанда – «владыка» дейді.

Икона мен айқыштың христиандар үшін қандай маңызы бар?

Икона. Әрбір діни мәдениет өзінің Қасиетті кітабымен тікелей байланысты дамиды. Христиан мәдениетінің негізі – **Інжіл**. Правосла-

виелік шіркеулер иконалар мен айқыш белгілеріне ерекше құрметпен қарайды. Себебі икона мен айқыш – діни ғұрып бұйымы. Ондағы Иса мәсіх, Мариям ана, періштелер және христиан әулиелері Інжілде баяндалған оқиғаларға байланысты бейнеленеді.

Православие діни танымында Иса мәсіх – кемел адам әрі құдай. Исаның дін тарату жолында қиналғанын, айқышқа керіліп, азапталып өлтірілгенін, қайта тіріліп, аспанға ұшқанын, аспанда Өке және Киелі Рухпен табысқанын, т.б. оқиғаларды христиандарға жеткізу үшін икона өте қажетті бұйым болып есептеледі.



Дінтану әліппесінен

«Икона» гректің «eikon» деген сөзінен шыққан. «Образ», «көркем сурет» деген мағына береді. Алғашқы икона ілімін енгізген Иоанн Дамаскин (шамамен, 676–754) деп есептеледі. Ал икона ілімін заңдастырған VIII ғасырда өмір сүрген византия ойшылы Феодор Студит (759–826). Икона ғұрыптық бұйым ретінде ресми түрде VII Вселенск Соборында (VIII ғ.) қабылданған.


Иконалар қасиетті зат болып есептеледі және оларды жасау үлкен шеберлікті талап етеді. Шебер иконада көрсеткісі келген оқиғаны жақсы білуі және сол уақыттағы Исаның, Мариям ананың (*32-сурет*), Апостолдардың образын шынайы бейнелей алуы керек. Иконадағы бейнеленген сурет христиандарға ой салып, ішкі сезімін оятуы талап етіледі. Осы талап орындалған жағдайда оны дінбасылары икона ретінде қабылдап, үйдің, шіркеудің қабырғасына іледі (*33-сурет*). Соған құрмет көрсетіп, сыйынады. Әр шіркеу өзінің құдай туралы түсінігіне, оқытатын іліміне, діни танымына, сенім негіздеріне лайық иконалар жасап ала алады. Онда нақты заңдылық, ереже болмайды, тек жоғарыда айтылған талап қана қатаң сақталады. Икона суреттерінің түсі, композициясы, орналасу тәртібі, кейіпкердің қимылы, барлығы христиан дүниетанымы мен іліміне, нанымына сай болуына қатты мән беріледі.

Айқыш. Христиандар Исаға ұқсау мақсатымен айқыш тағады. Ол күнәлардан арылу белгісі саналады. Айқыштың тік сызығы құдай заңының өділдігін білдірсе, көлденең сызығы құдайдың шындығын, растығын, ешқандай заң бұзушылығы жоқтығын білдіреді. Өділдік пен шындық сызығының түйіскен жері күнәсін мойындаған, тәубе қылған адамға құдайдың берген махаббаты, сүйіспеншілігі деп есептеледі.

Айқыштың қолдану аясына қарай бірнеше түрі болады. Дін уағызшылары тағып жүретін айқыш «Иерей айқышы» деп аталады. Оны алғашқыда тек дін қызметшілері ғана тағуға құқылы болса, кейінірек жалпы христиандарға тағуға рұқсат етілді.



32-сурет. Дулие Марьям ана иконасы



33-сурет. Православиелік икона

Православиелік мейрамдар. Еліміздегі православиелік шіркеулерде Көне Өсиеттен бастау алатын православиелік мейрамдар бірізділікке қойылған. IV–VI ғасырларда шіркеулерге Византиялық императорлар билік құрған кезде христиандық атаулы күндер мен мейрамдар ресми аталып өтуі тиіс деген заң қабылдаған болатын. Император Константин мейрамдардың өз дәрежесінде аталып өтілуіне кедергі келтірмеуі үшін ол күндері сауда жасауға да тыйым салған еді. Сол кезеңнен бері христиандар мейрам күндері шаруаларынан босап, уақыттарын шіркеулерде өткізуге тырысады.

Мейрам күндерін белгілейтін православиелік шіркеулік күнтізбесі пасхалия тұрақты және жылжымалы деген екі бөлімнен тұрады. Тұрақты шіркеулік күнтізбе бұл – Юлиан күнтізбесі. Оның Григориан күнтізбесінен 13 күн айырмашылығы бар. Бұл күнтізбемен белгіленген мейрамдар тұрақты, әр жылда белгілі бір күні аталып отырады. Мысалы, Рождество Христова, Крещение Господня, т.б. Ал жылжымалы атаулы күндер мен мейрамдар шіркеу басшылары тарапынан белгіленеді. Мысалы, православиелік Пасха мейрамы көктемгі алғашқы толық ай туғаннан кейін жексенбі күні аталып өтіледі. Басқа мейрамдар Пасханың белгіленуімен нақтыланады. Мысалы, Пасхадан соң 10 күннен кейін Қасиетті Троица күні, 40 күннен кейін, дәлірек айтқанда 6-аптаның бейсенбі күні Вознесение мейрамы белгіленеді, Преображение Господне мен Успение Божией Матери мейрамы алдында Успенск оразасы нақтыланады, т.с.с. Елімізде 24 мамыр славян жазбасы мен мәдениеті күні де діни мейрам ретінде аталып өтіледі.

Білу

1. Қазақстан аумағына христиан діні қай ғасырда келді?
2. Қазақстанда христиандықтың қай бағыты басым болды?
3. «Кодекс Куманикус» шығармасы туралы не білдің?

Түсіну

1. Неліктен VI–XI ғасырларда қазақ жерінде несториандық бағыт басым болды?
2. «Кодекс Куманикус» шығармасы не себепті жазылды?

Қолдану

1. Православие бағыты патшалық Ресейдің мемлекеттік діні болғандықтан, қазақ жерінде де осы бағыттың үстемдігін орнатуға тырысқанын тақырыптан мысалдар келтіре отырып, дәлелдендер.
2. Столыпин реформасының Қазақстанға болған әсері жайлы зерттеу жүргізіп, презентация дайындаңдар.

Талдау

Қазақстан аумағында христиан дінінің таралуы мен қызметі туралы «Топтық тергеу» тәсілі бойынша топтарға бөлініп, жұмыс істендер.

- 1) «Баяндап берушілер» тобы – тақырыптың мазмұнын баяндайды.
- 2) «Зерттеушілер» тобы – тақырыптағы негізгі ойды зерттейді.
- 3) «Сұрақ құрастырушылар» тобы – мәтін мазмұнын ашатын сұрақтар дайындайды.
- 4) «Жазушылар» тобы – «Діннің ізгі жақтары» тақырыбына шағын эссе жазады.
- 5) «Дәнекершілер» тобы – тақырып материалын бүгінгі күнмен байланыстырады.

Жинақтау

Қазақстан аумағындағы христиандықтың рухани құндылыққа және сәулет өнеріне қосқан үлесі туралы ойларыңды түйіндендер.

Бағалау

Православиенің христиандықтың басқа бағыттарынан ерекшелігіне баға беріңдер.

§25. Қазақстан Республикасы аумағындағы католиктік және протестанттық діни ұйымдар қызметі

Католицизм. Қазақстанда католик қоғамдарының пайда болуында XIX–XX ғасырлардағы Сібірге жер аударылған поляктардың Қазақстанға келуі және Ресейдің еуропалық бөлігінен немістер мен латыштардың жер аударылуы елеулі рөл атқарды. Олардың тұрғызған шағын католик костельдері Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді. Кеңес үкіметі осы костельдерді жауып, дінбасыларын қамауға алып, қудалауға ұшыратты. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға жер аударылған немістер, поляктар, литвалықтар арқылы католик бағытын ұстанатындар саны артты. Католиктер қауымы 1977 жылы Қарағанды қаласында кеңестік дәуірде алғаш рет тіркелді.

Католиктік шіркеулер. Елімізде христиандықтың екінші тармағы католицизмді ұстанатын шағын топ бар. Олар екі топқа бөлінеді: Рим-католик шіркеуі және Грек-католик шіркеуі. Бұл екі шіркеу, негізінен, Астана (34-сурет), Алматы және Қарағанды қалаларында белсенді жұмыс істеуде. Католиктер 1977 жылы ресми тіркеуден өтті және шіркеу салуға рұқсат алды. Республика көлемінде 38 католик қоғамы мен 80-ге жуық діни бірлестіктер жұмыс істеді.



34-сурет. Католик соборы. Астана

1991 жылы көктемде елде Қазақстан және Орта Азия Апостолдық администратурасы құрылды. Оның құрамына Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан және Түрікменстан католик шіркеулері кірді. Орталығы Қарағанды қаласы болды. Католиктердің «Кредо» газеті Қарағанды қаласында ай сайын шығып тұрады.

1999 жылғы тамыз айынан бастап Қазақстанның Апостолдық администратурасы **Қарағанды епархиясы** (Қарағанды және Шығыс Қазақстан облыстарының қоғамы) болып қайта құрылды. Оған епископ **Ян Павел Ленга** басшылық етті. Сол жылы Қарағанды епархиясымен қатар тағы үшеуі: **Астаналық, Алматылық, Атыраулық** епархиялары құрылды.

Астаналық епархияға елордамен қатар Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының қоғамдары қарайды. Оны епископ-администратор **Томаш Пэта** басқарды.

Алматылық епархияға Алматы қаласының, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарының қауымдары бірігеді. Оған епископ **Генрих Феофил Хованц** басшылық етті.

Атыраулық епархия Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының қауымдарын қамтиды. Администратура басшысы – администратор **Януш Калета**.

Қазіргі уақытта католиктік қоғамдар бүгінде миссионерлік белсенді іс-әрекеттерімен танымал. Католиктік қоғам құрамында 40-тан астам храм, шамамен 200 кішкентай шіркеу және мінажат ету үйлері бар. 60-қа жуық священник (негізінен, шетелдіктер: итальяндар, поляктар, литвалықтар, латыштар, корейлер және т.б.) және 70 монахиня жұмыс істейді.


Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін Ватикан мен Қазақстан Республикасы арасында дипломатиялық тығыз қарым-қатынастар орнады. Оның ішінде 1998 жылы 24 қыркүйекте ҚР Үкіметі мен Қасиетті Тақ арасында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әулие Престол арасындағы өзара ынтымақтастық туралы Келісімге» қол қойылды. Келісім 1999 жылғы 30 шілдеде тағы ұзартылды.

Протестантизм. Протестанттықтың ең басты ағымы – лютерандық бағыт батыс Еуропа елдерінде XVI ғасырдың басынан жылдам тарай бастады. Қазақстан жеріне протестанттық бағыт XIX ғасырдың соңына қарай қоныс аударушы поляктармен, немістермен бірге ене бастады. Қазақстанға арнайы кулак деп танылып көшірілген протестанттық бағыттағы христиандар, негізінен, 1930 жылдары КСРО-ның еуропалық бөлігінен, яғни Эстония, Латвия елдерінен келген болатын. Әсіресе, 1939–1945 жылдары тұтқынға түсіп, жер аударылған немістер мен поляктардың келуімен протестанттардың саны артты. Кеңес Одағында лютерандық архиепископ басқаратын Эстония Евангелиелік лютеран

шіркеуі ең ықпалды протестанттық шіркеу болды. Қазір Қазақстанда жұмыс істейтін ең ірі протестанттық ағымдар – лютерандар, баптистер, жетінші күн адвентистері, пятидесятниктер. Бұлардан өзге түрлі бағыттардағы протестанттық бірлестіктер жүздеп саналады.

Әлем елдерінде бұрыннан жұмыс істейтін және кейін пайда болған протестанттық жаңа ұйымдар Қазақстандағы құрылымдарымен тұрақты байланыс орнатқан.

Лютерандардың орталығы Астана қаласында орналасқан (35-сурет). Адвентистердің де орталығы елордада.



35-сурет. Евангелие-Лютерандық шіркеу. Астана

Өткен тақырыптарда Қазақстанда протестанттық Ресейге қосылу уақытынан бастап тарала бастады дедік. XIX ғасырдың 80-жылдары Ресейдің еуропалық бөлігінен Қазақстанға менниттердің, лютерандардың, баптистердің көшуі басталды. Столыпин реформасы осы үдерісті жеделдете түсті.

Қазақстанның барлық протестанттық бірлестіктері шетелдегі және елден кеткен діндермен тығыз байланыс орнатып, жоспарлы түрде жұмыс жасайды. Протестанттық діни бірлестіктердің белсенділігі қайырымдылық қызметтер, түрлі халықаралық форумдар, фестивальдер, конференциялар өткізумен көрінеді. Сондай-ақ олар жастарды қатарына тарту жұмыстарына ерекше көңіл бөледі.

Білу


1. Католицизм Қазақстанға қашан келді?
2. Христиан сәулет өнерін сипаттаңдар.
3. Протестантизм шіркеуін кім басқарады? Олар қайда бағынады?

Түсіну

1. Католицизм Қазақстанда қалай пайда болды?
2. Қазақ жерінде XIX ғасырдың аяғында протестанттық бағыт не себепті таралды?

Қолдану

- Християн діні қазақ жеріне қай кезден бастап таралды?
 - VI–XI ғасырларда
 - V–XVI ғасырларда
 - VII–XV ғасырларда
 - IV–XI ғасырларда
- Қосымша ақпарат көздеріне сүйеніп, Хижа, Юлиан және Григориан күнтізбелерін салыстырып, сызбаны толтырыңдар.



Талдау

Неліктен Қазақстанда дін қызметкерлеріне деген көзқарас өзгеріп, олардың білім алуына жағдай жасалды?
 «Төрт сөйлем» тәсілімен мәселені талдаңдар.
 Пікір. Мәтінді оқып, өз пікірлеріңді жазыңдар.
 Дәлел. Өз ойларыңды аргументпен дәлелдеңдер.
 Мысал. Мәтіндегі мәселені өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.
 Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарыңдар.

Жинақтау

Бүгінгі тақырыпты Қазақстандағы зайырлылық ұстанымымен байланыстыра отырып түйіндеңдер.

Бағалау

Қазақстан аумағындағы католиктер мен протестанттарды қандай саяси оқиға байланыстырады?

§26. Ислам мәдениеті. Ислам мәдениетінің жазба ескерткіштері. Исламдық сәулет өнері

Ислам дінінің қазақ мәдениетіндегі орны қандай?

Орта ғасырлардағы ғылым-білімнің дамуы. VIII ғасырдың екінші жартысынан бастап ислам діні қазақ даласына өзімен бірге мәдениет пен ғылымды ала келді. Араб халифатында 1 млн-ға жуық кітабы бар «Дар әл-хикма» атты ғылым орталығы, 400 мыңдық қоры бар Куртуба (Андалусия) кітапханасы халық игілігіне қызмет етті. VIII ғасырда халиф **Һарун ар-Рашид** ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін араб тіліне аударуға жағдай жасаса, оның ұлы әл-Мәмуннің «Байт әл-Хикма» (Даналық үйі) салдыруы ислам әлемінің ғылымына қосқан үлесі болды.

Орта ғасырларда ислам мәдениеті басқа мәдениеттерге өз әсерін тигізіп, Орта Азия мен Жерорта теңізі елдерінде, Андалусияда (Испания) атақты философтар, ғалымдар мен өнер қайраткерлері шыға бастады. Арабтардың билігі кезінде Андалусияда **ибн Туфейл**, **әл-Ғазали** секілді атақты ислам ғұламаларының сол кезде жазған еңбектерін әлі күнге дейін мұсылман ғалымдары мен батыс ғалымдары өз еңбектеріне арқау етіп келеді. Сондай ғылыми даму Орта Азия мен Қазақстанда да орын алды. Осы өңірлерден әлемдік ғылымға үлес қосқан ғалымдар шықты, еңбектер жазылды. Сондай еңбектердің бірі – математика ғылымының атасы, Орталық Азиядан шыққан **әл-Хорезмидің** «әл-Мәжисти» шығармасы. Бұл еңбек латын тіліне аударылып, «Альмагест» деген атпен бүкіл Еуропаға әйгілі болды. Қазақ даласындағы ислам дінінің өзіндік құндылықтары мен тарихи іздері бар. Соның ең басты көрсеткіштері ол жазбаша таралған кітаптар мен дастандар, аңыздар, нақылдар мен моральдық өсиет сөздер жинағы. Орта ғасырдағы кең таралған жазбаша ескерткіштер қатарына «Құтадғу білік», «Диуани лұғат ат-түрк», «Диуани Хикмет», «Атибат ал Хақайиқ» сияқты классикалық трактаттарды жатқызуға болады.

Қазақ жеріндегі Қаратау мен Сыр бойындағы Сайрам (Исфиджаб), Манкент, Тараз, Меркі, Баласағұн, Сүткент, Ұясы, Қарнақ, Сауран, Иқан, Үзкент, Жент, Қыпшақ, Сығанақ, Баршынкент, Құмкент, Ақтөбе, Бабата, Саудақент, Созақ қалалары дін ғана емес, ғылым мен мәдениет орталығы ретінде де жанданды. Осындай қазақ топырағынан шыққан ғалымдардың бір тобы әдебиет, философия, тарих, астрономия, логика, музыка, тіл, медицина, тафсир (құран түсіндірмесі), шариағат, хадис, құқық салалары-

на арналған еңбектерімен танылды. Бір ғана Сайрам (Исфиджаб) қаласынан Ахмад әл-Исфиджаби, Әли әл-Исфиджаби, әл-Қади әл-Байдауи, Әбу әл-Хасан, Әли әл-Байдауи атты артына мол мұра қалдырған ғұламалар шықты. Сайрам қаласының көркем әрі дін мен ғылым орталығы ретінде дамығанына қарап, оны «Дар әл-байда» (Ақ қала) деп атап кетті.

Сондай-ақ IX–XII ғасырларда бүкіл дүниежүзіне өздерінің философиялық, діни еңбектерімен танымал болған Муса әл-Хорезми (783–850), Ахмад әл-Ферғани (798–861), Әбу Насыр әл-Фараби (870–950), Әбу Әли ибн Сина (980–1037), Әбу Райхан әл-Бируни (973–1048), т.б. ұлы ойшылдар мәдениетке, ғылымға өшпес ізін қалдырған.

Мысыр жерінде дүниеге келген Сайф Сарайидің қыпшақ тілінде жазылған «Гүлстан бит-түрки» мен «Суһаил уа Гүлдерсін» (1394 ж.), Құтыбтың «Хұсрау-Шырын» (1342 ж.), Хорезмидің «Махаббатнама» (1358 ж.) еңбектері Алтын Орда мен Мысырдағы түркілерге ортақ дүние болды.


Алтын Орда билеушісі болған Өзбек ханның тұсында Қазақстан даласында ислам дәстүрлері толық орнығады. Халықтың арасында рухани өрлеуге, дінді үйренуге, оны терең тануға керемет зор құлшыныс байқалды. Осы кезде Отырарда түркі тілінде жазылған Наср ад-дин Рабгузидің «Қисса-сул-әнбия», Хусам Катибтің «Жұмжұма» және «Нахжул-Фарадис», «Қисса-и Юсуф» сияқты діни шығармалары халық арасында кең сұранысқа ие болды.

Көшпелі халық араб-парсы тілдерін үйреніп, Құран оқып, ислами өдебиет үлгілеріне зор қызығушылық танытты. Далада оқу-білім арнайы орналасқан киіз үйлерде жүргізілді. Қазақ халқының сол кездегі туындаған ауыз әдебиетіндегі басты кейіпкерлер (Оғыз қаған, Едіге би, Ер Қосай, Орақ-Мамай, т.б.) мұсылман басшысы сипатында суреттелді. Халық осындай жырларды, діни дастандарды, қиссаларды құмартып тыңдап, ұрпақтан ұрпаққа ауызша таратып отырды.

Ислам сәулет өнерінің үлгісі болған қандай ғимараттарды білесіңдер?

Ислам мәдениетінің ескерткіштері. Қазақстан аумағында ислам дінімен қатар ислам мәдениеті өркендеп, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірлерінде кешенді құрылыстарымен ерекшеленген қалалар бой көтере бастады. Оларға мешіт, медресе, рибат, кесене, кітапхана, керуен-сарай, монша (хамам) т.б. құрылыстарын жатқызуға болады.

Кейбір тарихи деректерде Қарахан мемлекетінің астанасы болған бір ғана Баласағұн аймағында моңғол шапқыншылығына дейін 240 мешіт, 10 медресе, 20 ханака болғаны жазылған. Мешіттер мұсылмандардың құлшылық жасайтын орны болуымен қатар өнер туындысына да жатады. Еліміздің Батыс өңіріндегі ескі ескерткіштердің бірі – Баласағұн



*36-сурет. Айша биби кесенесі (XII ғ.).
Жамбыл облысы*

күмбезі (XI–XII). Шалқар қаласының солтүстік-шығыс жағына 50 шақырым жерде орналасқан. Бұл күмбез көне Үргеніште қолданылған сәулет өнерінің үлгісімен жасалған. XIII ғасырда қаланған Сарайшық қаласындағы Зөбия теккесі (рухани тәрбие орталығы) де өз заманындағы сәулет өнерінің үздік үлгісі болған.

Айша биби кесенесі – Қазақстандағы ислам мәдениетінің айрықша құнды мұраларының бірі. Бұл көне жәдігер XI–XII ғасырларда бой көтерген. Ескерткіш бүгінгі кезге жартылай бұзылған күйде жеткенімен, сыны кетпеген қалпында сақталған. Айша биби кесенесі құрылыс, сәулет, әшекей, математикалық есеп, т.б. салалардың жүздеген жылдар бұрын әлемдік деңгейде игерілгендігінің, сонымен бірге адамдардың ізгілік,

имандылық, танымдық өрелерінің жоғары болғандығының белгісі болса керек. Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Айша биби кесенесін қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді (36-сурет).

Орта ғасырларға тән кесенелердің озық үлгісі ретінде Ұлытау өңіріндегі Жошы хан мазары, Жезқазған аймағындағы Алаша хан, Аяққамыр және тағы да басқа көптеген күмбездер мен кесенелерді атауға болады. Ұлытаумен шекаралас жатқан Торғай, Ырғыз, Жыланшық өзендері бойында ұшырасатын шайбанилік мазарлар да ислам мәнеріндегі ескерткіштерге жатады.

Қызылорда облысындағы Асан ата, Оқшы ата (37-сурет), Есабыз ата, Қыш ата, Қайып ата мен Айқожа ишан және Ақтөбе облысындағы Абат-Байтақ кесенелері – ислам сәулет өнерінің мұралары қатарында.

XV ғасырдағы сәулет өнері құрылыстарының бірі Сығанақтағы Әбілхайыр ханға арнап салынған Көк кесене мавзолейін де атап өткен жөн. Ол өзінің әсемдігі жағынан Бұхара мен Самарқандтағы туындылардан кем түспейді. Мавзолейдің көз тартар көк күмбезі арабша жазулармен әшекейленген.

Көбіне мешіттердің дуалдары мен күмбездерін әшекейлеуде ислам сәулет өнерінің кең тараған үлгілерінің бірі – көркем жазу өнерін қолданған. Әдетте шеберлер мешіт, кесенелердің безендіруінде көркем жазу өнерінің үлгілерімен Құран аяттарын, пайғамбар хадистерін жазып қалдырған.



37-сурет. Оқшы ата кесенесі. Қызылорда облысы

Қазақ даласы арқылы өткен Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар мен кенттер, бекіністер мен қамалдардағы мешіттер мен медреселер сәулет өнерінің көнермес жәдігері болған. Отырар мен Сайрам, Сауран мен Сығанақ, Тараз бен Баласағұнда сыртқы қабырғалары ою-өрнекті қыштармен қапталған көк күмбезді мешіттер көптеп тұрғызылды. Баласағұн сарайларының кейбірінің өрнектері Хиуадағы Жәми мешіттерінің өрнектеріне ұқсайтын. Мешіттердің сәулеттік стильдері Иран, Орта Азия сәулет өнерінің үлгісімен дамыды. Ортағасырлық жазба деректер Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар мен кенттердегі мешіт, медреселер мемлекеттің рухани қажеттілігін өтеген ірі мекеме іспетті болғаны жайлы мол мәлімет береді. Мұндай көне мешіттер әлі де халқымыздың рухани мұрасының, сәулет өнерінің көне жәдігерлері болып саналады.

Медреселердің негізгі қызметі не?

Медреселер. Исламдағы медреселердің пайда болу тарихы VIII ғасырдан, яғни өлкеде ислам діні мен араб жазуы таралған кезден басталады. Сол кездегі қазақтар орналасқан жерлерде, яғни Отырар, Исфиджаб, Баласағұн, Йасы, Сауран, Сығанақ, Шаш, Сүткент, Жент, Весиж, Қудур, Шилжи, Отлук, Өзкент сияқты қалаларда X ғасырдан бастап түбегейлі исламдық ілімдердің дамуы бағытында тәлім-тәрбиелік

ордалардың – медресе, теккелердің орнығуымен бірге жаңа мемлекеттік сипаттағы жүйелер қалыптаса бастады.

Қазақстандағы медреселердің ең ескісі әрі ең ірі – Түркістан қаласының күншығысындағы Қаратау бөктеріне орналасқан әйгілі «Қарнақ» медресесі. Оны бітіргендердің білім дәрежесі кезінде Бұхара, Самарқанд, Ташкент қалаларындағы медреселердің шәкірттерінен кем болмаған. «Қарнақ» медресесінде қазақ халқының ахун-жыраулары, би-шешендері ілім игеріп, халыққа имандылық, адамгершілік насихатын жайған. Олар – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шортанбай Қанайұлы, Балмағамбет Балқыбайұлы сияқты есімдері жұртқа мәлім болған тұлғалар. «Қарнақ» медресесі ХХ ғасырдың бас кезіне дейін қазақ халқынан шыққан қаншама дін ғұламаларын тәрбиелеп, елдің рухани сұранысын қанағаттандырып келгені мәлім. Тек Кеңес үкіметі орнағаннан кейін ғана «Қарнақ» медресесіндегі оқу жүйесі тоқтатылып, сол кездегі басқа да діни оқу орындары секілді жабылды. Қарнақта төрт медресе болған: 1. Халфе медресесі; 2. Шамухаммед ишан медресесі; 3. Молда Хашыр дамолла медресесі; 4. Әбілхайыр қазы медресесі.

«Қарнақ» медресесінде оқыған Балмағамбет Балқыбайұлының пайдаланған кітаптары: «Фатауа Алимкерия» деген атпен мәшһүр Ханафи мазхабы ғұламаларының фатуалары жинағы, «Рад әл-Мұхтар ‘Ала ад-дурр әл-Мұхтар» (авторы Мұхаммед ‘Ала ад-Дин Афанди ибн шейх Мұхаммед Амин ибн ‘Абидин), «Шарх әл-‘ақида ән-Насафийа» (авторы Мұхаммед Юсуф, ислам ақидасы, имам Матуриди мектебі), «Китаб әл-Хидайа» араб және түрік тіліндегі (нашиясы – түсіндірмесі) фикһ кітабы (h.ж.с. 1325 ж. Юсуф әл-Мамаши редакторлығымен басылған), т.б. Ғалымдар бұл еңбектердің барлығы да Әбу Ханифа мазхабы мен Қожа Ахмет Иасауи ілімі аясынан шықпайтынын айқындап берді. ХІХ ғасырдың орта шенінде медреселерін аяқтау үшін шәкірттерге шамамен 137 оқулықты меңгеруі талап етілген және бұл оқулықтардың бір бөлігі философия және логика пәндері болған.

Тарихи қазақ даласындағы медреселерден түрлі дәуірлерде әл-Хорезми, әл-Фараби, Иасауи, Бақырғани, Хазини, Асанқайғы, Сығнақи және басқа дана ғалымдар, ойшылдар тәрбиеленіп, білім алып шыққан. Қазақтың ұлы ақыны, данышпан Абай да кезінде Семей қаласындағы «Ахмет Риза» медресесінде оқыған. Абай медреседе діни сабақтармен қатар, түрік, араб, парсы тілдерін де үйренген, шығыс классиктерінің шығармаларымен, олардың философиялық ой-тұжырымдарымен танысқан. Өткен ғасырдағы ең атақты оқу ордалары Бұхара қаласындағы «Көкілташ» пен «Мир-араб» медреселерінде де Қожа Ахмет Иасауи жолының негізінде ең бірінші табалдырық аттаған шәкірттерге хикметтерді жаттатып, тіл сындырған. ХVІІІ ғасырда өмір сүрген Абылай ханның бас

ақылшысы болған Бұқар жырау Қалқаманұлы (1668–1781) Бұхарадағы «Көкілташ» медресесін 1702 жылы аяқтап, араб, парсы тілдерін терең меңгеріп шығады. Деректерге сүйенсек, Қазақ даласына ислам діні орныққаннан бастап, мешіттермен қатар медреселер де салынған. Қазақстанның Сайрам (Исфиджаб), Түркістан, Ақмешіт, Әулиеата қалаларында XIX ғасырда 31, Семей аймағында 7, Батыс Қазақстан, Маңғыстау жөне басқа да облыстарда көптеген медреселер жұмыс істеген.

Ағартушы **Исмаил Гаспыралы** мектеп, медреселерде діни сабақтармен қатар, жаратылыстану ғылымдары – математика, жағрафия, тарих, биология, т.б. секілді пәндерді жәдидтік (зайырлы) оқыту заман талабы екенін насихаттады. 1883 жылдан бастап өзі түзген әліппе негізінде «Тілде, пікірде және істе бірлік» деген ұранмен «Тәржіман» газетін шығарып, Ресейдің түркі тілдес халықтары арасында ортақ әдеби тілдің қажеттілігі мәселесін алғаш рет көтереді.

Жәдид мектептеріне мамандар тәрбиелеуде Уфадағы «Ғалия», «Хусания» медреселері, Орынбордағы «Мұхаммедия», Қазандағы «Расулие» медреселері елеулі қызмет атқарды. Мұндай мектептер Еділ бойынан алыста жатқан қазақ жерінде де бой көрсете бастады. Қазақ даласында **Исмаил Гаспыралы идеясына** сүйенген алғашқы жәдидтік (зайырлы оқыту) мектептер XX ғасырдың басында ашылған. «Ғалия» медресесі Жетісу өңіріндегі халықтарға да кеңінен танымал болды.

Жетісуда алты жыл білім беретін жәдидтік оқу орын Тоқмақтағы «Иқбал» медресесі мен Верныйдағы Ғабдулуалиевтің медресесі болды. Қапалдағы «Мамания» оқу орнында шәкірттер бес жыл көлемінде білім алды.

Мұсылмандық оқу жүйесінің одан әрі дамуының негізгі орталықтары Ұлы Жібек жолының қалалары болды. Мектеп, медреселердің пайда болуы, қалыптасуы, дамуы, гүлденуіне Ұлы Жібек жолы үлкен ықпал етіп, мектеп-медреселер бүкіл мұсылман әлеміне тарады.

Білім алу, сауат ашу ислам дінінің негізгі талаптарының бірі болғандықтан, оқымысты діни адамдар мен заңгерлер мұсылман қоғамында ерқашан да жоғары дәрежелі орындарды алған.

Медреселер мен онда қызмет еткен ұстаздар араб, парсы дүниесі мен ондағы ғылыми-мәдени, діни ошақтармен байланыста болды. Таяу және Орта Шығыс елдерінен мұнда саяхатшы, жиһангерлермен қатар сауда, ғылым, білім өкілдері де келіп, оқу ордаларында дәріс берді. Жергілікті халықтан Шаш, Бұхара, Самарқанд (*38-сурет*), Мерв, Термез немесе одан арғы Тегран, Исфahan, Шираз және әрісі Каир, бергісі Бағдад, Басра, Дамаскідегі білім ошақтарына барып білім алуға тырысқандардың саны артты. Бұл ретте Сырдың оңтүстігіндегі Хорезм елімен де мәдени, рухани байланысы үзілмеген.



38-сурет. Самарқандтағы «Шер-Дор» медресесі

Алайда орта ғасырлардағы қиян-кескі жаугершіліктер мен соғыстар мәдениет ошақтарына айналған қалалар мен ондағы мешіт тектес медреселерді жермен-жексен етті. Мешіт тектес медреселердің қайта жандануы ХІХ ғасырдан басталады. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында салынған алғашқы медреселер қатарына Оңтүстік Қазақстан облысындағы «Баба ата» медресесі, Сырымбеттегі 1834 жылы Айғаным салдырған медресе және Бөкей ордасында 1841 жылы Жәңгір ханның әмірімен бой көтерген «Орда» медресесі жатады.

Қазақ зиялылары елдегі медреселерде ғана емес, Уфадағы «Ғалия», Троицкідегі «Расулия», Орынбордағы «Хусайния» және «Бағбұстан» медреселерінде дәріс алды. Осылардың ішінде «Бағбұстан ханым» қыздар медресесінің орны бөлек. ХХ ғасырдың басында Қызылордадағы Қалжан ахун (1902 ж.), Шаяндағы Аппақ Ишан, Түркістандағы «Қарнақ», Талдықорған аймағындағы «Мамания» (1905 ж.), Алматы өңіріндегі «Қорам» (1910–1911), Тараздағы «Әбдіқадыр» (1912 ж.) медреселері діни ғана емес, ағартушылық ісіне де едәуір үлес қосты.

Ислам мәдениетіндегі зиярат әдебінің ерекшелігі қандай?

Киелі орындарды зиярат етудің әдебі. Қазақ даласында ислам дінін жаюға өлшеусіз үлес қосқан қаншама дін ғұламалары, бабтар, пірлер,


әулиелер, ахундар, ишандар өтті. Қазақстанның әр аймағында сақталған кесенелер мен мазарлардың болуы халықтың ұлы ғұламаларға деген ізетін, құрметін айғақтайды. Мазар орналасқан жерлерді киелі санап, оларға зиярат ету үрдісі – қазақ мұсылмандығының бір көрінісі. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп қайтыс болғандарға Құран бағыштап, рухына шарапат, өзіне сауап үшін Аллаға дұға қылып, оларға қайыр, жақсылық тілейді. Ислам діні киелі орындарды зиярат етуді теріс көрмейді. Мұхаммед пайғамбар әр жылдың басында Ухуд соғысында шейіт болған серіктерінің қабірін зиярат етіп, олардың ақысына дұға жасайтын. Ол бір хадисінде: «Бұрын мен сендерді қабірді зиярат жасауды тиятын едім, енді сендер оны зиярат етіңдер, шындығында ол сендерге алда өлім барын естеріңе салады», – деп бейіттерді зиярат етуді сауапты іс ретінде үгіттейді. Пайғамбар зияраттың жол-жоралғысын көрсетіп, арнайы оқылатын дұғасына дейін белгілеп кетті. Алайда оларға табынуға, сиынуға тыйым салды.

Қазақ жеріндегі киелі деп саналатын қандай кесенелерді білесіңдер?

Кесенелер. Еліміздегі ислам мәдениетінің ескерткіштеріне мешіт, медреселермен қатар кесенелер де жатады. Кесенелер ортағасырлық мұсылмандық дәуірге жататын алып құрылыстардың ең маңызды бөлігін қамтиды.

Қожа Ахмет Иасауи кесенесі – Орта Азия мен Қазақстандағы теңдессіз тарихи жәдігерлердің бірі. Бұл ғажайып сәулет туындысында ғасырлар бойы қалыптасқан далалық құрылыс тәжірибесінің ізі жатыр. Ғимараттың құрылыс тәсілдері мен өрнектері көне замандардағы сәулет және бейнелеу өнері туындыларында кездеседі. Кесене құрылысы жайлы негізгі жазба деректер Йезди қаласынан шыққан Шариф ад-диннің «Зафарнама-ий Темири» («Темір жеңістері») атты кітабында баяндалған. Бұл кітапта 1397 жылы Әмір Темір Самарқандтан Ташкентке барар жолда Йасы қыстағындағы Қожа Ахмет Иасауи басына ескі мазардың орнына зәулім кесене тұрғызуға әмір береді. Ғимараттың жоспары мен құрылысына Әмір Темірдің өзі тікелей басшылық еткен. Темірдің бұйрығымен кезінде қайырымдылық жұмыстарын атқарушы Убайдулла Садыр бүкіл құрылыс жұмыстарын басқарған.

Кесене әртүрлі міндеттерді атқаруға арналған қазандық (жамағатхана), қабірхана, үлкен және кіші ақсарай, кітапхана, асхана, құдықхана сияқты бірнеше бөлмеден тұрады. Ғимараттың бөлмелері дәліздер мен баспалдақтар жүйесімен байланыстырылған. Ал ішкі және сыртқы қабырғаларында араб әріптерімен өрнектелген Құран аяттары мен хадистерді кездестіруге болады. Онда Алланың құдіреттілігі, жомарттығы, пенденің әлсіздігі, өмірдің өткінші екендігі жазылған.



39-сурет. Қожа Ахмет Иасауи кесенесі. Түркістан

Қожа Ахмет Иасауидің әулиелік кереметтері жайлы аңыз халық арасында жиі айтылады. Халық оны Өзірет Сұлтан деп те атаған. Бұл атау *әулие сұлтан* деген мағынаны білдіреді.

XV ғасырдың аяғында Қожа Ахмет Иасауи кесенесі (39-сурет) кешенді пантеон ретінде әйгілі ғұламалар, хандар мен ақсүйектердің мәңгілік мекеніне айналды. Тарихи деректер бойынша мұнда қазақтың оннан аса ханы, жиырмаға тарта сұлтаны қойылған. Мәселен, Абылайхан ұрпағына өзін Иасауи кесенесіне қоюды аманаттаған. Атақты би-шешендер, батырлар, халық қадір тұтқан тұлғалар да осында жерленген.

Түркістанға іргелес жатқан Созақ жерінде Қарабураның кесенесі бар. Қарабураның шын аты – Бурахан. Қожа Ахмет Иасауи қайтыс болғанда Бурахан қара бураға (түйеге) мініп келіп, әулиенің сүйегіне түсіп, арулап қойған деседі. Шын атын білмеген жұрт оны Қарабура деп атап кетіпті. Қарабураның өзі о дүниеге аттанған жерінде жерленіп, бейітінің үстіне күмбез орнатылған.

«Өзірегі Қаратау әулиенің кені еді» деп «Алпамыс батыр» жырында арнайы айтылатын әулиенің бірі – Баба Түкті Шашты Өзіз. Оның кесенесі көне Құмкент қаласының маңында орналасқан.

Аңыз бойынша, Баба Түкті Шашты Өзіз Алланың пәрменімен Өзбек ханға әулиелік кереметтер көрсетіп, ислам дініне кіргізген делінеді. Халық арасында кең тараған бұл аңыз тарихшы Өтеміс қажының «Шыңғыснамасында» егжей-тегжейлі баяндалады.

Баба Түкті Шашты Өзіз кесенесінің маңайында шағын тұнық көл бар, оған құятын бастау Жылыбұлақ деп аталады. «Алпамыс батыр» жырында осы бұлақтың басына келіп түнеген Алпамыс батырдың әкесі Байбөрінің дұғасы әулиенің шарапатымен қабыл болып, Алпамыс батыр дүниеге келген делінеді. Жыр шумақтары кесененің 700 жылдан астам уақыт зиярат орны болғанынан дерек береді.

Қаратау баурайында Ысқақ баб, Арыстан баб, Әбдіжәлил баб, Шашты ата, Өздер ата, Ысмайыл ата, Жүсіп ата, Мұқым ата, Көктонды ата, Құш ата, Айдарлы ата, Ысқақ қожа, т.б. киелі орындар бар.

Маңғыстау облысындағы Шопан ата, Сұлтан Епе, Қараман ата, Масат ата, Есен ата, Үйтолы ата, Бекет ата жерасты мешіттері де Қазақстанның рухани өміріндегі маңызы зор зиярат орындары есебінде.



Аңыз-шежіре

Көктонды ата кесенесі туралы аңыз да ел аузында. Көктонды атаның шын аты – Имам Марғуази. Бір аңызда ол кісі Үргеніш қаласынан келіп еді десе, екінші бірінде Мерв қаласынан шыққан дейді. Имам Марғуази Қожа Ахмет Иасауидің даңқын алыстан естіп, ілім таластыру үшін арнайы Түркістанға келген. Бірақ сөз таластырмай тұрып-ақ Өзірет Сұлтаннның ілімінің тереңдігін, құдіретінің күштілігін көріп, оған шәкірт болған. Сол әдеби арқылы әулиелікке жеткен, кереметке ие болған деседі.

Ел аузындағы аңызда ол көкжәтел ауруын емдеп жазатын емші болған. Имам Марғуази үнемі көк тон киіп жүргендіктен, Көктонды ата атанып кеткен.



Білу

1. Орта ғасырлардағы ислам мәдениеті қалай дамыды?
2. Ислам сәулет өнерінің ерекшелігі неде?
3. Ислам мәдениетіндегі «киелі жерлерге» қандай орындар жатады?
4. Қазақстан аумағындағы қандай «киелі жерлерді» білесіңдер?



Түсіну

1. Неліктен Орта ғасырларда шығыс елдерінде ілім-білім қатты дамыды?
2. Медреселер сол кезеңде не себепті үлкен білім ордасы саналды? Қандай ғылымдар оқытылды?
3. Не себепті ислам дінінде киелі орындарды зиярат етуді теріс көрмейді?

Қолдану

Діни мектептер мен медреселердің дамуына Ұлы Жібек жолының неліктен үлкен үлесі болды? Қартаға қарап отырып, дәлелдеңдер.



Талдау

Неліктен Едіге би, Ер Қосай сияқты ауыз әдебиеті кейіпкерлері мұсылман басшысы ретінде сипатталады? Аталмыш тұлғалар туралы қосымша ақпарат көздерінен мәлімет іздеңдер.

«Зерде» тәсілі бойынша осы кісілердің тұлғалық маңызын талдап, кестені толтырыңдар.

Білім	Тұлғалар туралы алған ақпараттарым	
Эмоция	Менің көңіл күйім	
Баға	Тұлғаларға беретін бағам	
Сын	Ақпараттың маңыздылығы	
Идея	Оқырман ретінде тұлғаларды насихаттауға ұсынатын идеям	

1. Мешіт, медресе және діни тұлғалар арасындағы байланысты ашыңдар.
2. Өздерің тұратын жердегі киелі орындар жайлы қосымша мәлімет дайындандар.
3. Қорытынды топтық жұмыс.

3 топқа бөлініңдер.

1-топ кітапта берілген мәтіндерді және қосымша материалдарды пайдаланып, баяндама жасайды.

2-топ қосымша әдебиеттерде берілген Тәж-Маһал кесенесі жайлы ақпаратты оқып шығып, осы материалды Айша бибі кесенесінің тұрғызылу тарихымен салыстырып, шағын шығарма жазады. 3-топ Қазақстанның өзге өңірлеріндегі тарихи ескерткіштерге жалпы шолу жасап, олардың өзіндік ерекшеліктерін баяндайды. Өздеріңді қызықтырған мәліметтер жайында сұрақтар қойып, пікір алмасуларыңа болады. Өз білгендерің бойынша ақпарат алмасуды дағдыға айналдырыңдар.

1-топ	2-топ	3-топ
Ислам мәдениетінің жазба ескерткіштері туралы	Тәж-Маһал және Айша бибі кесенелерінің салыну тарихы туралы	Қазақстан аумағындағы тарихи ескерткіштердің ерекшеліктері туралы

Қазақстан аумағындағы ғылым мен мәдениет орталығы болған қалалар толық зерттелді ме? Баға беріңдер.

§27. Әл-Фараби, Ж. Баласағұни, М. Қашқари, А. Иүгінеки, Х. Сығнақи діни мұралары

Әл-Фараби Мұхаммед пайғамбар туралы қандай ой түйген?



Әбу Насыр әл-Фараби

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби ат-Түрки 870 жылы Фараб (Отырар) қаласына жақын Весиж атты елді мекенде дүниеге келген. Әл-Фараби 20 жасқа дейін Фарабта білім алып, кейіннен Аббасилер халифатындағы көптеген елдерді аралап, ғылым-білім жолына түскен. Ол ең алғаш рет сол кездегі мемлекет орталығы Бағдатқа барып, Әбу Бәкір әс-Сараждан (928 ж.ө.) араб тілін, Әбу Бишр Матта ибн Юнустан логиканы үйренген. Бұдан соң Харранға барып, Иуханна ибн Хайланнан Аристотельдің «Логикасын», «2-ші Аналитикалар» атты мұраларын зерттеген. Осы сапарларынан кейін әл-Фараби Бағдатқа қайта оралып, тіл білімі, философия,

музыка, математика, астрономия, дін және басқа да ғылымдарды меңгереді. Халебке, кейін Дамаск қаласына барып, қалған ғұмырын сол жерде өткізеді. Сол жердің сұлтаны Сайф ад-Даула еркін ойға, ғылымға қатты көңіл бөлетін еді. Ол ғұламаны сарайына шақырады, бірақ әл-Фараби бұдан бас тартып, қарапайым өмір сүруді артық көреді.

Әл-Фараби – білім нәрімен терең сусындаған әйгілі ғұлама, философиядағы қабілеті мен біліміне байланысты Аристотельден кейінгі екінші Ұстаз (муаллим әс-сани) деген атаққа ие болған. Ол көне грек ойшылдары Платон, Аристотель, Эвклид, Птолемей еңбектерін терең талдап, оларды ислам ұстанымдары негізінде жаңаша қорытқан. Тарихи деректерде Фараби атамыздың 72 тілді меңгергендігі айтылады. Бұл мәлімет Фарабидің көп тіл білгендігімен қоса, сол кездегі ислам мемлекетінің түрлі саяси, әлеуметтік жағдайларын тереңнен таныған ойшыл екендігін көрсетеді. Әл-Фараби 950 жылы сексен жасқа келген шағында Дамаск қаласында қайтыс болған және «Баб-ас-сағир» мазарына жерленген. Қазіргі таңда әл-Фараби атамыздың мазары Қазақстан үкіметі тарапынан қайта жөндеуден өткізілді.

Әл-Фарабидің бізге қалдырған жүзден астам мұралары бар. Олар: философия, дін, мораль, саясат, тіл, музыка, этика, физика, метафизика, логика және басқа салаларға арналған шығармалар.

Әл-Фарабидің өз дәуіріндегі атқарған ең маңызды қызметі – дін мен философия арасында көпір салуы. Оның пікірінше, нағыз ойшыл философ пен пайғамбар арасында айырмашылық аз. Әл-Фараби дана ойшылдарды дін шындығын түсіндіру мәселесінде пайғамбар дәрежесімен теңестіреді: ең кемеңгер басшы – еркін ойшылдық қасиеті бар адам. Бұл қасиеттер Мұхаммед пайғамбардың бойында болған. Сондықтан әл-Фараби Мұхаммед пайғамбарды «Бірінші басшы» деп есептейді.

Әл-Фараби кез келген адам қайырымды елдің басшысы бола алмайды дейді. Себебі басшыда екі нәрсе: а) бойында туа біткен қабілет болуы керек, ә) басшылыққа байланысты ерікті дағдылары қалыптасуы керек.

Басшыны әл-Фараби бірінші және екінші басшы деп бөледі. Бірінші басшының бойында жаратылысынан болуы керек 12 табиғи қасиет мыналар: 1) дені сау; 2) айтылған ақылды, сынды дұрыс қабылдау; 3) есте жақсы сақтау; 4) көкірек көзі ояу; 5) шешендік; 6) ізденгіштік; 7) турашылдық; 8) нәпсісіне беріктік; 9) кемел адам; 10) байлыққа қызықпау; 11) әділетті; 12) жігерлі, батыл болу керек.

Екінші басшының бойында болуы керек қасиеттер мыналар: 1) ойшыл болу; 2) бірінші басшының өсиеті бойынша жүру; 3) әділ заң шығару, атқару жұмыстарын жүргізу; 4) ақылды, тәжірибелі болу; 5) халыққа жол көрсете алатын дана болу; 6) қызметте болсын, соғыста болсын білікті болу. Осы шарттардың барлығын бойына жинаған адам басшы болуға лайықты. Егер адамда ойшылдық қасиет болмаса, қалған шарттар болған күннің өзінде ол ел басшысы бола алмайды. Басшысы болмаған қауым жойылып кету қаушіне ұшырайды. Сондай-ақ, ел басшысы болған күннің өзінде қасында ойшыл, хакім адам болуы керек. «Басшысы болмаса – ел жетім» деген халық нақылы да әл-Фарабидің осы ілімін қуаттайды.

Ж.Баласағұнидің «Құтадғу білік» шығармасы қандай еңбек?

Жүсіп Баласағұни шамамен 1015/1017 жылдары дүниеге келген деп есептеледі. Оның қайтыс болған уақыты мен қанша жыл өмір сүргені туралы ешқандай мәлімет жоқ. Ұлық Хас Хажиб Жүсіп Баласағұни Шығыс Түркістан өлкесінің мәдени орталықтарының бірі, мұсылман әлемінің Шығыстағы қақпасы болған Баласағұн қаласында туып, өмір сүрген. Оның ең құнды еңбегі «Құтадғу білік» («Құт дарыған білім») шығармасы 1069–1070 жылдары жазылған.

«Құтадғу білік» – адамгершілік құндылық жайлы жазылған моральдық, діни философиялық шығарма. Онда адам өмірінің мәні мен

мағынасы талданады, адам баласының белгілі бір қоғамдағы атқаратын міндеті мен мінез-құлқының нормалары айқындалады. Шығарманың негізгі кейіпкерлерін таңдап алу әдісі де түркі халықтарының эпикалық сарыны бойынша берілген: *Күнтоғды* («*Күнтуды*»), *Айтолды* («*Айтолды*»), *Өгдүлміш* («*Мақтаулы*»), *Одғұрмыш* («*Сергек*», «*Ояу*»). Оның ең басты идеясы төрт ұстанымға негізделген:

1. **Тура заң.** Оның бейнесі – Күнтоғды, патша.
2. **Құт** (Бақыт). Оның бейнесі – Айтолды, уәзір.
3. **Ақыл.** Оның бейнесі – Өгдүлміш, Айтолдының баласы.
4. **Қанағат.** Оның бейнесі – Одғұрмыш, уәзірдің туысқаны, тақуа (дүниеден безіп, ел-жұрттан бөлек тұратын діншіл сопы, бәрінен биік ақыл-білім иесі).

Жүсіп Баласағұни да адам мен Ұлы жаратушы арасындағы байланысты Құран танымы шеңберінде түсіндіреді. Мысалы, Алла адамға ақыл, ерік пен таңдау берген. Ақыл мен ерікті дамыта білген адамға Алланың құты тұрақтайды. Сондықтан нағыз мұсылман әрдайым Алладан мінажат етіп, одан жол көрсетуін тілеуі қажет. Адам Алланың құты арқылы кемелдікке жетіп, оның дидар-жамалын көре алады. Жақсы, дұрыс адамдар ғана қоғамда сенімді орнығады деп баяндайды.

Баласағұни мұрасында «дүниеқұмарлық, ашкөздік, пендешілік адамды түрлі бөлеге ұрындырады, Алланы ұмыттырады. Адамның ең басты үш дұшпаны бар: дүние, тән және шайтан. Алланы аузыңа алсаң, шайтан қашады, дүниені тәрк етсең, құтыласың, ал тәнді қалай тәрк етерсің? Өле-өлгенше біргесің. Өліп құтыласың. Сондықтан тәннен, яғни оның қажеттілігі мен құмарлығын тежеу арқылы тән дұшпандығынан құтылуға болады» деп түсіндіреді. Сондай-ақ ол: «Алла әрбір нәрсені мақсатпен жаратқан. Соның ішінде адамды Алла жердегі өзінің орынбасары (халифасы) еткен. Әрбір жаратылғанның қызметі бар. Барлық жаратылғандар Жаратушыға ұмтылады, оған қайта оралады. Өйткені әлем Жаратушысымен ғана мәнді. Табиғат, адам, рух, қоғам өзара үндестікпен, үйлесімділікпен жаратылған. Сондықтан олардың арасындағы тепе-теңдікті сақтау адам баласының парызы саналады» дейді. Баласағұни табиғаттың төрт элементін: от, су, ауа, топырақты Өбу Бәкір, Омар, Осман, Әли сияқты төрт шадиярға (халифке) ұқсатады.

М.Қашқари ғылымның қай салаларына үлес қосты?

Махмұт Қашқари (XI ғ.) – түркі тілдерін ең алғаш зерттеген ғұлама ғалым. Өкесі Хұсайын ибн Мұхаммед сол кездегі Орта Азияны билеген хан әулетінен шыққан.

М.Қашқаридың өмірі мен қызметі жайында деректерді оның әлемге белгілі «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінен алуға болады. Өз еңбегінің қа-

лай жазылғандығы туралы ғұлама: «Мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, яғмалар, қырғыздардың қалаларын, қыстаулары мен жайлауларын ұзақ жылдар бойы аралап шықтым, сөз жинадым, әр алуан тіл ерекшеліктерін үйреніп, оларды анықтап отырдым. Мен бұл істерді тіл білмегендігімнен емес, сол тілдердегі әрбір жеке айырым белгілерді бақылау үшін істедім. Өйтпесе, мен тілдерді өте жақсы, жетік білетін мамандардың санатынанмын, жіті аңғарып, ескі мен жаңаны жыға танытын білімпаздардың бірімін», – дейді.

«Диуани лұғат ат-түркегі» сөздер әріптердің өзара төртіптері бойынша түзілген. Әр сөз араб тіліне аударылып, сол сөздің қолданылуы жайында мысалдар келтірілген.

Мысалдардың көбі: халық аузынан жиналған ғибратты нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, қанатты сөз тіркестері, өлеңдер. Сонымен қатар кітапта дін, тарих, география, этнография, поэзия, фольклор, түркі тілдерінің фонетикасы мен грамматикасы, т.б. жайында келтірілген материалдар да аз емес.

М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» атты кітабы қазіргі есебіміз бойынша 1072 жылдың 25 қаңтарында жазыла бастаған да, 1074 жылдың 10 ақпанында аяқталған. Бұл еңбек, негізінен алғанда, түркі тілдес халықтардың күнделікті өмірі мен діни, рухани дүниесін көрсететін көптеген материалдарға толы. Онда тарихи-әлеуметтік жағдайларға, этнографиялық, әдеби мұраларға, мәдениет салаларына, тіл ерекшеліктеріне, халық медицинасына, материалдық ерекшеліктерге, географиялық суреттеулерге, астрономиялық атауларға, ғылыми зерттеулерге, тағы басқа толып жатқан нәрселерге байланысты аса бай мәліметтер мен нақтылы мысалдар, үзінділер мен үлгілер келтірілген. Міне, осындай әр алуан тақырыпта жан-жақты келтірілген материалдар мен мәліметтердің негізінде бірнеше ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылды. Онда әңгіме болатын жағдаяттар деп мынандай басты-басты мәселелерді атауға болады: ежелгі дәуірдегі түркі тайпалары мен олардың тілдері, әдебиеті мен әлеуметтік өмірі, діни нанымдары мен ойын-сауықтары, тұтыну бұйымдары, ас-тағам мен неке қатынастары, әйел тұрмысы, ауыз әдебиеті мен этнография салалары, дәрігерлік тәсілдер мен әскери өнер, тағамның түрлері және сол кездегі түркі халықтарының орналасу жайттары, әкімшілік картасы, т.б.

Қашқари еңбектерінде ең алғаш түркі тілінде Құран аудармаларын қолданған. Діни мәтіндер мен хадистердің түркі тіліндегі баламаларын жазып қалдырған. Оның сөздігінде исламнан бұрынғы түркі тіліндегі



Махмұт Қашқари

терминдер мен ислам діні терминдері салыстырмалы түрде берілген. Бұл бүгінгі қоғамдық-гуманитарлық ғылым салалары үшін ең басты негіз болып табылады.

А.Иүгінекидің қандай шығармасы маңызды мұраға жатады?

Ахмет Иүгінеки (ХІ ғ. соңы – ХІІ ғ. басы). Бұл дүниенің жарық сәулесін көрмеген зағип Ахмет ойшыл да зерделі болып туады, қабілетін ұштап, білімге құлаш ұрады. Көп ізденіп, мол білім жинайды. Түркі тілдерін түгел меңгеріп, араб тілін жетік біледі. Өз ортасының көп оқыған білімпазы есебінде ол «Әдиб (оқымысты) Ахмет» деген атаққа ие болады.

Ахмет Иүгінекидің өмір тарихы туралы мәлімет аз. Кейбір деректерде ол ХІІ ғасырдың аяғы ХІІІ ғасырдың басында өмір сүрген делінеді. Оның бізге жеткен «Ақиқат сыйы» («Ғибатул Хақаиқ») атты құнды еңбегін мамандар ХІІ–ХІІІ ғасырға жатқызады. Бұл кезде Түркістан мен Орта Азияның кейбір аймақтарын Қарахан әулеті билеп тұрған болатын.

«Ақиқат сыйы» шығармасында мұсылманның моральдық этикасы жазылған. Онда өмірдің өзекті мәселелері (тәлім-тәрбие, моральдық нормалар, адамгершілік қасиеттер, т.б.) жайында әр алуан ақыл-кеңестер мен діни уағыздар келтіріп, ой қорытқан. Дастанның негізгі тақырыптары мен олардың мазмұны дін негіздеріне арналған.

Танымал ақын Өлішер Науаи «Насаи әл мухаббат» деген еңбегінде Ахмет Иүгінекиді Орта Азияның өз заманындағы көрнекті шайыры деп дәріптеген. Ахметтің кітабы түркі халықтарының көркем жазба әдеби тілінде жазылған.

А.Иүгінекидің бір ғана тіл өнері жайында және тіл мен сөздің зияны туралы бірнеше құнды ойлары барын көреміз: «Әдеп басы – тіл. Тілдің көркі – әділ сөз», «Тіл сақтанғанды сақтайды», «Әділ сөз – әсел (бал), жалған сөз – бәсел (ащы жуа)», «Кім жақсы, кім жаман – бәрі тілден», «Жалған сөз – ауру, шаншудай, әділ сөз – шипа, жанға жай», «Ойлы сөз көпті ұтар, ойсыз сөз басты жұтар», «Тіліңді бақ, аз сөйле: тіл байлаулы болса – бас аман», «Өзеу-рей берген өкінер, тілін тыйған өкінбес», «Тіл жарасы бітпейді, оқ жарасы бітеді», «Тіл мен сөздің бостығы – көп кісінің басын жер», «Өумесер кісінің өз тілі – өзіне дұшпан», «Өз сөзіңнен өзің сақтан – өкінбейтін сөзіңді айт», «Тіліңді тый – тісің сынбайды, тілі шыққанның тісі сынады», «Көп сөйлейтін тіл – бітіспес жау», т.б. Ислам дініндегі сөз әдебін көрсеткен бұл нақыл сөздер халық арасында әлі күнге дейін айтылып келеді.

Х.Сығнақи кімнің ілімін дәріптеп, маңызды еңбек қалдырды?

Имам Хусамеддин Хүсейн ибн әл-Сығнақи Сыр бойындағы Сығанақ қаласында дүниеге келген. Туған жылы белгісіз. Оның туып-өскен қала-

сы орнында қазір тек үйінділері ғана бар төбе болғанымен, орта ғасырдағы іргелі ғылым орталықтарының бірі екендігіне тарих куә. Хусамеддин Сығнақи балалық шағынан бастап Сығанақ, Йасы, Исфиджаб қалаларында білім алып, 1277 жылдан бастап ислам әлеміне танымал Мұхаммед әл-Бухари және Фахруддин әл-Маймарғи сияқты ғалымдардан деріс алады. Ислам ғылымының құқықтану саласын терең меңгереді. Сығнақидің «қазылардың қазысы» атымен әйгілі ибн әл-Адиммен сұхбаттас болғандығы туралы деректер де бар. Ол асқан дарындылығының арқасында Бағдат, Халеб, Дамаск сияқты ірі ислам орталықтарындағы медреселерде сабақ береді. Артына өшпес мұра қалдырған Хусамеддин Сығнақи Сирияның Халеб қаласында (шамамен 1311 ж.) дүниеден өтеді. Тарихи деректерге қарағанда, фикһ, кәлам, грамматика, морфология, суфизм салаларында да еңбектер жазып қалдырған. Ол атақты Имам ағзам Әбу Ханифа жолындағы Маргинанидің «әл-Хидая» еңбегіне талдау жасап, түсіндірме жазған. Бұл – оның өз дәуірінің кез келген ғылыми мәселелерінен тыс қалмағандығын көрсетуімен қатар, асқан дарын иесі екендігінің де дәлелі. Сығнақи – Ахмет Иасауидің өмірі мен қызметі туралы жазып қалдырған тұңғыш ғалым. Ол алғаш рет Иасауи туралы аңыз мәліметтерді хатқа түсіріп беріп кеткен. Шығарма «Манакиби Хожя Ахмет Иасауи» деп аталады.

Білу

1. Әл-Фараби қандай ғылымдарды меңгерген? Екінші ұстаз діни сипатта жазылған туындыларында көбінесе неге мән берді?
2. М.Қашқари ислам дінінің түркілер арасындағы беделін қандай деңгейде көрсетті?

Түсіну

1. Неліктен әл-Фараби сұлтан сарайынан бас тартады? Заманауи басшылардың бойында ұстаз ұсынған қасиеттердің қайсысы болуы қажет?
2. Не себепті М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» шығармасы маңызды еңбектердің бірі болып есептеледі?

Қолдану

1. «Екінші ұстаздың» артына қалдырған қандай мұраларын білесіңдер? QR-code арқылы берілген ақпаратты тыңдаңдар және қазақ әдебиеті, тарих пәндерінен алған мәліметтеріңді де қосып тұжырым жасаңдар.



2. Қосымша дереккөздерден ізденіп, Ежелгі Сығанақ қаласының мәдени және тарихи маңызы туралы презентация жасаңдар.



Талдау

Ахмет Иүгінекидің айтқан тіл әдебін талдап, өз ойларыңды да қосып, кластер жасаңдар.



Жинақтау

1. Тақырыпта берілген ғұламалар жайлы «Өлмейтұғын артында сөз қалдырған» деген тақырыпта баспасөз конференциясын өткізіңдер.
2. Мәтінде берілген ұлы ойшылдар туралы мәліметке сүйене отырып, өз ойларыңды түйіндеп, кестені толтырыңдар.

Дін ғұламалары	Өмір сүрген уақыты	Ұстанымдары	Оқушы ойы



Бағалау

Тақырыптағы ғұламалардың діни мұралары не себепті маңыздылығын жоғалтпайды?

§28. Бұқар жырау, Бекет ата, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Бекасыл Биболатұлы, Ғұмар Қараштың діни мұралары

Бұқар Қалқаманұлы – қазақтың әйгілі жырауларының бірі, XVIII ғасырда жоңғар басқыншыларына қарсы қазақтың азаттық соғысын бастаушысы әрі ұйымдастырушысы, атақты Абылай ханның ақылшысы.

Бұқар жырау Тәуке ханның тұсында да ордадағы беделді билердің бірі ретінде ел басқару ісіне араласқан.

XVIII ғасырда болған жоңғар шапқыншылығы қазақ халқының мүлдем жойылып кету қаупін тудырғаны белгілі. Осы кезде «Ақтабан шұбырындыға» ұшыраған елдің басын қосып, ата жауға қарсы азаттық күресіне жұмылдыру үшін бар ғұмырын халқының бірлік-бүтіндігіне арнаған ұлы жыраудың басты мақсатына айналады.

Хан да, қарапайым халық та ел басына күн туған сәтте Бұқардан келелі кеңес, ақылды шешім күткен.

Бұқар мұсылманша оқыған, сауатты адам болған. Бұқар жырау «Қарнақ» медресесінде дәріс бере жүріп, балалардың жасына лайықтап, имандылықты насихаттап, жырға қосқан.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жыраудың туындылары туралы: «Бұқар жырау шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері – жақсылық пен жамандық, елдік пен ерлік, ізгілік пен зұлымдық, әділдік пен әдептілік, жастық пен кәрілік, татулық пен араздық, достық пен дұшпандық, адалдық пен арамдық, тектілік пен азғындық, тұтастық пен бірлік. Бұхарекең сөйлеген уақытында сөзі мұндай жүз есе, мың есе шығар. Бізге келіп жеткен тамыры ғана», – деген екен.

Қазақстанның Батыс аймағына ислам дінін таратқан ірі қайраткер, өулие, халық батыры, абыз Бекет ата Мырзағұлұлы (1750–1813) – Пақыржан хазіреттің шәкірті. Ел Бекет атаны айрықша қадірлеп: «Пірдің соңы – Бекет», – деп жатады. Халық Бекет атаның өмірін, ерекше қасиетін, өулиелігін ықыласпен әңгімелеп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізген.



Бұқар жырау

Маңғыстау өңірінде XIX ғасырда өмір сүрген жырау Ақтан Керейұлы Бекет атаның дін жолындағы еңбегін былайша бағалайды:

Әулие Бекет пірімнің,
Оғыландыда ошағы –
Жалыны шалқып шақырған.
Дін-исламның жолында,
Баспаған қадам ғафылдан.

Бекет атаның аса білімді, тақуа жан болғандығына ол қалдырған жерасты мешіттері айғақ. Бекет атамен байланысты мұндай ескерткіш төрт жерде кездеседі. Оның бірі Оғыландыда, екіншісі Бейнеуде, үшіншісі Жем бойында, төртіншісі Арал маңындағы Баялыда. Ел аузындағы аңызда Бекет ата бала кезінде Жем бойындағы Ақмешітте, жігіт шағында Бейнеуде, көпші-қон уақыттарында Баялыда болған. Хорезмдегі Пақыржан қажыдан білім алғаннан кейін-ақ Оғыландыға келген. Өмірінің соңғы жылдарының көбін Оғыландыда өткізген.

Оңтүстік Үстірттің (Маңғыстау облысы) Оғыландыдағы Бекет ата жерасты мешіті жақсы сақталған (40-сурет).



40-сурет. Оғландыдағы Бекет ата жерасты мешіті. Маңғыстау облысы

Ы.Алтынсариннің діни оқулығы қалай аталды? Оқулықта қандай мәселелер қамтылды?

Ыбырай Алтынсарин (1841–1889) – қазақ халқының аса көрнекті қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз. 1841 жылы қазіргі Қостанай облысының Қостанай ауданында туып-өскен. Жас кезінде әкесі қайтыс болып, атасы Балғожа бидің тәрбиесін алады.

1850 жылы атасы Балғожа Ыбырайды Орынбор қаласындағы қазақ балалары үшін арнайы ашылған жеті жылдық мектепке оқуға береді. 1857 жылы мектепті бітірген Ыбырай 2 жыл атасы Балғожа бидің хатшысы болып қызмет атқарады. Кейін Орынборға ауысқан Ыбырай

1860 жылы Орынбор бекінісінде (Торғайда) қазақ балалары үшін мектеп ашу бұйрығын алып, сол мектепте орыс тілінің мұғалімі болып жұмыс істейді.


Осылай Ыбырайдың білім беру ісінде қиын да қызық өмір жолы басталады. Халықтан жинаған қаржыға мектеп салып, оқуға қазақ балаларын үгіттеді. Ақыры мақсаты орындалып, 1864 жылы 8 қаңтарда мектептің жаңа ғимаратын салтанатты түрде ашады, мектепке 14 бала жазылады. Мектеп жанынан интернат ашылып, оқушылардың барлығы сонда жатып оқиды. Мектепте білім берумен қатар төрбие мәселесі де бірінші орында тұрды.

Бұрынғы білім беру тәсіліне, оқулықтарға көңілі толмай, ескі діни мектептердегі жаттатып оқыту әдісіне қарсы тұрып, оның орнына тереңдетіп, методологиялық оқытуды қолданды. Осылай 1879 жылы Ы.Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығы жарық көреді. Ол кириллицамен жазылған алғашқы еңбек болып есептеледі. «Қазақ хрестоматиясы» 1896 жылы екінші рет араб әрпімен Қазан қаласында «Мәктубат» деген атпен жарық көрді. Ыбырай балаларға Еуропа үлгісінде білім берумен қатар, ғылым мен техниканың әр саласынан, қолы бос уақыттарда дін тарихынан да мағлұмат берді. Ы.Алтынсарин өз мектептеріне қажетті «Шариятул-ислам» атты оқулық жазады. Мұнда Құран сөзін балаларға қазақшалап түсіндіруге тырысты. Оқулық араб әрпімен Қазан қаласында 1884 жылы басылып шығады. Мұнда ислам дінінің негіздері жан-жақты қамтылған.

Ы.Алтынсарин поэзиялық шығармалары арқылы қазақ жастарын өнер-білімге, техниканы игеруге, руханиятты кемелдендіруге шақырды. Сөйтіп өркениетті елдердің қатарына тезірек қосылуды армандады.

Мәшһүр Жүсіп ислам дініне қандай еңбек сіңірді?

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858–1931) бес жасында ауыл молдасынан сауатын ашады. Мәшһүр Жүсіп одан соң ислам ғылымының нәрін пашқан «Көкілташ» медресесінде білім алған («Көкілташ» медресесі қазақ даласындағы көптеген азаматтардың діни сауат



Ыбырай Алтынсарин



Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы

ашуына айтарлықтай үлес қосқан). Осы медресені аяқтағаннан кейін бірнеше жыл бала оқытумен айналысады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының артында қалдырған шығармалары 13 томдық жинақ болып жарық көрді. Дін туралы Мәшһүр Жүсіп «Шайтанның саудасы», «Соқыр, саңырау және жалаңаш», «Жарты нан хикаясы», «Мәшһүрдің 46 жасында сөйлегені», т.с.с. үгіт өлеңдер жазды. Ислам дінінің мәні хақында осындай көркем туындылар жазумен бірге Мәшһүр Жүсіп діннің ақиқат екенін дәлелдеп, ғылыми еңбектер де қалдырған. Ол осы орайда «рух», «нәпсі» ұғымдарын: «Адамның денесінде ішкен-жеген қоректің ғайыптылығынан, барып тұрған тазасынан жиылып бір арнаға топталып, жүректе бір рух жасалады. Мұның атын: «Рух хайуаны», – дейді. Сондай болатындығы үшін қазақ жұрты тамақ ішерде: «Жүрек жалғайық, жан шақырайық», – дейді. Бұл сөздердің мәнісі – тамақ күшінен жиылып болатұғын нәрсе екен. Құдайдан келген жан басқа, бұл басқа», – деп түсіндіреді.

Мәшһүр Жүсіп мұраларынан ханафи құқық негіздері мен Матуридидің діни танымын, Иасауидің ар ілімін терең меңгерген, қазақ мұсылмандық негіздерінің тарихи сабақтастығын жалғаушы дана екендігін тануға болады. Ол ислам дінінің этикалық, моральдық, дидактикалық мәселелерін зерттеді. М.Жүсіп былай деді: «Құдайдан сыпыр-сыр алып, айтқан әулиелер болған. Мәснәуи-шариф, Қожа Хафиз, Хамса, Науаи, Сопы Аллаяр, бұлардың сөйлегені – әдебиет. Қыран қате ұшса да, бұлар дөнеме (дінке) қате (хыты) ұшпайды. Не сөз осылардан болса, ұста!

Еуропа жұртының үлгі-өнеге алып, ғылым-білім алып жатқан үлгілері – осылардың сөзі. Біздің мұсылманды қорлықта қалдырып тұрған – «Қал» ғылымында жүрген, қалғандардың сөзі. Тоқсан ауыз сөздің түймедей түйінін ұстап, күллі Еуропа адамдыққа жетті. Онан біздің мұсылмандардың ғылым-білімге жетілгендері переводтап алып, бізге тәркі-тәржіме қылып түсіндіреді. Молда аттарына қанық болған: Лермонтов, Салтыков, Толстойлар біздің мұсылманнан шыққан, жұрттан озған жүйріктердің сөзінен үлгі-өнеге алып сөйлеген. Онысын өздері сөйлеген сөзінен білдіріп кеткен. Мұнан келіп біздің мұсылманның жүйріктері переводтап алып, бізге сөйлеп жатыр. Біздің бұған жылдам түсінетініміз: «Құраннан алған жерін – Құраннан көрі!», – деп біліп тұрмыз. Хадис шарифтен алған жерін Хадис шарифтен көріп, біліп тұрмыз. Қай кітаптан алған болса, сол кітаптардың сөзі біздің қолымызда даяр. Сондықтан сөзге сөзі үйлес келген соң, олардың сөзіне: «Қылша мойыным –мұнша!» – дейміз».

Хақім Абай ғылымға қандай баға береді?

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – қазақ халқының ұлы ойшылы, ақын. Абай шығармалары – мұсылман дінінің көкейкесті, зәру

мәселелеріне арналған құнды туындылар. Оның ислам дінінің негіздері, оларды түсіндіру, насихаттау жөніндегі жиған-тергендері өзара тығыз байланысқан сан-салалы тақырыптарды қамтиды. Абайдан қалған мол рухани мұраны өлеңдері мен поэмалары, аудармалары және ақынның өзіне ғана тән өзгеше жанрда жазылған қарасөздері құрайды.

Абай «Отыз сегізінші қарасөзінде»: «Біз Алла тағала «Бір» дейміз, «Бар» дейміз, ол «Бір» демеклік те – ақылымызға ұғымның бір тиянағы үшін айтылған сөз», – деп, құдайдың бірлігі, барлығы аса ауыр ұғым екенін айтады. Өрбір адам иманның мағынасын ұғыну, терең сезіну керек деп біледі.

Хакім Абай имандылық барынша адал, сезім пәк, һәм берік болу керек деп білді. Ол «Он үшінші қарасөзінде»: «Енді мұндай иман сақтауға қорықпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен», – деп, бұл талапты қатаң сақтау туралы қорытынды жасайды.


Абай пайғамбарларға, әулиелерге, хакімдерге тән әділеттілік, шапағаттылық, ғылымды сүю сияқты ізгі қасиеттер әр адам бойында табылу керек деп біледі. «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» дей келе, ақын: «Біреуінің күні жоқ біреуінсіз, Ғылым сол үшеуінің тілін білмек», – деп ғылымның орнын жоғары бағалайды. Ғылым адамды адамгершілікке үйрету керек. Адамның негізгі үш қасиетін – ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүректің жолын көрсетуі тиіс деп білді. Абай «Он бесінші қарасөзінде»: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ақиретке, не дүниеге жарамды күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің?» – деп адамның өзіне-өзі үңілуін талап етеді. Өзіне-өзі үңілмеген, өмірі жайлы сұрақ қоймаған адамды ол ғалым деп есептемейді. Абай: «Өрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым», – деп түйіндейді. Ғақлияға жүйріктер *хакім*, нақлияға жүйріктер *ғалым* аталады. Хакім ғалымнан биік тұрады, өйткені хакім – ғылымның бір саласымен ғана айналыспай, ортақ заңдылықтарды танып, ашуға ұмтылған бесаспап ойшыл. Сол себепті де Абайдың пайымдауында хакім, данышпан мұсылман сенімінде болсын, өзге дін өкілі болсын, адамға қызмет етуді мақсат етіп еңбектенетіндігімен өнегелі.

Абай – қазақ әдебиеті мен поэзиясын жан-жақты жетілдіріп, жаңа сапаға көтерген, ой-санада зор серпіліс жасаған жасампаз тұлға, ойшыл



Абай Құнанбайұлы

дана. Абайдың осы саладағы игі дәстүрін одан әрі жалғастырып, жандандыра түскен шәкірті Шәкәрім болды. Қазақтың өлең сөзіне Абай енгізген тереңдік, ойлылық Шәкәрім шығармаларында өзгеше мағынасын тауып, философиялық бояуын едәуір қоюландырды.



Шәкәрім Құдайбердіұлы

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) – ақын, жазушы, дін білгірі, тарихшы, философ. Оның қазақ халқының рухани азығына айналған шығармаларының көбі ХХ ғасырдың басында жарық көрді. 1911 жылы Орынборда Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» еңбегі басылып шықты. Шәкәрім бұл еңбегінде ислам дінінің басты қағидаларын, иман ғибадаттарын қазақ тілінде қарапайым халыққа түсінікті қылып жазып шығуды мақсат етеді. Онда ол ең әуелі иманның шарттарына тоқталған. Алла тағаланың барлығына, бірлігіне ақылмен ойлап иман келтіруге ерекше мән береді. Құраннан, ғұламалардың пікірлерінен мысал келтіре отырып, адам кәлиманы айтқанымен, мағынасын түсінбесе, иманға есеп емес екенін ескертеді.

Діннің мәнін ғұламалардан сұрап білудің қажеттігін айтады. «Адам өзін таныса, Құдайды да танымақ» деген Мұхаммед пайғамбар хадисіне арнайы тоқталып, өзін-өзі танудың Алланы тануда қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Шәкәрімнің «Мұсылмандық шарты» кітабы 1993 жылы «Қазақстан» баспасында қайта жарық көрді. Бұл еңбектің зерделі, діни-уағыздық мазмұны – бүгінгі күнге қажетті ғылыми мұра саналады.

Зұлымдық пен Ар, ынсап екеуі ерегіскен екі дұшпан, артында рақат та жоқ, азап та жоқ, ақыл зұлымдықтан қалай жиренеді? Ар, ынсаптың жақсы істен үміті не? Ел түзелсе, өлген соң, оған не пайда? Дін үшін емес, тыныш өмірі үшін де емес, өлгеннен соң атым тарихта қалсын деп арпалыса ма? Бұған ақылым тоймайды. Жан мәңгілік жоғалмайды. Жан – екі өмірдің азығы, ұждан, ар, ынсаптың пайдасын сезінеді. Жан өлген соң мәңгілікке қауышып, «бәйге аларын» біледі. Ұжданның осы сырына қанықпаған **ақ жүрек** адал ниет бола алмайды. Егер жан жоғалып, өлетін, жойылатын болса, сый алмайтын болса, арам, ұждан, зұлым деп айырып, **мынау жаман, мынау жақсы** деудің мәні жоқ. Өлемдегі діндердің түп мақсұты үшеу: «Құдай бар», «Ұждан дұрыс», «Қиямет шын» дегендегі осы үш анығы да өз сұрақтарын жауаптандыруының жемісі болса керек. Діннің мақсаты – адамды бауырластыққа шақырып, туыс қылу. Құдай анық, сондықтан «ақ жүрек» пен «зиянкесті» сынау үшін бейіс тозағын жаратқан. Бірақ бұларды «Соқыр ойлы», «бір езу» өзімшіл жан қанша ғылым білсе де, ұға алмайды.

Өмірді өкінбей, мәнді қылып өткізудің айласы – қиянатсыз, ой тазалығы, мейірім, ынсап, әділет, адал еңбек, таза жүрек, осылар адамның тату досы, шарасы. Өмірден мақсұт – хақиқатты табу, нәпсіге ермеу, оны жою. Ерсең, ол сені отқа салады. Өмір түбі – өлім. Өзгермейтін, өлмейтін өмірді талап етемін.

Адамшылық – хайуаннан артық болу, яғни аяушылық, мейірім, өмірдің өткінші екенін білу, жығылған, жылағанға жәрдем ету, мархабатты болу – кемел адамшылық», – дейді. Сондай-ақ Шәкәрім: «Адамшылық негізі – өнер мен білім. Адамшылық – өтірік айтпау, алдамау, біреуге қиянат қылмау, Ар, Ынсаптың сүйгені – таза жұмыс. «Ақ жүрек», «Таза ақыл», «Адал еңбек» – кейінгіге жол көрсететін үш анық хақиқат. «Тіршілікті жақсы өткізудің һәм соңыра пайдасын көрудің жалғыз жолы бар: Ол жол жалғыз ғана өзіңді жақсы көріп, жалғыз ғана өз пайдаңды ойлаумен табылмайды. Барша жан иесіне шын жаның ашып, шын махаббат етумен табылады», – дейді.

Бекасыл Биболатұлының діни мұралары. Бекасыл Биболатұлы (1822–1915) қазіргі Түркістан облысының Төле би ауданында өмірге келген. Бекасылдың төртінші атасы Құдайберді би Есім ханның орда биі болған.

Бекасыл Биболатұлы Сайрам, Қарнақ, Ташкент, Самарқандағы медреселерде, сондай-ақ Бұхар-и-Шарифтың «Мір-Араб» медресесінде, содан соң Шам (Сирия) елінен білім алады.

Бекасыл Биболатұлы туған жерінде медресе ашып, сол аймақтың балаларын оқытқан, шығармашылықпен айналысып, көптеген кітаптар жазған. Өзірге белгілісі – «Зикзал». Еңбек араб, парсы, түрік-шағатай тілдерінде жазылған.

Мәшһүр-Жүсіп бұл еңбекке: «Жеті жұрттың қамын жеп, жеті ұлттың тілімен өрілген дүниеде не жоқ дейсің, арабтың да, түріктің де, парсының да тілін ұғып, сөз маржаны түзілген дүние», – деп баға берген. Өйткені кітапта адам баласының күнделікті өмірінде керекті пайдалы кеңестер, емдік шипалар, дұғалар, тылсымдар Құранның әріптеріне негізделген Әбжад (араб тілі лингвистикасының ерекше саласы) және болжау ілімдері мен басқа да бірнеше ілімдер қамтылған.

Қазақ топырағында «Зикзал» кітабы сияқты ерекше тәсілмен жазылған аса күрделі де маңызды шығарма бұрын-соңды болмаған. Бұл еңбекте мұсылманның асыл қасиеттері, адамзаттың байтақ тәжірибесі мен дәстүрі, өмір салты, сол заманның ой-санасы, ғылымның барлық дерлік саласы мен адам өміріне қажетті барлық мәліметтер қамтылғандықтан, қай дәуірде де өз құндылығын жоғалтпайды.

Ғұмар Қараштың діни мұралары. Ғұмар Қараш (1875–1921) – діндар-ақын, фольклоршы, көрнекті Алаш қайраткері. Қазіргі Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданында дүниеге келген.

Жастайынан жетімдік көреді. Ауыл молдасынан оқып, сауат ашады. Кейіннен Уфа қаласындағы жоғары медреседе оқиды. Кейбір деректер бойынша Ыстамбұлда білім алған делінеді.

Шығармаларында заман, өмір, дін-шариғат, табиғат, махаббат, тағы басқа мәселелер туралы толғанады, патша үкіметінің отарлаушылық саясатын, жергілікті әкімдердің екіжүзділігін сынап, халыққа адал қызмет етуге үндейді. Өз тілі мен мәдениетін сақтай отырып, ғылым, білімге ұмтылуды, мәдениетті елдерден үлгі алуды насихаттаған.

1902 жылдан өз ауылында бала оқытқан. 1911–1913 жылдары «Қазақстан» газетінде жұмыс істейді. Орынборда Шәңгерей Бөкеевтің қамқорлығымен «Шайыр», «Көксілдер» атты екі жинағын жариялайды.

Ғұмар Қараштың «Бала тұлпар», «Қарлығаш», «Тумыш», «Аға тұлпар», «Тұрымтай» деп аталатын бес поэзиялық, «Ойға келген пікірлерім», «Өрнек», «Бөдел қажы» дейтін үш зерттеу кітабы жарық көрген.

Ғұмар Қараш 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін ұйымдасқан «Алаш» партиясына, Алашорда үкіметіне үлкен үмітпен қарап, «Алаштың азаматтарына», «Неден қорқам?», «Күн туды» атты арман мен үмітке толы өлеңдерін жариялайды. 1918 жылы Ордадағы педагогикалық техникумда сабақ береді.

Бөкей губерниялық атқару комитеті мұғалімдерінің I-съезіне (24 қыркүйек, 1918 жыл), 1918–1920 жылдары өткен Бөкей губерниялық атқару комитеті кеңестерінің I, II, III, IV съездеріне делегат болып қатысқан.

Қазақтың тұңғыш педагогикалық журналы «Мұғалімге» басшылық етіп, сол журналда «Педагогика» атты еңбегін жариялайды. 1920 жылы Бөкей губерниялық атқару комитетінде бөлім басқарған.

Ғұмар Қараш – XX ғасырдың бас кезіндегі «Қазақ дұрыстығы», «Қазақстан», «Айқап», «Дұрыстық жолы», «Шора», «Абай» сияқты газет, журналдарда «Бұл қай заман?», «Тіршілік таласы», «Тәнсіз жан жоқ», «Жастарға», «Өрине күнелту керек», «Ұлт және туған ел», «Әсер», «Қазақтар хақында», «Заң мәселесі», «Жүгенсіздік адамға жол ма еді?», тағы басқа мақалаларын жариялаған.

Ғұмар Қараш шығармаларын «Ғұмар Қараш баласы», «Бөкей елінің баласы», «Ғұмар Қарашұлы», «Ахун Ғұмар Қарашұлы», «Оразақай», «Ғұмар әл-Қараш», «Ғұмар Қараш», «Ғ.Қ», «Ғ.Мұштақ», «Ғабдолла Мұштақ», «Қазақәев», «Ғұмар Қарашев» деген есімдермен жариялап отырды.

Ғұмар Қараш шығармалары қазақ тілінде мектеп оқулықтарында, орыс тілінде жарық көрген «Қазақ поэзиясының антологиясы» (1958 ж.) мен «Қазақстан ақындары» (1978 ж.) жинағында, мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған. Өлең, толғаулары мен философиялық ой-толғаулары және өңгіме, мақалалары 1994 жылы жарық көрді («Замана»,

Алматы, «Ғылым» баспасы, 1994). 1921 жылғы 12 сәуірде Құнаншапқан деген жерде қарақшылар қолынан қаза табады.

Білу

1. Бұқар жыраудың халыққа сіңірген еңбегін атаңдар.
2. Ыбырай Алтынсариннің «кемел адам» ретіндегі бейнесін сипаттаңдар.
3. Бекет ата туралы QR-code-тағы қосымша мәліметпен танысып (178-бет), оның портретін толық ашыңдар.

Түсіну

1. Неліктен Абай шығармаларында сезімнің, иманның орнын ерекше көрсетті? Хакім кімдердің еңбектеріне сүйенді? Адам кемелдікке жетуі үшін не істеуі керек? QR-code арқылы мәліметті тыңдап, ой бөлісіңдер.
2. Мәшһүр Жүсіп өз танымында жүрек тазалығы ұғымын не мақсатпен басты орынға қояды?



Қолдану

Абай жастар қандай рухани ілімге назар аударса деп армандады? Қазақ әдебиеті пәні және «Абайтану» курсы мұғалімдерімен ақылдаса отырып, «Абайдың «Толық адам ілімі» деген тақырыпта баспасөз конференциясын өткізіңдер.

Талдау

Абайдың «Он тоғызыншы қарасөзіндегі»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады», – дегенін талдаңдар.

Ол үшін осы қарасөзді топ ішінде «Самаралық тәсілмен» кезектесіп, толық оқыңдар. Тақырыбы мен идеясына және көркемдік маңызына тоқталыңдар. Өрбір сөйлемге мән беріңдер.

- 1) Қарасөзді үзінділерге бөліп оқыңдар.
- 2) Топ ішінде оқылған үзінділерді өзара талқылаңдар.
- 3) Берілген үзінділердің мазмұнын ашатын 9–10 түйін сөз жазыңдар.
- 4) Өрбір топ ішінен бір оқушы үзіндіні мазмұндап береді.

- 5) Соңынан барлық топтың жинаған мәліметін біріктіріп, қорытынды жасалады.

Жинақтау

1. Кестені толтырыңдар.

Дін ғұламалары	Бұрынғы білетінім	Жаңа қыры

2. Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы жүрек ұғымы төңірегінде ой өрбітіп, олардың жүректің қасиеттерін ашу ерекшеліктерін түйіндеңдер.



Бағалау

Ыбырай Алтынсарин не себепті дін мен оқу-ағарту жүйесін үйлестіруге күш салды? Оның жазған өлеңдері Абайдың қолына түсіп, өз шығармаларымен бірге сақтайды. QR-code арқылы берілген ақпаратты тыңдап, екі тұлғаның еңбегіне баға беріңдер.



VI ТАРАУ

ЖАЛҒАН ДІНИ ҰЙЫМДАР МЕН АҒЫМДАР

Досым, сен осы тарауда:

- жалған діни ұйымдар мен ағымдар сипатын және ерекшеліктерін;
- жалған діни ұйымдар мен ағымдар мен дәстүрлі діндер: танымдық, психологиялық және болмыстық қайшылықтарды;
- тыйым салынған діни ағымдарды, олардың белгілерін және зардабын анықтайсың;
- терроршылдық дегеннің не екенін: ұғымы, шығу негіздері мен көріністерін меңгересің;
- діни радикализм, экстремизм, терроризм секілді жаһандық жағымсыз құбылыстар идеологияларының қаупін түсінесің;
- қоғамға қауіпті экстремистік, террористік мәндегі теріс діни ағымдардың ерекшеліктерін танысың;
- қоғамға қауіпті экстремистік, террористік діни топтар мен ағымдардың насихатына, идеологиялары мен бүлік тәжірибесінің әсеріне қарсы тұра білуді үйренесің;
- діни экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке қатері неде екенін ажыратасың.

§29. Жалған діни ұйымдар мен ағымдар туралы түсінік. Дін атын жамылған теріс пиғылды ағымдар, олардың белгілері және зардабы

Сендер бұған дейін әлемдегі дін түрлерімен, тарихымен, олардың адамзатқа тигізетін игі әсерімен таныстыңдар. Алайда кейінгі жылдары дін атын жамылған жалған діни ұйымдар да пайда болды.

Жалған діни ұйым деген не?



Дінтану әліппесінен

Жалған діни ұйым – адамдардың құқықтарын бұзатын, оларға психологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, зиянын тигізетін діни ағым.

Жалған діни ұйымдардың қауіптілігі неде?

Жалған діни ұйымдардың ортақ сипаты діни ілімнің ақиқаттылық деңгейіне байланысты емес. Мұндай жалған ұйымға мүше адамдар қоршаған әлеуметтік ортадан оқшауланады және өздерінің жетекшілерінің сөзсіз бағынады.

Жалған діни ұйымдар тыйым салынғаннан кейін уақытша жұмысын тоқтатып, белгілі бір мерзімнен соң атауын өзгертіп, қайта әрекет етуі мүмкін.

Жалған діни ұйымдар қоғамдық қауіпсіздікке, неке және отбасы институтына, адам денсаулығына қатер төндіреді. Мұндай діни ағымдардың өкілдері исламдағы «жиһад» ұғымын қате түсінеді. Олар жиһадты басқаларға қарулы соғыс жүргізу деп ұғады. Ал шындығына келгенде «жиһад» сөзі араб тілінен аударғанда белгілі бір нәтижеге, мақсатқа жету үшін адамның қажыр-қайрат жұмсауы деген мағынаны білдіреді.



Дінтану әліппесінен

Шынайы жиһад дегеніміз:

- өркімнің өз кемшіліктерін түзеуі;
- өзіңнің ішкі дүниең мен жүрегіңді тазарту;
- өз бойыңдағы қызғаншақтық, қанағатсыздық, жалқаулық, төкаппарлық секілді жаман қасиеттерден арылу;
- өз бойыңдағы адамгершілік қасиеттерді жетілдіру;
- өркімнің өз нәпсісін, еліктеуін және әлсіздігін жеңуі.

Қазақстандағы діни ахуал қандай?

Қазақстандағы діни ахуал. Қазақстан қоғамының рухани тұрғыдан жаңаруында дәстүрлі діндер де маңызды рөл атқарады. Бұл діндердің жалпыадамзаттық және рухани құндылықтары қоғамдағы келісім мен татулықты орнықтыруға, тұрақтылықты, өзара құрмет пен түсінісушілікті нығайтуға қызмет етеді.

Қазақстан Республикасында діни ахуал, негізінен, тұрақты. Үйлесімді мемлекеттік саясат көпінді қоғам жағдайында діни тұрғыдағы араздықты болдырмауға мүмкіндік берді. Бұған дәстүрлі қазақ қоғамының басқа діндерге кеңшілікпен қарайтын қасиеті оң ықпал етті.

Қазақстанда конфессияаралық сұхбатты ынталандыру бойынша келелі жұмыстар атқарылып келеді. Қазақстанның бұл тәжірибесін әлемдік діндердің көшбасшылары мойындап, қолдау көрсетті. Мұның нәтижесі Қазақстанның астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі өткізілуі болды.

2010 жылы Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына төрағалық етуі – біздің елдегі ар-ұждан және діни сенім бостандығының халықаралық талаптарға сай келетінін көрсетеді. Қазақстан қоғамның осы үлгісі мен тәжірибесі дінаралық жанжалдарға қазір де, болашақта да жол бермеуге болатынын тағы бір дәлелдейді. Мемлекеттік-конфессиялық саясаттың дұрыс болуы дін саласындағы проблемаларды үнемі жіті қадағалап отыруға тікелей байланысты.

Қазақстанда діни тәрбиенің оң тәжірибесі азаматтардың отаншылдығын қалыптастырады. Сондықтан Қазақстан азаматтарын, әсіресе жастарды өз қатарларына тартуға бағытталған діни бірлестіктердің қызметі дінаралық қатынастар этикасына сай болғаны абзал. Бұл ретте жеке адамның бостандығына қол сұғу, қоғамда қалыптасқан мәдени және рухани дәстүрлерді, сондай-ақ заңнаманың нормаларын ескермеу секілді теріс құбылыстарға жол бермеген жөн.

Діни бірлестіктерді құру қажеттілігі неден туындайды?

Діни ұйым және діни бірлестік. Қазақстан Республикасында дін ұстанушылар діни рәсімдерді бірлесе атқару мақсатымен діни ұйым немесе бірлестік құруға құқылы. Осылардың ішінен діни жөн-жоралғыларды атқару тәртіптерін жүйелеуші, ретке келтіруші тұлғалар бірте-бірте оқшауланып, дараланып шығады. Діни ұйымдар өз мүшелері үшін арнайы нормалар, құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Зерттеушілер діни ұйымдардың төрт түрін бөліп көрсетеді: деноминация, секта, шіркеу және конфессия. Бұлайша жіктеу шартты және ол барша дінге сәйкес келе бермейді. Діни ұйымдар әлемдегі елдердің дін са-

ласын реттейтін заңдарына орай әртүрлі нысанда қызмет атқарады. Ал Қазақстанда діни ұйымдар өз қызметтерін заңды тұлға ретінде де, діни бірлестік ретінде де атқарады және барлық діндер мен діни бірлестіктердің құқығы заң алдында бірдей. Ешбір дін немесе діни бірлестіктер ешқандай артықшылықтарды пайдаланбайды. Діни бірлестіктер қандай да болсын мемлекеттік қызметтер атқармайды, мемлекет те діни бірлестіктердің қызметіне, егер ол заңға қайшы келмесе, араласпайды.

«Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 15 қаңтардағы Заңы бойынша жергілікті діни қауымдастықтар, діни орталықтар, сондай-ақ діни оқу орындары мен ғибадатханалар Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер деп танылады.



Дінтану әліппесінен

Діни бірлестік – азаматтардың діни мүдделері мен құлшылық рәсімдерін бірлесіп қанағаттандыру мақсатында ерікті негізде құрған ұйымдар. Діни бірлестіктер арнайы құрылымға, төменнен жоғарыға дейін басқару жүйесіне ие. Басқаша айтқанда, діни бірлестіктерді қоғамдық ұйымдардың ерекше бір түрі деуге болады.

Діни бірлестіктің құқықтары қандай?

Діни бірлестікке қатысты заңдар. 2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң немесе қолданыстағы заң) – мемлекеттің дін саласындағы стратегиялық бағыттарын айқындайтын құжат.

Қолданыстағы заң мемлекеттік-конфессиялық қатынастарды жетілдіруге, мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етуге және дінді теріс пиғылды мақсатта қолдану жағдайларын азайтуға бағытталған.

Заң ережелері Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген.

Заңда көрсетілген негізгі ережелер:

- мемлекет дін мен діни бірлестіктерден бөлінген;
- діни бірлестіктер және Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар діни көзқарасына қарамастан заң алдында тең;
- ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді;
- діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады;

- заңды негіздегі діни қызметке кедергі келтіруге, жеке тұлғалардың діни көзқарасына байланысты азаматтық құқықтарының бұзылуына немесе олардың діни сезімдерін қорлауға, қандай да бір дінді ұстанушылар қастерлейтін заттарды (бұйымдарды), құрылыстар мен орындарды бүлдіруге жол берілмейді;
- әрбір адам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни немесе өзге де нанымдарды ұстануға, оларды таратуға, діни бірлестіктердің қызметіне қатысуға және миссионерлік қызметпен айналысуға құқылы;
- ешкімнің өз діни наным-сенімдеріне байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ: діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктер басшылары немесе қатысушылары (мүшелері) болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.

Жалпы, қазіргі күнде діни қызмет саласындағы барлық рәсімдер мен ережелер реттелді. Ғибадат үйлері құрылысының аумағынан тыс жерде діни іс-шараларды өткізуге арналған ғимаратты белгілеу, діни әдебиеттерді тарату орындарының нақты стандарттарын бекіту, миссионерлік қызметпен айналысу, дінтану сараптамасын жүргізу және т.б. қызмет көрсету тәртібі анықталды. Қазіргі күнде еліміз аумағында ғибадат үйлерінен тыс жерде діни жораларды өтеуге арналған 436 ғибадат орындары мен намазханалар және діни әдебиеттер таратуға арналған 252 орын рәсімделіп, жұмыс істеуде.

Жалған діни ұйымдардың құрығына қалай түспеуге болады?

Жалған діни ұйымдар өздерің сияқты жасөспірімдерді түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы тартуға тырысуы мүмкін. Ондайда не істеу керек? Үнемі Зайырлы этика қағидасы естеріңде болсын! Ешкімнің сендерді күштеу арқылы күмәнді ұйымға кіргізуге хақысы жоқ! Көшедегі миссионерлермен сөйлеспеңдер, сөйлесуге талпынғандарға: «Жоқ, рақмет!» – деп, тез бұрылып кетіп қалуға қысылмаңдар. Ешкіммен сөз таластырмаңдар. Осындай жайт болып жатса, ата-ана, сынып жетекшісі және «Зайырлылық және дінтану негіздері» пәні мұғалімімен талқылаңдар.



Білу

1. «Жиһад» сөзі нені білдіреді?
2. Жалған діни ұйымдардың белгілері қандай?

Түсіну

1. Жалған ұйымдар не себепті қауіпті?
2. Неліктен жалған ұйымдардың зардабы үлкен?

Қолдану

Діни бірлестік деген не? Діни бірлестікке қатысты заңдарды біліп, кластер толтырыңдар.



Талдау

1. Жалған діни ұйымдардың құрығына түспеу үшін не істеу керек? «Ашық микрофон» тәсілі бойынша әртүрлі жағдаяттарды мысалға алып, талдаңдар.
2. Сұрақтың дұрыс жауабын көрсетіңдер. Қандай жандар лаңкестіктің құрбаны болмайды?
 - A) Үнемі оқшауланып жүретіндер
 - B) Діни сауаттылар
 - C) Еліктегіштер
 - D) Өзіндік пікірі қалыптаспағандар

Жинақтау

1. Дін және ғылым, зайырлылық пен құқық, дін және жалған діни ағымдардың арақатынасын қалай ажырата аласыңдар? Ойларыңды презентациямен түйіндеп көрсетіңдер.
2. Бүгінгі тақырыптан түйгендеріңді зерделеп, замандастарыңа хат жазыңдар. Оларға жалған діни ұйымдардың миссионерлерімен бетпе-бет келгенде ықпалына түспеудің алгоритмдерін ұсыныңдар.

Бағалау

Жалған діни ұйымдарды құратындар қандай адамдар?

§30. Тыйым салынған діни ұйымдар

Өткен тақырыпта сипатталған жалған діни ағымдар адамзатқа қауіп төндіретін болғандықтан, мемлекеттер бұған алаңдаулы. Сол себепті теріс пиғылды (деструктивті) діни ұйымдарға мемлекеттік деңгейде заңнама аясында тыйым салынады.

Теріс пиғылды діни ағымдардың мақсаты не?

Теріс пиғылды діни ағымдар. Батыста оларды «жаңа діндер» деп атау қалыптасқан. Олардың басым көпшілігі XX ғасырдың 70–80-жылдары пайда бола бастады. Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, олардың саны әлемде 1500-ден 5000-ға дейін жетеді. Бұлардың ішінде қоғам тыныштығына қатер төндіретін теріс пиғылды діни ұйымдар мен лаңкестік топтар да бар.

Ондай діни ұйымдардың миссионерлері баратын елінің, халқының тілін, тарихын, әдет-ғұрпын, мінез-құлықтары мен психологиясын зерттеп, өз қызметтерін табысты атқаруда белсенді жұмыс жүргізеді. Олар өз ілімдерін жаюға, қатарын көбейту арқылы ірі орталық ретінде орнығуға, беделді күшке ие болуға тырысады.

Теріс пиғылды діни ұйымдардың негізгі ерекшеліктері қандай?

Теріс пиғылды діни ұйымдар мен олардың негізгі белгілері. Адам мен қоғам өміріне қауіпті діни сарындағы ұйымдардың арбауына түспеу үшін әркімнің дәстүрлі діндер негізін жақсы білгені жөн. Өйткені мұндай ұйымдар өз істерін жоспарлы, ұзақ мерзімдік үдеріске сай ұйымдастырып жүргізеді. Жалпы бүкіл адамзатты «бір ғана ақиқатқа» мойындатқысы келетін діни ағым өкілдерінің әрекеттері жан-жақты ойластырылады. Арнайы жүйе құрып, оларды том-том кітаптармен негіздейді. Бұлардың қолданатын амалдары да алуан түрлі болады. Сөзге шешен, уәжге шебер келеді. Адамның мінез-құлқын тап басып танып, соған сай нандыру амалдарын қолдана біледі. Мысалы, өз қатарларына адамдарды тарту үшін бастапқыда мұндай ұйым өкілдері бауырмашыл, иман жүзді болып көрінеді де, тарту-таралғымен, жылы сөздерімен еліктіріп, өз қатарына қосып алғаннан кейін бірте-бірте өз талаптарын таңа бастайды. Сөйтіп, адамдар олардың құрсауына қалай шырмалып қалғанын сезбей де қалады. Сондықтан да ниеті бөлек, пиғылы жат мұндай ұйымдардың ықпалына түспеу үшін олардың негізгі белгілері мен ерекшеліктерін айыра білген жөн.

Діндер арасындағы сан алуан айырмашылықтарға қарамастан олардың мынадай ерекше белгілерін атауға болады: бірінші – ұйымдастырушылық тактикалары; екінші – кадрлар тарту әдістері; үшінші – ілім беру ерекшеліктері.

Бірінші мәселе бойынша мынадай жайттарды ескеруге болады: бір орталыққа байлану, қатаң заңдарға бағыну, жанқиярлықпен үгіт-насихат ісін жүргізу, ұйымдастыру, бәрін бір тәртіпке бағынуға көндіру, ұйым мүшелерінің табысынан үнемі белгіленген мөлшерде үлес алу және т.с.с.

Екінші, кадрлар тарту немесе жақтастарын көбейту мәселесінде мынадай ерекшеліктер байқалады: қатарына қосылған жаңа адамдарды аз уақыт ішінде өз ілімдеріне үйрету, олардың әрқайсысымен жеке психологиялық жұмыстар жүргізу, ілімін еш сұрақсыз, ешқандай түсіндірусіз қабылдауды талап ету, қатарларынан кетпеу үшін бар күштерін салып ұстау, рәсімдерін, ғұрыптарын бұлжытпай орындауды талап ету, өз бетімен шешім қабылдауға тыйым салу және т.с.с.

Үшінші, ілімдеріндегі ерекшелік ретінде мыналарды атауға болады: нақты ілімдерінің, діни құлшылықтардың болмауы немесе жүре қалыптасуы, жекелеген адамдардың түсінігіне, ой-пікіріне, қоғамдық санаға тез сіңісуі, әр діннің құндылықтарын өз білгендерінше алып, қалауынша жоққа шығаруы, оларды өзара синтездеуі, ілімдерінің тым қарапайымдылығы немесе тым күрделендірілуі, эклектиканың (дәйексіз пайдалану) басым болуы, ілімдерінің адам ақылына ауыр әртүрлі мифтермен, аңыздармен немесе қарапайым мысалдармен ғана түсіндірілуі, ілімдерінде рәміздердің, әртүрлі белгілердің шамадан тыс көп болуы, ғылыми, тәжірбиелік нәтиже, тұжырымдардан ада болуы және т.б.

Бұндай діни ағымдардың қатарына тартудың мынадай ерекшеліктері де бар: «Сіз қауымның басты назарындағы мақтауға лайық, қауымның сүйіспеншілігіне бөленген өте қажет адамсыз, құдайдың таңдауды түскен жансыз. Сондай-ақ қасіреттен бақытқа жеткен, қараңғылықтан нұрға шыққан, адасушылықтан тура жолға түскен, болашағынан үлкен үміт күттіретін адамсыз. Сіздің ұстанған іліміңіз, дініңіз, жолыңыз ешкім ұстанбаған, таппаған, жүрмеген, білмеген жаңа ілім, жаңа дін, жаңа жол, т.б.», – деген сөздермен адамды шектен тыс мақтап, қоғамдағы орнын асыра бағалау арқылы бағыттайды.

Теріс пиғылды діни ұйымдарға қандай құбылыстар тән?

Теріс пиғылды ұйымдар құрсауына тән белгілер. Теріс пиғылды діни ұйымдарға төмендегідей белгілер тән:

- Бірінші, дәстүрлі діндерге дұшпандық көзқарас, яғни ілімдеріне, негізгі ұстанымдарына қарсы келу.

- Екінші, дәстүрлі діни ілімдерді өз ыңғайына бұра тарту, теріс түсіндіру, бір ғана адамның іліміне желімдей жабысу.
- Үшінші, адамның ішкі жан дүниесіне емес, сыртқы келбетіне, түріне, жынысына, нәсілі мен ұлтына үлкен мән беру.
- Төртінші, сырттай керемет болып көріну. Әдетте, бұндай ұйымдар ресми түрде ең ізгі мақсаттарды ғана жариялайды.
- Бесінші, қауым мүшелерінің бойында «ғұрыптық менталитет» қалыптастыру үшін сананы бақылау құралдарын пайдалану, өз өкілдеріне қауымға жаңа мүшелер тартуды міндеттеу.



Дінтану әліппесінен

Теріс пиғылды діни ұйым – жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің басты құқықтары мен мүдделеріне қайшы келетін қатаң иерархиялы діни құрылым.

Теріс пиғылды діни ғұрыптардың ықпалына түскен адамдарды қалай айыруға болады?

Теріс пиғылды діни ғұрыптардың ықпалына түскен адамдардың бойында мынадай типтік белгілер кездеседі:

- араласып жүрген адамдарына, отбасына, достарына, кәсібіне қарым-қатынасының өзгеруі;
- діни тақырыпқа әсіре өуестенушілік;
- отаншылдық сезімге, өз елінің төл мәдениетіне, салт-дәстүріне, ата-бабасына мысқылдап қарау, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуден бас тарту;
- ата-анасына бағынбау, істерін теріс көру;
- өзіне тән емес, бөтен және оқшау пікірлер айтып, оғаш қылықтар көрсету;
- еш себепсіз үйінен жиі кетіп қалу;
- үй кітапханасындағы әдебиеттердің орнын басқа сипаттағы кітаптармен толықтыруы;
- тамақтану тәртібінің бұзылуы;
- өзінен-өзі тұйықталу.

Әрине, осында аталған бірқатар теріс белгілердің ешқандай бүлдіргілік сипаттағы діни ұйымдарға қатысы болмауы да мүмкін. Бірақ күнделікті тұрмыста кездесуі ықтимал, сондықтан бұлар сақтандыру мақсатында берілген мәліметтер.

Теріс пиғылды діни ағымдардың ілімдері көбіне адамды өзгелерден дара, пәк, артық сезінуге өкеледі. Нәтижесінде ондай ілім ұстанушы психологиялық ауытқуларға, рухани мерездерге ұрынып, қоғамнан, ортасынан

ажырауға, тіпті өзінің жанұясынан, туған-туысынан алыстауына әкеп соқтыруы мүмкін. Мұндай жағдайда тек дін ұстанушы ғана емес, оның отбасы, жолдас-жорасы, ата-анасы, туыстары, тіпті қоғам зардап шегеді.

Осы тектес діни ағымды ұстанушылар, көп жағдайда, отбасынан бөлек, арнайы үйлерде тұрады, туыстары және басқа да жақын адамдарымен қарым-қатынастарын үзеді. Сыртқы әлемнен оқшауланып, көбіне, ұйым мүшелерімен ғана қарым-қатынас жасайды.

Теріс пиғылды діни ағымдардың қатарына жаңадан енген адамның санасына ықпал жасау үшін түрлі психологиялық тәсілдер де қолданылады. Бұлардың ішінде гипноз, медитация, бір сарынды мінажат ету, т.б. тәсілдер кездеседі. Өкінішке орай, бұндай ұйымдар адам санасына бақылау жасауда тыйым салынған өртүрлі психотехнологияларды да пайдаланады. Бұл олардың денсаулығына да кері әсерін тигізеді.



Дінтану әліппесінен

Гипноз – (грек. *hypnos* – «ұйқы», «дел-салдық») – адамды немесе жануарды арнайы психологиялық амал-тәсілді қолдана отырып, ұйқылы-ояу қалыпқа келтіру арқылы оның санасына қажетті ақпаратты сіңіру не алу.

Ғұрыптық рәсімдер – құлшылық ету жол-жоралары.

Медитация – адамның оңаша немесе топпен бірге арнайы рәсімдерді атқару арқылы көңіл күйін белгілі бір қалыпқа келтіруі.

Мінажат ету – Құдайға құлшылық ету.

Ел ішіне, қоғам өміріне іріткі салушы осындай ұйымдармен күресу үшін Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы 1992 жылы 5 ақпанда №1178 ұсыныс қабылдаған. Онда Еуропа Одағы елдерінің әлемдік дәстүрлі діндерді бұрмалап, оларға зиянын тигізетін теріс пиғылды ұйымдарды анықтау, олардың бүлдіргіш әрекеттеріне қарсы шараларды қолға алу ұсынылды. Нәтижесінде 22 ұйымның қызметіне тыйым салынды.



Білу

1. Теріс пиғылды ағымдар деген не?
2. Теріс пиғылды ағымдардың белгілері қандай?



Түсіну

1. Кейбір діни ұйымдар не себепті «теріс пиғылды ұйымдар» деп аталады?
2. Не себепті теріс пиғылды ұйымдарды бірден әшкерлеу қиын?

Қолдану

https://egov.kz/cms/kk/articles/religion/destructive-ideas_1 сілтемесін және өзге де қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, теріс пиғылды діни ұйымдар туралы пән мұғалімдерің немесе «Құқық негіздері» пәнінен беретін ұстаздарыңмен бірге баспасөз конференциясын ұйымдастырыңдар.

Баспасөз конференциясын өткізу төмендегідей нұсқау бойынша жүргізіледі: сынып оқушылары 3 топқа бөлінеді. Бірінші топ – сұрақ берушілер, яғни «тілшілер», екінші топ – зерттеуші «мамандар», тақырыпты зерттейді, үшінші топ – «бақылаушылар», олар бүкіл процесті бақылайды, ең соңынан қорытынды шығарып, бағалайды.

Талдау

Қандай адамдар теріс пиғылды ағымдардың құрығына түсуі мүмкін? Теріс пиғылды діни ұйымдардың ықпалына түскен адамдардың мінез-құлқын сипаттаңдар.

Жинақтау

Теріс пиғылды ағымдардың құрығына қалай түспеуге болады? Қоғамға қауіпті жалған діни ұйымдар мен ағымдардың насихаты, идеологияларының әсеріне қалай қарсы тұра білуге болады?

«SWOT-талдау» тәсілімен ықпалға тез түсетін жандардың мінездерін сипаттап, кестеге толтырып, бүгінгі тақырыпты қорытындылаңдар.

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Мүмкіндіктер	Қауіптер

Бағалау

Неліктен теріс пиғылды діни ағымдар қатарына тартатын адамдарды асыра мақтайды? Хакім Абайдың қандай өлеңі осындай жайтқа сөйкес келеді?

§31. Терроршылық – дінге жат ұғым. Діни экстремизм мен терроризмнің ұлттық қауіпсіздікке қатері

Лаңкестіктің мақсаты не?

Экстремизм және лаңкестік: ұғымы, шығу негіздері мен көріністері. Лаңкестік, яғни терроризм латынның «terror» – «үрей» сөзінен шыққан. Бұл ұғымға үңілсек, «қорқыту саясаты», «саяси қарсыластарды күш көрсету арқылы басып-жаныштау» деген мағынада қабылдау басым. Шын мәнінде лаңкестіктің мақсаты – күш көрсетіп, қорқыту арқылы мүдделеріне жету. Зорлық арқылы жасалатын қылмыскерлік (өлтіру, кепілдікке алу, ұшақтарды басып алу) төңкерістік немесе лаңкестік сипатта болады. Оның көздегені – қоғам мен мемлекеттің тұрақтылығы мен қауіпсіздігіне зиян келтіру. Саяси билікті түрлі бейберекет әрекеттерге ұрындыру арқылы құлату деген анықтамалар бар.

XX ғасырдың аяқ кезінде лаңкестік әлемдік қауіпке айналуына байланысты зерттеушілердің ерекше назарына ие болды. Бірақ XVIII ғасырда пайда болған «лаңкестік» (терроризм) және «лаңкес» (террорист) ұғымдарының мән-мағынасы өзгерген жоқ. Лаңкестік – ұйымдасқан топ, партия немесе саяси күш өзінің алдына қойған мақсаттарын зорлық көрсету арқылы ғана іске асыруға әрекет етуі. «Террорист» сөзі «қылмыскер» сөзінің баламасына, синониміне айналды. Қазір лаңкестер бүлік шығару мақсатында қоғамдық пікірге әсер етуді мақсат етеді. Олар өз талаптарын әлеуметтік желілер арқылы халыққа таратады. Сөйтіп лаңкестер өз әрекеттерінің мән-мағынасын жұртқа жеткізеді. Негізінен, исламды өз мүддесіне қолданушы лаңкестік топтарға дін тек ұран, құрал үшін қажет. Ал кейбір жастар сол ұранға сеніп, олардың жетегінде кетіп, экстремистік психологиядағы топтарға қосылып, қор болып жатады. Олар осы күнге дейін Батыс халықтарын үрейлендіріп бейкүнә, бейтарап, қарапайым адамдарға қарсы лаңкестік актілер жасап жүр.

Ислам (араб тілінде «бейбітшілік», «бағыну» деген мағыналарды білдіреді) – бейбітшілік діні, аты да соны айтып тұр.

Өркениеттер арасында қайшылық бар деген теорияларға тойтарыс беру мақсатында мемлекет тарапынан астанада «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін» ұйымдастырылып келеді. Бұл съездің біздің елімізде тұрақты түрде өткізіліп тұруы Қазақстан Республикасында және халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясатын толықтыра түседі.

Экстремизм мен лаңкестіктің ұлттық қауіпсіздікке қатері. Елімізде экстремизм мен лаңкестікке қарсы іс-шаралар мен бағдарламалар жүйелі жолға қойылған. Мемлекеттік деңгейде қоғам тұрақтылығы мен тыныштығын сақтау тетіктері қамтамасыз етілген. Солардың бірі – Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама. Бағдарламаның мақсаты – экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу. Сол арқылы адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- қоғамда төзімділікті тарату, жат діни сана мен радикалдық идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру;
- діни экстремизм мен терроризмге қарсы арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау қызметінің жүйесін жетілдіру;
- экстремистік және террористік әрекеттердің себептерін жою.

Діни экстремизмге қарсы ең басты тетік – азаматтардың діни сауаттылық деңгейін арттыру. Діни сауаттылық дегеніміз – ұлттық тарих, дәстүр, діни таныммен қатар жаһандық үрдістерден хабардар болу, өз Отанын, елі мен жерін, мәдениетін сүю, өдет-ғұрпы мен діни танымын құрметтеу, тарихы мен тілін қастерлеу. Өйткені қазақ тарихын құрметтеген кез келген азамат қазақ халқының төзімділігін, қонақжайлығын, кеңпейілдігін, өзге ұлт пен дін өкілдеріне деген құрметі мен махаббатын таниды. Сондай-ақ қазақ мәдениетінің мазмұнындағы исламның озық құндылықтарын табады. Сондықтан діни сауаттылық – азаматтың жалпы сауаттылығының құрамдас бөлігі.

Егемендіктің арқасында жалпы ел болып, рухани бастауларымызға емін-еркін бойлай бастадық. Бұл еркіндік – тарихымыздағы оң өзгерістердің бірі. Бірақ ұлттық құндылықтарды сақтау және оны дамытудың жолы жат діни ағымдардың идеологиясынан азат болу арқылы жүзеге асады. Қазақ болмысына сай, оның тарихи санасындағы салт-дәстүрі мен ділін, тілін сақтаушы дәстүрлі діни танымнан ажырамау керек.

Экстремистік көңіл күй дәстүрлі емес жат ағым өкілдеріне төн құбылыс. Бұл теріс пиғылды жат ағымдар енді ғана рухани ізденіске түскен, әлі дүниетанымдық мәдениеті қалыптаспаған жастарды қатарына тартады. Тіпті өлеуметтік жағдайы төмен, материалдық мұқтаж жандар немесе студенттер (жастар) шоғырланған жерлерде уағыз-насихат жүргізу арқылы немесе интернет ресурстары негізінде жүйелі түрде өз қатарларына тартуда. Соның салдарынан кейбір жастар халқымыз ғасырлар бойы ұстанып келген дәстүрлі діни танымнан жеріп, қоғамнан, мемлекеттен, тіпті отбасы мен құрбы-құрдастарынан оқшауланып, Таяу Шығыстағы мақсаты күмәнді, бағыты бөлек ағымдардың қатарына қосылып, өздері байқамай сыртқы ықпалды күштердің геосаяси ойынының құрбанына айналуға.

Лаңкестік пен діни экстремизм – кез келген азаматтық қоғамда кездесуі мүмкін құбылыс. Сондықтан терроризм мен діни экстремизмнің

алдын алу, оның түпкі әлеуметтік себептерін жою – ең басты міндет. Танымдық тұрғыдан әрбір азаматтың өздерінің дәстүрлі діни танымын жақсы меңгеруі де осы мәселенің алдын алуға септігін тигізеді.

Лаңкестік несімен қауіпті?

Лаңкестік – дінге жат ұғым. Лаңкестік – теріс мүдделі топтың зорлық әрекеттерге баруы болып табылады.

Әлемде терроризм орын алып жатқан жүйелерді қарасақ, көптеген мәселелерге тап боламыз. Жүйелер адамдық қатынастарда да, отбасында да болуы мүмкін. Террор әртүрлі қатынастарда болуы ықтимал. Мысалы, менің адам сияқты адам болуым басқалардың қолдауына, яғни адам ретінде бағалайтын адамдарға қатысты. Өзін өгейсінбейтін, бөтен көрмейтін қоғамда адам үмітке толы, сенімді жүреді. Ал өгей, бөтен сезінген адамның рухында үрей, қорқу пайда болады. Ондай адам өзі қорыққандықтан өзгені де қорқытқысы келеді.

Терроризмде зорлық-зомбылық элементі бар. Екіншіден, тарихпен қатысты, яғни өткені бар, аяқ астынан пайда болмайды. Үшіншіден, адамның өзін-өзі дамытуға деген қысым, кедергіге қатысты, төртіншіден, үміт пен сенімге байланысты қыры бар.

Өзіне-өзі сенімін жоғалтқан адам өлген адаммен бірдей. Сенімсіздік өмірді солдырады. Алайда, өзіне-өзі сенімді адам басқалардан артықпын деп есептесе, бұл – нарцизм, ол өзін-өзі әлемнің кіндігі есептеуі де ғажап емес. Эгоизмге берілудің аяғы фанатизмге апарып соғады. Сондықтан құрметті оқушылар, кемел адам болу үшін «өзім ғана әлемнің тұтқасын ұстаушы, ақиқатты бір өзім танушымын, менің сенімім мен танымым барлық адамдар үшін жалғыз жол» деген «діни фанатизмнен» аулақ болуға тырысуымыз керек.

Абай айтпақшы, «махаббатсыз дүние бос». Махаббаты жоқ адамда қоршаған әлемге деген жеккөрушілік болады. Ол қорқытады, өзі қорқады. Өзінің адамдығына үңілудің жолы – рух тәрбиесі. Адам жеке тұлға ретінде кемелдікке жете алады (бұл туралы алдыңғы тақырыптарда көп айтылды). Ал лаңкестікке ерік-жігері жоқ, өзіндік ойы, шешімі жоқ адамдар ғана барады. Сондықтан қоғамда ерік-жігері қуатты, рухани тәрбиелі, білімді адам қалыптастыру тек отбасылық, мемлекеттік қана емес, жалпы қоғамдық әрі әлемдік іс, оған қатысу әрбір адамзаттың парызы болуы тиіс. Еліміздің Конституциясында құқықтық мемлекет орнату – негізгі міндеттердің бірі. Сол себепті қандай қайшылықтар, қиын оқиғалар мен құбылыстар болмасын заңмен реттелуге тиісті. «Лаңкестікке қарсы күрес туралы» Заңның ұстанымы осы күрделі құбылыспен күресте заң нормаларын сақтау болып табылады. Заңдық ұстанымның сақталуы лаңкестік қозғалысқа тосқауыл қоюдың оңтайлы

жолының бірі болып табылады. Лаңкестер міндетті түрде заңмен жазаланатынын білгенде, сезінгенде ғана өз әрекеттерінен бас тарта бастайды.

Қазақстанда адам құқығын қорғау, демократиялық бостандықтар, жеке адамның еркіндігі сияқты өзекті, өркениетті қоғамның негізгі құндылықтары лаңкестікке қарсы шараларда басты тірек болып қала береді.

Білу

1. Лаңкестік деген не? Олар қалай әрекет етеді?
2. Діни экстремизм деген не?

Түсіну

1. Неліктен діни сауаттылықты арттыру керек?
2. Неліктен лаңкестік дінге жат ұғым дейміз? QR-code арқылы берілген мәліметті тыңдаңдар. «Атаулар туралы үш сұрақ» тәсілімен сұраққа жауап беріңдер.



Қайда? Бұл терминді қайда және қандай мағынада кездестірдіңдер?

Қалай? Өз тәжірибелеріңнен осы атаудың қалай қолданылғанына мысал келтіре аласыңдар ма?

Қандай? Осы сабақта бұл сөз қандай мағынада қолданылды деп ойлайсыңдар?

Қолдану

adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000416_/history сайтынан «Қазақстан Республикасы терроризмге қарсы күрес туралы Заңын» жүктеп алып, қысқаша тезис жасаңдар.

Талдау

1. «Бес ғасыр жырлайды», «Ай, заман-ай, заман-ай» кітаптарындағы жыраулардың толғауларынан дін, руханият туралы шумақтарды тауып оқып, бүгінгі тақырыпмен байланыста «Микрофон» тәсілімен бір-біріңе сұрақтар қоя отырып, талқылаңдар.
2. Теріс пиғылды діни ұйымдардың құрбаны болмау үшін не істеу керек? Қандай мамандармен ақылдасу керектігін біліп, солардың рөлдерінде (мысалы, дінтанушы, заңгер, психолог, құқық қорғау органдарының өкілдері) дөңгелек үстел

ұйымдастырындар. Дөңгелек үстел барысында оқушылардан сауалнама алындар. Сондай-ақ «Қауырт желі 114» – телефон арқылы және сайттың онлайн режимінде тұрғындардың дінге қатысты сауалдарына жауап беретін көмектің бар екендігі туралы да мәлімет беру. Бұл Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитетінің қолдауымен діндерді зерттеу орталығы қауымдастығымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Жоба азаматтарға діни мәселелер бойынша кәсіби және уақытылы көмек көрсете алады.

Жинақтау

1. Қоғамға қауіпті экстремистік, террористік мәндегі теріс діни ағымдардың ерекшеліктері туралы презентация жасаңдар.
2. Қосымша ақпарат көздерінен әлемде болып жатқан экстремистік және лаңкестік әрекеттердің бейбіт халыққа тигізген зияны мен зардаптарын талдап, «Төрт сөйлем» тәсілі бойынша қорытындылаңдар.

Пікір. Тақырыптың идеясын бір сөйлеммен жеткізіңдер.

Дәлел. Оқулықтағы мәліметтерге сүйене отырып, лаңкестіктің тигізетін зардабын дәлелдеңдер.

Мысал. Көтерілген мәселеге өмірден мысалдар келтіріңдер.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңдар.

Бағалау

Теріс пиғылдағы діни ағымдар неліктен жергілікті халықтың ұлттық мәдениетін, наным-сенімдерін өздеріне құрал ретінде қолданады? «Еркін айту» стратегиясымен осы мәселеге баға беріңдер.

VII ТАРАУ

ҚАЗАҚСТАН – УНИТАРЛЫ ЖӘНЕ ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ

Досым, сен осы тарауда:

- Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңын білесің;
- Республикадағы діни ұйымдар, мемлекет және мәдениет арасындағы өзара қатынасын ажыратасың;
- зайырлылық – мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры екенін түсінесің;
- діни сенім еркіндігінің не екенін білесің;
- конфессияаралық құрмет пен толеранттылықтың негіздерін танысың;
- мемлекет, діни бірлестіктер және мәдениет арасындағы қатынастардың мәнін игересің;
- Қазақстандағы дінаралық татулық пен келісім тұғырнамасының рөлін талдай аласың;
- Қазақстан Республикасының аймақтық және халықаралық қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісім орнату саласындағы саясатының маңызын пайымдайсың.

§32. Қазақ халқы – діни тұтастығын сақтаған ұлт. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы

Дін мен дәстүр сабақтастығы қазақ халқында қалай көрініс тапқан?

Қазақ халқы – діни тұтастығын сақтаған ұлт. Қазақтар – ежелден бастап бүгінге дейін мәдениеті, тарихы, тілі, әдебиеті мен салт-дәстүрі қалыптасқан халық. Бұған ғасырлар бойы ұстанып келген дініміздің киелі құндылықтары ықпал еткендігі сөзсіз. Себебі дәстүрлі ислам діні қоғамда, мемлекетте тыныштықты, адамгершілікті, парасаттылықты насихат етеді. Құранда адам туралы: «Ол – жаратылғандардың ішіндегі ең абыройлысы», – делінген. Сондықтан ата-бабаларымыз осы ұстанымды басшылыққа ала отырып, ұрпағын ізеттілікке, ізгілікке тәрбиелеген.

Халқымыз ғасырлар бойы дінді дәстүр мен руханияттың негізінде дамытып келді. Ұлттың рухани құндылықтары дін қағидаларымен үндесіп жатты. Бұл құндылықтар – қазіргі зайырлы қоғамдағы әлеуметтік-саяси қатынастарды реттеуші және ішкі саяси үдерістерді тұрақтандырушы негізгі факторлардың бірі.

Бүгінгі қоғамда радикалды діни ағымдар осы дәстүрлі рухани-діни құндылықтарды ыдырату арқылы діни сананы өзгертуге тырысатындығы байқалады. Сондықтан ұлтты қалыптастырған адамгершілік құндылықтарын қорғау – елдің ішкі тұрақтылығы мен мемлекет іргесінің бүтіндігін қорғау деген сөз.

Қазақи мұсылмандық түсінікте ешкімді дініне, ұлтына, нәсіліне және жынысына қарап бөлмейді. Себебі киелі мәтінде: «Ей, адамзат! Сендерді Біз әуелде бір еркек, бір әйелден, бір ата, бір анадан өрбіттік. Өзара қарым-қатынас жасап, бір-бірлеріңді танысын деп түрлі ұлт пен ұлыстарға бөлдік», – деген тұжырым бар.

Қазақи мұсылмандық түсінік бойынша дінаралық және ұлтаралық келісімді насихаттайтыны ақиқат. Оған Иасауидың іліміндегі және Абай хакімнің адамзатты сүю, барлық әлемге махаббатпен қарау ұстанымы куә. Мұхаммед пайғамбардың бір хадисінде: «Егер сенің көршің мұсылман болмаса, оның сенде бір ақысы бар, ол – көрші ақысы. Ал егер көршің мұсылман болса, онда оның екі ақысы бар, олар – көрші ақысы мен мұсылмандық ақысы. Егер сенің көршің мұсылман және туысқан болса, онда оның саған қатысты үш түрлі ақысы бар – көршілік, туысқандық және дін бойынша ақысы», – дейді.

Дін мен дәстүр сабақтастығы – ұлт ұстыны. Осы ретте, біз зайырлы мемлекет ретінде қоғамнан діннің бөлінуі мүмкін еместігін және дін мен дәстүрдің ажырамас құндылықтар екенін жақсы білуіміз керек. Себебі дін де, дәстүр де – қоғамдық қарым-қатынастарды реттеуші, олар бір-бірін толықтырып отырады.

Қазақ халқы ежелден адал, арам, обал, сауап деген қағидалармен өмір сүріп келеді. Ұлттық құндылықтардың, рухани-мәдени өміріміздің қалыптасу барысында дін мен қазақы салт-дәстүрдің өзара сабақтастығы маңызды рөл атқарады. Ар-ұят, иман, көркем мінез турасында қазақтың «Ұят – иманнан», «Жарлы болсаң да, арлы бол», «Ары таза нар жүгін көтереді», «Өлімнен ұят күшті», «Қайырымдылық жасасаң, қайырын өзің көрерсің», «Жақсы ниет – жарым ырыс» сияқты т.б. мақал-мәтелдерінде айтылған. Қазақта ата-ананың мәртебесін айқындайтын «Құдайдың разылығы – ата-ананың разылығы», «Жұмақ – ананың аяғының астында», «Бала жетесіз болса, ата-анасын жерге қаратады. Бала жетелі болса, ата-анасын елге қаратады», «Өдепті бала ата-анасын мақтатар, әдепсіз бала ата-анасын қақсатар» деген мақал-мәтелдер де баршылық.

Қонаққа деген құрмет те қазақтың ұлттық болмысында жатыр. «Қонағыңның алтынын алма, алғысын ал», «Көңіл кең болса, үйдің тарлығы білінбес», «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген ғибратты мақал-мәтелдері – дін мен дәстүр сабақтастығының дәлелі болып табылады.

Қазақстанда мемлекет пен діннің арақатынасы қандай?

Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамасы. Зайырлылық – Қазақстанның заманауи құқықтық мемлекет ретінде қызмет етуінің негізгі қағидасы. Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп қазақстандық мемлекеттің қалыптасуы мен қызмет етуінің негізгі қағидасын бекітті.

Қазақстан Республикасы Конституциясында аталған тезистің көрініс табуы елімізде мемлекеттік діннің жоқ екендігін, ешбір діннің міндетті еместігін және ешбір дінге артықшылық берілмейтінін білдіреді. Мемлекет осы тұрғыдан алғанда ислам, православие және басқа да діндерге тепе-тең түрде толерантты қатынас жасайды.

«Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңның кіріспесінде: «Осы Заң Қазақстан Республикасының өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратынын, әркімнің ар-ұждан бостандығы құқығын растайтынын, әркімнің діни нанымына қарамастан тең құқылы болуына кепілдік беретінін негізге алады», – деп жазылған.

Заң сонымен қатар ханафи бағытындағы исламның және христиандықтың халықтың мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі тарихи рөлін тани отырып, Қазақстан халқының рухани мұрасымен үйлесетін басқа да діндерді құрметтейді және бірде-бір дінге заңды артықшылықтар бермейді.

Мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаты еліміздегі ар-ұждан бостандығын қамтамасыз ететінін атап өту маңызды. Зайырлы мемлекет азаматтардың діни сенім бостандығына, оны тарату мен насихаттауға тыйым салмайды.

Мемлекет ар-ұждан еркіндігін қамтамасыз ете отырып адамдарға өздерінің діни сенімі бойынша ойлауға және әрекет етуге, өзінің дінге қатынасын анықтауға және әрекет етуге құқылы екендігіне заңды түрде кепілдеме береді. Қазақстан Республикасының азаматтары өздерінің дінге қатысына қарамастан экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өмірдің барлық салалары бойынша заң алдында тең.

Азаматтардың құқықтарын тікелей немесе жанама түрде шектеу, дінге қатыстылығына қарай кез келген артықшылықтар беру немесе онымен байланысты алауыздық пен өшпенділікті ояту, азаматтардың сана-сезімдерін жәбірлеу, сондай-ақ кез келген дінді ұстанушылардың қасиет тұтатын бұйымдарын, құрылыстарын және орындарын қорлау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте жазаланады.

Қазақстанда мемлекет дінді ұстанатын және (немесе) ұстанбайтын азаматтардың және діни бірлестіктердің арасында өзара төзімділік қатынастарын орнатуға мүмкіндік туғызады. Осы орайда, діни сенім еркіндігі құқығын жүзеге асыру азаматтардың мемлекет алдындағы жалпы азаматтық құқықтар мен міндеттерін шектемеуі тиіс. Заңда ескерілген жағдайлардан басқа, өзінің діни сенімдері бойынша ешкімнің азаматтық міндеттерді орындаудан бас тартуға құқығы жоқ.

Зайырлы мемлекет азаматтардың діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктердің еркін қызмет атқару құқығының жүзеге асырылуын заңды тұрғыдан реттейді.

Қазақстанның конституциялық-құқықтық нормаларына талдау жасау мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынастарының мынадай қағидаларға негізделген барлық түрлері мен формаларын жүйелеуге мүмкіндік береді:

- діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі;
- елдің діни-құқықтық кеңістігінде легитімді (заңды) әрекет етіп отырған барлық діни бірлестіктердің теңдігі;
- мемлекеттік қызмет пен жергілікті өзін-өзі басқарудың зайырлы қағидаты діни бірлестіктерге мемлекеттік органдардың функцияларын орындауды жүктемейді;

- діни білім беру ұйымдарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында білім беру мен тәрбиелеу жүйесі дін мен діни бірлестіктерден бөлінген және зайырлы сипатта болады;
- діни ұйымдардың саяси күреске тікелей қатысуына тыйым салу;
- діни құндылықтар мен қасиетті орындарға жататын тарих пен мәдениет ескерткіштерінің айрықша тәртібін орнату.

Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздік тұғыры. Қазақстанда зайырлылықтың басты қағидасы – мемлекеттің діни бірлестіктерден бөлінуі. Бұл мемлекет және мемлекеттік-құқықтық қатынастардың діннен тәуелсіз екенін және мемлекеттік қызметтің діни бірлестіктерге бағынбайтынын білдіреді.

Қазақстанда діни бірлестіктер саяси қызметтің субъектісі болмағандықтан, олар мемлекеттік басқаруға және мемлекеттік органдарды қалыптастыруға араласпайды. Сонымен қатар Қазақстан Конституциясы саяси партиялардың діни негізде қызмет етуіне тыйым салады.

Діни сенімге байланысты діни жоралғыларды, табыну және басқа да іс-шараларды мемлекеттік мекемелерде және мемлекеттік қызмет атқару кезінде орындауға болмайды. Діни бірлестіктердің актілерінің құқықтық негізі жоқ. Мемлекеттегі сот жүйесі де діннің ықпалынан тәуелсіз және өзін діни бірлестіктердің құқықтық өкілеттілігіне қоспайды.

Діни бірлестіктердің мемлекеттен бөліну қағидасы діни бірлестіктер мен дінге сенушілердің қоғамдық өмірден шеттетілгенін білдірмейді. Мемлекет дінге сенушілерді Қазақстанның толыққанды азаматы деп санайды, ал діни бірлестіктерді әлеуметтік жағынан пайдалы қайырымдылық, мәдени-ағартушылық, гуманитарлық жобаларды жүзеге асырудың маңызды қатысушылары деп санайды және осы қызметтерді жүзеге асыруда олармен әріптестік негізде қызмет атқарады.

Мемлекет қоғамдағы ішімдікке салыну, нашақорлық, қылмыстың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру, отбасының беріктігін сақтау, қоғамда рухани адамгершілік қағидаларын қалыптастыру тәрізді әлеуметтік және рухани маңызды мәселелерді шешуде діни бірлестіктермен өзара әрекеттесуге тырысады.

Мемлекет діни бірлестіктерге тиесілі мәдени және тарихи маңызға ие ғибадат мекемелері мен құрылыстарын салуға және жөндеуге көмектеседі.

Мемлекет діни бірлестіктердің ішкі істеріне араласпау және діни еркіндік құқығын мойындайды. Алайда азаматтардың, ұйымдардың және жалпы мемлекеттің заңды мүдделеріне нұқсан келтірген және ел заңнамасына қарсы әрекеттер байқалған жағдайда дінге сенушілер мен діни бірлестіктердің қызметіне араласады. Мұндай жағдайларда мемлекет заңда қарастырылған мәжбүрлеу шараларын қолданады.

Қазақстан Республикасының зайырлылық сипаты конституциялық құрылымның негізі ретінде идеологиялық және саяси плюрализмді (пікір алуандығы) рухани құндылықпен толықтырады.

Қазақстан Республикасы – демократиялы, құқықтық мемлекет болғандықтан, онда ең басты зайырлылық қағидатының сақталуы аса маңызды. Сондықтан мемлекет еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық шаралардың көмегімен экстремизм мен лаңкестіктің деструктивті идеологиясынан қорғануды басты назарға қояды.

Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттің зайырлылық қағидатына нұқсан келтіру – Қазақстанның конституциялық құрылымына нұқсан келтіру дегенді есте сақтап, ұмытпау керек.

Білу

1. Қазақ халқы қандай қағидаларды ұстанып келеді?
2. Мемлекет қандай жағдайда діни бірлестіктердің қызметіне араласады?

Түсіну

1. Қазақ халқы қалайша діни тұтастығын сақтады?
2. Не себепті діни бірлестіктер мемлекеттік органдарды қалыптастыруға араласпайды?

Қолдану

1. Неліктен зайырлылық мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры болып саналады? QR-code арқылы берілген мәліметті тыңдап, сұраққа жауап беріңдер.
2. Мемлекет қандай жағдайда дінге сенушілер мен діни бірлестіктердің қызметіне араласады?
 - A) Мерекелік шараларды өткізгенде
 - B) Ғибадатханаларды салғанда
 - C) Діни рәсімдерді өткізгенде
 - D) Мемлекет заңнамасына қарсы әрекет жасағанда



Талдау

Әлеуметтік желілерден экстремистік, лаңкестік, арандатушылық, т.б. мазмұндағы теріс пиғылды үндеулерді алсаңдар не істеу керектігін «ПОПС формуласы» тәсілімен талқылаңдар.

Менің ойымша,

... себебі мен оны былай түсінемін:

оны мен мына мысалдармен дәлелдей аламын:

Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім:

Жинақтау

1. Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңынан тақырыпқа байланысты ой-тұжырымдарды ментальді кластерде жинақтаңдар.



2. Қазақстандағы діни қарым-қатынастар қандай заңмен реттеледі? «Құқық негіздері» пәні мұғалімдеріңмен ақылдасып, осы тақырыпта дебат ұйымдастырыңдар. Дебат соңынан қорытынды постер жасаңдар.

Бағалау

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген Абай хакім бүгінгі Қазақстан халқына қандай баға беруі мүмкін?

§33. Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің негізі, ұлттық қауіпсіздіктің кепілі. Діни сенім еркіндігі туралы түсінік

Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры. Мемлекет барлық діндерге бейтарап болу керек және бір дінге басымдық бермей, барлығына бірдей көзқарас ұстануы қажет. Бұл ұстаным зайырлылықтың бейтараптық үлгісі болып табылады.

Қазақстан халқы Конституция мен өзге де қабылданған заңдардың негізінде өмір сүреді. Қазақстандағы заңдардың кез келген діни нормалармен байланысы жоқ болғандықтан, діни заңдар мен ережелер, діни бірлестіктер құжаттары құқықтық негізі болып есептелмейді. Алайда еліміздің заңдары діни нормалардың жалпы адами және құндылықтық бағыт-бағдарын ескереді.

Елдегі тұрақтылық – мемлекет саясаты. Елде дінге еркіндік берілуіне байланысты әртүрлі діни ағымдардың көбеюіне жол ашылды. Оның ішінде жалпы адамзатқа ортақ ізгі құндылықтарға сүйенетіндері де, сол секілді тек дін атын жамылып, өз мақсаттарын іске асыруды көздейтін теріс пиғылды ұйымдар да кездеседі. Сондықтан елдегі тұрақтылық пен келісімге нұқсан келмеуі үшін мемлекеттің діни қарым-қатынасты заңдар арқылы реттеп отыруы табиғи жағдай. Қазақстанның дін саласындағы заңнамасы Конституциядан, «Діни бірлестіктер және діни сенім бостандығы» және «Экстремизммен күрес туралы» Заңдардан тұрады. Дін саласын реттеуге арналған басқа да нормативтік құжаттар аталған заңдарды басшылыққа алады. Бұл орайдағы жұмыстар Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің «Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тыю жөніндегі шаралар туралы» 2000 жылғы 20 ақпандағы №332 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Этносаралық және конфессияаралық келісімді жетілдірудің қазақстандық моделі 2006–2008 жылдарға арналған бағдарламасы», Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасында діни сенім бостандығын қамтамасыз ету мен мемлекеттік-діни қатынастарды жетілдіру жөніндегі 2007–2009 жылдарға арналған бағдарламасы» және басқа да тиісті заңдық-нормативтік құжаттар аясында жүзеге асырылуда.

Дінге қатысты азаматтардың құқықтары қандай?

Азаматтық құқықтар мен діни сенім еркіндігі. Дін саласындағы мемлекеттік саясат дінді мемлекеттен ажыратуға, ар бостандығы мен се-

нім бостандығына, діни бірлестіктер теңдігіне, діни бірлестіктердің ішкі ісіне мемлекеттің араласпауына, діни бірлестіктер мен мемлекеттің ынтымақтастығына негізделген.

Қазақстан Республикасының 1992 жылы қабылданған «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңында барлық дін ұстанушыларға қызметтерін еркін атқаруына толықтай кепілдік берілген. Осы заңға сәйкес еліміздің және басқа мемлекеттің азаматтары кез келген дінді уағыздауға немесе уағыздамауға құқығы бар. Барлық діни бірлестіктердің заң алдында құқықтары тең.

Аталған заң бойынша елдің азаматтары:

- жеке өз басы немесе басқа адамдармен бірге дінді еркін ұстануға немесе ұстанбауға;
- құлшылық жасауға, діни жоралар мен рәсімдерге өз еркімен қатысуға немесе қатыспауға құқылы.

Ешкімді де дінді оқып-үйренуге күштеп мәжбүр етуге жол берілмейді.

Зайырлы мемлекеттегі ұстаным толеранттылық пен діни сенім еркіндігіне негізделген. Қазақстан көп конфессиялы ел ретінде осы ұстанымды сақтап отыр. Бірақ бұл мемлекет азаматтарының ойына келгенді жасауына болады дегенді білдірмейді. Әрбір жеке тұлға өз құқықтары және діни сенім еркіндігімен бірге өз міндеттерін де орындауы керек. Кез келген азамат діни сенім еркіндігіне сүйеніп, мемлекет ішіндегі тыйым салынған ұйымдарға мүше болуына, оларды насихаттауына мүлде болмайды.

Қазақстан мемлекеті дінді ұстанатын және ұстанбайтын азаматтардың және діни бірлестіктердің арасында өзара төзімділік қатынастарын орнатуға мүмкіндік туғызады. Сондай-ақ теріс пиғылды діни ұйымдардың ел азаматтарына ықпал етуге заңнама бойынша жол бермейді. Осылайша зайырлылық мемлекеттік жүйенің негізі, ұлттық қауіпсіздіктің кепілі бола алады.

Діни сенім еркіндігі – адамның табиғи құқықтарының құрамдас бөлігі. Өз жүрек қалауына орай ешкімнің мәжбүрлеуінсіз белгілі бір дінді ұстану немесе ұстанбау, оны жариялау немесе жарияламау еркі және өзгелердің діни сеніміне төзімділік таныту.

Қазақстанның барлық азаматы, діни сеніміне қарамастан, заң алдында бірдей құқыққа ие. Ешкімнің дінге қатысты келемеждеуге, діни нысандарды бүлдіруге құқығы жоқ.

Азаматтық міндеттер. Ата-аналар балаларын өз нанымдарына сәйкес тәрбиелеуге құқылы. Алайда діни сенім еркіндігіне сәйкес балаларды дінге зорлап баулуға да жол берілмейді. Балаға діни тәрбие беру оның төніне, жүйкесіне, жалпы денсаулығына және өнегелі өмір салты мен дамуына нұқсан келтірмей тиіс.

Мемлекеттің атқарып жатқан жұмысының түпкі бағыты – қоғамдағы дінаралық татулық пен келісімді сақтай отырып, діни төзімділікті қоғамдық санаға сіңіру, қоғамдағы біртұтас тұрақтылықты нығайту мен мемлекеттік саясатты насихаттау.

Мемлекеттің дін саласындағы саясаты қалай жүзеге асады?

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитеті. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитеті дінаралық келісімді нығайту, азаматтардың дін ұстану бостандығын қамтамасыз ету және діни бірлестіктермен қарым-қатынас жасау саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын өкілетті мемлекеттік орган болып табылады.

2011 жылдың 18 мамырында Қазақстан Республикасының Президенті дін саласындағы орталық атқарушы өкілетті орган ретінде Қазақстан Республикасының Дін істері агенттігін құрды. Ол 2014 жылдың 8 тамызында Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Дін істері комитеті болып қайта құрылды (өрі қарай – Комитет).

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Комитет мына міндеттерді атқарады:

- діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын қалыптастыруға және іске асыруға қатысады;
- республикадағы діни ахуалды зерделеуді және талдауды жүргізеді;
- Қазақстан Республикасының аумағында құрылған діни бірлестіктердің, миссионерлердің, діни білім беру ұйымдарының қызметін зерделеп, оған талдау жүргізеді;
- өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- діни қызмет саласында жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік басшылық жасауды жүзеге асырады;
- өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпараттық-насихаттық іс-шараларды жүзеге асырады;
- дінтану сараптамаларын жүргізуді қамтамасыз етеді;
- шет мемлекеттердің діни қызмет саласындағы өкілетті органдарымен ынтымақтастықты ұйымдастырады және жүзеге асырады;
- республика аумағындағы шетелдік діни бірлестіктердің қызметін, шетелдік діни орталықтардың Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер басшыларын тағайындауды келіседі;
- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл мәселелері бойынша қызметін үйлестіреді;

- өз құзыреті шегінде діни қызмет және діни бірлестіктер саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және бекітеді;
- дінтану сараптамасын жүргізу қағидаларын бекітеді;
- діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың, сондай-ақ ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлардың орналас-тырылуын айқындау жөніндегі нұсқаулықты бекітеді;
- Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзушылықтарға қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;
- құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының діни қызмет және діни бірлестіктер туралы заңнамасын бұзатын жеке және заңды тұлғалардың қызметіне тыйым салу жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Дін істері комитетінің және дін саласында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын мына құжаттар айқындайды:

- 1) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 2) 2011 жылдың 11 қазанында қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы және басқа да заңнамалық актілер;
- 3) 2013 жылғы 24 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Президентінің № 648 жарлығымен қабылданған «Діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013–2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама»;
- 4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары және Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі мен Дін істері комитетінің басқа да нормативтік құқықтық актілері.



Білу

1. Мемлекеттің қауіпсіздігі деген не?
2. Діни сенім еркіндігіне не жатады?



Түсіну

1. Не себепті зайырлылық мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің негізі саналады?
2. Неліктен елдегі тұрақтылық мемлекеттік саясатқа жатады?

Қолдану

Неге Қазақстан азаматтары өз құқықтарымен бірге міндеттерін де біліп, қатаң сақтауы қажет? Ойларыңды кестені толтыру арқылы беріңдер.

Азаматтық құқықтар	Азаматтық міндеттер

Талдау

Үш топқа бөлініп, бүгінгі тақырыптың маңызын талдаңдар.

1-топ: Постер қорғайды.

2-топ: Көрініс қояды.

3-топ: Дебат ұйымдастырады.

Жинақтау

«Он сұрақ» тәсілі арқылы алған білімдеріңе сүйене отырып, ойларыңды түйіндеңдер. Мұғалім бір оқушыны таңдап алады және оған негізгі сөз жазылған стикерді береді. Қатысушы сыныпқа 10 сұрақ қоя алады, оған жауап не «ИӘ», не «ЖОҚ» деп беріледі. Оқушы сол арқылы бүгінгі сабаққа қатысты ұғымды табады. Соңынан барлық оқушылар тақырыпты қорытындылайды.

Бағалау

Қалай ойлайсыңдар, толеранттылық пен анархияның ара жігі қандай?

§34. Қазақ халқы – Қазақстандағы діни және этникалық тұрақтылықтың кепілі. Тұңғыш Президент Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық қауымдастықта жүргізген саясаты

Қазақ халқының бойындағы төзімділік қасиетінің сыры неде?

Қазақстандағы дінаралық татулықтың түпнегізі – өзара сыйластық. Еліміздегі ұлтаралық және дінаралық татулық пен түсіністіктің негізін түсіну үшін қазақтардың дүниетанымына назар аудару керек. Дүниетаным белгілі бір ұлттың дүниеге көзқарасынан, салт-дәстүрінен, рухани ұстанымдарынан көрінеді. Өсіресе, бұл дүниетаным қазақ халқының мақал-мәтелдері мен даналық сөздерінде анық байқалады. Мәселен, «Кең болсаң, кем болмайсың», «Көрші ақысы – Төңір ақысы», «Қонақпен бірге құт келеді», «Қырықтың бірі – қыдыр», «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады» деген аталы сөздер осы айтқанымызға дәлел болмақ.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев этносаралық және дінаралық тыныштық пен келісімді қолдамаған жағдайда, келісім сақталмайтынына, мемлекеттегі ішкі саясат тұрақтылығын сақтау міндеттеріне әрдайым көңіл аударып отырды. Сондықтан 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасының Президентінің Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Осы Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және дінаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсіністік ахуалы қалыптасты. Сол себепті бүгінгі Қазақстан – этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің үлгісі.

Қазақстанда мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынас үлгісі діндарлардың құқығы мен еркіндігін құрметтеудің демократтық қағидаттарына негізделген.

Қазақстандағы діни ахуал қандай?

Қазақстандағы діни ахуал. Алдыңғы тақырыптарда сөз болғандай, Қазақстанда, негізінен, екі дін дәстүрлі сипатқа ие. Олар – Қазақстан халықтарының басым бөлігі ұстанатын ислам діни және христиан діни.

Елімізде осы жағдай ескеріліп, Президент Жарлығымен мұсылмандардың діни мейрамы – Құрбан айт және православие діни мерекесі – Рождество Христово күндері ресми түрде атаулы күн ретінде жарияланып, демалыс берілген.

Тәуелсіздік орнаған соң Қазақстанда мешіттер мен шіркеулер қайта қалпына келтіріліп, жаңадан салына бастады. Телеарналарда діни бағдарламалар көрсетіліп, діни бірлестіктер өзіндік көзқарастарын білдіретін материалдарын жарыққа шығаруға мүмкіндік алды.

Адам құқығы мен діни сенім бостандығының заманға сай түсінігі Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) қабылдаған, жалпы жұртшылық мойындаған халықаралық шарттармен анықталады. Олардың ішінде 1948 жылғы 10 желтоқсанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында қабылданған «Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясы» маңызды құжат болып саналады. Бұл құжатта әрбір адамның ойлауға, ар-ұждан, дін бостандығына құқығы жария етілген.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясаты тұрақты дамуын қамтамасыз етуге, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандығын мойындауға кешілдік беруге, қоғамның жалпыадамзаттық және діни құндылықтарын мойындауына және рухани қайта өркендеуіне бағытталған.

Біздің еліміздегі мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынас моделінің негізі қағидалары:

- адам құқықтары мен бостандығын құрметтеу;
- қоғамдық және діни мүдделердің тепе-теңдік ұстанымын қамтамасыз ету;
- сындарлы қатынас және әріптестік ұстаным орнату;
- өзара түсіншілікке және өзара әрекеттесуге қолдау білдіру.

Осы айтылғандар негізінде діни сенім бостандығы аясында мемлекеттік саясаттың негізін құрайтын ұстанымдар:

- бейтараптылық қағидасы;
- төзімділік қағидасы;
- тепе-теңдік (паритет) қағидасы.

Мемлекеттің бейтараптылық ұстанымын сақтау діни бірлестіктердің жұмыстарына араласпауды білдіреді. Мемлекет бейтараптылық ұстанымына сәйкес өз азаматтарының дінге қатынасын қадағаламайды; заңға қайшы әрекеттер орын алмаған жағдайда діни білімнің мазмұнына және діни рәсімдерге араласпайды.

Мемлекеттің діни бірлестіктерден бөлінуі мемлекеттік-діни қатынастардың теңдігін, діни бірлестіктердің қызметінің заңды түрде жүзеге асырылуын және олардың заң алдында теңдігін қамтамасыз етуді білдіреді.

Осы ретте, діни бірлестіктердің қызметінің бостандығы шексіз еместігін де ескеру қажет. Қазақстан Республикасының Конституциясының 22-бабына сәйкес «ар-ұждан бостандығы құқығын жүзеге асыру жалпы адами және азаматтық құқықтар мен мемлекет алдындағы міндеттерді елемеуге немесе оларды шектемеуге тиіс».

Бұл заңнамада көзделген жағдайларды қоспағанда, ешкімнің діни қызметті шектеуге құқығы жоқ екенін білдіреді. Төзімділік принципі діни сенімге құрметпен қарауды білдіреді.

Еліміздегі мемлекеттік-діни саясаттың маңыздылығы сонда, Қазақстан тек өз азаматтарына ғана емес, сонымен қатар ел аумағында заңды түрде тұрып жатқан шетелдік және азаматтығы жоқ адамдардың ар-ұждан және діни сенім еркіндігінің сақталуына кепілдеме береді. Ар-ұждан еркіндігі жеке түрде және діни бірлестіктер құру түрінде де жүзеге асырыла алады.

Бұдан шығар тұжырым: Қазақстанда заңды түрде белгілі бір дінге және (немесе) діни бірлестікке артықшылықтар мен жеңілдіктер берілмейді және шектеулер қойылмайды.

Тепе-теңдік (паритет) қағидасы дін ұстанушылар мен діни бірлестіктердің барлығының заң алдында теңдігін білдіреді. Сондықтан зорлық-зомбылық жасауға, мемлекеттің конституциялық құрылысы мен билігін өзгертуге үгіттейтін немесе заңнамаға қайшы басқа да әрекеттер жасайтын діни бірлестіктер өздерінің қызметін еркін түрде жүзеге асыра алмайды.

Еліміздің дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізі болып табылатын қағидалардың ортақ ерекшеліктерін тұжырымдай отырып, мына мәселені анық әрі нақты түсініп алу керек: мемлекет ар-ұждан және діни сенім еркіндігі мәселелері бойынша бейтараптылық ұстанады; ешбір дін мемлекеттік немесе міндетті дін ретінде белгіленбейді; мемлекет белгілі бір дінге немесе діни сенімге артықшылық бермейді және қолдау көрсетпейді.



Білу

1. Ұлттық дүнетанымға не жатады?
2. Дінаралық татулық деген не?
3. Қазақстан халқы Ассамблеясы қашан құрылды?



Түсіну

1. Неліктен этносаралық және дінаралық тыныштық пен келісімді қолдау қажет?

2. Не себепті бүгінгі Қазақстан этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің үлгісі саналады?

Қолдану

Еліміздегі тепе-теңдік (паритет) қағидасына мысал келтіріп, сөздеріңді дәлелдеңдер.

Бірінші дәлел:

Екінші дәлел:

Үшінші дәлел:

Талдау

Неліктен кейбір елдерде мемлекет басшысының ұстанатын діні шешуші рөл атқарады? Сұрақты «Серпілген сауал» тәсілімен талдаңдар. Әр топтан бір оқушы тақырып туралы өз ойын айтады. Екінші оқушы оны толықтырады. Үшінші оқушы барлық айтылған ойларды бір жауапқа біріктіреді.



Жинақтау

Қосымша ақпарат көздеріне сүйеніп, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында қабылданған «Жалпыға бірдей адам құқықтары декларациясын» зерттеңдер. Ондағы негізгі ойларды тұжырымдап, бүгінгі тақырыппен байланыстыра отырып, слайд жасаңдар.

Бағалау

Діни бірлестіктердің қызметінің бостандығы шексіз емес дегенге өз көзқарастарыңды білдіріңдер.

§35. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тұжырымдамасы

Бағдар мен белес. Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы – жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі. Осы уақытта мемлекетіміздің нышандары белгіленіп, билік жүйесі қалыптасты. Ұлттық валютамыз айналымға енді. Қарулы Күштеріміз құрылды. Ата заңымыз қабылданды. Шетелдермен дипломатиялық қатынас орнатылды. Еліміз беделді халықаралық ұйымдарға мүше болды. «Қазақстан – 2030» стратегиясы қабылданды. Шығыстағы көршімізбен шекарамыз бекітілді. Ел аумағы ядролық қарудан толық тазарттылды. Астана Арқа төсіне көшірілді. Нарықтық экономикаға өттік. Отандық бизнестің негізі қаланды. Жастар әлемнің озық оқу орындарында білім ала бастады. Ұлттық қор құрылды. Дүниежүзіне тарыдай шашылған қазақтар атажұртқа оралып, Ұлы көшке жол ашылды. Соның нәтижесінде ел еңсесі тіктеліп, ұлттық рухымыз көтерілді.

Екінші онжылдық – Қазақ елінің керегесін кеңейту кезеңі. «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асырып, тарихымызды түгендедік. Есілдің жағасында бой көтерген еңселі елордамыз ұлттық идеямызға айналды.

Үшінші онжылдықта шаңырағымыз биіктеп, өсіп-өркендеп, мерейлі мемлекетке айналдық. Шекара мәселесін біржола шештік. «Қазақстан – 2050» стратегиясын қабылдап, озық дамыған отыз елдің қатарына қосылуды межеледік.

Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Біз әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құруды көздеп отырмыз. Біз халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартумен қатар, барлық азаматтардың мүддесін бірдей қорғаймыз. Біздің бабаларымыз «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаны», аталарымыз алапат ашаршылықты, қуғын-сүргінді, дүниежүзілік соғысты көрді. Тоталитарлық кезеңде ұлттық құндылықтарымыздан, тілімізден, діліміз бен дінімізден айырылып қала жаздадық. Оның бәрі Тәуелсіздіктің арқасында халқымызға қайта оралды. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден-бір кепілі.

Таным мен тағылым. Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың

басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.

Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921–1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы өртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Білікті мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн.

Биыл әйгілі Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толады. 1986 жылы өрімдей ұл-қыздарымыз Кеңес Одағының қаһарынан қаймықпай, ұлт намысы үшін алаңға шықты. Осы күннен соң тура бес жыл өткенде Тәуелсіздігімізді жариялауымыздың символдық мәні зор. Бұл орайда, азаттықтың алғашқы қарлығаштары – Желтоқсан қаһармандарының азаматтық ерлігі лайықты бағасын алып, жоспарлы түрде насихатталуы керек.

Ұлттық мүддемізге сай келетін көптомдық жаңа тарихымызды жазуымыз қажет. Бұл – ұлт шежіресін дәріптеу тұрғысынан алғанда стратегиялық маңызы бар мәселе. Сонымен қатар, шетел аудиториясына арналған Қазақстанның қысқаша тарихын жазып, әлемнің негізгі тілдеріне аударуды ұсынамын. Бұл – қазақтың сан ғасырлық шынайы тарихын әлемге танытудың бірден-бір жолы.

Қоғам мен құндылық. Бабалардан мұра болған қасиетті жеріміз – ең басты байлығымыз. Бүгінгі тарихымыз 1991 жылмен немесе 1936 жылмен өлшенбейді. Халқымыз Қазақ хандығы кезінде де, одан арғы Алтын Орда, Түрік қағанаты, Ғұн, Сақ дәуірінде де осы жерде өмір сүрген, өсіп-өнген. Қысқаша айтқанда, ұлттық тарихымыздың терең тамырлары көне заманның өзегінде жатыр.

Қазақстан – біртұтас мемлекет. Еліміз оңтүстік, солтүстік, батыс, шығыс деп бөлінбейді. Бұл – тек бағытты білдіретін шартты атаулар.

Жерге байланысты бәріміз айқын білетін және бұлжымайтын ақиқат – қазақтың жері ешбір шетелдіктің меншігіне берілмейді, ешқашан сатылмайды. Қазақ үшін тоқымдай жердің өзі қымбат, бір уыс топырақтың өзі алтын. Біз жеріміздің шын жанашыр иесі екенімізді нақты іспен көрсетуге тиіспіз. Ол көшеге қоқыс тастамау, көрінген жерге от жақпау сияқты қарапайым нәрселерден бастап, жалпыхалықтық сипаттағы ауқымды экологиялық шаралар арқылы көрініс табуы қажет.

Елі мен жерін сүю үшін жас ұрпақ байтақ Қазақстанның ғажайып жауһарларын білуге тиіс. Батыста Бозжыра мен Шерқала, күнгедейде Ақсу-Жабағылы мен Сайрам-Өгем, Жетісуда Хан Тәңірі мен Шарын, Көлсай мен Қайыңды, Қапал-Арасан, Алтынемел мен Бұрхан бұлақ,

шығыста Мұзтау мен Шыңғыстау, Марқакөл мен Рахман қайнары, Арқада Бурабай мен Баянауыл, Ұлытау мен Қарқаралы, теріскейде Имантау мен Айыртау және басқа да көрікті жерлеріміз жетіп артылады. Жер жөннатын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Бәрі өзімізде бар.

Еліміздің басты нышандарының бірі – мемлекеттік тіл. Қазақстанның мемлекеттік тілі қазақ тілі екені Ата заңымызда 90-жылдардағы күрделі кезеңнің өзінде нақты жазылған.

Қазақ тілін, шын мәнінде, бүкіл халқымызды біріктіруші факторға айналдырудың барлық құқықтық тәсілдері және кепілдіктері қалыптасты. Мемлекеттік тілді білу – Қазақстанның әрбір азаматының парызы. Ана тілімізді кеңінен қолдану – басқа тілдерге, әсіресе орыс тіліне шектеу қойылады деген сөз емес. Барша этнос өкілдерінің ана тілін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік жасала береді.

Бізді қай заманда да қиындықтардан аман алып келе жатқан басты күдірет – ел бірлігі. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел. Түрлі жағдайларға байланысты қазақ жеріне әр кезеңде әртүрлі ұлт өкілдері көштеп қоныстанды. Қазақ халқы ешкімді жат көрмей, бауырына басты. Бүгінде олардың туған жері де, Отаны да – Қазақстан. Біз көпэтностық сипатымызды артықшылығымызға айналдыра алғанымыз анық. Ұлтаралық татулық пен келісімді сақтау – мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның және әрбір азаматтың міндеті. Түптеп келгенде, еліміздегі тұрақтылық пен береке-бірлік үшін барлығымыз бірдей жауаптымыз.

Ұлағат пен ұстаным. ХХІ ғасыр – білім мен біліктің дәуірі. Әр адам өзін үздіксіз жетілдіріп, жаңа кәсіптерді игеріп, үнемі заман ағымына бейімделу арқылы ғана бәсекелік қабілетін арттыра алады. Білім мен технология, жоғары еңбек өнімділігі ел дамуының басты қозғаушы күші болуға тиіс. Бұл туралы ұлы Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық», – деген. Мен жастарымыз білімін жетілдіріп, бәрібір елге оралады немесе шетелде жүріп-ақ Қазақстанның мүддесін қорғайды деп сенемін.



Білу

1. Мемлекет тәуелсіздігі деген не?
2. Тарихта аты белгілі тәуелсіздік үшін күрескен батырларды атаңдар.



Түсіну

1. Не себепті тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығы жаңа Қазақстанның іргетасын қалау кезеңі деп саналады?

2. Неліктен мемлекет басшысы еліміздің тарихына үлкен көңіл бөліп отыр?
3. Неге біз үшін Ғұн, Сақ дәуірі, Түрік қағанаты, Алтын Орда кезеңдері де маңызды?

Қолдану

«Баяндама» тәсілі арқылы жұптарыңмен жұмыс істеңдер. Тұжырымдаманы оқып, оның мазмұнын сурет, сызба түрінде бейнеле. Жасаған жұмысыңды жұбыңа бер. Оның жұмысын өзің ал. Әркім өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолданып, осы мәтін бойынша баяндама жасайды.

Талдау

Еліміздің тәуелсіздік алған отыз жыл ішіндегі жасалған қамдамдарға талдау жасап, «Оқиғалар картасын» толтырыңдар.

Алғашқы онжылдықта

Екінші онжылдықта

Үшінші онжылдықта

Жинақтау


Таным мен тағылымды, қоғам мен құндылықты, ұлағат пен ұстаным туралы ойларыңды тұжырымдап, «Балық қаңқасы» тәсілі арқылы тақырыпты түйіндеңдер.

Балықтың басына: тақырыпты жазыңдар.

Оң жақ қабырға сүйектеріне: тақырыптың негізгі мазмұны мен түсініктерін жазыңдар.

Сол жақ қабырға сүйектеріне: проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілерді жазыңдар.

Балықтың құйрығына: тақырып туралы қорытынды ойларынды жазыңдар.



Бағалау

Еліміздің болашағын қалай елестетесіңдер? «Оқиғалар картасын» жалғастырыңдар.

Төртінші онжылдықта

Бесінші онжылдықта

Алтыншы онжылдықта

§36. Қазақ Елінің тұрақтылығы, ынтымақтастығы және дін мәселесіндегі сабақтастық ұстанымы

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес этносаралық және дінаралық тыныштық пен келісімді сақтау, мемлекеттегі ішкі тұрақтылық пен баяндылықтың міндеттерін орындауға әрдайым көңіл бөлініп отырады. Сондықтан елімізде 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Осы Ассамблея жұмысының арқасында біздің елімізде этносаралық және дінаралық келісімнің бірегей моделі, әрбір азамат этникалық және діни ерекшелігіне қарамастан Конституцияда кепілдік берілген азаматтық құқықтары мен бостандықтарын толық пайдалана алатындай ерекше сенім, ынтымақ, өзара түсіністік ахуалы қалыптасты. Сол себепті бүгінгі Қазақстан – этносаралық татулық пен қоғамдық келісімнің үлгісі.

Қазір Қазақстан Республикасында 18 конфессия өкілдері бейбіт келісімде өмір сүруде. Қазақстан тарихи тұрғыдан Шығыс пен Батыстың түрлі дін, мәдениет және өркениеттер кездесуі мен келіссөзінің қиылысқан жері болды. Қазақтардың мәдени-этникалық дәстүрлерінен мұра болған рухани саладағы төзімділік қазіргі уақыт пен келешекте ел ішіндегі тыныштық пен тұтастықты сақтаудың негізгі қызметін атқара береді.

Қазақстанда мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынас үлгісі діндарлардың құқығы мен еркіндігін құрметтеудің демократтық қағидаттарына негізделген.

Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары съезінің қандай халықаралық маңызы бар?

Қазақстанда еліміздің астанасында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының бірнеше съезі болып өтті (*41-сурет*). Аталмыш форумдар елдің сыртқы саяси бағдарының дұрыстығын көрсетіп қана қоймай, дінаралық ынтымақтастықтың бірегей қазақстандық үлгісінің тиімділігінің куәсі болды.

Съездерді өткізу үшін Астанада Бейбітшілік пен келісім сарайы салынды. Бұл сарай еліміздің рухани орталығына айналды. Онда халықаралық маңызды бас қосулар мен жиындар өткізіліп тұрады.

Осы халықаралық жиындар әлемдегі беделді дін қайраткерлері мен қоғам қайраткерлерінің басын тоғыстырды. Дінаралық сұхбат жүргізу-

ге қатысты түрлі бастамалардың ортаға салынуына жол ашты. Қазіргі кезде етек алып кеткен зорлық-зомбылық, фанатизм, экстремизм және лаңкестік сияқты теріс пиғылдардың себептерін іздестіріп, олардың алдын алу шараларын қарастырды.

Осылайша әрбір үш жылда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін өткізу дәстүрге айналды. Оны кезінде Әлемдік ислам лигасы, Әлемдік еврей конгресі, Ватикан, Орыс православие шіркеуі және тағы да басқа толып жатқан діни орталықтар мен топтар, қауымдас­тықтар құп алды. Олар астанада өткен съездерге белсене қатысты. Сондай-ақ съезд идеясын К.Аннан, Дж.Буш, М.Тэтчер, Ц.Цзэминь, Н.Манделла, Ж.д'Эстен, М.Горбачев, М.Махатхир, Ш.Перес және тағы басқа әлемнің беделді саясаткерлері қолдаған болатын.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінде дінара­лық келісім мен сұхбаттың негізгі қағидаттары айқындалды. Олар: то­леранттылық, өзара құрметтеу мен түсінісу, ұлтаралық келісім мен діни төзімділік. Бұл қағидалар Қазақстандағы дінаралық қатынастардың да негізін құрайды.

I съезд 2003 жылы 23–24 қыркүйекте, II съезд 2006 жылы 12–13 қыр­күйекте, III съезд 2009 жылы 1–2 шілдеде, ал 2012 жылы 30–31 мамыр аралығында IV съезд, 2015 жылы 10–11 маусым аралығында V съезд, ал VI съезд 10–11 қазан аралығында 2018 жылы, VII съезд 2022 жылы 14–15 қыркүйек аралығында өтті. Бұл бас қосуларға әлемдегі ірі дін басшыла­ры, танымал саясаткерлер, халықаралық ұйым өкілдері қатысты.



41-сурет. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезі. Астана

I съездің мақсаты әлемдік және дәстүрлі дін нысандарында жалпы ізгі құндылықтарды іздестіруге, дінаралық тепе-тең сұхбат орнатуға және келісілген шешімдерді қабылдау үшін тұрақты жұмыс жасайтын халықаралық дінаралық институт құруға негізделді.

Форумға қатысушылар арасында қазіргі әлемдегі діндердің рөлі талқыланды. Кез келген діннің негізгі адамгершілік құндылықтарының жалпыадамзаттық сипаты туралы ашық пікір алысуға қол жеткізілді. Діни негізде туындайтын даулардың себептерін анықтауға, дінаралық үйлесімді жетілдіру жолдарын іздестіруге қатысты талпыныстар жасалды.

I съезге Азия, Африка, Таяу және Орта Шығыс, Америка, Канада, Еуропадағы 13 елден, екіншісіне 26, ал үшіншісіне 35 елден, төртіншісіне 40 елден 87 делегация қатысты. Съезде талқыланған басты тақырып – «Адамзат таңдауы – бейбітшілік пен келісім». V съезге 42 мемлекеттен 80 делегат қатысты. Басты тақырыбы – «Бейбітшілік және даму жолындағы діни және саяси қайраткерлердің үнқатысуы». Ал «Дін жетекшілері бейбіт әлемді қолдайды» тақырыбында өткен VI съезге 43 елден 82 делегат қатысты.

Ал 2022 жылы 14–15 қыркүйек аралығында өткен VII съезге әлемнің 50 елінен 108 делегация қатысты. Рим Папасы Франциск, Өл-Азхардың Жоғарғы имамы Ахмед Мохаммед Ахмед ат-Тайеб, Иерусалим Патриархы III Теофил, Ашкеназдың бас раввині Давид Лау, Израильдің Бас сефард раввині Ицхак Иосиф және басқа да діни жетекшілер бар.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев осы съезде талқыланған негізгі мәселелердің бірі – ұлттық күйзелістер мен жаһандық дағдарыстар екенін айта келе экономикалық өсім мен рухани-адамгершілік дамудың арасындағы теңдікке қол жеткізу жолдарын қарастыру әлі де өзекті екеніне тоқталды. Ол: «Діндер көшбасшылары рухани және технологиялық дамуды үйлесімді ұштастыру қажет екенін дәлелдей алатынына сенімдімін», – деді.

Барлық съезд қорытындылары әрдайым өркениеттер, діндер, елдер мен халықтар арасындағы келісімді нығайтуға және олардың арасында сындарлы сұхбат орнатуға ықпал етеді.

Қоғамның тұрақты дамуы және барлық халықтардың әл-ауқатының жақсаруының негізгі факторлардың бірі – бейбіт дінаралық сұхбат болып табылады.

Бүгінде әлемдегі шиеленісті мәселелердің түйінін шешуде дін қайраткерлеріне үлкен үміт артылуда. Ол үміт үдесінен қалай шығу мәселесі діндарларды терең ойландырып, толғандырары сөзсіз. Сол себепті барлық дін басшылары, мешіттер мен шіркеулер, озық ойлы зиялы қауым өз халқының рухани да, мәдени де деңгейін көтеруге тиісінше ықпал етуі қажет.

Дінаралық түсіністіктің маңыздылығы қандай?

Дінаралық сұхбат – қоғамдағы түсіністіктің бастауы. Ақылға салып қарасақ, барша діннің бастауы – бір. Негізгі ұстанымдары да ортақ. Дін елді ізгілікке, мейірімділікке, татулыққа, әділеттілікке шақырады. Тек діни ғұрыптар мен рәсімдер, салт-дәстүрлер мен жөн-жоралғылар бойынша ерекшеліктер кездеседі. Мұның өзі заңды да. Өмір сүру салтына, табиғи ортаның ыңғайына, шаруашылық түріне байланысты сыртқы ғұрыптық қалыптардың әртүрлі болмағы табиғи жағдай. Бұдан бөлек адам баласының жан қалауы, рухани ізденісі де тың жолдар қарастыруға жетелейді. Осыдан барып түрлі діни бағыттар мен ағымдар пайда болады. Мақсат біреу болғанымен, оған жетудің жолдары сан тарау. Осы сан тарау жолдағы жандардың өзара сұхбат құрып, ортақ мәмілеге келмеуі кейде кикілжіңдерге соқтырып жатады.

Қақтығыс қай кезде туындайды? Әрине, адамдар арасында өзара түсіністікке негізделген тең қарым-қатынас болмаған жағдайда орын алады.

Сан ғасырлар бойы адам баласы жасаған өркениеттерді әрі қарай дамытатын сара да негізгі жолдардың бірі – мәдениеттер мен діндердің өзара сұхбат орнатуы расталған ақиқат.

Мәдениеттердің бір-біріне тигізген игі әсері, өзара тоғысуы және имандылық пен парасаттылық, тектілік пен зиялылық арқылы ғана мәдениеттер өзара байып, өркендейді. Осы арқылы адамзат өркениеттерінің әр алуандығы қалыптасады. Сол себепті де мәдениеттер мен діндер арасындағы диалог пен өзара түсіністік қана ұлттар мен ұлыстар арасындағы қақтығысты болдырмаудың негізгі әрі басты құралы бола алады.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін қорғау, ұлттық мемлекеттілігін нығайту, ұлтаралық және дінаралық толеранттылық жолында барлық шараларды атқарады. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңда Қазақстан мемлекетін құрудың алғышарты болып табылатын қазақ халқының өз тағдырын өзі таңдау құқы және елдің барлық азаматтары үшін жасалатын тең мүмкіндік атап көрсетілген.

Конституция барша халықтың теңдігі мен сыйластығы этникалық сипаты, әлеуметтік, діни және де шығу тегіне қарамастан, өз азаматтарының ұйысуына негіз болды.

Тәуелсіздік пен байырғы қазақ жерінде құрылған мемлекетті дамыту – халықтың басты құндылығы. Бұл мемлекет құрушы ұлттың жауапкершілігін де арттырады.

Жаңа тарихи кезеңде мемлекетіміз Қазақстанға өзінің асқақ есімін берген қазақ халқының алдында ұлтты ұйыстырудың алтын діңгегіне айналу жөнінде жаңа тарихи миссия тұр.

Жаңа тарихи жағдайда қазақ халқының алдында жаңа тарихи парыз тұр. Қазақстан тағдыры үшін, өткен ата-бабалар мен болашақ ұрпақ алдында, қазақ халқы – басты жауапкер.

Конституция – этникалық яки шыққан тегіне, діни ұстанымына және әлеуметтік жағдайына қарамастан, барлық азаматтарға тең құқықтық мүмкіндік береді:

- елдің барша азаматының өз тағдырын Отаны – Қазақстан Республикасының тағдырымен бірге әрі терең тамырлас екенін сезінуді;
- ел ынтымағын бұзуға бағытталған кез келген ықпалға белсенді түрде қарсы тұруды;
- ұлттық мүддеге негізделген елдің экономикалық, саяси, рухани, ақпараттық қауіпсіздігін одан әрі нығайтуды, елдің егемендігі мен тәуелсіздігін нығайту үшін республиканың барша азаматын қазақ халқының төңірегінде ұйыстыруды;
- азаматтар мен қоғам тарапынан мемлекеттілікті нығайту, Тәуелсіздік пен территориялық тұтастықты қорғауға мейлінше жәрдемдесуді және т.б. міндеттейді.

Білу

1. Қазақстанда мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынасы қандай негізде құрылды?
2. Қазақстанда Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының қанша съезі болды?
3. Халықтың басты құндылығына не жатады?


Түсіну

1. Неліктен Бейбітшілік пен келісім сарайы еліміздің рухани орталығына айналды делінеді?
2. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі не себепті маңызды рөл атқарады? Сөздеріңді дәлелмен дәйектендер.
 - 1-дәлел:
 - 2-дәлел:
 - 3-дәлел:
 - 4-дәлел:

Қолдану

Интернет желісінен Димаш Құдайбергеннің VII съезд шеңберінде орындаған шығармасын тыңдап, туынды

тұжырымдамасының өнер және саясат әлеміндегі маңызды рөлін талқылап, «9 гауһартас» тәсілі бойынша сызбаға толтырыңдар.



Талдау

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі идеясын әлемдік саясаткерлер неліктен қолдап отыр? Сұрақты талдап, «Топтық тергеу» тәсілі бойынша жауап іздеңдер.

«Баяндап берушілер» тобы – VII съездің қарастырған мәселелерінің мазмұнын баяндайды.

«Зерттеушілер» тобы – осындағы негізгі ойды зерттейді.

«Сұрақ құрастырушылар» тобы – съездегі идеялардың мөнін ашатын сұрақтар дайындайды.

«Жазушылар» тобы – «Ата-баба дәстүрі және имандылық» тақырыбына шағын эссе жазады.

«Дәнекершілер» тобы – съездегі айтылған мәселелерді бүгінгі күнмен байланыстырады.

Жинақтау

1. Дінаралық келісім мен сұхбаттың негізгі қағидаттарынан жоба қорғаңдар.
2. Қосымша ақпарат көздерінен Қазақстанда өтіліп тұратын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі материалдарынан дінаралық татулыққа шақыратын үзінділерден презентация жасаңдар.

Бағалау

Болашақта Қазақстаннан шетелге өкіл болып барсаң, дінаралық бейбіт қатар өмір сүру идеясын қалай ұсынар едіңдер?

Курсты қорытындылау

Мінеки, жас достар, сендер «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсың төмамдадыңдар. Қазақстанның қазіргі саясаты елімізде ұлт, этникалық топтар мен мәдениет арасындағы өзара сыйластық пен татулықты орнату, рухани, адамгершілік құндылықтарға негізделген қоғамдық жүйе құруға бағытталған.

Сендер осы пән арқылы құқықтық және діни сауаттылықтарың қалыптасып, зайырлылық қағидатын құндылық ретінде түсіндіңдер. Діннің қоғам өміріндегі орнын, әлемдік діндердің, жалған діни ұйымдардың және деструктивті діни ағымдардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерделдіңдер. Сондай-ақ гуманистік дүниетанымдарыңды қалыптастырып, зайырлылық қағидатын тұрақтылықтың басты факторы екенін түсіндіңдер.

Сендер оқу жылында:

- 1) тәжірибеде алған білімдеріңді, өртүрлі жағдайларда жауапты шешімдеріңді;
- 2) өздеріңнің және басқалардың жаңа идеяларын;
- 3) сыни тұрғыдан бағалауды және ақпаратпен сенімді жұмыс істеуді;
- 4) зерттеушілік жұмыс дағдыларын;
- 5) тұрақты даму үшін ашық, гуманистік қоғам құруға бағытталған білім мен дағдыларды қолдана алдыңдар.

Енді курсты қорытындылау мақсатында топтық, жұптық және жеке жобалық жұмыстарды орындаңдар.

Топтық жұмыс

Төмендегі тапсырмалардың бірін таңдап презентация жасаңдар.

1. Дін және ғылым, зайырлылық пен құқық, дін және жалған діни ағымдардың арақатынасы.
2. Қоғамға қауіпті экстремистік, террористік мәндегі теріс діни ағымдардың ерекшеліктері.
3. Діни радикализм мен экстремизм, терроризм секілді жаһандық жағымсыз құбылыстар идеологияларының қаупі.

Жұмыстың барысы:

- тақырыпты таңдау;
- тақырыпқа байланысты материалдарды жүйелеп, мазмұнын құру;

- мәліметтерді жинақтап, слайдтар жасау;
- презентацияны көрсету, қорғау;
- қорытындылау.

Жұптық жұмыс

Жұптық жұмыс. Төмендегі тапсырманы орындаңдар.

«Зерде» төсілі бойынша қазақ халқының сан ғасырлық мұсылмандық таным-түсінігін жұбыңмен саралап, түйіндеңдер. Ол үшін кестені әрқайсысың жеке толтырыңдар, содан соң жауаптарыңды салыстырыңдар.

Білім	Зерттеу еңбектер арқылы алған ақпараттарым
Эмоция	Менің көңіл күйім
Баға	Мәселеге беретін менің бағам
Сын	Ақпараттың маңыздылығы
Идея	Осы тақырыпты жұбыма жеткізу үшін ұсынатын идеям

Жеке жұмыс

«Конфессияаралық құрмет пен толеранттылықтың негіздері» тақыбында аргументті эссе жаз.

Терминдердің қысқаша сөздігі

Алла – исламдағы бір Тәңірдің, Жаратушы құдайдың атауы.

Аватара – үнді құдайларының (әсіресе Вишна құдайдың) адам немесе аң кейпінде жерге келуі.

Адам ата, Һауа ана (Адам және Ева) – әлемдік діндер бойынша, құдайдың ең алғаш жаратқан адамы.

Ақирет – ислам діні бойынша адамның о дүниелік өмірі.

Анимизм – табиғаттағы барлық нәрсенің жаны бар деп санайтын сенім.

Апостол – христиандық бойынша, құдайдан дін тарату жөнінде өмір алған жандар. Исаның 12 шәкірті де осылай аталған.

Аян, уахи, хабар – құдайдың пайғамбарларға періштелер арқылы жіберетін хабары, ишарасы. Ол түйсікпен сезіледі.

Аят – (араб. – керемет, нышан) – Құран сүрелеріндегі бір сөйлем.

Әмин! (араб. еврей. – «Сенемін, қолдаймын, жақтаймын!» деген мағынада) – дұға, мінажат жасаушылардың қасиетті жазбалардағы мәтінге келісетінін білдіретін сөз.

Әулие (араб. – *уәли* – дос, көпше түрі *әулия*) – құдайдың досы, тақуалықпен көкірек көзі ашылған жан.

Баб (араб. – қақпа) – орта ғасырларда бұқара халық арасында ислам дінін уағыздаушылардың құрметті атағы. Бабтар халық арасында өте жоғары құрметке ие болған.

Гайып әлемі – адам ақыл парасаты мен санасы игере алмайтын әлем, метафизика.

Гибадат – құдайға құлшылық ету.

Гибадатхана – құдайға құлшылық ететін қасиетті үйлер (мешіт, шіркеу, синагога).

Гұрып – табынатын нысан.

Гұрыптық рәсімдер – табыну мақсатында жасалатын іс-әрекеттер жиынтығы.

Діни сенім – белгілі бір діннің сенім негіздері мен құлшылық қағидаларын қамтиды.

Діни таным – белгілі бір діни сенім негізінде қалыптасқан доктриналық (ақидалық), моральдық, құқықтық және аксиологиялық тұтастыққа негіздеуші ұстаным. Сонымен қатар діни таным кез келген мәдениеттің мазмұны болып табылатын діни сана мен діни тәжірибенің сақтаушысы.

Жаңа Өсиет – Інжілдің екінші бөлімі.

Жеті Жарғы – Қазақ хандығы кезінде түзілген дәстүрлі құқық жиыны.

Жиһад ұғымы ислам дінінде көп мағыналы іс амалдық мұратты білдіреді. Соның ішінде ең басты термин ретінде өз құндылықтары мен Отанын, елдігі мен мұратын қорғау мақсатында жарияланады. Пайғамбардың анықтамасы бойынша ең үлкен жиһад – адамның өз нәпсісімен, құмарлығы мен құлқынымен күрес.

Икона – христиан дініндегі ғұрыптық бұйым. Құдайдың, әулие немесе қасиетті оқиғалар тарихының кескіндеме бейнесі.

Имам (*араб.* – алдында тұру, жетекшілік ету) – намаз оқығанда жамағаттың алдында тұратын басшы, мұсылман қауымының рухани жетекшісі.

Иман (*араб.*) – құдайға деген сенім.

Ишан (*парсы.* – олар) – Орталық Азияда (XV–XVI) кең қолданылған мұсылман ағартушылары, ұстаз, пір.

Канон – қағида, ережелер жиынтығы.

Карма – шығыс діндерінде кез келген тірі жанның қайта туылуындағы болашағын айқындайтын ниет пен іс-әрекет жиынтығы.

Кие – Тәңірлік танымның тірек ұғымдарының бірі. Қасиеті, иесі бар деген ұғымды білдіреді. «Киелі жер», «киесі бар», «киелі мал» дегенде олардың айрықша қасиетке ие екендігін көрсетеді.

Күпірлік – жалған сөйлеу, арам істерге бару; дінде иманға шек келтіру, күнәкарлық жасау.

Конфессия – діни бірлестік.

Конфуцийшілік – Конфуций ілімін ұстанушы.

Култ – табынатын нысан.

Култтық рәсімдер – табыну мақсатында жасалатын іс-әрекеттер жиынтығы.

Медитация – адамның өз ойы мен ынтасын бір арнаға тоғыстыру, өзін-өзі шектей жетілдіруге бағытталған психотехникалық әдіс.

Метафизика – көрінетін әлемнен тыс, тылсым әлемге берілген атау.

Миниатюра – ескі қолжазба мен кітаптардағы оқиғаны бейнелейтін сурет. Бұл суреттердің көлемі шағын болса да, суретші ондағы ең бір елеусіз нәрселердің өзін мүлт жібермей, тәптіштеп, өте нәзік жіңішке қыл қаламмен не құстың қауырсынымен салған. Суретшілер бір кітапты бірнеше айлар бойы көркемдеген, одан кейін арнаулы шеберлер оған алтын шайып, әшекей жүгірткен.

Миссионерлік – діни ұйымның өз елінде және шетелдерге дін тарату қызметі.

Монах – тіршілік салты мен некеден бас тартып, дін жолына өмірін бағыштаған тақуа діндар.

Монотеизм – бірқұдайшылық, құдайды жалғыз деп насихаттайтын ілім.

Монофизист – тек құдайлық негізді қалайтын ағым.

Несториан – Несторий есімімен аталған христиан дінінің бір тармағы.

Ондық – дінге сенушілердің өз табысының оннан бірін шіркеу пайда-сына тартуы.

Ораза – исламдағы бес парыздың бірі. Қасиетті Рамазан айында орындалатын отыз күндік ғибадат.

Орден – діни жол, христиандық ұйым.

Ориенталист – шығыстың мәдениеті, тілі, діні, құндылықтары мен болмысын зерттеушілер.

Ортодоксия (*грек.* – дұрыс пікір) – дәстүр сабақтастығы, дәстүрді қатаң ұстану, қандай да бір дәстүрден ауытқушылыққа жол бермеу.

Орхон-Енесей жазбалары – Түрік қағанаты дәуірінде (V–VI ғғ.) Күлтегін мен Тоныкөктің басына қойылған тастағы жазбалар.

Пайғамбар (*парсы.*) – құдайдың адамдарды тура жолға бастау үшін жіберілген елшілері.

Рәсімдер – діни сенімге орай орындалатын салт-дәстүрлер.

Рух – таза жан.

Садақа (*араб.* – «шын ықыласпен сыйлау») – қайыр садақа. Садақа Құранда көрсетілген ереже бойынша әуелі жақын туыстарға, тұрмысы төмен көршілерге, кембағал адамдарға, жетімдерге таратылады.

Салауат – пайғамбарға арналған дұға, тілек, бата.

Сакралды – киелі, қасиетті әлемге берілген атау.

Сахабалар – сахаба (*араб.* – серік, жолдас, дос болу және сұхбаттасу деген мағынада). Мұхаммед пайғамбардың кезінде исламды қабылдап, кейін мұсылман болып көз жұмғандар. Оның ислам дінінің нығайып, әлемге таралуына еңбек сіңіргендер.

Секта (*лат. secta* – ілім, бағыт, мектеп) – ресми шіркеу мен конфессиядан бөлінген діни топ немесе қауым.

Синагога – иудейліктегі құлшылық ету үйі.

Синтоизм – Жапониядағы діни нанымдардың жалпы атауы.

Сират – ақиреттегі жан таразысынан өтетін эсхологриялық сынақ.

Собор – діни жиын; қаланың не монастырьдің басты шіркеуі.

Сүннет – Мұхаммед пайғамбардың сөзі, әрекеті және шешімі деген сөз (исламда). Құранда Мұхаммед пайғамбарға мойынсуну бұйырылады. Сүннет – парыз бен уәжіптен бөлек, пайғамбар жасаған және жасауды насихат еткен іс-әрекеттер.

Схоластика – ортағасырлық христиандық негіздегі ағым.

Тариқат – сопылық жолдың негізгі моральдік тұжырымдарының бірі.

Тақуалық – адамның діни, адамгершілік, әдептілік парыздары мен міндеттеріне адалдығын сипаттайтын имандылық қасиеті.

Тауаккул (*араб.* – өкіл ету, өзін Аллаға тапсырып, бел байлау) – мұсылманның өртүрлі қобалжудан, үрейден арылып, Алладан үміттенуі.

Таухид (*араб.* – жалғыз, бір деп білу) – ислам дініндегі құдайдың бірлігі, жалғыздығы жайлы қағида. Таухид «Алладан басқа құдай жоқ» деген кәлимада негізделген иманның басты шарты.

Тәңір – байырғы түркілік діни сенімдегі құдай. Ол Көк Тәңірі деп те аталады.

Текке – сопылардың ғибадат жасайтын орны.

Теология (дін ілімі) – құдай жайындағы ілімдер жүйесі.

Тотемизм – адамдар мен белгілі бір жануарлар не болмаса өсімдіктер арасындағы өзара мейірімді байланыс туралы сенім.

Триадология – христан дініндегі Үштік сенім (Өке, Бала және Қасиетті Рух) ілімі.

Ұлттық дін – белгілі бір ұлттың діні. Мысалы, иудейлік – еврейлердің ұлттық діні.

Фиқһ – мұсылмандық құқық ғылымы. Фиқһ VII ғасырдың екінші жартысында пайда болып, Хиджаз бен Ирактан шыққан ислам діні ғұламаларының еңбектерімен дамыды.

Фетишизм – «сиқыр заты» деген мағына береді, яғни тылсым, көзге көрінбейтін күшке ие деп танылған зат дегенді білдіреді.

Ханака – сопылардың тұрақжайы, құдайға құлшылық ету орны; кезбе дәруіштер тоқтайтын үй, тегін қонақжай. Ханаканың атқаратын қызметі мешітке ұқсас болған. Ханака салу, шамамен IX–X ғасырлардың қарсаңында мұсылман әлемінің шығысында – Хорасан мен Мауренахрда пайда болғанға ұқсайды. Одан кейін ол Батыс Иран, Ирак, Сирия мен Мысырда кең етек жаяды, сондай-ақ Үндістанға тарайды. Ханакада құдайға құлшылық ету рәсімі (ораза, зікір салу, жалпы мінажат ету, түнгі құлшылық, т.б.) жүзеге асырылатын болған.

Халифат – орта ғасырлардағы араб мемлекеті.

Целибат – католиктік шіркеу діндарларының үйленбеуге беретін анты.

Экстремизм (*лат.* «шеттеу», «орталықтан ауытқу», «шектен шығу») – жанама түрде дінде немесе мінез-құлықта, яки пікірде болсын, қалыпты дұрыс деңгейден ауытқу. Саяси ортада пайда болған экстремизм – саяси экстремизм, ал діни ортада пайда болған экстремизм – діни экстремизм деп аталады. «Экстремизм» сөзінің ең жақын синонимі «радикализм».

Экстремист – жалпы түрде ешбір мөлшерді, тәртіпті мойындамайтын, өзінің шектен шыққан пікірі мен іс-әрекеттері арқылы ерекшеленген адам.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай тағылымы. (Жинақты құрастырған профессор Н.Ғабдуллин). – Алматы, 1986.
2. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2. – Алматы, 1995.
3. Абай. Әдеби-танымдық энциклопедия. Зайкенова Р., Қараева Қ. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2022. – 192 бет.
4. Айталы А. Ұлттану (Оқу құралы). 2-басылым – Алматы: «Арыс» баспасы, 2003. – 150–151-беттер.
5. Ахмет Иүгінеки. Ақиқат сыйы (түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы прозалық және көркем аудармасы). Баспаға дайындағандар: Құрышжанов Ғ., Сағындықов Б. – А.: «Ғылым», 1958. 149-б.
6. Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы, 1991.
7. AL-AZMEN, A., İslamlar ve Moderniteler, 1. Bas., İletişim Yay., İstanbul 2003, s. 30.
8. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Қазақстанның мешіттері мен медреселері. – Алматы, 2009.
9. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Ислам және заман. – Алматы, 2003.
10. Өзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи. Көңілдің айнасы (Мират-ул Құлуб). //Дайындаған – Кенжетай Д.Т. – Анкара, 2000.
11. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 1-том. Ежелгі шығыс философиясы. – Алматы, 2005.
12. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен ибн Сина философиясы. – Алматы, 2005.
13. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986.
14. Бердібаев Р. Жазба мұралар // Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы, 1966.
15. Берки А.Х., Кескіоғлу О., ауд. Дағайқызы С. Соңғы пайғамбар Хазірет Мұхаммедтің өмірбаяны. – Анкара, 1997.
16. Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. – Москва, 1965.
17. Бойс М. Зороастрийцы: верования и обычаи. – М., 1988.
18. Васильев Л.С. История религий Востока. – М., 2006.
19. Гумилев Л. Древние тюрки. – Л., 1963.
20. Дюркгейм Э. Элементарные формы религиозной жизни // Религия и общество: Хрестоматия. – М., 1996.
21. Dr. Durmuş Hocağlu. Laisizm den milli sekulerizme. Selcuk yayınları, İstanbul, 1995. – s.48–49.
22. ERDOĞAN M., Anayasal Demokrasi, 6. Bas., Siyasal Kitabevi, Ankara 2004, s. 274.

23. Еремеев Д.Е. Ислам: Образ жизни и стиль мышления. – М., 1990.
24. Бес ғасыр жырлайды. Т. 1. – Алматы, 1984.
25. Ильин В.В., Кармин А.С., Носович Н.В. Религиоведение. – СПб.: – Питер, 2008.
26. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тұжырымдамасы. <https://www.akorda.kz/>
27. Карташев А.В. Очерки по истории Русской церкви: в Т. 2. – М., 1993.
28. Коран. Перевод смыслов и комментарии В.Пороховой. – М., 2007.
29. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2007.
30. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар / Мемлекеттік қызметкерлерге арналған әдістемелік құрал – Астана: МДХО, 2014. – 106 б.
31. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы, 2005.
32. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы, 1993.
33. Құран Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. /Ауд. Халифа Алтай/. 1991.
34. Русская Православная Церковь: 988–1988 гг. Очерки истории. Вып. 1–2. – М., 1988.
35. Саяси түсіндірме сөздік. – Алматы, 2007. ISBN 9965-32-491-3
36. Farabi. Dava'i Kalbiyu. Naz: Ылкен Н.З; Bursla K. Farabi. Kanaat Kitabevi.
37. Фрезер Дж. Исследование магии и религии //The Golden Bough. London, 1923. – М., Политиздат, 1980.
38. Хизметли С. Дінтану. – Түркістан, 2000.
39. Хизметли С. Орта Азия Түрік республикаларындағы зиянды және миссионерлік: Алматы – ЖШС «Евро». 2006. 7-б.

Электрондық ресурстар:

1. <https://www.akorda.kz/>
2. https://egov.kz/cms/kk/articles/religion/destructive-ideas_1
3. www.inform.kz/kaz/article/2518839

Оқулық басылым

**Досай Тұрсынбайұлы Кенжетаев
Әкімжан Әбдіхалықұлы Сайлыбаев
Өмір Оразұлы Тұяқбаев**

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық

Мұқабаның фотосуретшісі	М.Золотухин
Бас редакторы	А.Бекболатова
Редакторы	Ж.Кулдарова
Техникалық редакторы	В.Бондарев
Көркемдеуші редактор	Т.Давлатова
Бильд редакторы	Ш.Есенкулова
Суретші-безендірушілер	О.Подпригора, А.Айтжанов
Мұқабаның дизайні	В.Бондарев
Беттегендер	Л.Костина, Г.Илишева

Біздің мекенжайларымыз:

Астана қ., 4-ы/а, 2-үй, 55-пәтер.

Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А ы/а, 28Б үй.

Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz

Павлодар қ., Академик Сәтбаев көшесі, 71-үй, 412-офис

«Arman-PV baspasy» кітап дүкені

Алматы қ., 8-ы/а, 87-үй, Тел.: +7 (727) 303-94-43

Теруге 17.11.22 берілді. Басуға 01.07.23 қол қойылды. Пішімі 70 x 100 ¹/₁₆.

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылыс.

Шартты баспа табағы 19,35. Таралымы 89000 дана.

«Алматы Принт» ЖШС. Алматы қаласы, Кабдолов көшесі, 1/3.

E-mail: almatyprint@mail.ru

Артикул 809-015-001к-23